

84.5123 = B
M 16

Mykatalu



Шығармалары

*Өлеңдері мен
поэмалары
Үшінші басылым*



ӘР АЛЫҚ
КІТАПХА

Мукатали



Шығармалары



КӨП ТОМДЫҚ
ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

II-ТОМ

069134-1

ОРГАНИЗАЦИЯ
АЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛЫҚ ЖҮЙЕ

44

АЛМАТЫ
“ЖАЛЫН БАСПАСЫ”
2013

2013 - 2014

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5
М 16

**Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару”
бағдарламасы бойынша шығарылды**

*2001–2002-жыл аралығында басылған
4 томдығы негізінде шығарылды*

Мақатаев Мұқағали

М 16 Шығармаларының толық жинағы: Көп томдық.
Құраст. Оразақын Асқар. – 3-басылым. – Алматы:
“Жалын баспасы” ЖШС, 2013.
2-том: Өлеңдері мен поэмалары – 384 бет.

ISBN 978-601-7286-63-7

Бұл томға қазақтың XX-ғасырдағы классигі ақын Мұқағали Мақатаевтың 1970-жылдан 1973-жылға дейінгі кезеңде жазған өлеңдері мен дастандары жазылған күндерінің ретімен берілді. Сондай-ақ жазылған уақыты белгісіз жырлары мен дастандары алған енген жинақтары бойынша топтастырылды.

Кітап көпшілік оқырманға арналып отыр.

**УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5**

**ISBN 978-601-7286-63-7
ISBN 978-601-7286-61-3**

© “Жалын баспасы” ЖШС, 2013

“Қарлығашым, келдің бе?” кітабынан
(1968-жыл)

БҰЗЫЛҒАН ТАМ

Төкаппар таулар жатқан жан-жағында,
Барып қайт салқын жайлау, малды ауылға.
Бір жер бар Қарасаз деп аталатын,
Көресің жолың түсіп барғаныңда.

Көресің көк орманын, жылғаларын,
Моп-мөлдір қайнап шыққан тұнбаларын.
Жылғаның жағасында бұзылған үй,
Сен соған ей, жолаушым, бір қарағын.

Көс-кестеп кісі жолын торымаған,
Осында тірлік еткен момын адам.
Қаншама тырбанса да шаруаның
Дәулеті бір-біріне қорымаған.

Өмірде өзін-өзі құл көріпті,
(Кипті ауыстырмай бір бөрікті...)
Байғұстың барша жұрты тілек тілеп,
Үйіне тұңғышы боп ұл келіпті.

Той жасап, торқа төсеп шабылмаған,
(Демек, тойдың жабдығы табылмаған).
Өмір дейтін өзгермес мекеменің,
Алдында әжем мені қабылдаған.

Көйін әкем ел-жұртын басқарыпты,
(Қанпанғы жарғақ бөркі тасталыпты).
...Жағасында жылғаның бұзылған там,
Бұмырым осы жерден басталыпты.

1941-ЖЫЛ. АҚПАН

1941-жыл ақпандатқан,
Сыртта аяз.
Ауылымызды ақ қар жапқан.
Үңірейген үрей тұр соғыс дейтін,
Алапат аспан, жерді аттандатқан.

– Аттан! – деді,
Ол ертең аттанады.
Аттанады еңбектің ақ табаны.
Күрегінің орнына қару алып,
Жауынгердің рөлін атқарады.
Ол ертең аттанады.

Жарты Ай тұр шар аспаңда – тозған таға,
Үскірік үрлей ме әлде қозғалта ма?!
Әжем жүр туған жердің топырағын,
Тұмар ғып тігіп жатыр бөз қалтаға.

Ол отыр.
Аямай-ақ ішіп алған.
Санасын мазалайды күшік-арман.
Аттан, әке.
Таныс қой күрес саған,
Күресуі керек қой күші бар жан.

Неге бізге үмітсіз тесілесің?
Аттан, әке.
Жолыңнан кешігесің.
Кеудесінде шыбыны бар пақырлар,
Тауып жейді сенсіз де несібесін.

Қалай сені жұбатам, аңыра, Ана,
Сау қайт деп тәңіріңе жалын, Ана.
Мына отырған иеміз құласа егер,
Саған жар, әке бізге табыла ма?!!

...Жалынған ғазиз Анам, сұрап қалған,
Жоғалды сол бетімен бірақ та арман.
Сенбеймін әкең өлді дегенге мен,
Себебі ол үйімізден тірі аттанған...

МАХАББАТЫМ ӨЗІМДЕ

Жүргенде қатал тұрмыс илеуінде,
Білмеймін, сүйдім бе мен, сүймедім бе...
Жастыққа жалын атып сүйсем егер,
Түспес ем дәл мынадай күйге мүлде.

Мен нағыз махаббатты армандаймын,
(Оны мен жоғалтып та алғандаймын...)
Ақ қаздар арасынан аққуымды
Ажырата білмеген сормандаймын.

Өтінем сенен ғафу, асыл жарым,
Көрсетпе тарпаң мінез, тасынбағын.
Сен менен от іздеме, құрмет ізде,
Өртеніп жаңа-жаңа басылғамын.

КЕЛ, БОЛАШАҚ

Ей, болашақ!
Сен мені шет көрмегін.
Осынау емес еді жеткен жерім!..
Жеткендерің,
Шарықтап кеткендерің,
Көрмеген күндерімді өткер менің.

Көрмедім көп нәрсені, сөз ілінді,
Сен түйсін түйсінбегін сезімімді.
Атан жортса арқамнан мыңқ етпеген,
Айыптасаң өзің біл төзімімді.

Жыр жорығына аттаңдым, кезіп жүрдім,
Бақ алаңын баптадым сезім-гүлдің.
Жазылмаған жырымды жалғайсың ба?
Бастайсың ба жаңа жыр, өзің білгін.
Сөзім-гүлге келеді көз ілдіргім...

Өмірменен жөн болмас ұстасқаным,
Бір ғұмыр дүниенің құшпас бәрін.
Күнің шығып келеді, Болашағым,
Бөсінге ауып барады түскі аспаным...

Өмір – мәңгі,
Уақыт мүмкін елес,
Кел, Болашақ!
Сауық құр, күлкіңе көш!
...Бір күн шықса, бір күннің батуы анық,
Екі күннің тұруы мүмкін емес!

ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ

Қайырлы таң, жомарт жерім, ер жерім,
Өзендерім, көлдерім!
Қайырлы таң, кермиықты кең далам,
Құба жонды белдерім!
Орманым да шуламай,
Суларым да туламай,
Ақ басты ата тауларым да жыламай,
ұйқысынан ояңды,
Бәрісі де таң нұрына бояулы.
Айдын көлде асыр сап жүр қаз, аққу,
Ақ таңымен амандасып қазақтың
Қайырлы таң, ашық аспан, ақ аспан,
Ай, Шолпаным, Жұлдызым!
Қайырлы таң өзілдері жарасқан
Сәби жанды ұл-қызым!
Бәрісі де дін аман,
Бір адам жоқ жылаған,
Сәби де жоқ таң алдында қыңқылдап,
Бір үзім нан сұраған.

Менің елім ұйқысынан ояңды,
Алтын арай таң нұрына бояулы.
Самалы есіп тыныштықтың бұйраттан,
Заводтарым темекісін ширатқан.
Далам менің тыныштыққа сый тартқан,
Қалам менің тыныштық деп күй тартқан.
Жер шарының тыныштығын сақтаған,
Қайырлы таң, ұлы Отаным, шат заман!
Сен күзеткен тыныштықты жырға орап,
Ұрпағыма ап барам.

Зеңбіректер атылмай,
Атомдар да уатылмай,
Менің елім тыныштықта жатыр жай.
Бәрісі де ұйқысынан ояңды.
Алтын таңның шапағына бояулы!
Шуағымен шомылдырып алапты,
Тағы, міне, бейбітшілік таңы атты.
Арқалап ап ырыс-құт,
Келеді, әне, күн шығып.
Қайырлы таң, Тыныштық!
Қайырлы таң, Тіршілік!..

АРУЛАР

Арулар – асыл жандар!
Шуақ боп шашылғандар,
Қуат боп тасынғандар,
Құшақ боп ашылғандар.
Арулар – асыл жандар!
Арулар – асыл жарлар!
Арулар – әрбір үйдің шаңырағы,
Әрбір үйге от болып жағылады.
Әрбір үйде таң болып атты дағы,
Әрбір үйге сәуле боп жамырады.

Жимайды-ау бір шашылған шуақтарын,
Саясына келеді-ау шуақтағың.
Жамандыққа қиярсың қалай ғана,
Жайнаған бір-бір үйдің шырақтарын.

Арулар – асыл жарлар, сағыныштар,
Өгініштер, құшақтар, жалыныштар...
Жөк көрсе олар, жүрегін мұз жасайды,
Жақсы көрсе, балқытып, жанына ұстар.

Арулар – аяулылар, ардақтылар,
Өмірдің жылуы боп қалмақ бұлар.
Арулар – тіршілікке күре тамыр,
Өмірді бір-біріне жалғап тұрар.

“Мавр” кітабынан
(1970-жыл)

ЕРЛІКТІ АҢСАЙМЫН

Қозғаласың,
Мәңгілік, қозғаласың,
Жассың сен,
Кәрі емессің, тозбағасың,
Сенің мына дүниенің дүбірлеген.
Қанымды қалай менің қозғамасын.
Сая Отан!

Самалың кеп бір өпкенде,
Миым мен жүрегімде дір еткен не?!
Міндеттімін миымнан ток өргізіп,
Жеткізуге сендегі жүректерге.

Сондықтан да өртенем, өртенемін,
Өшуге қақым да жоқ ерте менің.
Мен сүйсем, өзің болып тебіренем,
Жек көрсем, өзің болып жеркенемін.

Сен үшін құрбан болып қиылған көп,
Ерліктер...
Ерлік әлі тыйылған жоқ!
Сен жаратқан жұдырық – жүрегімде,
Жаттардан жарты тамшы түйір қан жоқ!

Санамда бір саңлау жоқ жатқа бөтен,
Ақ арымды алдында сақтап өтем.
Жалған айтсам,
жазалар тұрып келіп,
Бауырлар моласында жатқан әкем.

II

Ерлікті аңсаймын!
(біреулер мақтан білер!..)
Ерлікті аңсаймын.
Ұрпақтар жаттап жүрер.
Керек етсең,
Оқ қылып құй да мені,
Көз алартқан жауыңды ат та жібер.

Болат басын жауыңның опырамын да,
Сұңгіп кетем өзіңнің топырағыңа!
Сілімтік өлігімен бірге шіріп,
Қара дақ боп,
мәссаған,
отырамын ба?
Сұңгіп кетем өзіңнің топырағыңа!

Ерлікті аңсаймын!
Жауда кеткен кектерім көп.
Әке жолын мен әлі өткенім жоқ,
Жаса сен
Мәңгі шуақ көктемім боп,
Менің барар сапарым, өткелім көп.

Саған деген жалыңды суытпаймын,
Жылытпаймын жауымды, ұмытпаймын!
Фашист, соғыс сияқты сөзді есітсем,
Қырқыншы жылдардағы суықтаймын.
Ұмытпаймын!
Даламды қан сасыған.
Анамды, айғайымды жан шошыған,
Аруларды ұмытпан ақтай өлген,
Төсекке байлағанда жау шашынан.

Тәйірі!
Кетсінші сол тамұқ күндер.
Өтті ғой...
Біреу — куә, табыт кімдер.
Санамды сағат сайын мазалайды,
Сонау бір салық күндер, алып күндер...

Сол өткен сұрапылдың жетімегі
Оңаша өзі-өзіне жекіреді.
Осынау отыздарда болмай сонда,
Он жаста болғанына өкінеді.

Мүмкін, мен жау танкісін құлатпаспын,
Жондеп те бесатарды бір атпаспын.
Арманым...
Арманым ғой, бірақ менің,
Келсіді әкемменен қуаттасқым!

Мен үшін жанын жауға алдырыпты,
Құйран әке!

Піл сүйек, нар қылықты.
Отаны керегіне жаратсын деп,
Өзі өліп, мені артына қалдырыпты...

III

Соғыс құрсын!
Тек қана сонда ма ерлік?!
Ерлік, ерлік...
Айналам толған ерлік.
Алтын Орақ, сом Балға қолда берік,
Алтын дән мен болатты созған өріп,

Құрметтеймін шопанның батырлығын,
Атырды таң,
шығарды, батырды Күн.
Кеше ғана өткізген шын ерлігін,
Жайлауда жалғастырып жатыр бүгін.

Менің де Атам бір кезде шопан еді,
(Жиюлы тұр жүгені, оқалы ері).
Әлі оны сағынады алып таудың
Кешегі қой өргізген жота, белі.

Қайран ерлік!
Жарасқан жас адамға,
(Шынымен қалар ма екем босағанда?!)
Жас әкеме жас жұрты қараушы еді,
Қайың құрық салғанда қашағанға.

Ерлік, ерлік!
Еншіміз сан салалы:
Пионерлер кеншіні қарсы алады,
Төмен аққан төсінен қос жұлдызға,
Қаракөздер құмартып тамсанады.

Ерлік үшін бұл жанды жаратқандай,
Қарап тұрмын Ерге мен тағат қалмай.
...Жезқазғанның кеншісі көз алдымда,
Тауды сүзіп басымен баратқандай.

Пионер ем...
Он жасқа келгенімде,
Гастеллоның ерлігін көргенімде,
Қас батырға мамық боп төселмеген,
Рақмет айтпадым Жерге мүлде.

Менің шалқар Отаным
Шалқып жатқан!
Ерлігім жоқ ететін халқың мақтан,
Түт-дөміңді кейде мен әзер жұтам,
Еркең болдым саяңа салқындатқан.

Саялы Отан!
Сайратып тіл бергенің,
Сабауатты, салмақты үн бергенің —
Бақ бергенің, басыма мұң бергенің!
Бұл бағымды бұзбақшы кімдер менің?

Көктем түсіп келген жоқ дарын маған,
Сенің шырын сүтіңмен қабылдағам.
Әкелердің жолында жалындаған,
Шешек атқан шоқ гүлдер — дарын маған.

Көшір, Отан!
Көй-кейде дірілдедім,
Дірілдедім, жат оймен бүлінбедім.
Дұрылдадым, орынсыз дүрілдедім,
Алдыңа кеп асыр сап, күлімдедім.
Жат ойдың қармағына ілінбедім!

Арт жүгіңді.
Өлмесің жүк артқаннан,
Өлмейін, өте алмасам сынақтардан.
Есіп кетсем, кейде бір бөсіп кетсем,
Өлмесі оның — Ерлікке құмартқаннан.

* * *

Үнім — Халқым.
Халқыма еркелеймін.
(Мен — кедеймін),
Бүлдірсем бірдемесін,
Мен төлеймін.

Үйім — Тауым.
Тауыма сүйенемін.
(Жоқ болса, сүйенерім),
Келеді тауымды да күйелегім.

Үйім — Ордам.
Ордамда сайрандаймын.

(Болмаса сайран дәйім),
Мінгескен Көтібарға Аймандаймын.

Үйім – Отаным!
Отаннан жай табамын.
Отанға не айта аламын,
Отанға не айта аламын?

* * *

Ей, Табиғат!
Мен саған өкпелімін,
(Жерде мұхит жатқанмен, көкте күнің).
Бермей-ақ қой күніңнің бетке нұрын,
Қимадың ғой толқынның өктем үнін.

Алысар ем бұлтпенен, жауынменен.
Неге туыс етпейсің дауылменен?
Найзағайдан шашылған жасындарды.
Жалғап неге қоймайсың жанымменен?

Сан жақсылық жеріңе жасап жүрмін:
Жап-жалаңаш құмыңды жасандырдым,
Мұзды ерітіп жатқанда лебімменен,
Жалын болып жанымға қашан кірдің?!

Сен маған қаһарланған кезеңдерде,
Аспаныңнан дым тамбай безергенде,
Жердің ерні шөліккеп кезергенде,
Өзендерді жалғадым өзендерге.

Мен саған арамтамақ, масыл емен,
Жаңбыр болып гүліңнің шашын өрем.
Аспаныңды арқама құлатсаң да,
Кеудемменен жеріңді басып өлем.

Ғұмыр бердің шоп-шолақ шара бар ма...
Ей, Табиғат!

Барыңды маған арна!
Неше мың жыл неге мен жасамаймын,
Мың жыл жасап жүргенде қара қарға!?

* * *

Жүргейсің бізге тәу етіп!
Жүгермек жандар біз бе едік?!

Өртен де рахым дәметіп,
Артен де мейірім іздедік.

Ақтан біреу шалғанда,
Ақтаран бақтық шамданбай.
Бәрінен со бір жандарға,
Бәзім боп тұрдық қорғандай!

Арқадан біреу қаққанда,
Ауамен бетті тостық біз.
Дүние тулап жатқанда,
Ту ұстап тұрған достықтыз.

ӨТТЕҢ, ШІРКІН!

Мен бармаған қазақтың атырабы,
Менан кел деп мазалап шақырады.
Мен баспаған қазақтың топырағы,
Арманымдай алдымда жатыр ағып.

Мен бетпаған қазақтың дастарқаны,
Менан ығи түсімде ас тартады.
Меннан созып күткелі қашан мені,
Мен көрмеген қазақтың асқар тауы.

Белдерім де
мен барып шомылмаған,
Бетгелі белдерім,
момын далам,
Өзендерім,
орманым күтуде әлі,
Қушан келер екен деп қоңыр балам.
Қушан келер екен деп бұлақтар да,
Бұлақ қағып жатқан-ды суаттар да.
Самал соқса, сұрайтын көрінеді,
Қушан келер екен деп құрақтар да.

Ақ шалдары – қазақтың ақ таулары,
Менан деген жүйрігін баптауда әлі.
Жеңешелер өлеңін жаттауда әлі,
Шашуларын әжелер сақтауда әлі.

Мен көрсін деп,
сарайлар салдырыпты,
Сан асылын сан жақтың алдырыпты,

Екі ғашық үйлену тойларын да,
Мен келсін деп кейінге қалдырыпты.

Сәлем саған!

Көрмеген жарандарым!

Кешіріңдер

кешіктім,

бара алмадым!

Әр көдеңе бір қонып, ұшар едім,

Әттең, шіркін, құс болып жаралмадым...

ЖОҚ, ДӘРІГЕР

Жүрегіме жүк артып жүргенімде,
Қажыдың ба, байғұсым, білмедім бе?
Шайпау тиіп, шаршатып кім көрінген,
Уландың ба білмеймін, кірледің бе?

Бары ақиқат бір дерттің жүрегімде,
Дәрігер-ау,

арқалап жүремін бе?

Сорлайтындай соншама кім едім мен,

Неге аяныш атасың іреңіңнен?

Айтып өлтір,

қайтесің босқа ойланып,

Жүрек дерті өлімге бастай ма анық?

Адасам ба өмірден жастай қалып?

Ет жүрегім кете ме тасқа айналып?

Неге айтпайсың, тұрғанша босқа ойланып?

Пері соққан пендедей есі жарым,

Тамырымда тулайды есіл ағын.

Бұл жүректің білмеймін несін барын,

Несі жоғын білмеймін, несі барын?

Қаным қайнап барады, қаным қайнап,

Бір амал тап, дәрігер,

халімді ойлап.

Алауыртқан ақынның қолын байлап,

Әкетпесін ажал кеп өлімге айдап.

Жоқ!

Дәрігер!

Орнатпа басқа жүрек!
Басқа дүниелі жасама, басқа леп.
Қалай айтам бүлінген жүрегімді,
Балдырмай доғдыр алып тастады деп?!

Өңдеріп өгей жүрек қайда барам,
Өңіңің гүмырын қалай пайдаланам?
Өміңің рақмет, қайран Адам!
Өміңің жүрегімдей қайда маған?

Алмастырам!?

Дедің-ау, алмастырам!..
Өміңің менің жұлдызым жанбас бұдан.
Өміңің жүрегімді жерлеп келіп,
Өңіңің өмірін қайтіп жалғастырам?

Тула, Жүрек!
өкінем мен несіне!?

Туған жүрек,
әрине,
өлмесін бе?..

..Жоқ!

Дәрігер!

Қозғама,
дамылдасын
Әрбір жүрек өзінің кеудесінде!

...

Жарық дүние-ай!
Жарығың неткен жақсы еді!?

Жаңылыспасын,
жарым деп айтсам нақ сені!?

Құшаққа сыйсаң,
құшырым қанып,
өбер ем,

Құшақтап тұрып, өлер ем.

Жарық дүние,
жанарым менің жайнаған!

Жап-жарық неткен айналаң!?

Нұрыңа сенің

миллион бояу ойнаған.

Құмартып кетер
қомағай көзім тоймаған...

Сонау бір, сонау заманда,
Қасым кеп сенің жағаңда,
Құшағын гүлге толтырған,
Кеудеге бұлбұл қондырған,
Шабытқа ұя Шаған ба?!

Қасым жоқ, Шаған, аман ба?
Аман ба, Шаған, аман ба?!
Бір бұлбұл сыйла маған да,
Ақыннан ақын жаман ба!?

ТАУДАҒЫ НӨСЕР

Алыста,
Сонау аспанда,
Атыстар, сірә, басталды.
Жай түсіп жатыр тастарға,
Жайратып жатыр асқарды.

Дірілдеп біраз тұрды да,
Гүрілдеп ала жөнелді.
Аспанды құдай ұрды ма?!
Айырар ма екен төбемді!

Жарқ етті алды көзімнің,
өртеңе жаздап басылдым.
Отым ба әлде өзімнің!?
Оты ма әлде жасынның!?

Жанымды болып қорғамақ,
Жалтарып, тұра қашқан ем.
Төбемнен төмен сорғалап,
Сөндірді нөсер, басты әрең...

ШҰБАТ ПЕН БОТА

Ас артынан алдыға шұбат келді,
Біреу татып, біреулер сынап көрді.
Қызылқұмның қиылып қыз-келіні,
Шұбат емес, бір шара шуақ берді.

Ақ бот үйдің есігі айқара ашық,
Түлесуде жігіттер тайталасып,
Ботта сонда боздаса байлаудағы,
Шүбәт ішіп, қалайша жәй табасың?!

Бір ботаның сондағы боздауын-ай!
Не басына күн туды, боздағым-ай.
Ұмыт болған уайым, мұңды әкеліп,
Ашыс екі тамырды қозғауын-ай!

Төртеді ел ауып баратқандай,
Жетім бе әуде жесір ме зар атқандай.
Құйтқан қаздай қазақтар ертедегі,
Сардалаға сағыныш таратқандай.

Осы екен ғой ботадай боздау деген,
Бетімен ем,
естідім...

Қозды-ау денем.
Боталардың боздауы тозбапты әлі,
Адамдардың боздауы тозғанменен.

* * *

Бір өңгіме қозғашы ауыл жайлы,
Бұдан артық рақат табылмайды.
Бұлдырасын өткен күн сағымдай бір,
Бір өңгіме қозғашы ауыл жайлы.

Қыр да ілігіп қалған-ды тау басына,
Мүз тоңды ма бұлақтың жамбасына?
Суық келіп, суыр да жатқан шығар,
Қамдап алып азығын қамбасына.

Төрт түліктен төгілген шалқар әнді,
Ұзатқан-ды, жайлау да тарқаған-ды.
Ескі жұртты тіміскіп қорқау әлгі
Қажалап та жүрген-ді қаңқаларды.

Сағыныштай сарғайып жанды ма күз,
Сары шәйі жамылып алды ма түз?
Құрайларын сыңсытып сыбызғыдай,
Қаңбағы ұшып, қаңырап қалды ма аңыз?

Өңгімеле тауын да, даласын да,
Қырқасын да, сайын да, саласын да.

Ақ боз үйдің түндігін желпілдетіп,
Қонды ма кеп қойлы ауыл Қарасуға?

Қарасуға қосылып тұна барып,
Жатқан болар іргеде бұлақ ағып?
Арып келіп, тойынып қайтқан болар,
Тор тырналар аспанға сына қағып?

АЯГӨЗ АРУ

Аягөз,
сірә,
аядай бұлақ көзі емес,
Аяулы, сірә, қыз болар.
Ақиқат бағып,
анықтап жатар кез емес,
Белгісіз досым,
белгісіз тұр ғой бізге олар.
Белінде мынау
берігіп жатқан қырлардың,

Бейіттен бөлек,
белгісі жоқ-ты қыздардың,
Кезінде, сірә, қызғалдақ болып гүл жарды,
Түндігін тесіп туырсып жатқан мұз-қарды.

Бұр жарды,
Кетті.
Өмірді мәңгі мансұқ қып,
Соларды іздеп,
сорларды талай қаңсыттық,
Қойғаны-ай, шіркін,
өмірдің қатал заңының,
Оларды бізге,
оларға бізді Таңсық қып.
Аягөз деген
аядай бұлақ деседі.
(Жұрттарда қалған жұмбақты кімдер шешеді?)
Аягөз болып
ғасырлар алға көшеді,
Ая, көз, ая! – Арулар елі кешегі!

МАХАББАТ МОЛАСЫ

Аяқтап болып,
Махаббат дейтін сапарды,
Қоны мен Баян моласы, міне, атаңды.
Құлауын қанша тапқаныменен, қара тас
Құиырымсыз ата Қарабайдайын қатал-ды.

Ысына бардым,
 қасында тұрмын солардың,
(Қоныдай маңырап,
 сүймеген, сірә, болармын...)
Егіз жүректі екіге бөліп мола тұр,
Тұмсығы үшкіл қанжарындай-ақ
Қодардың.

Төрт жанардың да
 тауысып түгел көлдерін,
Төрт бұлақтарынан
 төге де жүріп селдерін.
Ескерткіш етіп,
 қос Ана тастап кеткен бе?!
Аялап жатқан Аякөз сынды белбеуін.

Жол түсіп, ұрпақ,
Таңсыққа барсаң тегінде,
Бір соқпай кетпе
 күмбезге сонау көрінген.
Қазақтың осынау
 қасқайып тұрған төрінде,
Бабаларыңның
 махаббаттары көмілген...

* * *

Жасасаң қайыр,
 қарыз деп айтпа,
 жарқynam!
Қарыз ғып берсең,
 қажет те емес алтының.
Өгіз боп саған
 өткерер менің жайым жоқ,
Өмірдің қалған тамтығын.

Ақ уыз берді,
 қарыз деп Анам айтпады,

Мойнымда әлі,
әкенің қарызы қайтпады.
Қарыз демей-ақ,
қамқоршым болған дос қанша,
Қайтарар едім,
қайтейін, мені байытпады...

Еліме мәңгі
қарыздар едім қашаннан,
Өтермін қашан?
Кетермін қайда?
Қаша алман.
Қарыз деп айтпас,
қайрымды мынау өмірге,
Қарыздар болып жасалғам.

Қарыз деп айтпа,
жасасаң маған қайырым,
Қайтара алмаспын,
белгісіз менің байырым...
Мен деген,
жолдас, жарлының жалғыз тайымын,
Ағытып болмас айылын!..

* * *

Қашанғы бұлай өтеміз,
Қашқақтап жүріп екеуміз!
Анамыз тасқа жерік боп,
Тас болып түстік пе екенбіз?!

Мен көнсем кейде, сен көнбей,
Сен көнсең кейде, мен көнбей,
Түнереміз де жүреміз,
Әкеміз бүгін өлгендей,
Өтеміз бе өстіп жөнделмей?!

Өтті ғой бәрі, өтті ғой...
Өтінем сенен, кекті жой.
Қосылмас релістердің де,
Қосылар шағы жетті ғой...

* * *

Кейіме, інім,
Сен татқан мұңды мен емгем,
Кеткемін сосын,
Өзімді өзім жебеумен.

Анамыз жомарт,
Бабымыз жомарт дегенмен,
Жыламай жатсақ,
Жарылқап емшек берер ме?

Кешіме, інім,
Көңдескен мұңға алғашқы.
Кесірлі шақтың болмасын тіле алды ащы.
Қан қызыл шоқтан суырып алып зергерлер,
Сырмай ма суға сертке ұстар семсер-алмасты.

Кешіме, інім,
Керемет күндер алдында.
Кемсіне берме,
Керенау тартса тағдырға.
Сүрлініп кетсең, қарғып тұр қайта, даярлан
Көдергілерден екінші рет қарғуға.

Көліңсің, інім,
Көңесіп қайттың көктемде.
Көйгітпес едім,
Болмады билік тек менде.
Жұлмалап, тонап, қалдырып мені шеткеріге,
Жымысқы уайым жылысып саған жеткен бе?!

* * *

Сағым боп аққан сан жылдар,
Сарсаңға мені салдыңдар.
Тағдырлас маған тағдырлар,
Қай жаққа кетіп қалдыңдар?

Сайрандап күнде келетін,
Саялы баққа барабар;
Сан етін ойып беретін,
Қай жақта жүрсің, ағалар?

Қанаттыға қақтырмай,
Қамқоршым едің жем берер.
Айдында жүзген аққудай,
Қайдасың, қайран жеңгелер?

Сотқар деп мені есірген,
Қолымнан тізгін тартпадың.

Сақалына орап өсірген,
Қай жерде жүрсің, қарттарым?

Меңдегі қызық тағдырға
Жастарын сүртіп қараған.
Қай жаққа кетіп қалдыңдар,
Бір анам емес, бар Анам?

Көп жылдар өтті, көп күндер,
Халімді сұрамай бәрің дағы.
Қай жаққа ауып кеттіңдер,
Тауымның құралайлары?

Жаныма жайғасыңдар,
Жан сала шыңғырамын:
О, қайда, қайдасыңдар!
Тағдырлас құрбыларым?

ҚАЙРАН ЖЕҢГЕМ

Су сұраса, сүт берген, айран берген,
Қартайып қалыпсың-ау, қайран жеңгем!
Қарғаның валетіндей едірейіп,
Қасыңа мына біреу қайдан келген?

Апырай, суық еді сұрқы неден?!
Адамға қарайды ғой сыртыменен.
Жол көрсеткіш сақшының таяғындай,
Қимылыңды бағып тұр мұртыменен.

Жеңеше-ау, есінде ме біздің ағай?
Сыйласып отырар ек біз құдадай.
Қанды балақ соғысты қарғыс атсын,
Қайран жеңгем, шырқыңды бұзды қалай?!

Күлкің қайда күмістей сыңғырлаған?
Жүзің неге ымырттай тұнжыраған?
Бұғалыққа тұрмайтын асау едің,
Сені әкеліп теліген кім мынаған?

Өзің болсаң, тым ағат ойланғансың,
Бақыт емес, басыңа қайғы алғансың,
Жан едің ғой жанының талғамы бар,
Қара мұртқа қалайша байланғансың?!

Ел жұртың қараушы еді мақтан етіп,
Кіші ап аяғыңа саптама етік,
Талайларды кетуші ең аттап өтіп,
Талайларды жүруші ең таптап өтіп...

Қартайып қалыпсың-ау, қайран жеңгем!
Қайғыға мойымаушы ең.
Қайдан келген?!
Салғынып жүрсің бе әлде, қадірлім-ай,
Баяғы жастығыңды майданда өлген?..

* * *

- Көрмеймін! — дейсің,
Көрмесең мейлің, көрмегін!
Көретін көктен тәңірім емес сен менің,
Көрмегін,
 мейлің,
 көңліңді маған бөлмегін,
Мен дағы қарап өлмедім,
Түсіңнен, бөлем, шошытар,
Мендегі леп, мендегі үн.

Сөзіне тұра,
 келмейді-ау, сірә, білмегің...
Білмегін, мейлің, білмегін!
Сөзеді мені сенсіз де,
 мазасыз өткен күндерім,
 ұйқысыз өткен түндерім.
Уақыттармен біргемін.

Көрмесең, көрме,
 Білмесең, білме,
Шырағым менің сөнбейді,
Шыдамын таусып сендейдің,
Мазасыз жаным,
 маған бір тыным бермейді,
Дарига-жүрек
 жоқ нәрселерге шөлдейді.

Көрмесең мейлің,
 көзіңе сенің ұрынбан.
ұрынбан, бірақ бұғынбан!
 Есіңде болсын!
Құлагері де Серінің
Сөреге жетпей жығылған...

* * *

Иек артқан теңізге мүйістейін,
Келші, қарғам, шашыңнан иіскейін?
Иіскейін тек қана, тиіспейін,
Келші, қарғам, шашыңнан иіскейін!

Қолаң қара шашың-ай күн қақтаған!
Қос бұрым-ай жотаңда бұлғақтаған!
Қарғам, сенде жерімнің иісі бар-ау,
Жер иісі жұпардан қымбат маған!

Иісі бар-ау дәннің де, шалғынның да,
Қырдың да, қырманның да, жаңбырдың да,
Тұр, сірә, мына шашта иісі аңқып
Аптаптың, аңызақтың, тандырдың да.

Шашыңнан иіскетші, қарғам, маған!
Есіме түсер ме екен арман далам.
Иіскетші!
Жауқазын жан екенсің
Жасанды әсемдікке алданбаған.

Тұрғам жоқ сауға сұрап қылығыңнан,
Жан едім махаббаттың құрығы ұрған.
Иіскейін жұртымның топырағын,
Иіскет, қарғам, маған бұрымыңнан!..

* * *

Махаббат,
Сенен келсін деуші едім ажалым,
Сүйе алмайды екем,
Тарқапты менің базарым.
Шаршапты көңіл,
Шаршатты бәрі, шаршатты,
Қош енді,
Менің ажалым менен азабым!

Сергелдең болма,
Сен енді мені іздеме,
Іздеме қыста,
Іздеме көктем, күзде де,
Шәйі жамылғыш
Шөлкездеу желпіп қалғанда,
Лып етіп сөнген
Шырақтың нұры — біз деген...

Төрт құс сатып әпердім төрт балама,
Құрық болды төртеуі төрт қараға.

Жем де сатып әперем, жасымандар,
Таламандар, ал енді асыраңдар.

Сипраса егер құстарың, сайратыңдар,
Сипаса егер құстарың, ойнатыңдар.

Жемін қойшы, жемін мен тауып берем,
Сипрар ма екен бірақ та, қауіптенем...

АТА ЖАЙЫҚ

Аймалап жатса,
ашынып барған баласын,
Айығып, сергіп,
басылып бір сәт қаласың.
Ағытып қойып,
адамгершілік жағасын,
Ағасың тынбай,
ағасың, Жайық, ағасың.

Аймалап жатса,
айдының аппақ нұр сеуіп,
Сауығып қалам,
сақалыңа анау бүркеніп.
Айылымды алып
пәңделік дейтін мәстектен,
Жоғалтам көзін,
бүйірден мықтап бір теуіп.

Жалғызындай боп,
кешігіп көрген ененің,
Қоқысты тастап,
қойныңа сосын енемін.
Шалқамнан жатып,
шар-аспаныңнан көрермін,
Шарықтап жылар,
шаршаған бұлттар — өлеңім.

* * *

Мен сізді сыйлаймын да, сүйемін де,
Тумасам да Жайықтың жиегінде.
Бірдеңе бар, әйтеуір, бірдеңе бар,
Менің мына Махамбет-сүйегімде!
Айырмам сол – тимеске тиемін де,
Қасқаям да мен байғұс қарап тұрам,
Кеудем емес, бөксемді иемін де.

Ақсақал, көрдім дағы Оралымды,
Боларымды, білмедім жоғалуды!
Қонақұйден "хозяйка" айдап шықты,
Ішу түгіл, тышу да доғарылды.
Кімге барып білмеймін соғарымды,
Қайда барып білмеймін қонарымды.

* * *

Мен қонақ емес ем ғой шақырмалы?
Келуге қандай ғана қақым бар-ды?
Неге мұнша жүрегім зақымданды!?
Не ақынның сорына Жайық қалды,
Не Жайықтың сорына ақын қалды.

Жайық ақпай қойды да ылайланып,
Ақын жүрді аштан-аш шыр айналып,
Көшпей, қонбай жоғалған қарашаңды,
Ағатай, алып кеткін бір айла ғып!?

ШАРДАРА

Шардара!
Шалқадан жатыр
Адамдар салған арнада.
Қанды ма шөлің,
Нар далам?
Тынды ма үнің зарлаған?

Шардара!
Шалқадан жатыр жарықтық,
Соқыр даланы жарық қып.
Кесе шөлдердің,
Көмейін, бөлем, жарыттық,
Әкесін, бөлем, таныттық!

Шардара!
Шаруа Сырдың тамшысы,
Ильичтің отты қамшысы,
Оятты-ау сені,
Шардала!
Шардара!

* * *

Шалғының жүзін жанытып алып қарттарға,
Таласып біздер тамызда пішен шапқанда,
Сылақ түсер еді балауса шалғын сол жаққа,
Қулығыңды ашып, құлаштап тұрып тартқанда.

Құлаштап бірге, сілтесіп бірге, бірге адым,
Орманда, шіркін, шалғының бойлап жылғаның,
Түселер еді шалғышылардың ырғағы,
Үшмен бірге аспанда ұшқан тырнаның.

Жоқ, еді бізде біреуін бірі жат бұру,
Құлғанды кекеп, озғанға қарап аптығу.
Дыбысын бағып масаның оркестірінің,
Бөріміз бірге жасайтын едік жаттығу.

Армыз тұтып атадан қалған әдетті,
Найдаға біздер асырушы едік әдепті.
Шалғымен бірге шалғын боп біз де ырғалып,
Жасайтын едік байсалды, әсем балетті.

Өрөкшіп бұлттар өткенде сахна — даладан,
Сақтан деп аспан соққанда дойыр — барабан,
Бұғынушы едік бөріміз бірге паналап,
Балапанға ұсап ұямыз бір түп қараған.

Басылар еді, ашылар еді күн кенет,
Аспаннан шұғла шашылар еді бір бөлек,
Бітпейтін біздің балетіміздің жалғасы,
Қосылар еді қостағы қою түнге кеп.

* * *

Алыс болып барасың, ауыл, маған,
Алыс болып барасың, тауым, далам.
Қайда күндер жылғаның жағасында,
Жылқының арасында дамылдаған?

Қазбауыр бұлты аспанда мамырлаған,
Қарасаз, қара шалғын шабылмаған,
Қайда жүр, сылқым жеңгем, сабырлы ағам?
Қайран жұрт, қазір бәрі сағым маған.
Барасың алыс болып, ауыл, маған.

АРМАНЫҢ БАР МА?

Адырлар, жондар, шатқалдар,
Аспанды тіреп жатқандар,
Айтылды нелер мақтаулар,
Арманың бар ма, ақ таулар?

Сапарды солай жалғандар,
Шарлаңдар, мәңгі шарлаңдар,
Аспанды кезген тарлаңдар,
Ақ бұлттар, сенде не арман бар?

Армандап Адам сұрады.
Ақ таулар — іштен тынады,
Азан сап тұрып ақ бұлттар,
Ағылда-тегіл жылады.
Ақ нәсер, бар ма арманың?..

* * *

Жүрегіме жүк артып,
жүрегіме жүк артып,
Жүдедім бе?
Білмеймін,
Жүдедім бе мұнартып?!
Жігеріме, білмеймін,
Жібердім бе мұң артып?!
Жүремін де, әйтеуір,
жүремін де құмартып,
Жүрегіме жүк артып.

Мен іздеген нұр-бақыт,
ұстатпаса, зуласын.
Тек жүрегім бір уақыт,
Жүксіз қарап тұрмасын,
Жүрек болып туғасын.

* * *

Ақбақай дейтін көл екен,
Аймағы тегіс гүл екен.
Аймалап атамекенін,
Қызғыштар қорып жүр екен.

Саралжын жері дүр екен,
Сары алтындардың бірі екен.
Салттары мүлде ірі екен.
Азаматтары да ірі екен.
Махамбет пенен Мұхиттар
Тірі екен, әлі тірі екен!!!

* * *

...Осылай болған,
осылай болды,
осылай тағы болады.
Уақытты ұстап тұратын құдірет жоқ әлі.
Осылай күз кеп, осылай боран соғады.
Қарашы Күнге, әуелі өрлеп жоғары,
Құдилап барып көзіңнен ғайып болады.

Қимықпа, жаным,
қайдағыны еске салмашы,
Сөскене берме,
селт ете қалса тал басы.
Сөні мен біздер осынау дастан-өмірдің
Жалғанда бітпес жалғастарының жалғасы.

Өтіпті көктем, өтіпті жаз да,
Несі айып?!
Күз кепті, міне,
Қарға жүр, қырман басайық,
Сары таңдардың самалын жұтып, салқытып,
Салтанатты бір сабан тойларын жасайық,

* * *

Ала көзбен атасың, ішіп-жейсің,
Сен мені сезінбейсің, түсінбейсің!
Неге сонша мәрмәрі мүсіндейсің?!Тұярыңдан түс те кел, кішірмейсің.

Бір гүтанып, бір сөніп жанарымда от,
Неге саған қараймын?

Хабарың жоқ,
Жан емеспін жәдігөй залалым көп,
Берерім бар,
қорықпа,
аларым жоқ!

Бар екен ғой,
бар екен жақсы Адамдар!
Жақсы жоқ деп
айтпаңдар, бәтшағарлар!
Ренжісең қайсыбір "патшаларға",
Күл шашпа кір шалмаған ақша қарға.

Ойладым да суық деп ақша қарды,
Суық болып, адамдар жат саналды.
Сәл жылыса,
қар дейтін ериді екен,
Ағыл-тегіл суарып бақшаларды.
Күйі бөтен демеймін, үйі бөтен,
Жақсы адамдар бар екен,
сүйіп өтем.
Жамандарды іздемен, өзі-ақ табар,
Жақсыларды табуың қиын екен...

* * *

...Сен туғансың сол соғыс басталғанда,
Дүние түтеп тұрған тас-талқанда.
Әкең келіп әңгіме шертпеген-ді,
Саған арнап жасалған дастарқанда.

Анаң да кең пейілін төкпеген-ді,
Себебі сол қысталаң көпке келді.
Жұрт өзі ырза-хош боп тарайтұғын,
Өздері жеткізе сап жетпегенді.

Барыңа қанағат қып үйіңдегі,
Жұрт тарасқан көңілді, күйінбеді.
Осы күнге сен едің жеткен ұрпақ,
Әкеңнің жөргек болып киімдері.

...Сонымен атыңды Сапар дедік,
Өсіп қапсың, маған да қатар келіп.
Сол әкелер есен-сау оралғанда,
Осыбіреу пәлеңді татар ма едік?!

Құрдасымдай сенімен күлісемін,
Күлісемін, құдай-ай, бір ішемін!
Сен мұны сезесің бе, інішегім?
Сен мұны сезесің бе, інішегім?!

Ошым бар менің,
Ошым бар менің ерекше.
Жақсылық жауып,
Дүниені мынау сел етсе,
Жауыздықтардың,
жамандықтардың барлығын
Көрге алып кетем, керексе.
Адамның бүкіл айыбын
Арқалап алып,
Айыбын өзім көрер ем.
Жамандық басқан денемен,
Жандырып жатқан,
Тоңдырып жатқан тамұққа
Жамандығыммен төнер ем.
Бүкіл дүние жамандықтарын
Арғындар маған, көтерем!
Қарызым болсын өтеген,
Жауыздық біткен менімен ғана бірге өлсе,
Бүгін-ақ өліп кетер ем.

Армансыз барып,
Көрімнің аузын жапқасын,
Дүниедегі тірілер
Жамандық іздеп бақпасын!
Жауыздық жатқан,
Армдық жатқан көрімнің
Қақпасын келіп қақпасын!

* * *

Тымырсық күңдей
тамызда жаңбыр көкसेген,
Жақсылық күтем,
жақсылық күтем тек сенен.
Жаман бір ойлар
жанымды шарпып өтсе егер,
Мен жақтан саған
суық бір хабар жетсе егер,
Жалғызым менің,
қайтер ең?

Ұшар ма ең қанат байланып?
Қалар ма ең әлде ойланып?
Келер ме ең менің қасыма,
Періштем болып айналып?

Қайтер ең, жаным?
Тағдырыма етіп құлшылық,

Талықсып жүрсем түншығып,
Жетер ме ең маған
Құрықтан қашқан асаудай,
Құлын мүшеңмен құлшынып?

Көзіңнен аққан
дариялардан өте алмай,
Қалар ма ең әлде жете алмай?
Қалайда, Жаным,
кірпігіңе үміт ілдіріп,
Мен жүрген жаққа бет алғай...

Көзіңнен аққан дарияға
Көпір сап, Жаным, өтпейсің,
Қалайда маған жетпейсің?
Үзілмей жүрген үмітіңе мінгейсің,
Адасып, сірә, кетпейсің.

Қарғып өт, Жаным,
қатерлі қауіп текшеден!
Жетесің маған,
жетесің маған, бек сенем!
Тымырсық күндей,
тамызда жаңбыр көксеген,
Жақсылық күтем,
жақсылық күтем тек сенен!

НЕГЕ ЕРТЕРЕК СУАЛДЫҢ?

Неге ертерек суалдың, жаным Анам?
Қалжыраған қозыңның халі жаман.
Өзің берген уызды іздеуде әлі,
Жетім қозы күзекте маңыраған.

Таста тұнған тамшының сынабынан,
Татып көрсе таудың да бұлағынан,
Бір кезде өзің иіскеп қоюшы едің,
Тартады енді біреулер құлағынан.

Бар айыбы сусынын басқаны ма?!
(Барлық жердің шөлі тұр баста мына).
Барлық жердің іздеді аспанынан,
Тәтті уызың шынымен тастады ма?

Ідегі ідей еріні кезергенде,
Імін корді көлден де, өзеннен де.
Ірші көтті ақыры болмаған соң,
Імін еркін жүретін көзелдерге...

Слар оны бастады ойға-қырға,
Мүрша бермей отыру, ойлануға.
С ұшық заттың бәрінен сүт іздеймін,
Ақ уызды ащы су жойғаны ма?!

Неге ертерек суалдың, жаным Анам?
Ақ уызды қай жерден тауып алам?
Аймақтың арда емген деп жүруші ем,
Жан өкем уыздыққа жарымаған!

Саршүнақ аяз.
Салт атқа шана жектіріп,
Сашарға шықсаң,
Сам ауған жаққа бет бұрып.
Сардала жатса
ақ қарға жонын бөктіріп,
Сабаса келіп
үскірік-тікен бетке ұрып.

Сраныш алып
отаудай қасқыр ішікке,
Жағанды түріп,
жоныңды тоссаң үсікке.
Қатқан қар, шана,
тұяқтан ұшқын ұшып тек,
Ұлыса келіп
ұялас жетім күшікше.

Жорғалай басып,
жортқанда жомарт құла айғыр,
Шайқалсаң, шіркін, бірде олай,
бірде бұлай бір.
Лулақта түлкі азығын таппай жылайды,
Слексе бағып, өзекті шарлап құмай жүр.

Қырқадан асып,
күн батып бара жатқанда,
Қияны басып,
іліксең, бәлем, ақ тауға.

Қылғытсаң сонда,
отырып алып ақ қарға,
Бір шиша зәһар бұйым ба,
тәйірі, ақпанда.

Соқпағын аңдып,
сотқарлау қыстың жолының
Сорлаған айғыр
баса алмай тұрса солығын.
Қызулау қосшы
саусағын үрлеп қолының,
Жүрдік деп енді,
жағасын түрсе тонының.

Алдыңнан кенет
ақтүтек ұйтқып ұрды да,
Аяңға басса,
тоқжарау айғыр бұрлыға.
Қисая қалғып,
отырған сәтте қынжыла,
Ауылдың жұмсақ түтіні тисе мұрныңа.

Жылымық түтін,
жылынып бойың, тамсанып,
Ауылға біздер,
ауыл да бізге қарсы ағып,
Көш бойы жерден
көрінсе сонда жар салып,
Шапқылап келіп
саққұлақ сырттан қарсы алып.

Аулаққа бармай,
атыңның басын бұра сап,
Бейтаныс үйде береке бар ма, сынасаң.
Ат байлап жатса,
азамат үйден шыға сап,
Кештетіп келіп,
кез келген үйге құласаң.

Сәл толқып барып,
жібектің бір тал жібінше,
Бұйығы келін бұралып,
біраз кідірсе,
Зайыбы жақтан бір белгі сонда білінсе,
Ошаққа қарай оттығын ала жүтірсе...

МАВР

ПОЭМА

*"Мое положение сейчас таково,
что я должен во что бы то ни стало
достать денег, чтобы вообще быть
в состоянии продолжать работу".*

*К.Маркс и Ф.Энгельс
соч., т. XXV, стр. 86.*

ПРОЛОГ

"Адам бар ма мәңгілікке өлмеген,
Заман бар ма бағы тайып көрмеген,
Азап бар ма ауыр жолда көлбеген,
Ашу бар ма адам ұлы жеңбеген,
Ақыл бар ма шам-шырағы сөнбеген,
Бағыр бар ма туды қолдан бермеген,
Ақыл бар ма ақиқатқа шөлдеген?" —

Десе біреу.

Ол — сен. Мавр сен дер ем!
Ләйтар едім: ұлдың атын Мавр деп,
Шыңның атын Мавр деп,
Жылдың атын Мавр деп,
Дарқан дала, қырдың атын Мавр деп,
Жырдың атын Мавр деп!

Маркс жырға Мавр болып еніпті,
(Кімдер қалай атаса да ерікті)
Мавр — Фред! Неткен есім көрікті!
Жаттары емес, жақындары беріпті.
Мавр — Фред!
Екі бірдей ұлы есім...
Қинал, ақын.
Қинал!

Ойлан!

Білесің!..

Төк есінде түстенбесін бұл есім,
Моңгі-бақи жүрегіңде түнесін.

Осы есімдер — асқар ойдың шырағы,
Жырдың көзі, бұлағы.

Егіз есімді екі бөліп атасақ,
Бір-бірінсіз бірі өгейсіп тұрады.
Жаттары емес, бірін бірі атаған,
Абзал жанды екі Адам!
Мавр — Фред!
Қала бермек осылай,
Аталарға — Атадан.
Бір-ақ жүрек — екі Адам.

Маркс жырға Мавр болып еніпті,
(Кімдер қалай атаса да ерікті).
Мавр — Фред!
Екі есімді керікті,
Жаттары емес, жақындары беріпті.
Жырдың аты — Мавр!

*"То Трира черный сын с неистойвой душой..."
Из сатирической поэмы Ф.Энгельса*

I

Сырыңды алған, құныңды алған,
Өмір, өмір...
Өмір өзі — бір құйын.
Ұлы болып туылғаннан,
Ұлы болып өмір сүрмек тым қиын.

Қадір тұтар ғасыр, ұрпақ, халықтар,
Ұлы болып қалу қиын бөрінен.
Тірі адамға тірлік дейтін тамұқ бар
Қарсы алады ол орымен де жарымен.

Күнделікті күйбең өмір...
Күйбең өмір уақытты ұрлаған.
Күйбең өмір, күйбең өмір...
Күйкі өмірге құл болу да тым жаман!

Тағдыр дейміз,
Тағдыр дейміз ашына,
Талақ тағдыр, күйбең тірлік алдайды.
Ақымақтың бақ боп қонып басына,
Ақылдыдан аулақ кетер, бармайды.

Көзден ақса жүректегі қан-жылға,
Табына кеп тағдыр дейміз жаншылып.

Біле тұра ұры арбакеш – тағдырға,
Уайымды ұстатамыз қамшы ғып.

Тағдыр дейтін бос сөз, бос сөз, жарандар,
Өтірікке санаңдар!

Тағдырыңды жасайтын да адамдар,

Тағдырыңды бүлдіретін адамдар!

Иә, иә, адамдар!

Кавеньяк, Муссолини, Гитлер

Жауыз!

Бірақ бәрі адам.

...Жердің жүзі, білесіңдер, жарандар,

Жазылған жоқ олар салған жарадан.

Тамұқтарда, түрмелерде шіріткен,
Солар, солар асқандар да атқандар!

Білесіңдер, олар салған бүліктен,

Ана-жердің ақ жүзінде дақтар бар.

Олар ойды түрмелерде түнетті,

Олар сойды қанжоса ғып жүректі.

Даналардың дана миын саудалап,

Даналардың қанын сорып күнелтті.

Тағдырды олар тамұқпенен тыстады,

Жанды олар жала отымен ыстады.

Ұлылардың ұрпағын да, өзін де

Қара күштің қабірінде ұстады...

Спай берсең, бірі өтеді бірінен,

Олар бір дерт келе жатқан талайғы.

Сырт болған ғасырлардың күлінен,

Сырт өртенген Брунолар қарайды...

Гитлердей бұзығынан “сый” алған

Германия әлі күнге жаралы.

Ұлдарынан, ұрпағынан ұялған

Ару Берлін жарты беті қаралы.

Сондай-сондай сотанақтар баяғы –

Содыр, сойқан, бүліктер:

Ақылдыға қақпан құрып қояды,

Ақылмаққа сый-құрмет, біліп көр.

Біле тұра тағдыр дейміз, жарандар,

Бос сөз!
Бос сөз,
Өтірікке санаңдар!
Тағдырыңды жасайтын да адамдар.
Тағдырыңды бүлдіретін адамдар!

...Сырыңды алған, құныңды алған
Өмір, өмір...
Өмір өзі — бір құйын.
Ұлы болып туылғаннан,
Ұлы болып өмір сүрмек тыс қиын.

II

Бұрын адам сезбеген,
Бұрын адам көрмеген,
Қарсы аттанды ол қатерге.
Қарсы алдынан көлденең,
Қандай "сыйды" тартар екен жат елде.

Жел ұшырған өсек пенен мазағын,
Жердің үсті — оның елі, Отаны.
Арқалап ап ашынғандар азабын,
Елес болып кезді ол Европаны.

Европа тарс жауып қақпасын,
Іліп алды есігін.
Тірісінде-ақ тозақ дәмін татқасын.
Ол ұмытты қара бастың несібін.

Нелер милар бірісінен бірі өткен,
Жалғай алмай жайғасқан-ды күресін.
Мавр болса терін ішіп күнелткен,
Ап бермекші ашынғандар үлесін!

Нелер ойлар қайталанды жаттанды,
Нелер милар шатынады, дат шалды!
Мавр болса қарсы төніп қатерге,
Ең ақырғы азап жолына аттанды.

* * *

Теңіз сұсты, теңіз суық, тас бауыр,
Ойыншықтай тәлкек етер кемеңді.
Отты бірде дана Мавр — жас Мавр,
Адамзатқа бақыт іздеп келеді.

Батпан зілмен бар өңірді жаныштай,
Барар жолы, басар ізі — дария.
Жынға бығып тоятпаған барыстай,
Жатыр алда Ұлыбритания.

Азап-арал ауыр демін алды да,
Қою тұман жабылды.
Кеп түскенде арыстанның алдына,
Кім біледі, жұтты ма әлде Маврды?!

Кетті ме әлде тырнағына ілікпей,
Бүйрегінен орын теуіп жыртқыштың?!
Бар мұхиттың қанын сорған сүліктей,
Бұл — Лондон.
Тәңірісі нық күштің.
Бұл — Лондон.
Капиталдың тас тұғыры қашаннан,
Капиталға ескерткіш боп жасалған.
Бұл — Лондон.
Ақша десе адамдар,
Басын сатып, бас алған.

Айқыш-ұйқыш афишалар қанжоса,
Ізгар шашқан суық үйлер, сұр үйлер.
Қаңғырудан басқа амалың қалмаса,
Баспаздаққа басың қой да, құри бер.

Күн қаладан шығады,
Күн далаға батады.
(Күннің де өзін көндіріпті ырыққа).
Эмигрант,
Мұнда адамдар аштан өліп жатады,
Эмигрант, ұмытпа!!!
Ақылды да мұнда бар,
Ақылмақ та мұнда бар.
Қуаныш бар, мұң да бар,
Арман да бар, сыр да бар.
Бұл — Лондон.

Мұнда біреу бақытты,
Мұнда біреу жынданар.
Жауыздық бар сескенер,
Жақсылық бар ес берер,
Бұл — Лондон,
Диккенстер, Теккерейлер өскен ел.

Өзін дағы, өзгені де қандаған.
Бұл — Отаны рыцарлық намыстың.
Бұл — Лондон, сайқал бикеш алдаған,
Бұл — жүрегі барыстың Эмигрант, танысқын!

III

Үстел басы.
Бір жоқшылық,
Бір адам.
Бірін бірі қалт жібермей аңдиды.
Бірге көрген, бірге төзіп шыдаған,
Бірге отырып, маңдай тіреп қалғиды.
Адам — Адам. Ұлы адам!
Ал жоқшылық — аташулы қанқұйлы.

Адам оған қарағысы келмейді,
Ал жоқшылық қасарысып көнбейді.
Жоқшылыққа көнеді адам, өлмейді,
Ал жоқшылық өлмесе де, жеңбейді.

Әй, жоқшылық, жоқшылық!
Алдағың да келеді.
Жанарыңнан от шығып,
Жалмағың да келеді

Әй, жоқшылық!
Неге сонша әурелейсің Маврды,
Айтшы, Мавр неңді алды?!
"Аллаң" алып қоймаса егер арыңды,
Беріл, енді нең қалды?!
өкшелеме Маврды.

Кеше ғана тартып алдың "әуес" қып,
Оның жалғыз шапанын.
Бұл неғылған әбестік?!
Бұл қай қылған шатағың?!
Әй, жоқшылық!

Кімдер екен сені жерге тастаған?!
Неге сонша әурелейсің Маврды?
Осы бір жан әсте сенен қашпаған,
Сен іздеген жерден дәйім табылды!

Брюссельде бірге болдың онымен,
Париж барды, ірге қондың онымен.

‘ен жүресің ылғи оның жолымен,
Лондонда бірге отырсың мұнымен,
‘й, жоқшылық, о, неғылған зұлым ең?!
‘енің өзің кімсің осы, жоқшылық?

Қарлы боран суық болса, ол – сенсің,
Қаралы күн жуық болса, ол – сенсің.
Үй ішінде жанжал болса, ол – сенсің,
Адамды адам алдау болса, ол – сенсің!

Арулардың абыройын төккен – сен,
Луылдарда жұт болып та өткен – сен!

Бар жамандық сенсің жерді жайлаған,
Қасіреттер, қасіреттер айналаң!
‘енен де өткен сорақырақ қоғамың,
Адамдарға сені сор қып байлаған!

Адамдарға сор боп неге таңылдың,
‘ен бар жерде өмір ғаріп, күн ғаріп,
‘ен бар жерде, бір ғаріптен – мың ғаріп.

(), жоқшылық!
Бітсең егер Маврмен,
Көтер еді ол сені өзімен бірге алып.
Білем, білем. Сен онымен бармайсың,
Келгенше әлің жердің бетін шарлайсың.
Көшке ілескен бір бұралқы итке ұсап,
‘ен өмірден қалмайсың.

Тарт, жоқшылық, тарт жолыңмен жөніңе,
‘ен де өмірге сеніміңді сүйепсің..
Қоғамыңмен қоса тығар көріңе,
Мавр болсын ең бірінші сүйекшің!"

Осы бір ой қатер әкеп Женниге,
Осы бір ой мазалайды қашаннан!
Киер киім, ішер асқа кенде үйде,
Жоқшылық бар мәрмәріден жасалған.

Бесік басы.
Бір жоқшылық,
Бір Ана.
Ызбайланған ауру сәби, жас сәби,

Осы үйдегі барлық байлық, сірәда,
Шыдамдылық, шыдамдылық, баста ми.

Ана төсін аймалайды жас сәби,
Аймалайды бір татым сүт таба алмай.
Кедейліктің батпан зілі басқан үй,
Кейиді кеп дертті, дімкәс адамдай.

Бүлк-бүлк сорып, сүт іздейді балдырған,
Таба алмайды әлсін-әлі шырылдап.
Сора-сора жауыр болған таңдырдан
Сүт орнына қан шығады шымылдап.

Сор, нәресте, сор анаңның азабын,
Сор анаңның азабы мен бейнетін.
О, дүние! Осы екен ғой ғажабың!
Кейде ызғар, кейде шуақ, кейде түн.

Шақар тірлік шанағынан шорт сынып,
Бір күрсініп аунап түсті ауыр күн.
О, нағылет, Неткен найсап жоқшылық!
Титтей ұлын жұтып қойды Маврдың...

IV

Ломбард, ломбард...
Сен бір талшық дәтке қуат жоқтан бар.
Сен де өзіңше коммерсант, ал да бер.
Сен – алаяқ барды жалмап, жоқты алдар.
Ат жалынан пайда тапқан саудагер.

Ломбард, ломбард...
Сен риза алғанға да, сатқанға,
Баршылықта “қасиетіңді” таныр кім?!
Арзан төлеп алып қалдың ақпанда,
Мешпеті мен бәтеңкесін Маврдың.

Апандағы антарылған құландай,
Өз үйінде өзі отыр ол қамалып.
Қарыс жерге қадым ұзап шыға алмай;
Білесің бе, қамауда отыр даналық?

Уысында жоқшылық пен сырқаттың,
Улана ма дәрмені жоқ адамдай.
Білесің бе, Болашағы ұрпақтың,
Қамауда отыр киер киім таба алмай?!

Өмір, өмір!.. Бәрінен де сен шебер,
Ойлайсың ба адам қамын, ел қамын?
Ех, Ленхен! Ломбард көнсе егер,
Сатар еді өзенін де Темзаның.

Біраз күнге ол патша болса күні ертең,
Кедейлікке сыйлар еді несібе.
Ал Маврға..
Ех, Ленхен, Ленхен!..
Бар байлықты берер еді несие.

Мавр үшін, Женни үшін, бәрі үшін,
Жасар еді көз көрмеген жақсылық,
Жояр еді ол жоқшылықтың бәрісің,
Болмас еді қараң қалған тапшылық,

Адамдарға үлестіріп барыңды,
Жеңер едің күйкі өмірді желіккен.
Ех, Ленхен!
Сенің жомарт жаныңды,
Патша етіп жаратпаған неліктен?!

Мынау Темза.
Жалын атқан, бу атқан.
Арман, азап мекендеген жиегін.
Алты пұттық ауыр балға уатқан,
Арып-ашқан пролетарлар сүйегін.

Ех, Ленхен!
Өмір – азап, ауыр-күн,
Сен де өзінді сенделтесің, қинайсың.
Мешпеті мен бөтеңкесін Маврдың
Құлай алып, қашан оған сыйлайсың?!

Ломбард, Ломбард..
Тоқта, Ленхен, Ломбардтың алдында.
Өтіп кеттің, қалайша сен жаңылдың?!
Женнидің де юбкасы бар мұнда,
Бөтеңкесі, мешпеті бар Маврдың.

Көңде ме, бір бұл емес келгенің,
Көлігін аш, сыр алдырма, бас ұрма!
Құлтандағы жинаған мен тергенің,
Мавр үшін қалып қойған осында.

Тағы тұман.
Және жауын сібірлеп,
Және, міне, дым бүркеді баяулап.
Реніш жоқ, іштей ғана күлімдеп,
Музей жаққа тартты Мавр аяңдап.

Қара түнек, қара түнді шарпыған,
Ойлар, ойлар, ойлар кетті соқтығып.
Сүйретіліп бара жатты артынан,
Сол баяғы, сол сүмелек жоқшылық..

Британия музейі.
Ғасырлардың қазынасына толған зал,
Фараондар,
Қасиетті сиырлар.
Қасіретті халықтардан зорланған
Қасіретті бұйымдар.

Ойран-асыр жері күл де, елі күл,
Осында тұр отаршылық күш-қайғы.
Искусство сарайынан гөрі бұл —
Озбырлықтың ордасына ұқсайды.

Алтынменен оқалаған түндігін,
Отаршылық зәрі еседі сұр залдан.
Африка, Кипр, Фарсы, Үндінің,
Асылдары осында тұр ұрланған.

Ертедегі Ефрат пен Ніл елі
Жатыр мұнда
Әр ғасырдан бір бұйым.
Музей емес, отаршылық жүрегі,
Искусство сарайы деу тым қиын.

Сұп-сұр залға тұтқын етіп жіберген,
Трофейлер, трофейлер көл-көсір.
Озбырлықтың ордасы бұл түнерген,
Музей емес, отаршылық көрмесі.

Азулыға ақымақ боп алданған,
Сорлы Азия, Африка мұнда бар.
Басқанікін барымтамен малданған,
Сұп-сұр залда әр ғасырдан бір хабар.

Мавр білмес, Мавр түймес бар ма сыр,
Ол қарап жүр ой таласып жадында.
Сұп-сұр залда сұқтанып кеп әр ғасыр
Мұң шағады Маврға.

Портреттер...

Үнсіз, тілсіз тұрғандар:

Өткен жандар, кітап болып қалғандар,
Әрқайсында ашылмаған сырлар бар,
Айтылмаған арман бар.

Ар ма, адамдар, кітап болып қалғандар!

Өткен өмір, заманалар сыр, түсі —
Кітап, кітап...

Кітап мәңгі өле ме?

Сан мың ойдың, сан мың мидың қыртысы,
Сарғайып тұр қатар-қатар сәреде.

Өмір сырын ерте келіп, кеш білсе,
Өкінішті, өзінді өзің алдайсың...
Өкінішті, егер ойың ескірсе,
Кітап, мейлі сөрелерде сарғайсын.

Бұрында өткен алуан сырлы дана бар,
Даналардың істерінің бәрі ізгі.
Бірақ Мавр ойларына барабар,
Негізгі сөз айтылмаған тәрізді.

Мавр қалай, қайтіп оны таба алар,
Бүгінге де, өткенге де үңілді.
Оре тұрып өліп кеткен даналар,
Оз ойларын қорғамақ боп тірілді.

Егесіндей ертедегі құдайлар,
Бірін бірі қариды отқа, жалынға.
Қақтығысты ұлы милар, ұлы ойлар,
Британия музейінің залында.

Ұлы ойлардың күресінің бәрі ізгі,
(Күрес керек ұнамай ма, ұнай ма?)
Ақиқатты айтпай кеткен тәрізді,
Адам емес, "пайғамбар" да, "құдай" да.

Дана салған даңғыл ақиқаттардың,
Терісі бар, дұрысы бар — бәрі ізгі.

Алайда олар қарсыласқан таптардың,
Таластарын таппай кеткен тәрізді.

Таба алмаған сырлары көп олардың,
Талай бастың жанары өшіп, миы ақты,
Алайда олар даму заңын қоғамның
Айта алмаған, аша алмаған сияқты.

Айналдырған даналардың ақ басын,
Ашылмаған құпия бар алда бір.
Даналардың тартпай кеткен қақпасын
Ашып қара, ашып қара ал, Мавр.

Еңбек, тауар.
Құны олардың неге тең?!
Екеуін де еркін сорып жатқан кім?!
Қайшылығы, қарсылығы неде екен,
Қанаушы мен қаналушы таптардың?!

Кедейі бар, кеселі бар, байы бар,
Залым қоғам қалай етсе жөнделер?!
Қалай етсе азабынан айығар,
Күшін, терін, өмірін сатқан пенделер?!

Залым қоғам!
Опасыздық бар мұнда,
Адамдарды адастырған еріктен.
Әлсіздердің әділдердің алдында,
Бас ұруы, басылуы неліктен?!

Жолдар қайсы,
бостандыққа баратын?!
Қайда шара, қайда айла, әрекет?!
Адамдардың басын сатып алатын,
Қайдан шықты ақша дейтін бәлекет?!

Құн деген не?
Құл деген кім, байлар кім?!
Залым қоғам бұл неғылған шатпағы?!
Ойла, Мавр, саған дейінгі ойлардың,
Айта алмаған, аша алмаған заттары?

Егесіндей ертедегі құдайлар,
Қасарысып бірін бірі шалуда.

Қақтығысты ұлы митар, ұлы ойлар,
Британия музейінің залында...

"Капитал" —
Адам ақылының асқары,
Пролетариат жүрегiнiң дүрсілі.
Дана өмiрдiң дастаны,
Дана мидың жыр, сыры.

"Капитал" — Хабаршысы дауылдың,
Революция құралы.
Азап шеккен қауымның,
Алдындағы шырағы.

"Капитал" — ғасыр бойы күйзелген
Адамдардың көз жасы.
Ақыл болса үйренген,
Ұлағатты сөз басы.

"Капитал" — Капиталистік түрмедегі
Қайсар ой, қайтпас жүрек,
ашынған үн.
"Капитал" — Көреген инженер!
Капиталисте машинаның.

"Капитал" — тұл қоғамға атылған оқ,
Жалынын алаулатып шашылған от.
Барлық ел пролетариаты жүрегінде,
Қызуды әлі күнге басылған жоқ.

"Капитал" — Мавр өмірі.
Ұлы жүрек азабы мен арманы...
Ащы тірлік ауыры мен жеңілі,
Көңілде жығып, кейде оны алдады.

Ол қайғырды...
Қайғырмады, ашынды!
Ол жылады...
Жыламады, бекінді!
Ол өзінен өз қайғысын жасырды,
Ол өзінен жылама деп өтінді...

Ұлы жүрек жылай дағы біледі.
(Ұлы жүрек жыласа тым қиын-ақ).

Ой қорытты оның алып жүрегі
Адамзаттың бар қайғысын жиып ап.

Қарлығаштай қанатымен су сепкен,
Фред, Женни,
Қалай бітпек ұлы еңбек.
Ажал келіп, алып жатты бір шеттен.
Маркстердің семьясын түгендеп.

Жоқшылықтың жалыны мен оты кеп,
Кей сәтте оны жабыла өртеп жатқан-ды.
Адал досы, адал махабаты кеп,
Арашалап ап қалды.

* * *

Достық!
Қасиетті достық!
Махаббаттан жоғары.
(Тұрақсыздар татымайды дос деуге).
Нағыз достық бір жүреппен соғады,
Бір-ақ жүрек — қос кеуде.

Махаббаттан достық биік әрқашан,
Нағыз бақыт — дос жүрегін тапқаның.
Опасыз боп егер досты алдасаң,
Отаныңды сатқаның!

Достық — Одақ!
Опасыз күш кіре алмас!
Бұзылмас орда, тас қамал.
Достық — құдірет, рухтары ұрандас,
Жаттары да, жаулары да жасқанар.

Екі досты — адамзаттың қос Күнін,
Достықтардың құдіретіне балаймын.
Маркс пенен Энгельстің достығын,
Жалпы адамның баласына қалаймын.

Секілденіп шағылдағы қос терек,
Саясынан самал соғып, жел ескен.
Ұлы болу үшін дағы дос керек,
Ақыл-ойы, парасаты тең өскен.

Доссыз адам — қанатсыз құс, тегінде,
Доссыз адам — отсыз жүрек, ақымақ.

Бұл азапты, бұл арпалыс өмірде,
Бір адамда бір дос болған мақұл-ақ,
Өмір деген ию-қию көп егес,
Мүмкін болса, мың дос табу көп емес..

...Әлденеше қаңтарылып ұлы еңбек,
Әлденеше соқты айналып ауыр күн.
Алапаттай ажал жатты түгендеп
Семьясын Маврдың.

Ондай кезде үміт, арман, жақсылық,
Күгу қиын тәлкек еткен төңірден.
Құрып кеткен жалаң аяқ тапшылық,
Бірге тұрып, бірге жатты Маврмен.

Ор адамды өкшелеген өскеннен,
Жоқшылықтың жойқын қара түні еді.
Сол бір қатал кезеңдерде ес берген.
Қайырымды дос кім еді?

Ол кім еді?!
Жоқтың зәрін қоса ішіп,
Доспен жылып, доспен бірге суытқан.
Айрылмас адал жанды досы үшін,
Өмірінің рахатын ұмытқан?!

Ол кім еді?!
Рахаттан бас тартып,
Қарсы жүрген азап пенен ауырға?!
Олгенде де өзін суға тастатып.
Жердің қойнын сыйға тартқан Маврға.

Ол кім еді?!
...Фред!
Достығыңды ақтадың,
Өміріңді Маврменен бөлістің.
Адамзаттың ар, ожданын сақтадың,
Рахмет, адал ұлы немістің!!!

VI

Боп-бозғыл бастары мұнартқан,
"Аһ" десе, кеудесі айрылар.
Шыңына, құзына мұң артқан,
Тауларда мәңгілік қайғы бар.

Толқыны дөңбекшіп, атылған,
Мұхиттар өзінше қайғырар.
Дауылын, жауынын сапырған,
Жерде де жетерлік қайғы бар.

Қайғылар...

Кез болса қоғамы теңселер,
Заман да қайғырар.
Арманы, үміті өлсе егер,
Адамда қайғы бар.
Қайғылар – көне жау,
(Адамның қайғысы бөлек-ау!..)
Адамдар қайғырмау керек-ау.

Егерде қайғырса ұлы адам.
Мұхиттар шайқалған,
Ал таулар жылаған.
Жер-Ана июін қайтарған,
Егерде жыласа ұлы адам.

...Адам тұр қайғымен жекпе-жек,
Ары тұр алдында өкпелеп.
Қайғыға: "Кетпе!" – деп,
Адам тұр қайғымен бетпе-бет.

Дыбыссыз, тынымсыз күйге еніп,
өмірсіз, өлік боп Муш жатыр.
Қайғылар...
Бірісі үйге еніп,
Бірісі тыста тұр.

Иығы салбырап алыптың,
Шаштары барады қыраулап.
Басында тіп-титтей табыттың
Женни тұр кәдімгі тірі аруақ,

Ленхен жылауда,
Жылауда Лаура,
Тек Мавр шыдауда.
Шыдауда от жүрек, шыдауда...

Боп-бозғыл бастары мұнартқан,
"Аһ" десе, жүрегі айрылар.
Шыңына, құзына мұң артқан,
Тауларда қат-қабат қайғы бар.

Арқалап азап пен сор артқан,
Қоғамда қайғы бар.
Жан ұлын, жақсы ұлын жоғалтқан,
Адамда қайғы бар.

Сол үйді сойқандап, мұң артқан,
Қалжырап қап-қара өтті түн.
Ал сыртта мәңгілік мұнартқан,
Лондон — көк түтін...

VII

Дәуірлердің қателігін түзетіп,
Дана уақыт өтіп жатыр сырғанап.
Адамзаттың ақыл-ойын күзетіп
Дана Мавр дүниеге тұр қарап.

Ел де, жер де қақ бөлінді екіге,
Бірі жаңа, бірі ескіні қалайды.
Ұлан-асыр алып жердің бетіне,
Ұлы Мавр экватордан қарайды.

Лып қашып адамдардың арманын,
Жер төсінде не ғаламат боп жатыр.
Капитализм — бостандыққа жандарм,
Бойкүйез боп,

Жолда тұр.

Елдер жатыр азаттыққа қол қойған,
Отаршылдық тас бұғауын талқандап,
Жер төсінде — зор майдан,
Жер төсінде — бар салмақ,
Жер төсінде бітпек емес, әмәнда,
Қан төгіссіз қатал сыны тартыстың,
Ғасыр өтіп, замандардан заманға,
Жаңа өмірі жалғануда Маркстің.

Ол күресті бақытым деп санаған,
Ол күрестен ләззат алған, нәр алған.
Сәуле шашқан сол бір ұлы санадан,
Біздің өмір күрес болып жаралған.

Біз білеміз.

Марксизм бұл шақта —

Қан төгіссіз, идеялар күресі.

Дана Маркс тастап кеткен ұрпаққа,
Адамшылық ақиқаттар үлесі.

Марксизм бас боп бірге тұр сапта,
Ядро, атомнан да күштірек.
Дүниені дүбірлеткен ұрпақта –
Тұтасқан бір күш білек!..

...Прометей?!
Прометей дей алман.
(Неге керек, көзсіз батыр көне бір).
Таңмен жатып, таңмен бірге оянған
Маркс – Мавр!
Ол – өмір!

Прометей байлауда әлі, қанжоса,
Прометей болды ма өзі? Болжаймыз.
Мавр бізді мың жыл бұрын қорғаса,
Маврды біз мәңгілікке қорғаймыз.

Маврды біз айта алмаймыз табыт деп,
Прометейден ол мықты.
Хайгейттің құлыптасын жарып кеп,
Кремілге құрмет болып орнықты.

Гранитті жарып шығып, қасқиып,
Капитализм бітер күнін санайды.
Ұлы перзент жұдырығын тас түйіп,
Коммунизм жауларына қарайды!!!

* * *

– Уақыт бар ма ұлы өмірді жеңбеген,
Бақыт бар ма адам бұрын көрмеген,
Ғалым бар ма ақыл, ойы кернеген,
Ғылым бар ма дүниеге келмеген,
Сана бар ма сан тарапқа көлбеген,
Дана бар ма дамылдаған, өлмеген,
Шындық бар ма жалаң қылыш сермеген,
Зұлымдықты баудай қырқып, жерлеген?

Өмір бар ма өрге бастап, өрлеген,
Көңіл бар ма кесепатқа көнбеген,
Шын өмірде шырақ бар ма сөнбеген,
Ақыл бар ма, ақыл бар ма өлмеген,
Ақын бар ма азаттыққа шөлдеген? –
Деп сұраса, ол – сен, Мавр сен дер ем!!!

Біздер жеңдік!
Жоқ болып, жаралы боп.
Біз қуандық алдымен қаралы боп,
Қарсы тұрдық аждаһа алдында Біз,
Туған жердің аязы, бораны боп.

Біздер жеңдік, намысты жібермедік.
Аждаһаны кезінде шідерледік.
Қорламасын дедік біз екінші рет,
Тыныш жатқан бір елді бір ел келіп.

Біздер жеңдік қарумен, түренмен де,
Көгімізден қан тамды түнергенде,
Өзімізді запаста ұстадық Біз,
Әкемізді майданға жібергенде!!!

Біздер жеңдік: анамыз ақтай солды.
Мамық төсек қайғыдан тақтай болды.
Майдансыз Біз шайнаған бір түйір нан,
Кеудемізде қадалған оқтай болды!!!

Болды!..

Болды!..

Бәрін де білесіңдер,
Бұл Жеңісті әркім де үлесім дер.
...Аждаһалар тіріліп келе жатыр!
Сақтаныңдар, Адамдар! Күресіңдер!!!

1970

БАСЫМНАН ҚОРҚАМ

Мен басымнан қорқамын атом ба деп,
Бір әлемет жасалып жатыр ма деп.
Мұндай дағы сұрапыл тап болар ма,
Өзі болған өзімен пақырға кеп.
Мен басымнан қорқамын атом ба деп.

Белгісіз элементтер миымда ойнап,
Миым қайнап барады, миым қайнап.
Белгісіз ғалымдарға мекен болып,
Өз денеме өз басым бұйырмай ма-ақ?!

Бұл ғаламның түбіне жететіндей,
Сұмдық-сұмдық сынаулар өтетіндей.

Мен басымнан қорқамын, мен болмасам,
Атом-миым жарылып кететіндей.

Жүрген жан ем байымай, тапшысынбай,
Сарсаң болдым ертегі бақсысындай.
Басым қалды жасырын полигон боп,
Өзім тұрмын мақтаулы сақшысындай.

Мен басымды жасырам, жасырам кеп;
Миымдағы сынаулар басылар деп.
Мен миыма сенемін ажал болмай,
Дүниеге шуақ боп шашылар деп!

1970

ТОЛҒАУ

Таң атты.

Келіп қалды ғажайып жыл,
Кел, ақын, керемет бір жазайық жыр.
Томырық лирика, тоқтай тұршы,
Толқынды толғау неге азайып жүр?
Кел, ақын, керемет бір жазайық жыр.

Осалдан емес еді шарық-шамаң,
Қайда үнің қыран болып қалықтаған?
Кідіріп, кібіртіктеп бас алмайсың,
Шопанның шауқарындай арықтаған,
Қайда үнің қыран болып қалықтаған?!

Шықшы бір Ілиястай саңлақтанып,
Отыршы өз орныға таңдап барып.
Бұйығы үн, бұлақ сезім аулақ қалып,
Төңкеріс толқын болып, аунап барып.
Шықшы бір Ілиястай саңлақтанып...

Шабыттансаң, шарқ ұрып кетерің шын,
Жырыңнан жалын лаулап, от өрілсін.
Тізгінін тежемеген ілияс – жыр,
Мінбеге Тайыр болып көтерілсін.
Үнінен жалын лаулап, от өрілсін.

Кел, ақын; ойлан, ақын; толған, ақын.
Шын ақын шын қырандай қомданатын.
Кезің келді Сәкен боп ұран тастап,
Қасымдай жүрегімен толғанатын,
Қаламын қаруындай қолға алатын.

Олар жоқ,
Бәрі бір-бір дастан еді,
Қондырған алақанға асқар елі.
Болса егер Сәкен, Ілияс, Қасым, Тайыр,
Жұртын бір желпіндіріп тастар еді,
Осынау жыр бәйгесін бастар еді.

Оқушым, мынау неге бөсті деме,
Жыр қалып, әңгімеге көшті деме.
Есімі есіл біздің ақындардың
Елі ескірмей, сірә да, ескіре ме?
Оқушым, неге орынсыз бөсті деме!

Олар да осынау жылды армандаған,
Оттың басын күйіттеп алданбаған.
Кезінде оқ боп, от боп жанған қалам,
Толқынды толғау жырдан арланбаған.
Қолыма беріңдерші, ағайындар,
Қайда жүр аруақтардан қалған қалам?!

Көрнейдей көмейлері күмбірлеген,
Тулаған тұлпарларды кім білмеген.
Жазайын жырларыңның жалғасын мен,
Жазуға жарқындарым үлгірмеген...

Жыл келді ғажайып бір ақ таңымен,
Бақ таңымен, ақ ұлпа ақ қарымен.
Көркем екен, мынау жыл көрікті екен,
Нарағын жылнаманың ақтарып ем.
Дүние, тойлайды екен шаттанып ел.

Ал, ақын, ақтара гөр халқыңа сыр,
Боле жырға, еліңнің даңқын асыр.
Бір отауы Отанның — Қазақстан,
Іргесін көтергелі жарты ғасыр,
Сен соны мадақтай біл, даңқын асыр.

Жеткіз жұртқа бүгінін, өткендерін,
Қысын, күзін, жазы мен көктемдерін.
Жадында тұтсын ұрпақ, жасырмай айт:
Ақтабан шұбырыңды өткелдерін,
Аруды арам жандар өпкендерін,
Боз іңген ботасы өлген бой жаза алмай

"Елім-ай"

Аруана шөккен жерін.
Олшесін бүгінімен өткендерін!

Көре алмай Жерұйықтың көк белдерін,
Көрсет Асан запыран төккен жерін.
Түсінсін де тұшынсын бақытты ұрпақ,
Бабалары не жапа шеккендерін!

Октябірді айт бүрқанған, дауылдаған,
Қазақ жері құшақтап қабылдаған.
Октябірді — бүгінгі бақытыңды айт,
Меке барса бабалар табылмаған.
Қара бұлты басынан арылмаған,
Қалай менің өзгерді тауым, далам.
Октябірді айт, Октябір — бауыр маған.

Келді биыл елуге елім менің,
Ауыр бұлтым арылды, жеңілдедім.
Октябірді айт!
Кешегі қазақ елі
Шуақ болып космостан төгілгенін,
Дүниеге дән болып себілгенін.

Барлығын айт.

Бірін де жасырмағын,
Есептелсін алтынмен асылдарың.
Тұтқанын айт қазақтың қара бұлтты,
Электр боп әлемге шашылғанын.
Түн боп батып, таң болып ашылғанын.

Мақтанып айт фашисті жеңгеніңді,
Барлығын да майданға бергеніңді.
Қойшы болып аттанып Атбасардан,
Жеңімпаз боп Берлинге төнгеніңді,
Қолбасы фюрердің "алтын" басы,
Қойшыбеавқа олжа боп өңгерілді.

Жиырма бес, мінеки, жыл өтіпті,
Жиырма бес...
Дүние жыр етіпті.
Біз жеңген жиырма бес жылдан бері
Европа тастады құл етікті.

Жеңісті айт,
Қазақ қанын аямаған,
Отанды айт,

Оз баласын аялаған,
Құлақтың даласын айт,
Бүкіл Одақ
Сая гып сын сағатта саялаған.

Биылғы жыл барлығы келеді еске:
Екіталай жеңгенім ерегесте,
Одаққа оқ атқанда,
Құлақстан,
Көудесін оққа тосқан сен емес пе ең?!

Биыл той Ленин деп басталады,
Ленин —

Дүниенің тас қамалы.
Әр жылда біздің әрбір қуанышты,
Нальичтің өзі келіп басқарады.
Нальич деп күннің аты басталады.

1970

МЕНИҢ КІШКЕНТАЙ КҮНІМ

Көтеріп сені батырып,
көтеріп сені шығарам,
Кішкентай күнім,
сенсіз мен өмір де сүріп шыдаман.
Кішкентай күнім,
сені мен арқалап жүріп айығам,
Табанға кірген шегеден,
мыйыма қаққан сынадан.

Қондырам дағы ұяңа,
отырам өзім күзетіп,
Сәлдекімдерден қызғанып,
әлсіреп жүрек дыз етіп;
Көрімсал түннің кей-кейде
кетеді маған сызы өтіп,
Отыра берем сонда да
өмірдің кілтін түзетіп.

Қара аспанымнан, кей-кейде,
қара нөсерлер боратса,
Самалдатқаным мен сені,
қапырық болып баратса.

Кішкентай күнім,
кеш мені,
барлығы дағы сен үшін,
Иілмес емендерге мен,
иілсем кейде садақша?

Бата ғой, күнім, дөңгелеп,
шыға ғой, күнім, дөңгелеп.
Тірліксіз болмау үшін де,
титімдей күнім,
сен керек!

1970

* * *

Сағындым ғой дедің-ау, жаным, маған...
Бұлт көрдің бе тауларда мамырлаған?
Сол менің ақ жанымның ақ жалыны,
Аулақта ауылымнан дамылдаған.

Естідің бе аспанның күрсінгенін?
Сол менің саған деген тылсым демім.
Ұйқтап жатса оянсын, ояу болса,
Күңіренген жанымды білсін дедім.

Мен деп ойла самал боп есіп өткен,
Мен деп ойла нәсерді есі кеткен,
Мен деп ойла өзіңді әр түн сайын,
Төсегін сағынышқа бесік еткен...

18.01.1970

* * *

Көретін күнім алдымда,
Алдымда көрер таңым да.
Алдампаз мынау тағдырға
Бағынба, жүрек, бағынба!

Үміт бар алда, бар арман,
Талпына бергін таңдарға.
Болымсыз нұрға ағарған
Алданба, жүрек, алданба!

АПАЙ, КҮЗ, ТЫРНАЛАР

Соноу,
Соноу кездерде суға барған,
Шөрегейлер ұшатын жылғалардан.
Мұңлы күздің әуенін еститінбіз
Жылы жаққа аттанған тырналардан.

Қарайтынбыз қанатты керуенге,
Қарасуда жүргенде серуендеп,
...Мұғалима назары қара жолда,
Алыс кеткен жолаушы көрінер деп.

Жалғыз өзі бір түспей жар басынан,
Көз ұшында көз алмай арбашыдан,
Айналайын күтер де тұрар еді
Бейтаныс жан өткенше дәл қасынан.

Уақытын құр босқа шығындайтын,
Бейтаныс жан өтетін, бұрылмайтын.
Бір бозторғай көдеден көтеріліп,
Көз алдында апайдың шырылдайтын.

Шырылы да торғайдың тынар еді,
Жар басында жалғыз жан тұрар еді.
Керуенмен қап қойған жалғыз тырна:
— Ораламыз, шыдай түс, шыда! — деді.

23.01.1970

• • •

Батар күн,
Келер күн,
Атар таң,
Шығар күн, —
Бәріңе, бәріңе, бәріңе құмармын!
Осы мен,
осылай мәңгілік тұрармын,
Осы мен, сірә да, өлмейтін шығармын!

Жақындық сеземін —
Жерден де аспаннан,
Жылылық сезінем —
Мұздардан, тастардан.

Қоңыр салқын ауасы Алматының,
(Мен өзім Алматының солдататымын).
Сайрандауға келіп тұр,

өзбек досым,
Сауық құрып саяла, ал да тыным.

Қымыз іш, қазыдан ал, тартынбағын,
Тауға жүр, өзенге түс, салқындағын,
Өзіңнің өзбек бабаң секілденген
Ұмытпа қазақ деген халқың барын.

Есіңе салатыным тағы да бір,
Серуенде, Алматының бағына кір.
Киіктің лағындай қыздарымның.
Жанына жаныңменен жағына біл.

Ойға жыр, көңілге күй, жанға тыныс,
Айналаң алма-өрік, алда — қымыз.
Тәшкент шәрін өзіне бауыр тұтқан
Жігітім, жақсы, ә, біздің Алматымыз?!

25.01.1970

ТІЛЕК

Қаға гөр қамсыз жүрген шақтарымнан,
Орынсыз, оқыс кеткен мақтанудан.
Сақтай гөр ақпай жатып суалғаннан,
Уайымсыз, қайғысыз шаттанудан?

Басыма берме бақыт үйіп-төгіп,
Жерірімін емін-еркін сүйіп көріп.
Біреулерден тұрғаным биік болып,
Жармасады жаныма күйік болып.

Жарты бақыт, жартылай уайыммен,
Жарты ғасыр ғұмырға шыдайын мен.
Осынау там-тұм ғана шырайыммен,
Шыға алатын тауыма шығайын мен.

Бір сәнтім де артық зат берме маған,
Арланбаймын, жоғымды елден алам.
Бұл өмірге жалаңаш келген Адам —
Көрген адам, көбісін жеңген Адам.
Үйіп-төгіп бақытты берме маған.

25.01.1970

ШЫТ КӨЙЛЕК

Іркежан, есімде әлі шыт көйлегің,
Қанда кеттің сөзімді күтпей менің?
Қушыбіреу секілді қарсы алдында
Көлмеген-ді "сүйем" деп тік сөйлегім,
Қанда кеттің сөзімді күтпей менің?

20.01.1970

ДАСТАРҚАН БАСЫНДА

Селдетіп өткен тасқындай
Серпіліп біраз асасың.
Сергітіп кеткен мас қылмай,
Сейілді күндер жасасын!

Айналаң толы дос-жаран,
Айқара құшақ ашасың.
Жауының сөзін қоштаған
Жауыңның өзі жасасын!

Арынға салма ауыздық,
От болсын, мейлі шоқ болсын.
Дүниедегі жауыздық
Көмейден өтіп, жоқ болсын!

Тамаша әзіл не түрлі,
Тартылсын ылғи табақтар.
Шөлмектегі арақ секілді
Жойылсын қырғи қабақтар!

Селдетіп өткен тасқындай
Серпіліп біраз тасасың.
Сергітіп кеткен мас қылмай,
Сейілді күндер жасасын!

25.01.1970

* * *

Ақ қыздар, арым таза алдарыңда!
Сөндірдім жалынымды жанғанымда.
Өгеуі жоқ өмірмен қала бердім,
Ізріңе бір махаббат арнадым да,
Ақ қыздар, арым таза алдарыңда!

Ақ қыздар, бөріңді де тұнық көрдім,
Жасқанып жанарлардан бұғып келдім.
Біріңнің арыңа ақау түсірмедім,
Шыққанша қырқасына қырық белдің.

Білмедім құмармын ба, ғашықпын ба,
Білмеймін ынжықпын ба, жасықпын ба.
Білмей жүріп қырықтан бір-ақ шықтым,
Болуға бөріңе аға асықтым ба?!

Ақ қыздар, айна қыздар қайда маған?!
Жас арманым жастықта жайнамаған.
Қолаң қара шаштарым, қош болыңдар,
Ынжық емес, пысықтар аймалаған!

02.05.1970

* * *

Санаулы менің сағатым,
Санаулы менің күн, айым.
Асығам қалмай тағатым,
Асықпай қайтіп шыдайын.

Шау тарта жаным бастады-ау,
Айларды қуып жылдарым,
Айтылмай қалса масқара-ау,
Ашылмай жүрген сырларым.

Күні ертең өліп кетердей,
Жастыққа қорқа бас қойдым.
Өмірім босқа кетер ме, ей,
Өруін таппай таспа ойдың?!

Күндер-ау, күндер, көктемдер,
Қасымнан менің кетпеңдер?!
Әуелде неге жараттың,
Көпсінсең мені, көк пен жер?!

02.05.1970

* * *

Жанартауым бар еді ғой кеудемде,
Жалын атып, жана-жана сөнген бе?!
Тас шайнатып, жатушы еді от бүркіп,
Тастай қатып, тынған ба енді, өлген бе?!

Бір жанартау жатушы еді төсімде,
Жана-жана айналған ба өшуге?!
Қызыл күрең алау оттың орнында,
Қылымсыған қыз-сағымдар көшуде.

Жанартауым бар еді ғой өртенген,
Жалыны оның неге мұнша ерте өлген?!
Сығырып ап сөнген ошақ басыңда,
Қорқыт атам қыл қобызын шертем мен.

(1905.1970)

ЖЫР-ОШАҚ

Күмілжіп, күйің келмей тұр ма, жаным?..
Қояйын бір сапырып жыр қазанын.
Біле ме жұрт, білмей ме, бимағұлым,
Тарғыл тасты таулардың бір қазағын.

Бірібір, сенсін мейлі, сенбесін көп,
(Менің ойым менімен жерге сіңбек...)
Жыр-ошақтың өтемін отын үрлеп,
Қара өлеңі қазақтың сөнбесін деп.

Батар, кетер келмеске күнім менің,
Қалар бірақ киелі тілім менің.
Қасиретті шақтардан түңілгенде,
Қасиетті тілімнен түңілмедім...

(1905.1970)

* * *

Толқын — көңіл тоқырап таусылуы-ай,
Тасып-тасып басылған тау суындай.
Жетім жүрек жастықтың жұртында қап,
Үлиды кеп бөрінің қаншығындай.

Қырық күздің қырқада бұлты аунайды,
Қырық көктем келсе де жылыта алмайды.
Қылын шертсең күмбірлеп күй төгетін,
Қырт көңілден бұл күнде дым тамбайды.

Қырқасына шыққанда қырық белдің,
Мойынымды артыма бұрып көрдім.

Жатыр екен жиырма мекенінде,
Мен несіне қырықты қуып келдім?!

Қырық...

Қырық...

Қай жерге тоқтар екен,
Жайлауында жастықтың жоқ па мекен?!
Жастық — өлең, жігіттер,
Жастық — өмір,
Қалғанының барлығы оттау екен!

09.05.1970

РЕНІШ

Әй, балам-ай!
Шамалы-ау түсінігің,
Қандай болар, білмеймін, кісілігің..
Жаңа ғана қайтқандай жерлеп мені,
Жауар күндей қабағын түсіруін!
Әй, балам-ай, шамалы-ау түсінігің!..

...Жоқ, балақай!
Мен сендей боп өспедім!
Мына мінез мінезім емес менің.
Адамдардан рахым алу үшін,
Не көрмедім, өмірде не кешпедім?!

Аяры жоқ адуын жауыздықтан,
Алып шықты арымды тамыздықтан.
Амалым не, жастықтың кер тұлпарын,
Тасқа қамап тастадым ауыздықтап.

Қиып түсер қыршын ем алмасы көп,
Қидым бәрін сен өксіп қалмасын деп.
Мінезің-ай, балам-ай, мінезің-ай!
Кетпегей-ді мерт етіп, жарға сүйреп...

17.05.1970

ЖЕР БАСЫП ЖҮРГЕНІНДЕ...

Құрып кетпей, жер басып тұрғаныңда
Қалай ғана жағарсың бұл қауымға?
Талай рет мойныма арқан салып,
Талай рет шақ қалдым жындануға.

Біле тұра бірісі білмегендей,
Төріс қарап кетеді тілге келмей:
Жабыла кеп жармасып, олжалайды,
Жаудан түскен түйені жүндегендей.

Түйткіл ой жүр түнерген көкейімде,
Қайтсем екен!
Жоқ болып кетейін бе?!
Сырымды да жырымды ашпай барып,
Қалсам ба екен қап-қара тасқа айналып!

Қалай ғана жағармын бұл қауымға,
Бірдемесін бүлдіріп, ұрладым ба?
...Қандай еді серінің салған әні —
...“Бөктергінің қор болған тырнағыңда”...

17.05.1970

* * *

Мотордың даусын есіте-есіте шаршадым,
Жамырап жатқан жас төлдің үнін аңсадым.
Жабағы үйді ақ жауын түтіп тұрғанда
Отырар ма еді түтінін жұтып аршаның!

Бозарып күлі, быртылдап арша, от жанып,
Отырсаң, шіркін, тигендей жарты патшалық,
Шысықтау жеңгей піспекті барып қозғаса,
Көпіршіп кетіп, сабадан саумал жатса ағып.

Шыланып суға шыршалар тұрса қапталда,
Шыршадан өріп киіктер шықса шатқалға.
Арнасын керіп, аңырап жатса ақ өзен,
Еңіреп бұлттар жер ауып бара жатқанда.

Түнерген бұлттан тұңлігі таудың түрілсе,
Алыстан әзер көкжиек жүзі білінсе.
Осынау үйдің отырған зорға тентегі
Мамада тұрған тайына дереу жүгірсе.

Төпеген нөсер толастап біраз, ес кірсе,
Бой жазайын, қасыма келші, кеш кірсе.
Соноу бір қырдан құлаған бері отардан
Қозының даусы-ау, қозының даусы естілсе!

25.05.1970

АҚҚУЛАР, ҚОШ БОЛЫҢДАР

Аттанып бара жатыр аққу-қаздар,
Қош енді, қош болыңдар, гәкку-наздар!
Кеудемде күңіренген дастан қалды,
Киелі қанатымен аққу жазған.

Аққулар, кешіріңдер, жазықтымын!
Қараймын керуеніңе қажып бүгін.
Адасып кетті-ау бірге сендерменен,
Алапат күшім менен нәзіктігім!

Сыңқылдап соғылғанда қанаттарың,
Таба алмай қалды менің тағат жаным.
Үзілген жолдарыңа, қарақтарым,
Үзілген жанарымды сабақтадым.

Ақ көлдің айдын төсін шимайлаған,
Сұлулар, жатыр сені қимай далам.
Аққу боп неге ғана жаралмадым,
Адам боп өзіме өзім сыймай барам.

Аққулар, алданыш па ең, арман ба едің?
Қош енді, қанатым жоқ самғар менің!
Нуларым сыңси жылап қалды-ау менің,
Суларым жетімсіреп қалды-ау менің!..

26.05.1970

* * *

Қажығұмар Қуандықовқа

Сен жүрген жол сол қалпы жатыр әлі,
Таңды атырып, сол күнді батырады,
Орнында үйің,
бірақ та бөтен әже,
Бөтен бір немерені шақырады.

Сен жүрген жол сол қалпы жатыр әлі,
Жатыр әлі шаңытып топырағы.
Сен отырған бұлақтың жағасына,
Сенен басқа біреу кеп отырады.

Сен шыққан тау сол қалпы жатыр әлі,
Төк жартастар жәй түсіп, шатынады,
Ағаштар да баяғы қалпында тұр,
Көктем сайын ауысып жапырағы.

Баяғыша сулар да жатыр ағып,
Баяғыдай найзағай атылады.
...Туған жердің сен басқан топырағы,
Әдекімді жоқтайды, шақырады.

Сен жүрген жер сол қалпы жатыр әлі...

28.05.1970

САҒЫНДЫМ ҒОЙ

Сағындым ғой, саялы тау арасы,
Сағындым ғой, жанымды дауалашы!
Көрсетпестен, көк шалғын, көміп таста.
Қарағайлы қалың ну, қамалашы!

Жапырағын жамылтып, гүлін төсеп,
Бірің жастық болсаңшы, бірің төсек.
Екеумізге, ерке өзен, жараспай ма,
Тыным алмай күн бойы күбірлесек?

Мүрша берме ойлауға, сарқырама,
Қысыр ойды түгесші, сарқып ада.
Тасқа біткен бір шоқ гүл, кеудеме біт,
Таста нең бар мейірімсіз, қалтырама.

Сағындым ғой, тауымның көк белдері,
Қанжығаңа байла да, бөктер мені.
Құздар, мені мәңгілік тұтқыныңа ал,
Асу берме, қияның өткелдері.

Таулар, таулар,
тауларым, тауларым-ай!
Сағынысып қаппыз ғой, тарланым-ай!
Таудағыдай еш жерде күн шықпайды,
Түн болмайды еш жерде таудағыдай!

28.05.1970

САМАЛ ЕСТІ

Самал есті, даладан, сай жақтан ба?!
Аппақ іңір тауларды ойлантқан ба?
Аспанға сүт әлдекім қайнатқан ба?!
Кілегей тұр меймілдеп қаймақтанған.

Жайлау еді,
Жайлы бір іңір еді,
Жұлдыз тамып кетердей кідіреді.
Өзеніне асыққан өмір-бұлақ,
Төмен қарай төскейден жүгіреді.

...Қай тұста еді, құдай-ау, қай маңда еді?!
Маған құшақ сол жанның жайған жері?
Алғаш біздер ақ гүлін таптап кеткен,
Қай маңда еді жастықтың сайран белі?!

Таулар да тұр, баяғы бұлақ та бар,
Өзің жоқсың бірақ та сыр ақтарар.
Іздемей-ақ қояйын сол орынды,
Аттанам ғой ақыры, жылап қалар...

28.05.1970

* * *

Күндерім!
 Әсем күндерім!
Ашылмай жүрген гүлдерім.
Жасымай жүрген түрлерім,
Жасырмай жүрген міндерім.
Күндерім, менің күндерім!

Қайғы не? Оны білмедім.
Қапысыз шалқып, гуледім.
Сондықтан әлгі күлмегім
Алаңсыз, бейқам жүргенім!
Күндерім — досым, күндерім!

28.05.1970

КҮҢДЕР

Күндер,
Қайда асығып барасыңдар?
Кідіріңдер, бересім, аласым бар.
Күндер аласұрған.
Қайда асығып барасыңдар?

Қарайлаңдар!
Тағдырым ортақ менің талай жан бар.
Менен кешірім өтінер інілер бар,
Мен кешірім өтінер ағайлар бар.

Күндер аласұрған,
Қайда асығып барасыңдар?
Әлі де табысу бар, таласу бар,
Бітірейін,
Тоқтаңдар, санасыңдар!

Күндер, кідіріңдер,
Сәл рахым тамызыңдар!
Белшемнен қарызым бар,
Еліме менің айтар арызым бар,
Елімнің маған айтар арызы бар...

Күндер аласұрған,
Қайда асығып барасыңдар?

28.05.1970

БҮКІЛ ДҮНИЕ МҰСЫЛМАҢДАРЫНА ХАТ

Қаймағы бұзылмаған қайран дінім,
Қаймағың быт-шыт болды қайдан бүгін?!
Құбылаға бет алып қол қусырып,
Сәждеге бас қоятын қайда күнім?

Сатпаймын, сатқан емен дінімді мен,
Өлмейтін, өшпейтұғын күнім білем.
Таппайтын күнде тыным, түнде тыным.
Мұсылман Мұхаммедтің үмбетімін.

Бәрі рас айтқанының Ақ Аллаһның,
Құм менен топырақтан жаралғанмын.
Құдайдың құлымын мен — мұсылманмын,
Денемде түйірі жоқ арам қанның.
Ақиқатын аңсаймын ақ арманның.

Мекенім Ніл дария — Мекем менің,
Келеді мәңгілікке мекендегім.
Дариға-ай, Пырағымды ерттеп мініп,
Көрмеген мекеніме кетер ме едім?!
Семсерін Ғазіретәлі ескек жасап.
Жерорта теңізінен өтер ме едім?!

Қаны аққан қайран менің мұсылманым,
Осы ма екі ортада қысылғаның?!
Бейіштің ақ қанатты ақ құстарын
Айырып ұясынан ұшырғаның?!
Бірігіңдер, әлемнің мұсылманы,
Құрбан болсын құдайым үшін жаның!!!

07.07.1970

* * *

Оңға қара, солға қара — бәрібір,
Бұл финалдың, жын фанидың бәрі кір!

* * *

Мүлде жаңа жан-жағың,
Жақсылығын таңдағын,
Жамандығын алмағын!!!

* * *

Дін — ғылымның анасы,
Дін — ғылымның әкесі.
Ғылым — діннің баласы,
Дін — ғылымның көкесі!!!

Ғылым да бар, дін де бар,
Қоқыс та бар, гүл де бар.
Адам Ата өлмесін,
Ақырзаман келмесін.
Қол қусырып Құдайға,
Ғылым мен дін, бірге бар!

21.07.1970

* * *

Жұмысқа барарымда, қайтарымда,
Сыртымнан, досым менің, байқадың ба?
Қыл көпірдің үстінен ілбіп келем,
Мүршам жоқ бұрылуға, шайқалуға.

Жұмысқа келерімде, кетерімде,
Іркім жоқ еңсемді еркін көтеруге.
Лузыма шыбын кіріп кетсе дағы,
Іркім жоқ түшкіруге, жөтелуге,
Жұмысқа келерімде, кетерімде.

Мынау қымбат өмірге дінім ауып,
Байқамаймын кеткенін күнім ауып.
Қалағанын тыңдыра салсам деймін,
Кім болса да бәрібір тілін алып,
Мынау қымбат өмірге дінім ауып.

21.07.1970

* * *

О, менің сүттей аққан қос бұлағым,
Сендерсіз иесіз сарай — бос тұрамын.
Кәріген үндеріңді есіте алмай,
Елеңдеп отыр менің қос құлағым.
Жүргенде өз өртімді сөңдіре алмай,
Өртіме тәңірім әкеп қосты жалын.

О, менің сүттей аққан қос бұлағым!
Жанымды қалақаймен осқылағын,
Қайтсем мен адамдарды дос қыламын?
Қайтіп мен — керуен сарай бос тұрамын?

Түсіндім, түсінбейтін өреке екем,
Қалай мен адамдардан бөлек кетем?!
О, менің сүттей аққан қос бұлағым!
Айтыңдар, нем бар менің бөлек-бөтен?
Құттықтап құстар сайрап, сөйлеседі,
Құдайдан келген әлде дерек пе екен?!
Айтыңдар, мазасы жоқ бұл ғаламға,
Алысып аспан мен жер тулағанда,
Адамнан бір құрбандық керек пе екен?

Құрбандық керек болса, шалсын мені,
Үзіліп бір пенденің қалсын демі.

Жарты қасық қаныммен шөлін бассын,
Аз болса қара жерге қан сіңгені.
Мың сәлем! Құдіретке жеткізіңдер,
Құрбандық керек болса, шалсын мені!

Әлем тыныш болса екен арт жағымда,
Алға шеру қозғалыс тартқаныңда.
Тыныш келіп, сайрандап қайтса болды,
Бір ел келіп бір елдің бақтарыңда.
Егін өсіп, ел жайлап жатса болды,
Сапырылмай мұхиттар жатқанымда.

О, менің сүттей аққан қос бұлағым!
Қос Мекем, қос мекенім, қос тұрағым.
Мен деген – керуен сарай, келтіріңдер,
Керуенсіз қалайша бос тұрамын?!
Елеңдеп отыр менің қос құлағым,
Келіңдер, сүттей аққан қос бұлағым!

21.07.1970

ЕЙ, ӨЛЕҢ

Ей, өлең, маған тиген еншім едің,
Бой жазайын, қасыма келші менің.
Менің саған шамалы жақсылығым,
Сен де маған, әрине, көншімедің.

Келші маған, тез жетші, алданышым,
Тез жетші, атам Абай аруағы үшін.
Бейіштегі ұяңды қоя тұрғын,
Тіршілікке керексің, арда құсым.

Ей, өлең, қайтсем саған жан бітірем?
Жансыз өлең жанымды алды кілең.
Бір ойым жүрегімде қаза болып,
Бір ойым көмейімді қалды тіреп,
Ей, өлең, қайтсем саған жан бітірем?

21.07.1970

АҚЫНҒА

Із деген, досым,
Тағдыры қызық халықпыз.
Халқының өзі қорғасын құяр қалыппыз.

Екінің бірі бармайтын жерге барып біз,
Жанбайтын жерде жаныппыз.
Із деген, досым,
Тағдыры қызық халықпыз.

Білгендер білсін,
Білместер, мейлі білмесін.
Қолдасын мейлі,
Қорласын мейлі, күндесін.
Қара тастан да мейірім күткен ақыңды,
Қаттыгез жандар ашынтып алып жүрмесін.

Антейміз біздер,
Жеріміз біздің халық-ты.
Халықсыз біздің Антейлігіміз қауіпті.
...Жұртына тастап кетпесе болды көшкенде,
Берендері үшін қорғасын құйған қалыпты.

1970

Ат қайда, жайлау қайда, ауыл қайда?
Тауларым сол баяғы тауымдай ма?
Үй іргесі шалғыннан үрке қашқан,
Киіктің лақтары табылмай ма?
Көзбе бұлттар жиылып ақ аспанда,
Көңесіп баяғыдай дамылдай ма?
Ауа алмай ауылымнан ауырлай ма?

Бөңгір көгім, жер-суым жан сырласым,
Сендер барда көңіл хош, қамсыз басым.
Өлер-өсер төсінде барлығы да,
Бөңгір көгім, жер-суым таусылмасын.

Күнге сенем, табынам, жерге сенем,
Дүнім болса бір уыс, жерге себем.
Бұл ғаламға жер қайыр бермесе егер,
Топырақ емес, тозаңға теңдесер ем.
Жерден өстім, мәңгілік жерге сенем!

23.07.1970

Маңдайда бір тал шашым ағарыпты,
 Белгісі болғай дағы "даналықтың".
 Ығысып, қарақұсқа бара жатыр,
 Кекілі кешегі анау балалықтың.

Ағарсын шашым, мейлі, ағармасын,
 Алаң боп ауырмағай оған басым.
 Жастықтың оты сөнер, оты сөнер,
 Қызуы бойда бірақ жоғалмасын.

25.07.1970

ӘН

Бақыт Әшімоваға

Сұмдығы-ай осы біреу мұң дауыстың,
 Шыға алмай көкіректе тұнған ұшқын.
 Күй тартып көкіректе боздатады,
 Сұмдығы-ай осы біреу мұң дауыстың.
 Іздеп мен ойға да ұштым, қырға да ұштым.

Осы бір боздау үнді естігенде,
 Ән болып көкейімде есті жел де.
 Ойыма ойран салып осы бір үн,
 Баурымды ұстарамен кескілеуде.

Апырай, қайдан шықты, қайдан келді?!
 Астан-кестен сапырды айран-көлді.
 Адамдар, айтыңдаршы әлгі бір үн,
 Апыр-ау, қай маңда еді, қай маңда еді?!
 Толқытты-ау көңілімнің айран-көлін.

Жүрегім жетімсіреп қалды-ау менің,
 О, құдірет, әлдебір алдау ма еді?!
 Тұлпардың құлынында бұла дауыс,
 Тұтқындап жан-жағымнан алды-ау мені.

Үн біткен бұлай емес тегіс неге?!
 Қайта орал, сиқырлы үн, көріспеген.
 Апыр-ай, әлгі бір үн қайдан шықты,
 Адам ба, ақ қанатты періште ме?!

26.07.1970

* * *

Көңілімнен қуанышым, қайғымды алып,
Асығып бара жатыр ай, жылдарым.
Күндерім, маған ырза боларсың ба?
Алдыңа ақ жанымның жайдым бәрін.
Асығып барасыңдар, ай, жылдарым.

Сырғанап барасыңдар, сынап-күндер,
Жылысып кеттіңдер-ау шуақ түндер.
Қырығымда қаншама қамал бұздым?
Не бүлдірдім немесе құлаттым не?
Сырымды біле алармын сұрап кімнен?!

Денемнен тараттым ба тоқтарымды?
Жанына қанша адамның от жағылды?
Носерлетіп, сөндіріп жібердім бе,
Жанымда жанып тұрған шоқтарымды?

Аяулы егізіммен бірге өспедім,
Жарбиып жамандыққа мінгеспедім.
Сөйымда орындалмас арманым бар,
Мен мына ғаламменен тілдеспедім,
Аяулы сырласыммен бірге өспедім.

16.07.1970

* * *

Тұрсын солай, болсын солай бәрі де,
Білем, менің қосылмайсың әніме.
Сөнің көңлің қайда екені белгісіз,
Менің көңілім сенікінен әріде.

Сөнің көңлін қайда екенін біле алман,
Мекен тауып,
Шыққан болар құмардан.
Бар пойызды жетелеген релістей,
Барлық жаңды жетелемес бір арман.

Болсын солай,
тұрсын солай,
солай ғой...
Әрбір адам бір-бір жыныс тоғай ғой.
Ілу орманнан шыққаннан да жол тауып,
Іркін келіп, еніп кету — оңай ғой.

04.08.1970

Жанымда менің
жасырын жатқан вулкан бар,
Жалынын атпай,
Жасырын ғана бұрқанған.
Жайғасып алып,
Сахара, дала, мұхиттар,
Сапырыла алмай,
Сұрапыл жанар тұр таулар.

Жанымда менің
Атылмай жатқан жасын бар.
Өзендер жатыр,
Мұршасы келмей тасуға.
Ғаламнан үлкен осынау жұмыр басымда,
Жеңісе алмай,
Зарядтар жағаласуда...

04.08.1970

ТҮСІНДІМ

Түсіндім, көп нәрсеге жетті көзім,
Көрдім де, көп нәрсеге еттім төзім.
Жамандықты қарғыстап қайтейін мен,
Жақсылықтың өзі де етті мезі,
Түсіндім көп нәрсеге, жетті көзім.

Жерді жер, айды ай деп ұғындым да,
Айға ұмтылып, жерге кеп жығылдым да.
Білмеймін, жақсылықты іздеймін деп,
Жармасып жамандыққа ұрындым ба?

Тірлікте суындым да, жылындым да,
Көріндім де, бұғындым, тығылдым да.
Арымның алдына кеп тізе бүктім,
Анамның ақ сүтіне жуындым да.

Түсіндім көп нәрсеге, жетті көзім,
Көбісі көлгірсітіп, етті мезі.
Енжарлық пен егделік қарайды, өне,
Нұрсыз, түссіз тұнжырап етті көзі,
Түсіндім, елегізер кетті кезім.

04.08.1970

* * *

Ауады бұлттар қай жаққа,
Жауады бұлттар.
Жауады қандай аймаққа?
Исінбей қойды-ау,
Исінбей қойды-ау сауын бұлт,
Ауады бұлттар,
Даланың сорын қайнатты-ау!

Түнеріп келіп,
Түріліп кетті-ау дым тамбай,
Сіркіреп жаңбыр,
Күркіреп аспан бұрқанбай!
Қауызын ашып,
Қалды да қойды егін, бақ,
Кеберсіп қалды,
Кеберсіп қалды қу таңдай.

* * *

Алдымнан атса болды ақ таңдарым,
Аялап қарсы аламын бақтан да әрі.
Теуіп-теуіп, тас-талқан етер едім,
Тағдырдың маған құрған қақпандарын,
Алдымнан атар болса ақ таңдарым.

Оңымнан туса болды ай, күндерім,
Қайтер дейсің қажаған қайғың мені.
Лайланбай ақ таңда жатса болды,
Аққу жүзген көңілдің айдын көлі.
Қайтер дейсің қажаған қайғың мені.

Ертеңім жақсы болғай бүгіннен де,
Не рахат таба аламын түңілгеннен.
Ақ таңдарым артымда қалса игі еді,
Ана-жерге бас иіп жүтінгенде,
Алып жотам иіліп бүтінгенде.

04.08.1970

* * *

Ауыздықтап тұра алсын арманды кім,
Жай таптырмас жаныңа жалған бүгін.
Байыздамай өмірден біз де өтерміз,
Болашаққа қалдырып қалған жүгін.

Армандаймыз, аңсаймыз, қиялдаймыз,
Мына думан өмірге сыя алмаймыз.
Бос қиялмен өтпесек жарар еді,
Көктемеген егінді жыя алмай біз.

Өзімізді, себебі, жиі алдаймыз,
Өзімізден өзіміз ұялмаймыз.

14.12.1970

* * *

Апырмай,
Туған жер-ай!
Теңдесер кім,
Бұл жерге сен болмасаң, келмес едім.
Кіндігімді байлаған қазығым-ай,
Сен болмасаң, бұл маңды көрмес едім.

Жат көзімен қарайды адамдарың,
Жақын тартар құрбы да таба алмадым.
Жас отаудың есігін ашып қалып,
Айлам құрып, қайыра жаба алмадым...

Кел демеді немесе кет демеді,
Несін маған, білмеймін, өкпеледі?!
Сені сүйген жүректі, туған өлкем,
Сен өсірген біреулер жек көреді.

Туған елім,
Көрмесем сағынамын,
Кетсем, ізім өзіңнен табылады.
Жасыра алман, інінің отауынан,
Ыстық маған атаның шаңырағы.

29.12.1970

ШАРШАДЫМ БІЛЕМ

Шаршадым білем,
Жантая кеткім келеді.
Мыйыңды жеген, құрысын бүйткен өлеңі!
Күйзеліп тапқан көңілімдегі көрікті ой,
Аузымнан түссе, адыра қала береді.

Өлеңі құрсын,
Таппадым одан миятты,

Жазбай-ақ қойдым,
Жазғаным енді ұят-ты.
Менсіз де мына ғаламат жырау-дүние,
Өзінен өзі жырланып жатқан сияқты.

Өткізіп жылдар,
Өткізіп айлар,
Бекер күн,
Болғансып ақын,
Мұрнымды несін көтердім?!
Өлмей-ақ жүр ғой,
Өлең жазбаған адамдар,
Өлеңсіз мен де,
Өмірді бірдеңе етермін.

Жанды да жансыз,
Көрінген заттан сыр бағып,
Өлетін болдым,
Өзімнен өзім ұрланып.
Шаршадым білем,
Жатпасам енді болмас-ты.
Жұрт кетіп жатқан
Қара теңізге бір барып...

1971

АВТОГРАФ

Көрер едің,
Шаламын ба, отпын ба?
Білер едің,
Ақынмын ба, жоқпын ба?..
Кектендірген хан Жәңгір де жоқ мұнда,
Кектенетін Махамбет те жоқ мұнда.

Түсінер ең,
Езбін бе әлде ермін бе,
Байқар едің,
Артықпын ба, кеммін бе?..
Мен Спартак бола алмадым, не шара,
Сенің өзің Цезарь болып көрдің бе?!

Сырым да — осы,
Жырым да — осы,

Алдыңда.
Байқашы бір,
Бықсыдым ба, жандым ба?
...Махаңдар жоқ,
Махаңдардың сарқыты –
Мұқағали Мақатаев бар мұнда!

11.1970

ЖІГІТТЕР, АУЫРМАҢДАР!

Барлық дерттің баршасы маған қонып,
Емханада жатырмын алаң болып.
Терезеден бір ызың мазалайды,
Шақырады бір сәтте балам болып.

Анам болып біресе дауыстады,
(Осы ма әлде есімнің ауысқаны?!)
Құлағымның түбінен кетпей қойды,
Құрбыларым, сендердің дауыстарың.

Терезеге жабысам барам дағы,
Сендер күтіп тұр ма деп алаңдадым.
Айырылған жыртылып қалың досым,
Біреуіңді қайтейін таба алмадым.

Алдандым, барлығы да елес екен,
Бірі жоқ, шіркіндер-ай, о несі екен?!
Күдекең пәндем десе, досы көп жан,
Өмірде ауыратын емес екен...

Ұмыт болар үйірін аман көрсе,
Жігіттер, ауырмаңдар, шамаң келсе!
Естеріңде болғай-ды екінші рет
Сендерге бермегірді маған берсе...

11.1971

АЙХАЙ, ДАЛАМ

Аһ, далам; айхай, далам; сағым далам,
Бір бұдыр жоқ-ау көзге шалынбаған;
Бір ғаламат бойыңда сабыр бар-ау,
Аспан құлап кетсе де тарынбаған.

Аһ, далам; айхай, далам; сағым далам!
Госінде атылмаған жанар таулар,
Вулканын тұншықтырып, дамылдаған.

Боз далам, күрең далам, жасыл далам,
Кісі емес саған келіп бас ұрмаған.
Құныға құшырым бір қанбай қойды-ау,
Қалай ғана құшармын ғашық-далам?

Құшақтан шығармаспын деген едім,
Дәрменсіз ғып жараттың неге мені?!
Өзіндей алып болып тұмаған соң,
Адам болып жүрудің не керегі...

С онда да сүйіп өтем, сүйіп өтем,
С үйе тұра құша алмау — күйік екен.
Алыптан алып болып тұмаған соң,
Адам болып жүру де қиын екен...

11.1971

ӨМІР ДЕЙТІН

Өмір дейтін тайғанақ мұз айдында,
Жырлап кетем, алдымен жылаймын да,
С өредегі кермені кесіп өтсем,
Маған әлі жетпейді құдайдың да.

Мұң мен зарға ондайда шаң қаптырам,
Қайғы дейтін қаншықты қан жаптырам.
Ұры уайым тиер деп қай жағымнан,
С өкем алған киіктей аңдап тұрам.

Алтай жүріп өмірдің баспалдағын,
Бірі менмін қайғыдан қашқан жанның,
Көзім жасын көл етсем сөнер ме екен,
Көмейімнен лапылдап шашқан жалын?!

Жоқ, сөндірмен, сөндірмен, жыламан да,
Қуаныштан мұң жуық тірі адамға.
Дариясы өмірдің шайқалмайды,
Дәрмені жоқ бір пенде жылағанға.

Жүргемін жоқ қайғының жүгін артып,
Ір сүрінсе еңкеймес, жығылар тік.
Бөліп-жарған қайсыбір қуаныштан,
Ойландырған оңаша мұңым артық,

11.1971

Аулақ, аулақ,
Аулақ менің жанымнан!
Қара уайым қара шәлі жамылған.
Жазбын әлі гүлім жаңа жарылған,
Бұлбұлымды ұшырғам жоқ бағымнан.

Жалт бұрылып, жанарымнан шашқанда от,
Жатыр екен жүрген ізім дастан боп.
Бар сырымды түтел әлі ашқам жоқ,
Дүлдүліме әлі қамшы басқам жоқ

Кейімеймін, кейімеймін тағдырға.
Артта уайым, ал қуаныш алдымда.

* * *

Сен шынымен жоғалдың ба?!
Жоғалдың.
Солай шығар,
Шын сүймеген болармын.
Енді сені өліге мен санаймын,
Сен туралы толғануды доғардым.

Ақымақ-ай!
Бір көрінсең болмай ма?
Табар едім,
Саған барар жол қайда?
Шыр айналған шынашақтай шымшық та
Шырылдап кеп ұясына қонбай ма?!

О, неғылған дәтің берік пенде едің?!
Тым құрыса бір айналып көрмедің.
Тым құрыса түсіме енші, түсіме,
Түсіме енші!
Шөлдедім-ау, шөлдедім.

11.1971

* * *

Езілдім,
Еріндім,
Жеңілдім сенен мен.
Бар қаным —
Ылғалым
Төгілді денемнен.

Бір үміт өзіңнен,
Көзіңнен көрем де,
Тағы да,
Тағы да,
Тағы да келем мен...

Сен — Жерсің!
Мен — сенің жасанды серігің.
Айнала,
Айнала,
Айнала жерідім...

1971

* * *

Біреулерді мерт қылып аламын деп,
Ашуыма ауыздық саламын кеп.
Тентек інім бетіме тік қараса,
Жасқанамын жаңдай-ақ залалым көп.

Бағамын деп әркімнің қас-қабағын,
Балам қабақ шытса да жасқанамын.
Сәлемімді біреулер алмай кетсе,
Екі иығым салбырап, пәс қаламын.

Досым өтсе алдымнан қырын қарап,
Бозторғайым кеудемде шырылдамақ,
Естігісі келмейді бәтшағардың,
Қорғасынмен құлағын тығындап ап.

Қайсыбіреу қарайды айдаһарша,
Тұрпайы әзіл, түрпі сөз қайда барсам.
Қайтер еді, Ожардың шарығына,
Ашуымды қайтадан қайрап алсам?

Алшаң басып, асфальтпен адымдасам,
Адам жүрер мекеннен табылмасам,
Қайтер еді?
Мейірі түскен жаңды,
Мекерсініп, менсінбей қабылдасам!

11.1971

КӨКТЕМ ДЕ КЕЛЕР

Көп кешікпей көктем де келер енді,
Көгеретін тіршілік көгереді.
Қу бұтағы арса-арса кәрі еменге,
Келер көктем, білмеймін, не береді?

Көп кешікпей көктем де келер енді,
Көгереді ауылдың төңірегі.
Ерте кеткен досымның қабірі тұр,
Келер көктем, білмеймін, не береді?

Көп кешікпей көктем де келер енді,
Барлық нұрын көл-көсір төгер енді.
Сағынышын сарыққан, жапа-жалғыз,
Менің жесір жеңгеме не береді?

Көгереді...
Барлығы көгереді:
Ой да, қыр да, даланың төбелері.
Әлі құрып баратқан ауру досқа,
Осы көктем, білмеймін, не береді?

Көп кешікпей көктем де келіп қалар,
Есінетіп, есіртін, ерікті алар.
Азан-қазан аспанның қоңырауы,
Жақсылықтан тұрса игі беріп хабар...

1971

* * *

Көктем де келер,
От ойнар әлі аспанда.
Көгерер әлі,
Кәрі емен, қайың, жас тал да.
Дүлейдің шоғы түспесе екен деп тіле,
Аспанда апат зарядтар жағаласқанда.

Көктем де келер,
Құстар да жетер ән салып.
Көктер де шығар,
Көгілдір нұрға тамсанып.
Сулар да тасар,
Кетпесе екен деп тіле,
Мұхиттар көлге қарсы ағып.

Бұлттар да көшер,
Жыртық па әлде бүтін бе,
Жауласа бермей,
Жайғасар, келер бітімге.
Ақ көңіл бұлттар,
Ақ нөсер төгіп өтсін де,
Айналып кетпей түтінге.

Көлсе екен көктем,
Көк жасыл шұғыла тартылса,
Көкжиек барып
Көкжиектерге артылса,
Көктем де келер,
Корерміз әлі жазды да,
Осылай өмір,
Тұрса екен тыныш қалпынша.

11.1971

ТИМЕ НАМЫСЫМА

Зәр ұсынған кісіге нан ұсынған,
Алысудан аулақпын, шабысудан.
Ей, қазақтың баласы, есіңде ұста,
Өлсем өлем, сірә, мен намысымнан!

Жақынынан, жауынан, жалдаптардан
Ата-бабам намысын қорғап қалған.
Момын қазақ намысын жібермеген
Жоңғар, Шыңғыс, жөйіт пен қалмақтарға.

Сол қазақтың мен де бір жапырағы,
Арқасы бар, Алматы, Атырауы,
Ар-намысын аяққа таптатпайды
Қашаннан да қазақтың топырағы.

Әдептімін, ұяңмын, именемін,
Сыраға – бал, сыйыңа – сый беремін.
Аңқау қазақ екен деп, ағайындар,
Намысыма алайда тиме менің!

11.1971

ҚЫЗЫМА

Қарағым!
Мен тағы үйлену тойыңа барамын.
Мен бүгін тағы да
Өзіңнен адасып қаламын,
Қарағым!
Шараптың уы ұрып қаныма,
Отырам
Бейтаныс біреудің жанына.
Көкешім, налыма,
Мен сені ұзатам тағы да.

Тұман боп жанары,
Әкең де, шешең де қалады.
Достарың күңіреніп,
Еңдіктің әніне салады,
Әкең де қалады,
Шешең де қалады,
Баласын
Баласы әкетіп барады.

Көкешім!
Мұңайып не етесің?!
Сен бүгін тағы да
Ұшасың, кетесің,
Көкешім!
Әкеңнен әкеңе жетесің,
Мұңайма, Көкешім!

1971

ӨКІНІШ

Іштік қой шампанын да, сырасын да,
Сыйлап беріп тұрғанда тұрасың ба?
Өрт жайлаған өзегін өңшең батыр
Өз серігін іздемей, шыдасын ба?
Қолды сілтеп, мойныңды бұрасың да,
Қоясың да кетесің құласынға,
Құлдан ақыл патша сұрасын ба...

Ол өзі бір сиқыр ғой ерікті алар,
Бір сәтте жау, бір сәтте серік болар.

Ауа өртеніп жатады, жер майысып,
Бір құрлыққа бір құрлық беріп хабар.

Шарабын да іштік қой, арағын да,
Барағын да көрдік қой, қабағын да.
Араққа ақыл құл болған ұят екен
Лйға қонған атомның заманында.

Өзіме өзім өкіндім, қарадым да,
Жүрген жерім өртеніп табанымда,
Ит жармасып жүр екен балағымда,
Асыр салып сайтандар қабағымда,
Сөнген вулкан қалыпты жанарымда...

11.1971

ТАҒЫ ДА ӨКІНІШ

Жандарды жылы жүзді ұнатамын,
Барлығы баласындай бір атаның.
...Жүзіңнен, жаным, неге мұң атады,
Жаным-ау, қайтсем сені жұбатамын?

...Бір ару автобусқа жылап кірді.
"Қайтем?" — деп қабағында сұрақ тұрды.
Қасына енді жете бергенімде,
Автобус мөңкіп кетіп, лақтырды.

Адамдар бір-бірімен қақтығысып,
Әлділер, әлсіздер де жатты ығысып.
Өмірбақи тоймайтын кассаға әкеп,
Адамдар әлгі аруды жатты қысып.

Бұзып-жарып қамалын адамдардың,
Қол ұшын беріп оған бара алмадым.
Келісіп аяғымды басқан жанмен,
Борышымды азаматтық тамамдадым.

Аулақ қалып адамның назарынан,
Күндерім-ай,
Құр босқа қаза қылған!
Жұбата алмай біреуді бүгін тағы,
Жылап қайттым өмірдің базарынан.

1971

БҰРЫНҒЫ КҮНІМ ЖОҚ МЕНДЕ

Сағымнан шәйі жамылған,
Қырмызы тоты құстар-ай.
Аулақтап жастық бағымнан,
Көзімнен бұлбұл ұшқаны-ай!

Ауылдың жаны бұлақта
Жүрсіндер, әне, топтанып.
Отырмын қарап қыратта,
Көзімді менің шоқ қарып.

Қырандай тиген кептерге,
Қызғалдақ — ғұмыр бозбала-ай!
Жалыны қайтып от кеуде,
Жасыны солып тозғаны-ай!

Көзімнің жауын алдың-ау,
Қарлығаш, тоты, қырғауыл.
Селдете алмай қалдым-ау,
Кеудемде ұлып құр дауыл.

Бозаңы шыққан бөктерге
Боз жусан қаптап кеткен бе?
Бұрынғы күнім жоқ менде
Қырғидай тиген кептерге.

11.1971

* * *

Не десең, о де!
Бұрылман енді, бұрылман.
Адассам мейлі,
Анадан бір-ақ туылғам!
Қолыңнан келсе, қола мүсінді ап таста
Жасалмаған да, қашалмаған да тұғырдан!

Не десең, о де!
Ақыры маған бір өлім!
Осылай жүрдім,
Осылай жүрмін,
Жүремін!
Басқадан ба әлде сенен бе ажал?
Білмеймін.
Неден де болса, өлетінімді білемін.

Не десең, о де!
Жатсындым сені, жатсындым.
Құдай да, құл да,
Иенде де — өзім,
Тақсырмын!
...Әкетсем сенен,
Өзімді өзім әкеттім.
Өзгенің бәрін
Үйтіп же, саған тапсырдым!

11.1971

БІРЕУГЕ

Бота тірсек, боз белбеу, қатпа бала,
Ойыңа келгеніңді шатпа, бала.
Ойнақтап ортамызда жүргің бар-ау,
Оп-оңай жаға салып аққа қара.
Ойыңа келгеніңді шатпа, бала!

Қайтесің ақын болып тумағасын,
Жаныңның сезесің ғой жырламасын.
Әдебиет үйінен орын таппай,
Әр есікті әуре боп бір қағасың.

Біреуге іні, біреуге жұрағатсың,
Бір көрініп қалуға құмар-ақсың.
Місе тұтпай, ұмтылған әр табаққа
Қайдан келген, қарағым, сұғанақсың?!

Есек дәме аңшыдай қақпан артқан,
Аралыштап, жақсы емес сақпан атқан.
...Сыншының ары таза болса керек
Алдында жатқан ана-оу ақ парақтан!!!

01.03.1971

* * *

Көңілсізсің, көңілің қаяулы ма?
Түнерген аспандайсың жай алдында,
Жаным-ау, саған қатер таянды ма?!
...Тіршіліктің тынысын бағып тұрған,
Кім екен тіл тигізген аяулыма?!

Айнытпастан таныған ақ-қараны,
Осы бір жан өзіміздей боп барады.
Неден секем алды екен, сақтанады?!

Көңіліне көлеңке түсірді ме,
Көбік езу біреудің даттағаны?!

Көзін жұмып отыр ғой көре-біле...
Сыңар езу сыншының керегі не,
Сыңарымның үңілдім өлеңіне.
...Тағдыр маған тағдырлас дос сыйлапты,
Егіз жүрсін екеуі дегені ме?

1971

* * *

Қадірлі дос!
Қайтесің, ренжіме,
Айтпай-ақ қой,
Халіңді білем, білем!..
Таппай жүрсің сырласар сыңарыңды,
Жібі түзу жан іздеп жылы өңдіден.
Айтпасаң да халіңді білем, білем...

Жанның бәрін жаныңа дос санадың,
Дос санадың...
Қалмады басқа амалың.
Ал жүрегің?..
Жүрегің тулап жатыр,
Қирата алмай кеудеңнің тас қамалын.

Бәрі де алдыма бас иер менің,
Бір құдірет қолыма тиер ме еді,
Қызылшақа сәбидей жүрегіңді,
Босатып ап түрмеңнен сүйер ме едім.

1971

ЖҮР, ҚАЛҚАМ

Шайқалып нұр,
Маужыраған мамырдан май тамып тұр.
Жайқалып қыр,
Тауға соққан боз сағым қайта ағып тұр.
Айталық сыр,
Серуеңдеп жүр, қалқам, қайталық бір.

Сырласайық,
Қызғалдақты иіскеп, бір жасайық,

Қыр басайық,
Әмсе бұлай мамырдың тұрмас айы.
Мұңдасайық,
Қос көңілдің пернесін бір басайық,

Танысайық,
Сенде — мамыр, ал менде — ағұс айы.
Табысайық,
Сенде — шырын, менде — дән, ауысайық?
Луысайық,
Шырынын да, дөнін де тауысайық,

Құлақ талып,
Мына даңнан кетті ғой құлақ талып,
Жырақ барып,
Серуендеп қайтайық сыр ақтарып.
...Бара жатыр жанымды бір от қарып,
Жастығым ба тірілген құлап барып!..

1971

СЕН ҚАРТАЙДЫ ДЕГЕНГЕ

Сен қартайды дегенге мен сенбеймін,
Әжімменен кәрілік өлшенбейді.
Әжім деген — әйгілі тамшы-уақыт,
Тамшы-уақыт тасты да жеңсем дейді.

Шаршама, шашым ерте ағарды деп,
(Қайратың қан бойында қалар жүдеп).
Ақ шаштың ар жағында аппақ миың,
Әжімнің ар жағында соғар жүрек.

Іреңің неге сонша мұң атулы?
Жігерің неге сонша уатылды?
Балауса шыбық едің, емен болдың
Бойыңа жиып алып қуатыңды.

Самалы қуаныштың соқпай қалды,
Жанарың неге айнаға тоқтай қалды?
Түрсың ба жастықтағы нұрыңды іздеп?
Жаным,
Ол жалын менен отқа айналды.

1971

ҚҰРДАСТАРҒА

Көктем кетті, күз, міне, жуықтады,
Бармысыңдар, бауырлар қырықтағы?
Бәрің тірі қалдың ба, қарығанда
Қырықыншы жылдардың суықтары?

Туылып ек айлар сап арамызға,
Айлар салып, әріге барамыз ба?!
Бұйырмасын түсінсем, осы біздер,
Шыныменен біреуге ағамыз ба?!

Кеше еді ғой, құдай-ай, кеше еді ғой,
Дүйсенбінің,

мына дәу,
шешегі ғой!

Мынау

өзер қаз басқан төрт жасында,
Мұхамеджан қартыңның мешелі ғой.

Тағдыр бізден бәрін де аямаған:
Жылатқан да жұбатқан, аялаған,
Ата-қаздан айрылған балапан ек,
Аспан асты, жер үстін саялаған.

Арманымыз жұлдызға жуық болып,
Апыл-тапыл күн кештік суып, тоңып.
Шаруасы шалқайған шағын үйдің,
Шаңырағына шаншылдық уық болып...

1971

ЖАНАРЫМ

Түспесін десең, егер сезімге кір,
Жанарым, менің ылғи көзімде жүр!
Жамандық көрсең менің қабағымнан,
Жас толып төгіліп кет жанарымнан.

Шұғыла боп содан соң ашыл дағы,
Бұлтымды таста серпіп басымдағы.
Дамылсыз кірпігімді қаққанымда,
Ойымның ойнақтап жүр шатқалыңда.

Жүрегім бол деп сені зорламаймын,
Мәңгілік тұтқында ұстап қорламаймын.

Қарашығым бол дағы дамылдағын,
Қашанда жанарымнан табыл, жаным.

Жанарым, жанарымнан кетпе менің,
Сезімім, сенсіз менің текке өледі..
Түспесін десең, егер сезімге кір,
Жанарым, менің ылғи көзімде жүр!..

1971

СЫБАҒАМ ҚАЙДА?

Қарамай сақалыңа, шалдығыңа,
Жарасып тұрушы еді қалжыңым да.
Қарабайдай қатайып алыпсың ғой,
Ата,
Сен шыныменен алжыдың ба?!

Сұрың да, сұхбатың да сондай бөтен!..
Бұйымым бар,
Үйіңе қонбай кетем.
...Жыламаған сәбиге емшек бермес,
Жыламасам алдыңда, болмайды екен.

Мен сені сыйламасам, түсінбесем,
Жүрмес ең әр жырымның ішінде сен.
О, менің пайғамбарым!
Сен болмасаң,
Тірі пенде алдыңда кішірмес ем.

Ат басы алтын берсе табылмаған,
Еншім бар менің сенде алынбаған!
Қобызың емес пе едім қолыңдағы,
Ұмыттың неге мені, жаным бабам?

Қатыбас өмірден мен пайда алмадым,
Жаныммен жазған жырым — жайған малым.
Қылышың емес пе едім қынаптағы,
Жоғалттың неге мені, пайғамбарым?!

Ат басы алтын берсе табылмаған,
Сыбағам қайда менің алынбаған?
...Бір түйір кәрі көздің жасы емес пе ем,
Үшінда сақалыңның дамылдаған?!

16.03.1971

КҮЗ СЕКІЛДІ

Күз секілді биылғы көктем маған,
Күреңітіп тұрады...
Неткен жаман?!
Кеше ғана
Керемет кешкен ғұмыр
Бүгін маған секілді өткен заман.

Бәрі ұқсайды күп-күрең күздегіге,
Көшесі де қаланың, түздері де.
Қайтып бара жатыр ма,
Қайран қалдым
Қикуы жоқ тырналар тізбегіне.

Әлде көктем
Өткізген жас шағым ба?
Күз болды ма көңілімнің асқарында?
Жырлап келген көктемде жыл құстары
Жылап бара жатыр ма аспанымда?!

Күз секілді биылғы көктем маған,
Өкінеді өмірі өткенге адам!
Ұзақ өмір тілейміз, әйтсе дағы,
Көктемі жоқ күз — өмір неткен жаман...

1971

КҮЗГІ ЖОЛДА

Бұ қалай? — деп, қарамаңыз.
Бұл — біздің қадірменді жан ағамыз.
Қырманнан жаңа оралған сары ала күз.
Жан ағаны жаманға баламаңыз,
Толған жерін еркелеп талағамыз.
Тозған жерін өзіміз жамағамыз.
Бұл біздің сары ала күз — жан ағамыз.

“Не қасиет бар дейсің, осы күзде”, —
Деп айтқаны әркімнің есімізде.
Ет, майы мен тоқашын қолтықтап ап,
Байлық, ырыс әкелген осы бізге.

Талай-талай басынан таңды асыра,
Алтын дәнiн тиеп ап арбасына.
Қараңыз, өзі бастап кеткен жоқ па,
Отанның берекелі қамбасына?!

Қаза қылмай бірде-бір таң самалын,
Қызыл қырман сапырды ол қашан мың.
Күз деген — әрі диқан, әрі малшы,
Тонын жаман деменіз малшы ағаның.

Бейнетқор шаруа ғой дала нағыз,
Ойласа мұңлы көзбен қарамаңыз,
“Еңбексіз алаяқ” деп санамаңыз,
Күз — біздің қадірменді жан ағамыз.

1971

РАЙЫМБЕК! РАЙЫМБЕК!

ПОЭМА

I

"Қара таудың басынан көш келеді",
Қара жорға шайқалып, бос келеді.
Қара күнді жамылып қара қазақ,
Қара түнді басынан кешкен еді.

Қара қайғы көрсетпей ештеңені,
Қара жауы қанатын кескен еді.
Шұлғау болып қыздардың кестелері,
Талай қара шаңырақ өшкен еді.
"Қара таудың басынан көш келеді!!!"

Қара жұртта бықсыған шала қалған,
Аналардан ес кеткен, балалардан.
Тал да таппай қармауға жағалаудан,
Ақыл қашқан адыра бабалардан.
Қандай қарғыс атты екен қайран елді?!
Қайда барып тығылар паналауға?!

Қайда барып, қалжырап жатар екен?!
Қандай сордың сортаңын татар екен?!
Көр болса да болса екен қазақ жері,
Қазақ жері болғасын Атамекен.

...Көш келеді боздатып боз даланы,
Көз ұшында боз сағым қозғалады.
Әлдекімнің естілсе созған әні,
Әлдекімдер аңырап жоқтау айтса,
Әр кеудеде бір шемен қозданады,
Әр қазақтың естіліп боздағаны.

"Қауқары жоқ қайран жұрт, қайран халық,
Сайран салып жатушы ең жайлау барып.
Опат болып ақ ордаң ойрандалып,
Қара жауың әкеліп қара қайғы,
Тас уатты-ау төбеңе тайраң қағып,

¹ Райымбек (1730-жылы туған – ө.ж. белгісіз) жоңғар басқыншыларымен қарсы өз бетімен қол жинап күрескен қазақ батыры. Оның есімі Албанның ұранына айналған.

Аңырауды доғарып, аттан, қазақ!
Алты жасар ұлыңды майданға алып".

Шүбатылған шаң көріп алыстағы,
Қабай жырау жар сала дауыстады:
– Жау келеді, жұртым-ау, жау келеді!
Жаудан қалған жемтікке жабысқалы,
Тағдырыңды біржола тауысқалы...
Сап түзеді қажыған нар боздақтар,
Қара жаумен қайтадан алысқалы,
Қайта қозып қазақтың намыстары.

Қайта шулап, жамырап қатын, бала,
Қанға шөлдеп қаңырсып жатыр дала.
Қайта жауып, жай оты шатырлаған,
Қайта төнген тамұқтың сотын қара.
Қара жауы қайтадан лап қойды,
Кезек бермей пақырға, батырға да.
Қазақ қанын сылқытып жатыр дала...

Қиқулаған қалың қол құйын дерсің,
Қайтып оған шағын жұрт тыйым берсін.
Тозған жұртты топырлап тапап кетті,
Қатыгез жау қайсыбір бұйым көрсін.

Боздақтардың желкесін шайнап кетті,
Қалған малды қайтадан айдап кетті.
Қанжығаға байланған қыз-келіншек,
Бозторғайы шырылдап сайрап кетті.
Хас батырдың көзі еді қара жорға,
Қара жаудың астында ойнап кетті.

(Кім айдаса, сонікі түздің малы).
Қара жауға қатын боп қыздың бөрі,
Әр өлікке жалп беріп қонып жатыр,
Даланың түндік қанат құзғындары.

Тұяқ та жоқ тігерге, дым қалмаған,
Жау жалмаған, жабысып құм жалмаған,
Сырлар бар-ау қойныңда, туған далам,
Ақтарылған қанынан қазағыңның,
Құзғыны да құдайдың құр қалмаған.
Сенде ме?..
Сенде сұмдық сыр бар, далам...

Қан сасыған далаға қарайды да,
Қуған боп жүр құзғынды Қабай жырау:
– Пәруәрдігер, неғылған сұмдық еді!
Өңім бе әлде түсім бе, қалай мынау?!

Боздақтардың даланы бояп қаны,
Құзғындар да әнеки тояттады...
Өңім болса, тәңірім, тарт жанымды,
Түсім болса, ұйықыңнан оятпағын,
Оятпағын, мәңгілік оятпағын?!

О, тәңірім!
Неғылған шаққа айналды?!
Бір өзіңе жалынып, жақ байланды,
Түнің тұтып, ақ таңың атпай қалды,
Не қылығы жұртымның жақпай қалды?!
Көлім кеуіп, өзенім ақпай қалды,
О, тәңірім!
Неғылған шаққа айналды?!

Қаусаттың-ау іргемді, қара жауым,
Қан боп ақсын басыңа қара жауын!
Қатын, қызың күң болып әр есікте,
Құл боп өтсін мәңгілік балаларың!

Ордаң опат, айырыл елдігіңнен,
Босамасын басың бір шерлі күннен,
Тоз-тоз болып ұрпағың әр қиянда,
Билігіңнен айырыл, теңдігіңнен!

..Байқап еді өліктің қозғап бәрін,
Бәрі де өлік, бірі де сөз қатпады.
Қабай жырау басы ауған жаққа кетті,
Құзғындарға қалдырып боздақтарды.

Кете барған, артына бұрылмаған,
Аят оқып, ішінен сыбырлаған.
Қозыкөш жер қырғыннан ұзағанда,
Құлын дауыс естілді шырылдаған.

Аппақ нұрын жинап ап, тауға келіп,
Күн де батып барады қанға бөгіп,
– О, жасаған, кімдікі әлгі дауыс,
Тірілді ме артымда қалған өлік!?

Жетім қалған құлындай құлдыраған,
Көз ұшында бір қара бұлдыраған.
Тағат етіп тұруға дәрмен қайда,
Аттың басын сол жаққа бұрды баба.
...Есі кеткен алдында тұрды бала.

Ат үстінен баланы алдына алып,
Бір алданыш тапқандай шал жұбанып.
Қырғын көрген қызыл Күн қырдан асты,
Қызыл күрең қанына тауды малып.

– Сен ғанасың, құлыным, сен ғанасың,
Мен де көпке бармаспын, сен қаласың.
Ойран болған ордаңның орнына кел,
Отау тігіп, оттарын сен жағасың!

II

Дала жатыр.
Сағымы ширатыла,
Бара жатыр қырына, бұйратына.
Екі жетім бұлақтың басындағы
Әулиенің бұрылды зиратына.

Бастарына іс түскен шақты ойлаған,
Ағашыңа пәнделер ақ байлаған.
Құлан жортса құтылмас құла дала.
Құлазыған, иесіз жатты айнала.

Керуен жол қасынан кесіп өткен,
Осы жерді әулие бесік еткен.
Мұсылмандар ғибрат етуші еді,
Мұндар-тірлік мұқалтып есі кеткен.

Әулиенің бас иіп мекеніне,
Мұсылмандық парызын өтеді де,
Қабай жырау қайтадан еріп кетті,
Қажап тұрған ойының жетегіне.

“Жайлауымды жау алып,
Өрісімді өрт алып,
Өзегімді дерт алып,
Келдім саған, әулие!

Боздақтарым жоғалып,
Боз кебінге оранып,

Маңдайымнан сор ағып,
Келіп тұрмын, әулие.

Қыздарымды қатын ғып,
Шаңырағымды отын ғып.
Отауымды топыр ғып,
Отанымды қоқыр ғып,
Ойран етті, әулие!

Қан сасыған даламның,
Қатын менен баламның,
Кегін қайтіп алармын?
Жебеп жібер, әулие?!
Елінің есін кіргізер,
Жерінен малын өргізер,
Жауына зауал төнгізер,
Қырық пышақ хандарды,
Қылығына көнгізер,
Дегеніне сенгізер,
Соңынан жұртын ергізер,
Бар қазақтан бір қазақ,
Тумас па екен, әулие?!

Бас ауған жаққа барамын.
Көзімнің асты көлкілдеп.
Ақ сақалым желпілдеп,
Кәрі басым селкілдеп,
Көкірегім күркілдеп,
Іздесем кімді табамын?
Бағыт сілте, әулие!

Айтса тілін алдырған.
Алмастан оғын жондырған.
Ата қазақ баласын
Алақанға қондырған.
Бар қазақтан бір қазақ,
Табар ма екем, әулие?"

* * *

- Армысың, Ата!
- Бар бол, балам, аман ба?
- Жолыңыз болсын?
- Жолдың несін сұрайсың, мына соқыр заманда.

Қайда барса, Қорқыт көрі қазулы тұр адамға.
Елде жүрген ескі аңызды,
Істіп пе едің, қарағым?
Мына біздің ғаріп жағдай еске соны салады.

Сыңар қанат екі құс жаралыпты жалғанда,
Бір-біріне жабысып алады екен самғарда.
Қүдірет деп екеуі зарлайды екен толассыз,
Бірінің — оң, бірінің — сол қанаты болғанда.

Қүдіреттің құсы деп аталыпты екеуі,
Қайда екені белгісіз жері, суы, мекені.
Сыңар қанат құстардың сыңайымыз, қарағым,
Тағдырымыз, білмейміз, қайда бастап кетеді...

Жерімізді жау алып, елімізді қырды ғой,
Қанатымыз қайрылып, топшасынан сынды ғой.
Ата қазақ бір-бірін арашалай алмай-ақ,
Алауыз боп өзді-өзі, құдай бізді ұрды ғой.

Қара жаумен іргелес ел едіңдер, қарағым,
Ойран болып сендер де, бұзылды ма қамалың?
Мынау азған заманда, амал нешік, бұл қазақ,
Білуден де қалды ғой бір-бірінің хабарын.

Суырдайын күн кешіп әркім ойлап өз басын,
Тұлпарларды тұқыртып, тұғырлары озғасын,
Бүйрегіндей сиырдың бөлшектенген бұл қазақ,
Құмалақтай бытырап, қалай ғана тозбасын.

- Ата, біздің өлкені қара жаулар шаппады,
Жауларына біздің ел сәйгүлігін баптады.
Қойын сойып, қолдарын қусырды да сорлылар,
Аяғына бас ұрды, бірі садақ тартпады.
Тартпаған соң олар да әуреленіп жатпады,
Алды дағы аларын, белімізден аттады.

Батыр емес, қария, қатындар бар бұл елде,
Беруге өзір барлығын билігі асқан біреуге.
Батырлар жоқ бұл елде, қатындар бар бұл елде,
Әркім қара басының амандығын тілеуде.

— Жамандама жұртыңды; жамандасаң болмассың!
— Қатындардың ішінде өзім дағы оңбаспын.

“ Үні шықпас жалғыздың, шаңы шықпас жаяудың”,
Мен де қатын болармын, сірә, батыр болмаспын.

– Нешедесің?

Кімнің сен тұқымысың, құлыным?

– Хангелдіден тараған бір тұғырдың ұлымын,
Мал соңына сап қойды, ұстатты да құрығын,
Жылқы жады әкеме жақпай қалып қылығым.

Жылым барыс, мінеки, асып барам он үштен,
Қатын алып берем деп әке-шешем келіскен.
Адамынан айттырған ат-тонымды ап қашып,
Қатынды өзім табам деп, әкемменен керіскем.

– Осыншама ақылды кімнен, балам, үйрендің?

– Ішіндегі шалдардан анау қараша үйлердің.
Бірін төре, бірін би етсем деген ойым бар,
Бабам қолдап бір кезде маған билік тиген күн.

– Қара жауың қайтадан шапса еліңді не етер ең?

– Хас батырын бауыздап, қанын судай етер ем.
Қатын болып күн кешіп жүргеннен де қырқысын,
Қылша мойным талша боп, қанжығада кетер ем

– Өзің бала болсаң да, сөзің дана отты екен,

Ақ күн тусын алдыңнан, басқа айтарым жоқ бөтен.
Қалдым сенің ығыңда, мынау екі ғаріпке,
Барар жер мен басар тау, басқа пана жоқ мекен...

III

– Қара. Қарадай қаратып кетті-ау, қағынды,
Уатып кетті-ау, уатып кетті-ау тауымды!

– Қарадай неге түңіле қалдың, байғұс-ау,
Басыңда үйің, бауырыңда қазан, нағылды?

– Неғылушы еді!

Күшігің жерге қаратты!

Күлкі етіп мені күшігендерге талатты

– Түңіле бермей, туралап айтшы мән-жайын,
Білейін мен де, естиін мен де, аңдайын?..

– Білесің әлі, атаңның басын аңдайсың?

Ұл емес маған, жын таптың десем, нанбайсың.

Ер орнына екесті ұлды туғанша,

Белгілі неге бедеу боп, қубас қалмайсың?

Шағылып тауы, құлазып көңіл мекені,
Түкенің астан оралған осы беті еді.
Бөйгеге болған ұлының әбес қылығын
Оиласа болды, өрт қарып ішін өтеді.

Намыстан өліп кетердей, міне, үзіліп,
Өкпесі кеуіп, қуарып, өңі бұзылып.
Малдасын құрып жұдырығымен жер тіреп,
Бөйкүнө, момын бәйбішені отыр қыжырып.

..Жатаған келген Түкенің жалдас күреңі,
Дүйім ел білген дүлдүлдің нағыз бірі еді.
Көшегі аста бәйгеге қосып жүйрігін,
Келерін біліп, қауіпсіз, бейқам тұр еді.

Көз ұшындағы көлденең жатқан қырқадан,
Көрінген кенет бәйгенің шаңы бұрқаған.
Ыюда-қыю ұрандап тұрған рулы ел,
Жамырай тілеп, жақындай түсіп бір табан.

Түяқпен турап көлденең жатқан көк белді,
Көрмені үзіп сәйгүліктер де жеткен-ді.
Көре алмай Түке баласы менен күреңін,
Көзінің алды көлеңке тартып кеткен-ді.

Озғанды қауым қаумалап-киіп жатқан-ды,
Қалғандар кейіп, озғандар гулеп мақтағанды.
Шорт сынған сағы, шошайып жалғыз Түке тұр,
Күңіrentіп жүрген күрең ат қайда мақтаулы?!

Желпіне барып, желігін жұрт та басқан-ды;
Оқыс бір ғажап оқиға сонда басталды.
Жалғыз бір қара жұлдыздай ағып келеді,
Қараңғы түнде қақ жарып тілген аспанды.

Қу даладағы құйын ба дерсің ойнаған,
Қыран ба дерсің қылт еткен құсты қоймаған.
Өз атын өзі ұрандап бала келеді,
Қамшы сабына жейдесін ту ғып байлаған.

Жайына қалып өлі аруақ пенен тірі аруақ,
Келеді бала есімін өзі ұрандап.
Тірілер шошып, жағасын ұстап тұр аулақ,
Өлгендер көрде түскен де болар бір аунап,
Келеді қыршын есімін өзі ұрандап.

Доғара қойып ойын мен дырду, сауықты,
Бір сәтке қауым ішінен тына қалыпты.
Он үшке толған Түкенің ұлы Райымбек,
Албанға алғаш өсітіп өзін танытты.

Күрең ат тарпып, қара темірді шайнаған,
Қыбырда-жыбыр, күбірде-сыбыр айнала.
...Асасын ұстап Әлмерек дейтін би келді:
– Жеті бабасын жерге қаратқан қай бала?!

Е-е-е, Түкенің ұлы – түлейдің ұлы сен бе едің?
Осы болған ғой түлей әкеңнен көргенің.
Саскөкектей өз атыңды өзің ұрандап...
Сырымбет пенен Хангелді сенен кем бе еді?!

Жетесіз туған, ант ұрып кеткір, зәнталақ! –
Булығып тұрды, баланың көзі қанталап.
Қоқилана келіп, басына қамшы үйірді,
Ақсақалдар да, көксақалдар да анталап.

– Оу, ағайындар!
Жәбірлемендер баланы!
Жәбірлейтіндей қайсыңа тиді залалы?!
Бұл да бір асау, құрық көрмеген құлын ғой,
Желісін үзіп сендерден қайда барады.

Бара да қоймас, ұзай да қоймас сендерден,
Сендермен бірге тағдырын тәңір тең бөлген.
Өз атын өзі ұрандағанның несі айып?
Аузына салып періште шығар дем берген.

Жауына шапса өз атын өзі ұрандап,
Қолдамас па еді өлі аруақ түгіл тірі аруақ,
Есі бар тентек есейе келе ер болар,
Ерік беріңдер, неғыласыңдар бұғаулап...

Қарсы алдындағы қалқан боп тұрған Қабайды,
Қаршадай бала сүйеніш, бәлкім, санайды.
Санайды дағы қауымға тіке қарайды.
Жүрегін жеген сөзін айтпақ боп талайғы.

Күреңіменен атылып шетке шықты да,
Айғайлап тұрып анықтап, нақ-нақ, ұқтыра:
– Дәрменсіз сорлы кедей-кепшікті бұқтыра,
Күшік тазыдай жылмаңдайсыңдар мықтыға!

Ал жауларың арқаңа, бәлем, шықты ма,
Әкелеріңнің көріне, бәлем, тықты ма!?

Қызыңды сатып, қымызға мас боп жатыңдар,
Халықтысыңдар?!

Құған аңдыған қатыңдар!

Қорқау қасқырдай бірісін-бірі талаған,

Бірісін-бірі тонаған, тозған пақырлар! —

Әлді де бала, күреңіменен самғады,

Өз атын өзі ұрандауынан танбады.

Төгір де болса тентек баланың аруағы

Шапылып жатқан ауылды тегіс шарлады.

Кешегі аста Әлмерек бидің сөккені,

Түкенің мүлде есінен бір сәт кетпеді.

Төріс айналып, шөкті де қалды шал байғұс,

Талақ етті де бүгіні менен өткенді...

* * *

Түке өлген.

Он сегізде Райымбек,

Жүрген жоқ әке өлді деп уайым жеп.

Тіріге тізе бүгіп, бас имеген,

Тізесін бүктірмесе құдайы кеп.

Білігі, бітімі де бөтен екен,

Бар күні мал соңында өтеді екен.

Ерін — жастық, тоқымын төсеніш етіп,

Белін шешпей, қисая кетеді екен.

Ел арасы дау-шарға араласпай,

Лоқ беріп, ағайынмен жағаласпай,

Қайсар болып, қатты боп өсті жігіт,

Қатыгез құмға біткен қарағаштай.

Қанағат қып әкеден қалған малды,

Бәленнен ассам деп те қамданбады,

Бозбасы сауыққа да алданбады,

Бойында болсам деген қалды арманы.

Қалқалап, қадір тұтып естілерді,

Талайды түйді жігіт, өсті, көрді.

Қазақтарды жау шауып жатыр деген,
Үзік-үзік хабарды естіген-ді.

Ойлап тұрса, сол жауы іргесінде,
Ойлап тұрса, сол жаудың түрмесінде
"Айламен алдарқатып кеткен дұшпан,
Кім кепіл қайта шауып кірмесіне?!"

Қиын екен өмірдің сұраулары,
Ойлаңды балаң жігіт, біле алмады.
"Белінен дұшпан аттап баратқанда,
Біздің ел неге қарсы тұра алмады?!"

Қайда жүр баяғының батырлары?
Бас қойып, неге ұранын шақырмады?!
Жігер тайып жігіттің жетесінен,
Сарқылды ма қарттардың ақылдары?!
Неге бірі садақ боп атылмады?!"

Қойын сойып, қолдарын қусырды да,
Дұшпаңдарын жіберді ту сыртына.
Қалқа бола алмаған қайран елге,
Қауқары жоқ күндерің құрсын мына!

Әзірге аман тұрғанға малы-басың,
Сауық пенен сайранға салынасың.
Қазақ жылап жатыр ғой, қазақ жылап,
Неменеңе жетісіп қағынасың?!"

Қайта шапқан жауыңды танығасын,
Құдайыңа шынымен табынасың,
Атамекен, жұртыңды сағынасың.
Бұралқы боп жат жерде зарығасың.

Құланыңды бауыздар желіге айдап.
Құраныңның өргенер соры қайнап,
Қайда барсаң Қорқыттың көрі болып,
Қонысыңнан ауарсың "Елімайлап".

Қайтсем екен?
"Аттан!" — деп ағайынға,
Құрбандыққа басымды шалайын ба?!
Қабай жырау қайда екен, не дер екен?!
Ақыл сұрап көрейін, барайын да".

– Ар ма, ата!
Арнай келдім, батаңды бер!
Қасыма балаңды қос қатар жүрер!
Жол сілте, ақылыңды айт, қысылғанда,
Латым болсын менің атап жүрер.

Сырымбет әулетінен таралғамын,
Хангелді қасиетінен нәр алғанмын.
Әкемдей малжанды боп, өріс күйттеп,
Жарамас жабағы үйде қамалғаным,
Жанымды тұншықтырған бар арманым.

– Айт, балам,
Арманыңды айт, жасқанбағын,
Көріп тұрмын көзіңнен шашқан жалын.
Не айтам саған, көл едім, көлшік болдым,
Көзі бітіп суалған бастауларым.
Тыңдайын, арманыңды айт, жасқанбағын.

– Кенедейден көзімді ашқан жауым,
Еске түсіп, бойымды басқанға мұң,
Деген ой "жастығымды ала жатсам",
Жоқтұғын менің мүлде басқа арманым.

– Арманда, балам, арманда,
Арманға толы жалғанда,
Армансыз, сірә, жан бар ма?
Алданба, балам, алданба!
Арманда, балам, арманда
Қапелімде жауларда,
Ақырғы демің қалғанда,
Айрылып естен танғанда,
Ақырғы рет қарман да,
Арманда, балам, арманда!

Ақылымнан танғанда,
Азуымнан шалғанда,
Көрі қойдың жасындай,
Аз ғұмырым қалғанда,
Неңдей ақыл айтармын?!
Ата жауың қалмақ-ты,
Ел-жұртыңды зарлатты.
Ата қазақ ұрпағын

Аяқ асты қорлапты,
Аспаныңды торлапты,
Жазираңды шандапты,
Жазықсыз елді қандапты.

Жалғыз қайда барарсың?
Жауыңды қалай табарсың?
Ауызданбаған арланым,
Абайсызда шабарсың,
Айталы жаудың алдында
Тұзаққа түсіп қаларсың!

Соңыңнан жұртың ермесе,
Қолының ұшын бермесе,
Дегеніңе көнбесе,
Ауызданбаған арланым,
Жауыңа жалғыз бармағын,
Қиылып қалар арманың!
Халқыңа хабар арнағын,
Аужалын түйіп, аңдағын,
Кекке соққан қанжарым,
Кемтіліп жүзің қалмағын,
Жауыңа жалғыз бармағын!

Беліңнен бір-ақ аттаған,
Берекеңді таптаған,
Құлығын ішке сақтаған,
Құмырсқадай қаптаған,
Жауыңа жөнсіз ұрынбай,
Ұрымтал жерден шап, балам!

Жауыңның күшін аңдамай,
Бетпе-бет ұрыс салмағай!
Ол көп тағы, сен азсың,
Опық жеп, балам, қалмағай,
Алды-артыңды барламай,
Орынсыз іске бармағай!

Тұтқиылдан лап беріп,
Томаға-тұйық шап келіп.
Жауыңның есі кіргенше,
Қара түнді қақ бөліп,
Ізіңді жасыр жалт беріп.

Алды-артыңды аңғармай,
Айқаспа тұрып қорғанбай,
Қолайлы жерде қамданбай,
Ашкөзденіп мерт болма,
Қораға түскен арандай!

Шабарыңды білдірме,
Шаужайыңнан ілдірме!
Жекпе-жек күтіп ділгірме!
Жер қайысқан жауыңды
Жеңемін деме бір күнде!

Көзсіздік іске татыр ма?
Айласыз батыр батыр ма?!
Отырып қалар тақырға.
Күндіз ұйықтап, түнде жорт.
Қарасын Күннің батыр да, —
Кегіңді қайра ақылға,
Жалғыз жортып шатылма
Аттанып жар сал, ер ұлым,
Ел-жұртыңды шақыр да.
Дүние — қоңыз, енші бер,
Соңыңнан ерген пақырға.

* * *

Бидің үйі,
Іленің жағасында.
Жақсы менен жайсаңның бәрі осында.
Қарасақал, ақсақал — алқалы топ,
Алдына алып бір істі қарасуда,
Бірі көнсе, біреуі таласуда.

Бірі олай тартады, бірі былай,
Бірі өзінше патша, бірі құдай,
Бір сәтте ұйып, бір сәтте іруін-ай,
Қазекемнің осы бір ырымын-ай.

Бірі әріден білгенсіп мысалдайды,
Бірі өзінше түңіліп, құшар қайғы.
Жүз лоқсып жүректе запыранын,
Бірі іштен тынады, құса алмайды.

Бидің бағып біреуі қас-қабағын,
Бүлк етуден бишара жасқанады.

Бірде бәрі жабылып біреуіне,
Жемтік көрген бөрідей бас салады.

Екі ортаны біреулер аңдасады,
Жең ұшынан жеңгенмен жалғасады.
Бидің ығын қалайша табамыз деп,
Бір-бірімен жыланша арбасады.

Ұйқылы-ояу би отыр данасынып,
Қақ төріне қауымның дара шығып.
...Би билігін күтуде Райымбек,
Алып ұшып жүрегі аласұрып.

Би дауысын бір сәтте кенеді де,
(Жұрт назарын аударсын дегені ме?!)
Қарт жырауға қаһарын атты келіп:
– Ылаң, дүбір саласың неге еліме?!

Атыспай да шабыспай тірлік құрып,
Тыныш жатқан жұртымды дүрліктіріп,
Арандатпай, жәйіңе жүрсең еді,
Иман сұрай аладан, құлдық қылып.

Тіршілікке тірек қып дін-арманын,
Жақсылығын күтуші ек бір алланың.
Кедей менен кепшікті айдап салып,
Келдің дағы сен, бейбақ, ылаңдадың!

Бас білмейтін байғұсты еліктіріп,
Қолтығына су бүркіп, желіктіріп...
Амал қанша, ұялам сақалыңнан,
Таспа алар ем жоныңнан керіп тұрып!

Бет алыпсың, халайық, бұрылмасқа,
Қалауыңды қақым жоқ ұғынбасқа.
Бір шартым бар "батырға" қоятұғын,
Жамыраспа, беталды шуылдаспа.

Басын тартпас "батыр" ғой, несі кетсін,
Басын тартса, сөз басқа, есі кетсін.
Топ ішінен таңдаған атын мініп,
Мына жатқан ілені кесіп өтсін!

Кесіп өтсін, қайтадан оралсын да,
Дуылдасқан дау-шарды доғарсын да,

Ақ күн тусын алдынан, тарта берсін,
Таңдап-таңдап елінен қол алсын да.

Шартым – осы!
Осыған шыдайсың ба?
Шыдамасаң, тынасың, құлайсың да.
Болсаң сосын боларсың, қол бастарсың.
Алдыменен бағынды сынайсың да.
Шыдайсың ба?
Бағынды сынайсың ба?..

Оны да біл: құның жоқ, суға кетсең,
Күнәлі өзің, жаныңды құрбан етсең!
Қайда жүрсең аманат бір құдайға,
Аман-есен осынау сыннан өтсең.

– Болса болсын, тәуекел, шыдап бағам,
Болашағым белгісіз, сұрақ маған.
Өлсем өлдім, өзіме өз обалым,
Ахиреттен орнымды бір-ақ табам.

Қайда барсаң, бәрібір, кірерің көр,
Қабылдайды қойнына түнеріп жер.
Қапталына түсіріп күреңімнің,
Қамыс артып, жігіттер, жіберіңдер!

Жарлы менен жақыбай намысты ойлап,
Артып берді екі тең қамыс байлап.
Тілсіз жауға тірексіз тура тартса,
Жылым жұтып, жігіттің бағы ұшпай ма?

Райымбек мінді де күреңіне,
Келді өзенге жетпек боп тілегіне,
Шым-шым қайнап, ширыға шұбатылған,
Тылсым дүлей алдында іле міне.

Оңтайлау жер осы-ау деп етпек еді,
Осқырынып күреңі беттемеді.
Жағада жүр жаны ашып жамырасып,
– Қайтсаңшы, өлесің ғой текке, – деді.

Тұрғанда ашу, намыс, сезім арбап,
Тоқтасын ба қауымның сөзін аңдап,
Қамшы басып күреңге суға атылды.
Өз есімін айқайлап өзі ұрандап.

Кәрі мен жас ұстасып жағаларын,
Жамырайды, білмейді не боларын.
— Кеш, аруақ, — деп, — тентекті! — жалынады
Жаудырады иманын, тобаларын.

Артқан қамыс тірліктің белгісі боп,
Демеу жасап, жылымға бергісі жоқ,
Ақ айдыннан екі бас көрінеді,
Адамның да, аттың да өлгісі жоқ,
Күрең жүзіп барады, өлгісі жоқ,

Жұрт назары — осынау ақ айдында,
Екі басқа еміне қарайды да,
Аруақтарды көрінен шақырады,
Талай аят оқылып, талай дұға.

Күрең менен жігіттің бағын ойлап,
Жалынады жағалау "а, құдайлап".
Екі басты қақпақыл қағып алып,
Әлдеқайда барады ағын айдап.

Ағынменен күрең ат жалдап кетті.
— Кетті!
— Өлді! — жағалау зарлап кетті.
Бір кісінеп жануар жіберді де,
Ағын айдап есен-сау ар жаққа өтті.

— Дауасы жоқ жан екен, оты жанған,
Ілесіңдер осыған оты барлар!
Су жол берген батырға мен жол бермей,
Қамауда ұстап қыранды отыра алман.

Барыңдар, әкеліңдер салға салып,
Сынайын сырттаныңды жауға салып.
Қияннан құйылып кеп қиратсын бір,
Қатарын бөрілердің қанжоса ғып.

Дауасы жоқ жан екен жаратылған,
Тұлпар екен тұғырдан дара туған.
Қамауда ұстап қыранды отыра алман,
Ұшсын, кетсін жай атып қанатынан.

Хангелдінің сауытын кигізіңдер,
Қыннан алып, қылышын сүйгізіңдер.

Сырымбеттің туының алдына әкеп,
Тәу еткізіп, басын да игізіңдер.

Шауламаған шабыты бала қыран,
Балалықпен қапыда қалары бар.
Баптап өзің батырды, қалауыңа ал,
Бас болғайсың балаға, дана-жырау.

...Қашаннан би кесімі бір кесулі,
Көнсең де, көнбесең де үйлесімді.
Білгеніңнен жаңылтып бидің десі,
Білдіретін кезі ғой білмесіңді.

Би кесті.
Қара халық қабылдады,
Қару алып, қол жимақ қабырғалы.
Жорыққа әзірленіп жатты қауым,
Қасынан Райымбек табылғалы.

Ақтабан шұбырынды.
Ақтабан шұбырынды...
Қадарсың қайда барып тұғырыңды?!
Қазақ жері — алып бір қара қазан,
Қазанда қайран жұртым қуырылды.

Ақтабан шұбырынды.
Қарғаған кім болды екен ғұмырыңды?
Жортпай тұрып үйрендің жығылуды,
Шаппай тұрып үйрендің тығылуды.

Ақтабан шұбырынды,
Ақ туың жығылулы.
Олақ қатын тоқыған алашадай,
Өрмегіңнің арқауы суырылды.

Жәннәтіңді жамсатып жау орнады,
Жатқаны анау өртеніп қара орманың.
Туырлығы туралып, тоқым болып,
Қаңқасы тұр қалқып қара Орданың.

Ақтық байлап, табынып тал-қайыңға,
Өтті күнің, сор қатып маңдайыңда.
Кетті қымыз жауыңның таңдайыңда,
Кетті қызың жауыңның борбайыңда.

Ақыныңа, серіңе, батырыңа,
Туысыңа қимаған, жақыныңа,
Тұяғымен ор қазған тұлпарларың,
Тулап кетті жауыңның тақымыңда.
Нәлет айтып кеш кірген ақылыңа,
Ана сүтің аузыңа татыды ма?!

Ертіс, Есіл, Жайық, Жем, Сағызға бар,
Бәрібір пана болмас ауызға алар.
Бәрібір моңғол шапсын, жоңғар шапсын,
Әйтеуір, қазақ алдымен бауыздалар.

Тобыл, Шу, Сыр мен Іле, Нұраға бар,
Арнасында наласы жылап ағар.
Қандай жаудың болса да қарауылы —
Қазақ байғұс қалқайып тұра қалар.

Өзіңнің тұрмағасын уысыңда,
Өз жерің өзіңе жат, құрысын да!..
Жер шетімен шекараң шектелсе ғой.
Жатса ғой алып мұхит шығысыңда.
...Жалғанның жартысындай мынау өлкең
Кім білсін, сорың ба әлде ырысың ба?!

Пайдаланып былығың-шылығыңды,
Жауың кеп шырылдатты шыбыныңды.
Жау да, өзің де ыластап тұнығыңды,
Жаяу ұстап қолыңа құрығыңды,
Қайда босып барасың, қайда, қайда?
Ақтабан шұбырынды!
Ақтабан шұбырынды!!!
Ақтабан шұбырынды!!!

...Боса берген.
Артына қарамаған.
Өзіне жат өз жерін аралаған,
Тау қуысы, өзенді сағалаған.
Бірі барып құл болып Хиуаға,
Екіншісі орысты паналаған.

1971

ӘЙЕЛДЕР-АЙ!

Әйелдер-ай!
Әйелдер-ай!
Қандайсың?!
Әдемі боп кетіпсің ғой әрқайсың,
Біреу жеріп тұрса дағы қалмайсың,
Біреу сүйіп тұрса дағы бармайсың.
Әйелдер-ай!
Әйәйлер-ай, қандайсың?!

Әйелдер-ай!
Әйәйлер-ай, қулар-ай,
Жанарлардың жауын алып тұрғаны-ай!
Біле тұра бүйректерің бүлк етіп,
Кетесіңдер тыңдай тұра тыңдамай.
Әйелдер-ай!
Әйәйлер-ай, қулар-ай!

...Әйелдерді еркектерден көп дейді.
Ойбай,
Ойбай!..
Бола берсін көп, мейлі!
Әйел деген әдемі ғой, әдемі,
Әдемілік бізге көптік етпейді...

1972

ЖАЛҒЫЗ ТЕРЕК

Жас терексің жапырақ жая алмаған,
Біз — жолаушы саяңда аялдаған.
Біз кетеміз, қаласың, тұлдыр терек,
Салқын бола алмады саяң жаман.

Сая бола алмайсың, мына бізге,
Неге ғана біткенсің құла дүзге?!
Тірі болсақ, соғармыз өскеніңде,
Біздің жақтан, әйтеуір, құлақ үзбе.

Біз кетеміз, бұл жерде сен қаласың,
Иемденіп қазақтың иен даласын.
Киелі ағаш, мүмкін, сен атанарсың,
Саялатып үш жүздің бел баласын.

...Жас терек,
Жалғыз терек жапаңдағы,
Жайқал, өс, киелі ағаш атан дағы.
Ақтық байлар адамның есіне сал,
Жауынгерлер болған деп қатардағы.

5.02.1972

КІМІҢ БАРСЫҢ?

Ағымнан бір жарылайын десем де,
Ақ көңіл жоқ не өзімде, не сенде.
Япыр-ау, осы маған не болды?
Теңдерімді қайта буам, шешем де,
Қазынамды ақтарайын десем де.

Сараңданып, тағыланып барам ба,
Сен жаман ба әлде өзім жаман ба?
Жолай алмай жібі түзу адамға,
Сорым қайнап шыныменен қалам ба,
Жалғызсырап мына думан заманда?

Іш тартып ем ананы да мынаны,
Бірі күліп, бірі өтірік жылады.
Әне бірі айрылысар дос екен —
Тірі жанға қимасымды сұрады.
(Мен қимаймын, сырт береді ол, тынады)

Десем де бір жарылайын ағымнан,
Тірі пенде таба алмадым жанымнан.
Құтыла алмай қойдым бұлдыр сағымнан,
Құстар ұшты құлазыған бағымнан.
Кімің барсың, жарылайын ағымнан?!

05.02.1972

САРАЛАҚАЗ ОРАЛДЫ

Сазға тағы оралды саралақаз,
Сарша тамыз тағы да бола ма жаз!
Күрік басар ақ тауық күлге аунаса,
Күнге қарап шақырар бала қораз,
Сарша тамыз тағы да бола ма жаз?!

Түгасқан бұлт айналып, ығысқанда,
Күн күркірер батыстан, шығыстан да.
Сөжемнің де баратын күні туар,
Алыстағы жатбауыр туысқанға.
(Із салмады, шіркіндер суысқан ба?!)

Шілде туып, тағы да жаз бола ма?
Аққу ұйықтап, айдынға қаз қона ма?
Қызды ауылға күніне қырық барып,
Желік пайда бола ма бозбалаға?

Салқын жайлау, самал жел, саумал бұлақ,
Жатар ма екен көпіршіп, таудан құлап?
Биыл жазда тағы да көгере ме,
Былтыр күзде қуарып қалған құрақ?

Сарыуайым салудың не керегі,
Көгереді, бәрі де көгереді!
...Көп досымды жоғалттым осы қыста,
Келесі жаз, білмеймін, не береді...

Саралақаз оралды сазға тағы,
Ақ тырналар аспанды боздатады.
Сүқсыр көкек тоғайдан сұңқылдаса,
Қай-қайдағы мұңымды қоздатады...

02.1972

ҚҰЛЫНЫМ ҚАЙДА?

Қараңғы түн.
Екі көз оттай жанды.
Қырға іліктік,
Сонді де, тоқтай қалды.
Қан қысымы кетті ме көтеріліп,
Машинаның жүрегі соқпай қалды.

Күйіп-пісіп шопыр жүр шыр айналып,
Жол шетінде бастығы тұр ойланып.
Тағат қылмай аулыма жаяу тарттым,
Машина да, бастық та былай қалып.

Жаяулатып, ақырын жүріп келем,
Құлыным қайда

Құрыққа ілікпеген?
Алақаннан жем жеген аяулым-ай,
Тірі жаннан тіксініп үрікпеген!..

Боз биенің ақырғы кенжесі еді,
Кедей үйдің жалғызы теңдес еді.
Алақаннан аз ғана жем жесе егер,
Енесін де бұрылып ембес еді.

Әсте бір шығармайтын мені есінен,
Бөлініп келуші еді енесінен.
Құйрығын тігіп алып жөнеуші еді,
Ақырын шертіп қалсам төбесінен.

Ойнаушы ек мен де бала, ол да бала,
Ұқсатушы ем жүйрікке, жорғаға да.
Жылқы ішінен құлыным кісінесе,
Көңілім тыншитұғын сонда ғана.

Балалықты қалдырып тас қып буып,
Өтті жылдар, кеттім мен жастық қуып.
Құлпырып құнан болған құлынымды,
Қайтейін, үлгермедім бастықтырып.

Қалды құнан, қалды ауыл, қалды мекен,
Құнанды иемденген жан кім екен?!
...Ерте тұрып жылқыға барайыншы,
Кіндігінен бір тұқым қалды ма екен...

6.02.1972.

СӘУІРДЕ

Сәуір туды, жас жігіт бұйығы әлі,
Қатал қыс әлі әмірін бұйырады.
Төрінен көрі жуық науқас шалдың
Қолына су құяды, қиылады.

Қырсық шал қиғылықты салды-ау дейсің,
Бала жігіт қызарып қалды-ау дейсің.
Ақ таяғын тонға ұрып, аспақ бөркін
Ашулы шал бір сілкіп алды-ау дейсің.

Берер емес билікті жат қолына,
Билік құрып ақбас шал тақ қорыған.

Көк шекпенін көктемнің қаламайды,
Қаламын деп айрылып ақ тонынан.

Әлепат шал әлі де борбайлады,
Ұнамайды жігіттің тонды ойғаны.
Дүниені өткізу актісіне,
Қасарысып, қыңыр шал қол қоймады.

Тектен текке тентек шал тыраштанды,
Тонды тесіп қызғалдақ гүл ашқан-ды.
Президент сайланып жігіт-көктем,
Найзағайдың қолымен расталды.

Әмір келіп аспаннан, түү алыстан,
Дүниенің жүзінен шуақ ұшқан.
Асқар таудың басына шал жерленіп,
Президент жылап тұр қуаныштан.

6.02.1972

ҚАРА ӨЛЕҢ

Қалқам,
Мен Лермонтов, Пушкин де емен,
Есенинмін демедім ешкімге мен.
Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.

Жат жерді жастанғанда жазатайым,
Қанымен жазды, мүмкін, ағатайым.
...Қасиетіңнен, қара өлең, айналайын,
Қазақтың дәл өзіндей қарапайым.

Түзу-түзу тілінген таспадайын,
Қамшы өремін таспадан басқадайын,
Қаламасаң қамшымды, аулақ жүргін
Қараша үйдің есігін ашпа, ағайын!

Түзу-түзу жыртылған аңыздайын,
Аңызыма неге нәр тамызбайын.
Қара өлеңі қазақтың қаза болса,
Қара көзден неге қан ағызбайын.

Іздемпаздық менің де бар өнерім,
Будан жасап бидай мен тары егемін.

* Бұл екі жолды баспагерлер былай өзгерткен:
"Қара өлеңін қазақтың қаламасаң
Қараша үйдің маңайын баспа, ағайын."

Қазан-миым бәрін де қайнатады.
Дара қойып қазақтың қара өлеңін.

Абайға тән — маған да тән сыбаға,
Келсін мейлі, келмесін тәржімаға.
Осы менің отырып оңашада
Оқитұғын намазым әр жұмада.

Ақынмын деп қалай мен айта аламын,
Халқымның өзі айтқанын қайталадым.
...Күпі киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып өзіне қайтарамын...

6.02.1972

КӨЗІҢ НҰРСЫЗ ДЕЙСІҢ СЕН

...Содан бері шыныммен жыламадым,
Сүріндім ғой, қойшы оны, құламадым.
Көзің нұрсыз дейсің сен әлде әзілің,
Әлде бір шыныңмен-ақ сынағаның.

Оның рас, несіне қынжыламын,
Нұрсыз көздің көрсеңші тұнжырауын.
Жанарымның жартысы ағып кеткен,
Себебі бір-ақ рет шын жыладым.

...Атғанды әкем жау туын құлатуға,
Қуат берсін, жетсін бір мұратына.
Желе жортып артынан ілестім мен,
Қонып алып әкемнің құла атына.

Ақпан еді бүріккен үскірігін,
Шырылдатып бұрқасын ысқырығын.
Ес білгелі ең алғаш жылағаным,
Кешіргейсің, есіме түсті бүгін.

Жылайын деп онда мен жыламадым,
Шыдамадым, қайтейін: шыдамадым,
Алпамыстай әкемнің өкіріп кеп,
Көріп қалдым шанадан құлағанын.

Болсам дағы тұңғышы, шөлдегені,
Маңдайымнан иіскеп көрмеп еді.

Өкіріп кеп аймалап, жылап жатыр,
Тік көтеріп қойды да жерге мені.

Өзі күйреп жатқанда шаңырағым,
Шыныменен сонда мен аңырадым.
Өкіргенде тау тұрды күңіреніп,
Сондағы әке — қазіргі Аруағым.

Қауым келіп қаумалап, алып кеткен,
Қап-қараңғы дүние, жарық кеткен.
Көзің нұрсыз дейсің сен,
Сонда менің,
Жанарымның жартысы ағып кеткен...

7.02.1972

АТАМА

Өкпем де жоқ емес-ау саған менің,
Назымды тыңдайсың ба?
Саған келдім.
Екеуміз ортақтасып үй салып ек,
Күн шалмас теріскейін маған бердің.

Өкпем де жоқ емес-ау саған менің,
Жосықсыз кінәшілсің — жаман жерің.
Төзгісіз қылығыңды қырқып тастап,
Төзімді мінезіңмен қалар ма едің.

Өкпем де жоқ емес-ау саған менің,
Кейімесем, саған мін тағар ма едім.
Сарқылмас берекенді үлестіріп,
Сарқытын сараңдықтың маған бердің.

Сараңмын, сараңмын мен, сараңмын мен,
Сараңмын сауат ашып, санам кірген.
Балаңа сен қимаған берекені
Ақсақал-ау, айтшы өзің,
Табам кімнен!?

...Өкпем де жоқ емес-ау саған менің,
Ойланшы,
Сен осындай адам ба едің?
Баяғыдай тізеңе отырғызып,
Баяғыдай болсаңшы панам менің!

7.11.1972

КЕШІРГІН, ҚАЛА!

Көгенде қозы,
Желіде құлын байлауда.
Жерошақ бықсып,
Қазанда бағлан қайнауда.
Қазақы үйдің қайыра түріп іргесін,
Қайғысыз, қамсыз отырушы едім жайлауда.

Сап-сары қымыз сарқылмаушы еді кеседен,
Отырушы едім көгеріп, шалқып көсегем.
Оңымнан Айым, Жұлдызым туып солымнан,
Бақытты екем жаралған ерек пешенем.

Ол дағы өтті...
Оны да місе тұтпадым,
Нәр алдым, бірақ нәсілге ол да жұқпады.
Қалаға келдім,
Тас үйде тұрмын, тамаша!
Тауықтың еті, жүзімнің суы жұтқаным.

Тамаша қала!
Обалы босқа не керек.
Құйысқан өріп, жатпаймын таға шегелеп.
Алып қаланың аздаған шуы болмаса,
Қызылда-жасыл, қым-қиғаш әсем төңірек.

Қалада мынау тұрмыс та ерен, күй де ерен,
Көрместі көріп, білместі біліп, үйренем.
Сәл ғана жаным қинала қалса, дүрлігіп,
Дүниенің бәрін шақырып алам үйге мен.

Дерт дейтін дерт жоқ,
Дертсіз де қажып ауырдым.
Ем болар ма екен түтіні туған ауылдың?!
Қайырымды қала,
Кешіргін мені, қайтейін!
Жатайын барып төсінде асқар тауымның.
Кешіргін мені,
Көк жайлауымды сағындым!

8.02.1972

МЕН – ҮЙСІНМІН

*"Кіші жүзді найза беріп жауға қой,
Орта жүзді қамшы беріп дауға қой
Ұлы жүзді қауға беріп малға қой."*

Мұқағали Мақатаев

I

Мен – Үйсінмін,
Қауға берсең, қауға бер,
Қан ағызып, үйренгем жоқ жаулап ел.
Дауы да жоқ, жауы да жоқ, тып-тыныш,
Бауырларым, біздің асқар тауға кел!

Мен – Үйсінмін,
Мал бақ десең, мал бағам,
Еш жамандық көргенім жоқ қауғадан.
Мен – Үйсінмін,
Ұлы жүзбін, ұлымын,
"Ұлымын" деп ұлыққа да бармағам.

Ортадан да, Кішіден де кішімін,
"Ұлымын" деп көрсетпеген қысымын.
Ел басына екіталай күн туса,
Екі інімнің найзасының ұшымын.

Мен – Үйсінмін, Ұлы десең, ұлымын,
Кісіліктің, кішіліктің құлымын.
Бөлінбеген еншім даяр, екі інім,
Желпідетіп жетіп келсе тұлымын...

II

Мен Үйсінмін,
Білсең, інім, – сыйлы ағаң.
Кездерің көп өзінді-өзің қинаған.
Қамшы үзіліп, найза сынып тұлданған.
Заман болған туған жерге сыймаған.
Шақтарыңда бір осылай ірге ауған,
Өздеріңмен бір болғам:
Жерімді де, терімді
Екеуіңе сыйлағам.
Мен Үйсінмін,
Білсең інім, – сыйлы ағаң.

Мен айтайын өткен күнді сырға қан.
Ауыл болды, қауым болды талай-ақ,
Сабау басты ауа келген ұл балаң.
Мен – Үйсінмін
Білсең інім, – сыйлы ағаң.
Төрім бердім, қызмет қылдым бір заман,
Өткен тарих осылай дейді сырға қан.
Бауыр көрдім,
Бәрін бердім,
Қымбатым жоқ қимаған.
Бірақ бүгін ұрпағыңның
Еруіме қаруы жоқ қылығына қиналам...

ЭПИЛОГ

Аталарға ұқсап туған,
Арлы ұлыңды сыйлағам,
Қазақ атын ұстап тұрған
Асқар ұлды сыйлағам
Дәл өзіме ұқсап тұрған
Дос құрбыны сыйлағам.
Мен бұларды "сыйыр бүйір"
Ол біреуге қимағам.
Тамаша бір бұл заман
Шығады неге қилы адам?..

8.02.1972

АЛ, ДОСТЫМ, АЙРЫЛАЙЫҚ

Тамшыңды да қалдырмай, төкпей сені,
Жиырма жыл достастым, жетпей мен енді?
Дұшпан деген дұшпан ғой, табаласын,
Доғарыл досқа күлкі етпей мені.

Күйінгенде мұң шақтым саған келіп,
Қуанғанда өзіңнен алам желік.
Бір шайхана жоқ шығар осы маңда
Мен кірмеген сірәда сәлем беріп.

Еркін барып, есігін бір ашпаған
Жоқ шығар асхана да, ресторан.
Бір маскүнем сірәда қалды ма екен
Бір тиынын менімен құраспаған?!

Шарап десе, шаттанып, құрақ ұшып,
Болса — өзімнен, болмаса — сұрап ішіп,
Оралғанда үйіме, шешем тұрды:

Және мас боп келді, — деп, — мына күшік.

Бастарыңда топан су, ақырзаман,
Бас көтере алмады қатын-балам.
Бөгелкелес "достардан" басқа жан жоқ,
Бөсіп кеткен кезімде мақұлдаған.

Жиырма том жазатын кезімде мен
Жиырма жыл достастым өзіңменен.
Амалым жоқ, ал, досым, айрылайық,
Жаралмапты темірден төзім деген...

02.1972

АЗАЙЫП БАРА ЖАТЫР

Неменеңе жетістің, бала батыр?
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр.

Ақыл айтып жүрмесе қасымызда,
Сонда орнайды жетімдік басымызға.
Жалаңашқа шекпенін шешіп беріп,
Бір күшесін бөліскен ашымызға.

Арсыз күлкің тыйылмас, жылауың да,
Айтысың да басылмас, ылаңың да,
Араздасып ағайын кетер еді,
Бір қария болмаса бір ауылда.

Біз қария болғанша,
Кім біледі,
Баламыз да шал болып үлгіреді.
Бір-бірінен екі шал асамын деп,
Кім біледі.
Бір-бірін бүлдіреді.

Ақиқатты айқындап жариялар,
Бара жатыр азайып қариялар.
Дауыл тұрса бұлк етіп толқымайтын,
Бара жатыр сарқылып дариялар...

1972

АДАСҚАНДА

Адастық білем бұл тауда,
Аспан қайда, ай қайда?
Мына бір меңіреу мылқауға
Айғайла, Тоқаш, айғайла!

Бел шешіп жатар кешкісін
Береке қайда, жай қайда?
Шопанның иті естісін,
Айғайла, ойбай, айғайла!

Бет алған жақтан қайта алмай,
Тарттық та кеттік екеуіміз.
Иманымызды айта алмай,
Ұшып өлер ме екенбіз?!

Мына құздан шыға алмай,
Өмірменен қоштасып,
Үнімізді шығармай,
Қалар ма екен тас басып!!!

Айғайла, Тоқаш, айғайла,
Сайға тарт, ойбай, сай қайда?!
Асқары құрсын, адастық,
Сайға тарт, Тоқаш, сай қайда!?

9.02.1972

САЛ-САЛ ЖЫРЫМ

Сал-сал жырым, сал жырым,
Ағытыл, алтын сандығым.
Сен бар жерде баймын да,
Сен жоқ жерде жарлымын.
Сал-сал жырым, сал жырым.

Тыпыршушы едің кермеде,
Тыңдың да қалдың сен неге?
Тымырсып барып біткенше,
Өртеніп кеткін, өр неме!
Өртеніп кеткін кеудеде!

Қаршығам едің қағынды,
Қағынбай қалдың, нағылды?

Тояттап тұрсаң ұша алмай,
Жабулы қазан жабулы,
Бықсытпа менің жанымды.

Не болды саған, жолдасым?
Қарайсың өзер, болмашы.
Қарусыз сенсіз қалдым мен,
Тұтқынға түскен қолбасы,
Не болды бізге, жолдасым?!

12.02.1972

АҚҚУ ДЕГЕН

Жанымды үңгіп жанарың жеп барады,
Неге сонша телміріп көп қарадың?!
Доп қарасам мен саған өртенерсің,
Өртенерсің, қарама, кет, қарағым!

Аққуды атар мергенің мен емеспін,
Ажал оғын алған жоқ менен ешкім.
Айдын көлдің аққуын арашалап,
Аттан салып талаймен төбелестім.

Тауы — құмға, айналған жаны — мұңға,
Қорғаушыңды, аққуым, таныдың ба?
Неге сонша телміріп көп қарадың,
Мият тұтып, мұң шағып, жалыну ма?
Пана таппай жалғанның жарығында.

Неге?
Неге қарайсың соншама ерек?
Айырмамыз, арамыз сонша бөлек.
Аққу деген — адал құс, айналайын,
Айдынына аман-сау қонса керек...

12.02.1972

МҰҢ БАСҚАНДА

Мұң басқанда,
Не жетсін сырды ашқанға,
Келейінші бір барып сырлас жанға.
Көзім алды — көк тұман, жанарда — жас,

Көлеңкелеп көңілді кір басқан ба?
Келейінші бір барып сырлас жанға.

Бірге бастық өмірдің кезеңдерін,
Бірге кештік көлдерін, өзендерін.
Бір жан мені тыңдаса, сол тыңдар-ау,
Түсінер-ау, жанымды сезер менің.

...Қоңырауды қолымен басып тұрып,
Жібердім бе орынсыз асықтырып?!
Ойыны ма, шыны ма, сырлас жаным,
Жауып алды есігін ашып тұрып.

Әрі күттім, амалсыз, бері күттім,
Кемесіне жармасып кер үміттің.
Тайды қолым, құрдымға құлап түстім,
Мінемін деп бекерге желігіппін.

Болсам егер кінәсіз, безіне ме?!
Оңбаймын ғой, обал жоқ өзіме де.
Шолжаңдаған еркімен шортан байғұс,
Тасқа соқпай тұмсығын сезіне ме.

Тел қозыдай шіркінмен телі өсіп ем,
Шығарды ма шынымен мені есінен?!
...Аңырамын иесіз жағалауда,
Айырылып достықтың кемесінен.

Сырласқанға не жетсін мұң басқанда,
Сырласатын менімен сырлас бар ма?!
...Есім кіріп, көзімді бірде ашқанда,
Астымда – Жер,
Ай, Жұлдыз, – тұрды аспанда...

12.02.1972

ДӨҢГЕЛЕ, ЖЕР

Жер, айналдың,
Мен төсіңе жайғастым.
Саған мініп,
Аспан бардым, Ай бастым.
Дөңгеле, жер; дөңбекші, жер; айнал, жер,
Арқаңнан мен айырыла қоймаспын.

Саған мініп,
Қар да бастым, қан бастым,
Өліп барып,
Өміріңмен жалғастым.
Қайта туып,
Қайта тұрып қабірден,
Қарғып мініп жалыңа мен жармастым.

Мейлі, мені топырақ жауып, шаң бассын,
Жыл, ғасырлар мәңгілікпен алмассын.
Теріңді үгіп,
Сенің алып жотаңда,
Әйтеуір, мен оқыра боп қалмаспын.

Менсіз жаздар,
Менсіз қыстар, күз өтер,
Мен бүлдірген жон теріңді түзетер.
Өлігім де,
Өлсем егер, мәңгілік
Екі-үш метір пұшпағыңды күзетер...

13.02.1972

ОҚЫШЫ ОМАР ҒӘЙӘМДІ

"...Біз Нишапурда болғанымызда, қасынан үлкен ұра қазылған кезде де ол ұра шарап құтысының жарықшақтарына толы бейітке өңіріп, ұлы ақын Омар Ғәйәмға ғибрат еттік. Рәсім бойынша, Ғәйәмнің басында болған адам бір құты шарап ішеді де, ыдысын оңға лақтырып жібереді, құтының сынықтарына толған ор әлсін-әлі тыртылады да, артынан қайта толып кетеді. Одан кейін де Персияға бірнеше рет барғанымда, ең парасатты данышпан сүйікті ақыным Омар Ғәйәмнің басына ылғи барып жүрдім. Мен Омар Ғәйәмнің барлық өлеңін парсыша да, орысша да жатқа білем. Москвадағы біздің біріккен патерімнің барлық қабырғасына Омардың ұлағатты сөздері жазылған"

Лонго

Бәрібір,
Бізді ішкіш деп жүр ғой,
Аяулым,
Ішіп қайталық,
Басына барып Ғәйәмнің.

Көземіз мәйға*,
Көзіміз жасқа кенеліп,
Азан салайық;
– Оянғын, баба, оянғын!

Хан менен бектен,
Молда мен шонжар, күштіден,
Жүр ғой Сізді қиянат көріп ішті деп.
Оянғын, баба,
Отырайық бір кәйіп қып.
Біздің шараптар Сіздің мәйлардан күштірек.

Сөз көрген, баба,
Қиянаттарды көрмей біз,
Рақаттарды кешіп жүріп-ақ шөлдейміз,
Тірі пенденің тілін алмаймыз, көнбейміз.
Қоймайтын болдық,
Өзіңізге ұсап өлмей біз.

Көрдiңiз қиянат,
Көрмей-ақ бiздер iшеміз.
Басымыздағы бақыттардан да күсемiз,
Қазылған орға өзiмiз iздеп түсемiз.
Қайтеміз еңдi?
Ұлы бола алмай iшеміз.

...Бәрібір бізді,
Ішкіш деп жүр ғой, аяулым,
Көтеріп жібер,
Көңілің неден қаяулы?
Не деген екен?
Несі бар осы заһәрдің?
Оқышы тағы, оқышы Омар Ғәйәмді!

13.02.1972

СЕРГЕЙ ЕСЕНИНГЕ

Ех, Сергей!
Сергей, Сергей, Сергей, Сергей!
Түстім-ау сергелдеңге мен де сендей.
Аулаққа, тым аулаққа кеттім білем,
Жаны ашып ақыл берген елге сенбей.

* Мәй – шараптың түрі.

Мен дағы сол жақтанмын,
Ауылданмын,
Ауылдың аруымен ауырғанмын.
Өзіңді Мәскеу қалай қабылдаса,
Алматы мені солай қабылдады.

(Менің де өкіндірер өткенім көп),
Атқа міндім, алысып теппедім доп.
Мен дағы малды сүйем, итті сүйем,
Інімнің маңдайынан шерткенім жоқ.

Шаршағанда ширығам шарап ішіп,
Саған ұқсап менің де жанады ішім.
Құлағыма сыбырлап "құран" оқып,
Иектейді мені де "Қара кісім".

Мен де сендей, Серега, күнөдамын,
Жыр азабын тартамын, тіл азабын.
Туған ауыл, туған жұрт қайда барсам,
Қайда барсам, қасымда Рязаным...

Сергей!
Сергей, Сергей, Сергей, Сергей!
Бір ауылдан екенбіз мен де, сен де.
...Басым сынып барады, басым сынып,
Жөндесем де болмайды, емдесем де.

13.02.1972

ШҰҒЫЛА – АРМАН

Бәрін де түйсін, білсін тылсым кеуде,
Қосылсын дүрсіл келіп дүрсілдерге.
Күрсінсең, аспан болып күрсін, кеуде,
Жай оты жанар болып жүрсін менде.

Бұлттардың салмағынан күрсінгенде,
Ақ нөсер ақтарылсын тылсым жерге.
Күрсінсең, аспан болып күрсін, кеуде,
Шұғыла арманым боп тұрсын менде.

Ашылсаң, аспан болып ашыл, кеуде,
Таратсын ақша бұлтың шашын желге.
Жарқ етсін көкжиектен жүрек-күнің,
Ақтарып әппақ нұрын шашып жерге.

Жүрегімнің сауыты – тылсым кеуде,
Тынымсыз дүрсілдеуде, дүрсілдеуде.
Көктемдегі аспандай күркіреді,
Болар-болмас жүрегім күрсінгенге...

14.02.1972

ЕРТЕҢ БІЗ ЖОЛ ЖҮРЕМІЗ

Жасың бар, жігіт-желең, шалдарың бар.
Ертең біз жол жүреміз, қамданыңдар.

Жол ұзақ, биік асу, сапар алыс,
Жаз өтер, күз де кетер, тақалар қыс.
Қамданыңдар. Болашақ деген елге,
Қандай біз сый-сияпат апарамыз.

Қорқауды, өсекшілді қатарға алма,
Кеселін тигізеді сапарға алда.
Не бетімізді айтамыз Болашаққа,
Жат қылықты қалдырмай апарғанда?

Жамандық атаулыны қалдырыңдар,
Суға батыр, отқа өрте, жандырыңдар.
Болашақ деп аталған өлмес-өшпес,
Жақсылықтан жаралған тағдырың бар.

Қыз-қырқын, жігіт-желең, шалдарың бар
Ертең біз жол жүреміз, қамданыңдар!
...Тірі жетсең, Болашақ өзі айтады,
Қайсыңның қанша пұттық салмағың бар.

14.02.1972

* * *

Су тасып, көктемде өзен тулағанда,
Жаз келіп, жасыл орман шулағанда,
Күз болып, жапырақтар құрағанда,
Қыс тұрып, аяз бетті тырнағанда.

Сайрандайсың көктемнің бақтарында,
Аунайсың жаздың жұмсақ мақпалына.
Күрең күздің кешінде күреңітіп,
Оранасың аяздың ақ тонына.

Бәріне де көнесің,
Көнесің де,
Отырасың, тәубаңа келесің де.
Дауыл ұлып жатады, толқын ұрып,
Шайқаласың өмірдің кемесінде.

Қарасаң жерің де айдын,
Көгің де айдын,
Өзің жайлы, ойлайсың өмір жайлы.
Түсесің уақыттың тезіне бір,
Ұрлайды...
Сені ұрламай нені ұрлайды?

Су тасып, көктемде өзен тулар тағы,
Жаз келіп, жасыл бақтар шулар тағы,
Күз болып, жапырақтар құрар тағы,
Қыс түсіп, аязы мен аппақ қарын
Өкінбе, саған артпай кімге артады?..

14.02.1972

МАСТЫҢ МОНОЛОГЫ

Ақымаққа болмайды ақыл айтып,
Алдап кетер көзіңді бақырайтып.
Ағажан, маған несін әуре болдың
Бір ауыз сөзіңізге татымайтын.

Басуға күш жоқ менде мас желікті,
Ақыл бермей, тәңірім бас беріпті.
Бір түйір ақыл қонбай кетіп барам,
Мінеки, қырық бірге жас келіпті.

Жоламай құрбыларым сырласуға,
Інілер ажуалап құрдасымдай,
Әлі де қылтың-сылтың жүр басылмай,
Базарда беті ашылған ұрғашыдай.

Меңдегі көрік бөтен, желік бөтен,
Ит құйрығын бұлғаса, еріп кетем.
Кім білсін, анам мені көтергенде,
Есектің миына әлде жерік пе екен?

Ағажан, сөзіңізге татымайтын
Ақымаққа қайтесіз ақыл айтып?
Тартты, әне, ол мүйістегі шайханаға,
Баса киіп кепкісін жапырайтып.

14.11.1972

* * *

— Бір адам өлсе,
Бір жұлдыз қоса сөнеді, —
Бір кезде біреу осылай маған деп еді.
Есімде әлі біреудің былай дегені:
— Бір адам туса,
Бір жұлдыз бірге келеді.

Сенбесең сенбе,
Осыған, әйтеу, мен сенем.
Құлазып қалам, бір жұлдыз ағып сөнсе мен.
Несі бар оның?
Айып па адам тағдырын
Бүкіл ғаламның биіктігімен өлшеген?!

Аспаңда кейде,
Бір жұлдыз ағып баратса,
Тұрам да қалам,
Бұралмай қалған сағатша.
Керемет неткен!
Адамның келте өмірін,
Жұлдыз бен Жердің қашықтығынан жаратса.

15.02.1972

АСЫҒУ КЕРЕК

Асығу керек,
Асығу керек,
Асығу керек, асығу!
Алдыңда — биік асуың.
Асығу керек, жылдамдығыңдай сәуленің,
Артыңа тастап найзағайлардың жасынын!

Асығу керек,
Тыңдыру керек барлығын.
Ешкімнің күтпей жарлығын!
Апармай кешке, асығу керек, асығу,
Түстегі ісіңнің қалдығын!

...Қайран күндерім,
Асықпай қамсыз өткердім.
Ақымақтығымды,
Апыр-ау, немен шектермін?!
Қолымнан келсе,
Қыста егін салуға әзірмін,
Келуін күтпей көктемнің.

Қолымнан келсе,
Уақыт деген өлшемді,
Жоқ қылып мүлде көрсем бір.
Қолымнан келсе,
Ойымның жылдамдығындай,
Жарықтың дағы тездігін тежеп,
Жеңсем бір.

Асығу керек,
Асығу керек қалайда!
Уақыт саған қарай ма?!
Асығу керек.
Асығып жеткен арманның
Аппақ сәулесі,
Түссін де тұрсын самайға.

15.02.1972

АЙ – АСПАНДА, МЕН – ЖЕРДЕ

Мен де жалғыз,
Аспанда Ай да жалғыз.
Тып-тылсым.
Тыңдап тұр ма айналамыз?!
Мен – Жерде, Ай – аспанда,
Екеуара
Үн-түнсіз сырласамыз, ойланамыз.

Сен менің қол жетпейтін қиялым ең,
Барынша бар нұрыңды құя білген.
Сұр бұлттың сығаласаң арасынан,
Қымсынып талай-талай ұялып ем.

Жайдары ең, жасқанбаушы ең, жайнаушы едің,
Жамылып ақ сәулеңді ойнаушы едім.

Шығыстан шарадай боп көтерілсең,
Шынымен құдірет деп ойлаушы едім.

...Тоқтай тұр, айтарым бар, тығылмағын,
Бас ұрып, неңе сонша жығылғамын!?
Жылусыз, нәрсіз, түссіз жылтыраған,
Сыртың ғана екен ғой құбылмалы.

Сұлуым, сұрың маған сондай бөтен,
Сұлу да осыншама сорлай ма екен?!
Құдірет сен емессің, өзім екем,
Өзіме табынбасам, болмайды екен!!!

15.02.1972

ЖАЛҒАСЫ БАР

Жалғасы бар,
Жырымның жалғасы бар,
Жырларым, жылдарменен жалғасыңдар.
Сел жырым ақтарылса арнасынан,
Селкідеп тау мен тасың зорға шыдар.
Жалғасы бар,
Жырымның жалғасы бар.

Әр ойдың өзер-өзер иіп басын,
Әрәдік аламын да күйіп-тасып,
Айта алмай айтарымды амал құрып,
Әзірге жүрген жай бар тиіп-қашып.

Жайттарды жаным сезіп, көзім көрген,
Бере алмасам ғаламат сезімдермен,
Болашақ, қарғыс айтқын, безіңдер де,
Айтпасам айтарымды кезінде мен.

Жақтасаң да өзің біл, даттасаң да,
Соттасаң да еркің бар, ақтасаң да.
Мен де жұмбақ адаммын, оны да ойла,
Мыңмен жалғыз алысып жатпасам да.

Байғазы етіп байлаған халқым маған,
Менің де бір күйім бар тартылмаған.
Менің де тұғырдағы қыраным бар,
Асқар шың, аспанды аңсап, шаңқылдаған.

16.02.1972

ТЕҢІЗГЕ БІР БАРАМЫН

Көргенім жоқ теңіздің тулағанын,
Естігем жоқ шағала шулағанын.
Аспанда емес, теңіз де жерде шығар,
Жерде болса, әйтеуір, бір барамын.

Сапар шегіп теңізде жүрмеп едім,
Тірі болсам, оны да бір көремін.
Тоғыз бал ма, білмеймін, тоқсан бал ма,
Көрсем деп ем керемет дүрбелеңін.

Тулап-тулап, ақыры тербетіле,
Өзі риза өзінің келбетіне.
Моп-момақан, мөддіреп жатар ол да,
Мүләймсіп иегін жерге тіреп.

Тірі жүрсем, қалайда барып көрем,
Ойнап көрсін меңдегі шабытпенен,
Ізсіз-тозсыз жоғалған кемелердің,
Кегін, құнын теңізден алып берем.

Тірі жүрсем, теңізге бір барамын,
Жұрт барып жүр, мен неге құр қаламын?
Дауыл менен толқынның арпалысып,
Көрсем екен долының тулағанын!

17.02.1972

КЕТЕР МЕ ЕКЕМ...

Бірде олай ауытқып, бірде бұлай,
Бір байламға келе алмай жүргенім-ай.
Таулы аймақтың ауасы секілденген
Аумалыда-төкпелі күндерім-ай!

Аяз қарып, аптаптың жандыруы-ай,
Бірі шаттық, бірі мұң қалдыруы-ай.
Не туары белгісіз жүкті әйелдей,
Не болары белгісіз тағдырым-ай!

Өз-өзінен өзегім өртенгенде,
Өз-өзімнен түңіліп, жеркенгенде,
Сары ауру сарғайтқан науқастайын,
Үміт күтем бүгіннен, ертеңнен де.

Нені күтем;
Не керек осы маған?
Аяқ-қолым, жанарым, басым аман.
Шаруаның баласы емес пе едім
Күшіменен тамағын асыраған?!

Өмір деген осынау майданда бұл,
Қолбасы да, қорқақ та сайрандап жүр.
Өмір менен өлімнің ортасында
Кетер ме екем келе алмай байламға бір?!

17.02.1972

ТАУҒА КЕЛСЕҢ

Тауға келсең, қыста емес,
Күзде келгін!
Қарсы алдыңнан табылар іздегенің.
Жапырақтың көресің әлі дағы,
Тіршіліктен күдерін үзбегенің
Ойландырар шақ қой бір күз дегенің.

Ойландырар күз деген — кіші бесін,
Күн төбеңнен ауғанын түсінесің.
Ескі жұртты көргенде жайлаудағы,
Құлын да жоқ желіде байлаудағы,
Шыдап баққын, бір сәтке мүсірерсің!
Жазыңды еске жабығып түсірерсің.

Жадыға кеп жалпақ жаз, бақ-мекенің,
Түсінесің думанды шақ та өтерін.
Құлақ түріп құрайдың ызыңына,
Ұғынасың өмірдің тәтті екенін.

17.02.1972

МАЛ ТӨЛДЕП ЖАТЫР

Қырқада, ойда, бөктерде
Отығып өріс, күн жылып,
Мал төлдеп жатыр көктемде,
Ауылдың маңы қым-қуыт.

Бұлақтың көзі ашылып,
Бұлдырап келді жылғаға.
Құнанның жалына асылып,
Қуанып, күліп тұр бала.

Жапаңды естен тандырған,
Көктем бе мынау, той ма бұл!?
Аймақтың бәрі жаңғырған,
Оркестр тартып қойлы ауыл.

Естілмей үні бар маңда
Құстар да естен танған-ды,
Ұқсайды жаулап алғанға,
Жас төлдер мына жалғанды.

Жан-жақтың бәрі жаңғырып,
Жасарып кетті ой да қыр.
Биеден шампан алдырып,
Той жасап жатыр қойлы ауыл.

17.02.1972

ҚЫСЫРАҚТЫҢ ҮЙІРІ

— Бағасың! — деді бастығым,
— Бақпаймын! — дедім, бала едім.
Артым бос, айтар тасбуын,
Жоқ тұғын менің дәлелім.
— Бақтырам! — деді бастығым.
— Бағасың! — деді, — жетпегірі!
Сонымен, біраз жас күнім,
Қысырақ қуып өткен бір,
Қорада жемсіз ақырда,
Қамауда тұғын қысырақ,
Аяндап келем, тақымға
Шетеннен құрық қысып ап.
Айқара аштым қораны,
Жануарларға обал-ды,
Обалды қайтсін қысырақ,
Ойнақтап алып жоғалды.
Біріне-бірі дем беріп,
Тұяқпен түтіп даланы.
Тұлаған өңшең көкжелік,
Үйірін іздеп барады,
Қайыру берер болмады,

Ойнақтап олай, былай бір,
Сорпасы шығып сорлады.
Сілесі қатқан құла айғыр
Желігіп алды көнбестен.
Желқуық өңшең байталдар,
Бірі де қайыру берместен,
Сынаптай ақты сайтандар.
Бір-бірлеп жүріп сай-құмнан,
Өлгенде өзер қайтардым.
Жармасты-ау құла айғыр да,
Жалына жирен байталдың.
Сынаптай аққан сайтанды,
Жануар әбден илепті,
Шу асау өңшең байталды,
Бір-бірлеп жүріп... үйретті...

17.02.1972

ҚЫРҚА БАР

Қырқа бар Алматының шығысында,
Жатыр сонда жақының, туысың да.
Бұл ғаламды місе етпес қайран жүрек,
Қайтіп жатыр аядай қуысында?!

Өмірді кереметтей жыр қылсақ та,
Кейімеске дауаң жоқ бұл бір шақта.
Біраз күн алдандырып, ауыстырар
Адамды бір құрсатқан бір құрсаққа.

Қырқа бар Алатаудың бауырында,
Сонда жатыр жолдасың, бауырың да.
Апыр-ай, келем бе деп тағы мұнда,
Жөнелер қаның тасып тамырыңда.

Еріксіз Алматының қырына бұл,
Келмесіңе болмайды жылына бір.
Келмесіңе қоймайды.
Кеткендердің
бірі – әкең, бірі – шешең, бірі – бауыр.
Бәрі жатыр – сырласың, құрдасың да,
Құдай-ау, құрту үшін туғасың ба?!
Қуанар ем осы бір қу қырқаға
Бір-ақ рет оралсам бір ғасырда.

18.02.1972

БІЗДЕР ДЕГЕН

Бай өлкенің ойынан, тау-тасынан
Біздер де арамыз ғой бал тасыған.
Шырын құйып жатамыз жүректерге,
Шымшып алып гүлдердің арқасынан.

Біз деген гүл қуалап, нәр іздейміз,
Шөп қажап шегірткедей дән үзбейміз.
Алты айшылық жол басып арып-ашып,
Адам деген патшаға дәрі іздейміз.

Балға қоса біздің де уымыз бар,
Ұғыңыздар,
Гүл алып шығыңыздар,
Жабыла кеп жармасқан маса ғұрлы
Жабыла кеп талайтын жынымыз бар.

Ұямыз бар біздің де – омартамыз,
Алмағайып бүлінсе сол ортамыз,
Басымызды бөйгеге тігеміз де,
Көзімізді біржола жоғалтамыз.

Мықты болсаң, ақын боп жаралып көр,
Қолқасынан гүлдердің нәр алып бер.
Ғұмыр бойы жол басып арып-ашып,
Адам деген патшаға дәрі алып кел!

18.02.1972

ҚЫРҚЫНШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ БЕСІК ЖЫРЫНАН

"Кебін киген өледі,
Кебенек киген келеді", –
Майданға көкең кеткенде,
Осылай бәрі деп еді.

Бөпем, бөпем, бөпем-ау,
Қай жерде қалды көкең-ау?!
Кей-кейде біздің халық та,
Өтірік айтады екен-ау!

"Оралар туған жеріне,
Топырақ сап бер", – деді де,

Дұғасын оқып, күбірлеп,
Әжең де қалған жөніне.

"Оралсын аман жеріне,
Көріссін туған елімен", —
Дедім де, көздей қалтаға
Топырақ түйіп беріп ем.

Бөпем, бөпем, бөпем-ау,
Қай жерде жатыр көкең-ау?!
Көбісі біздің ырымның
Түкке алғысыз екен-ау!

"Үлкен үйден дәм татса,
Кешікпей қайта оралар.
Ел-жұрты қарғап, ант атса,
Кеткеннен келмес, жоғалар", —

Дегесін, үлкен шаңырақ,
Дәм беріп еді жамырап.
Алақан жайып артынан,
Ақ тілеу айтқан аңырап.

Аужалын түйіп заманның,
Ортаға салып бар малын,
Ала жібін адамның
Аттамап еді ардағым.

Неліктен тәңірім оны алды,
Оранушы еді алғысқа.
Дәуқара аман оралды,
Оранды қайта қарғысқа.

Бөпем де бөпем, бөпем-ау,
Не жазды сенің көкең-ау?!
Халықтың кейде алғысы,
Қарғыстан бетер екен-ау!

Әлди, әлди, бөпем-ау,
Бәрі де бекер екен-ау!
"Сабыр да түбі — сары алтын"
Сарғайып қашан жетем-ау?!

18.02.1972

ҚАЙРАН ЖАНДАР

Қайран біздің шешелер!
Арды ойлаған,
Шілік шауып, ши орып, бау байлаған.
Жігіттерден айрылып, қалмай қараң,
Қырман басып, егін сап арба айдаған.

Шалбарланып көйлегін,
Шарт буынып,
Шаруаның қостарын тартты буып.
Қауіп төнсе,
Қызғаншақ жолбарыстай,
Атылатын жауына жалт бұрылып.

Ұйықтамайтын,
Тек қана көз ілетін,
Көзін ілсе, ерімен кезігетін.
Әйелдігін ұмытып күні бойы,
Түнде ғана,
Жатарда сезінетін.

Қайран біздің жеңгейлер!
Өскен ерен,
Егін орып, бау байлап, дестелеген.
Алақандай ақ шытқа мұңын шағып,
Хат жазатын кешкісін кестеменен.

Қарайып кешегі аппақ маңдайлары,
Аңыздақта қаңситын таңдайлары.
Көздерінде тұратын Күндерімнің
Көктегені даланың, сарғайғаны.
Қайран біздің өмірдің балқаймағы!

Бір бұйымы бір үйге мұра болар,
Қайран біздің Атайлар – ғұламалар!
Алғыс айтып тәңірге, қарғыс айтып,
Айдалада, аулақта жылап алар.

Жылап алып,
Қайтадан қуаттанып,
Егінжайға келетін бұлақты алып.
Тоқтап қалған тірліктің машинасын
Жүргізетін бір жерін бұрап қалып.
Қайран жандар!
Қайран жандар!..

19.02.1972

ҰЯТ БОЛДЫ-АУ

Сен де кеттің,
Мен де кеттім,
Ол да кетті ауылдан.
Осынымыз ұят болды-ау,
Ұят болды-ау қауымнан!
Ұят болды-ау,
Ұят болды-ау,
Ұят болды-ау, бауырлар!

Момын жұрттың арқа сүйер,
Азаматы біз едік.
Тұлпарлардан, тұғырлардан,
Қалған бір-бір із едік.
Біз де кеттік,
Басқа жаққа бетімізді түзедік.

...Естимісің, құлақ түрші,
Қырдан ескен самалға.
Сәлем айтып жатыр ауыл,
Саған, оған, маған да.
Телеграф сымы тұрған
Сүйеніп ап бағанға.

Көремісің,
Заңғар таулар жаулықтарын бұлғайды,
Шақырады ақбас шалдар,
Сыбызғы етіп құрайды.
Еске салып қайтқан құстар
Елдің жырын жырлайды.

Күте-күте,
Көзі талып,
Күн сарғайып батқандай,
Күте-күте,
Жұлдыздардың жанары да аққандай,
Зират екеш зираттар да,
Бізді жоқтап жатқандай...

Момын елдің,
Арқа сүйер,
Азаматы біз едік,
Жеке-жеке бақыт іздеп,
Жеке өмір түзедік,
Жетер енді!..
Туған жердің топырағына тізе бүк!

20.02.1972

БОЛАШАҚТЫҢ ЕЛШІСІМІН

Бұл өмірге келгеннен соң,
Елшісіндей шет елдің,
Миссиямды аяқтамай,
Қалай ғана кетермін,
Халық деген патшама,
Немен жауап етермін!

Дәнекер боп жүргенімде,
Арасында екі елдің,
Мәміленің нәзік жібін
Үзіп алсам не етермін?!
Неде болса, нар тәуекел,
Нар тәуекел, көтердім!

Сағат сайын өзгертін,
Мәміледен қатыбас,
Аулақ болам,
Жоламаймын, айтқаным татымас.
Дос елменен достарға ұқсап,
Жасап бағам қатынас.

Түлкі құйрық саясаттың,
Алтыны үшін, наны үшін,
Қасиетті достықтың мен
Таптамаймын намысын.
Болашақтың елшісімін,
дипломат емеспін,
Мен баратын мемлекеттер,
Мені солай танысын.

20.02.1972

ШАЛҚЫ, МЕНІҢ ШҰҒЫЛАМ

Тағы, тағы,
Тағы да, тағы да кел,
Ағыла бер, жырларым, ағыла бер,
Бағына гөр, жүрегім, бағына гөр.
Анда-саңда қаныңды бір тасытқан
Сағына гөр жырыңды, сағына бер.

Мазалай бер, мазала,
Тыным берме.

Әбігерге сала бер, ұрын кел де.
Желпіп жібер шаттықтың шәйісімен,
Бүкіл мына ғаламның мұңын бер де.

Үйіп-төгіп басыма жұбанышын,
Бүкіл мына ғаламның қуанышын,
Жарамасаң, жүрегім, жарылып кет,
Қуанышым алдында кінәлісің.

Соқ, соқ, жүрек!
Соқ, жүрек, қозғал, миым,
Ми қозғалмай, ойды да қозғау қиын.
Жырсыз өмір мен үшін өмір емес,
Жырсыз өмір – мен үшін тозған бұйым.

Шалқы, менің шұғылам, көк белдеуде,
Көпір бол да, тартып ал, көк пен жерге.
Нәсерлетіп, сөңдір де таста мені,
Баяу жанып баратса от кеудемде.

20.02.1972

БӘРІНЕ ДЕ ТҮСІНЕМ

Бәріне де түсінем,
Бәрін білем,
Бірақ білмен өзімнің әлімді мен.

Пайдам да жоқ ешкімге, зияным да,
Ұялтуға қақым жоқ, ұялуға.
Жаяулатып жүріп-ақ дәмем күшті,
Құрық салам құланға қиялымда.

Қалқасында жүріп-ақ қалтарыстың,
Күшім бар деп күшіндей Алпамыстың,
Келсін шамам, келмесін, шаруам жоқ,
Геркулеспен келеді арпалысқым.

Олай көрем өзімді, бұлай көрем,
Өзімді өзім патша, құдай көрем.
Кесілмеген тұсауы нәрестедей,
Кездескеннің бәрінен құлай берем.

Шабыт, ашу, шаттық, мұң, ұят қалып,
Жүрген жәй бар осылай күй ақтарып.

Билей алмай жүрмін мен бір басымды,
Роботы біреудің сияқтанып.

Бәріне де түсінем,
Бәрін білем,
Бірақ білмен өзімнің әлімді мен...

21.02.1972

ДАҢҚСЫЗДАРҒА

Атақтан да қашпайық, даңқтан да,
Бірақ құдай бізді оған жарытқан ба?!
Кімдер көмек болады ғарыптарға,
Даңқтылар әкесін танытқанда?

Даңқтының тұрғанда мысы басып,
Сезінесің, амалсыз тұшынасың.
Осы көрген күңіңе риза бол,
Атақ іздеп иегің қышымасын,
Даңқтының тұрғанда мысы басым.

Күткен үміт, төккен тер, ойдағы арман
Ойран-топыр, саудырап, жайға қалған.
Даңқсыздар іздеген даңқ құсын
Даңқтылар тұғырға байлап алған.

Олар енді сыпырмай томағасын,
Білеміз ғой біздерге жоламасын.
Солардың-ақ тастары өрге қарай
Домаласын, қоя бер, домаласын.

Даңқсыздар, болыңдар даңққұмар,
Тұлпарларын тебініп даңқтылар,
Тұғырларды сендер де тежемеңдер,
Алып шығар немесе қалып тынар.

22.02.1972

* * *

Қоя тұрыңдар,
Айтыла жатар арнаулар.
Аялдай тұрыңдар,
Асығыстыққа бармаңдар,
Әлі де талай құлдырау бар да, самғау бар,
Әлі де нелер танылмай жатқан тарлан бар.

Осымыз қалай?
Жырымыз неге тым арзан?!
Арнау жазбасақ, шықпайтын болдық құмардан.
Қырсығы тимес.
Қысқарсын "фабрикалар"
Арзан бағамен арнау өлеңдер шығарған!

Ақынның сөзі алтыннан құнды келетін,
Арзандап кеттік, ағайындар-ау, неге тым?
Құшынаш болып кетпесек біздер жарады,
Көрінген жанға ішірткі жазып беретін.

25.02.1972

КӨРЕРМІЗ

Қарыздармыз біз Отанға, барымызды берерміз,
Қарыздармыз біз Отанға, қарыздар боп өлерміз.
Есеп берер күн де болар ұрпақтардың алдында,
Мықтымысыған мырзаларды, бәлем, сонда көрерміз.

Отымызды ұлы Отанға берерміз де, сөнерміз,
Гүлімізді ұрпақтарға сыйлармыз да, семерміз.
Жаңа келген ұрпақтардың алғысын ап марқайып,
Артымызда кім қаларын тірі жүрсек, көрерміз.

Ұлан-асыр ұлы күрес. Түбінде бір жеңерміз,
(Біз әзірге даурықпаға шетімізден шеберміз).
Құрғақ даңқ құлы болып, бәлки,.. бір күн, кім білсін,
Құр таласпен күн өткізіп, түк өндірмей өлерміз...

26.02.1972

ӨМІР ДЕГЕН БІРЕУ БАР

Жазықсызбын дей алман, жат көріндім,
Жазықтымын дей алман, ақ көңілмін.
...Өмір деген біреу бар билік құрған,
Билігінен мен соның қақ бөліндім.

Желіктіріп, су бүркіп сайтан маған,
Кезім болды әділдік айта алмаған.
Батқан ерді арқама ауырсынып,
Жауыр болған құнандай қайқандаған.

Арыммен де оңаша қалып көрдім,
Жоғалғанын іздедім, тауып бердім.
Ар-ұят деп аталар нәрестені,
Қызылшақа күйінде алып келдім.

Сайтанның да, күнәсіз періштенің,
Бал мен уын талғамай неге ішкемін?
Періштенің қайғысын бөліспедім,
Сайтанменен, болса да, келіспедім,
Не істермін, тәңір-ау, не істермін!?

Аңқылдаған не таптым ақкөңілден,
Несіне ердім сайтанға жат көрінген?!
Өмір деген біреу бар билік құрған,
Билігінен мен соның қақ бөлінгем.

1972

ҚУАНАЙЫН

Қуан дейсің,
Ал енді қуанайын,
Қуаныштан қолыма ту алайын,
Қайыра бір қасыма соғар ма екен,
Аулақ кеткен адасып құралайым.

Шаттан дейсің,
Ал енді шаттанайын.
Шаттанайын,
Шарқ ұрып мақтанайын.
Анамның отыздағы жасын қайтар,
Жоғалт та үсік ұрған ақ самайын.

Күл дедің-ау,
Күлкімен ішегімді тіліп көрем.
Тулаған туыстарға татулық бер,
Бастары дастарқанда бірікпеген.

1972

БЕТХОВЕН

Сәнімен емес,
Әнімен оған қымбатты,
Қырық мың ғалам
Қырық мың түрлі үн қатты.
Көзімен көрмей әлемнің мына бояуын,
Көңілімен ғана керемет сазын тыңдапты.

Жетімек бұлттар жер ауып қайда көшеді,
Өшеді қашан бүгінгі және кешегі?
Дауылдың соғар,
Жауынның жауар шақтарын,
Бетховен ғана дыбыстан сезген деседі.

Сыйқырлы үнмен сыбырлап оған тұр ғалам,
Ғалам да оны,
Ғаламды ол да тыңдаған.
Сынымен емес, сырымен Айдың сәулесі,
Сорғалап соның саусақтарымен жырлаған.

Қия алмай оны,
Қиылып айлы түн кетті.
Жалауын алып жеңімпаз жаңа күн жетті.
Жым-жылас, жым-жырт, таскерен етіп төңірі,
Табиғат та оны күндеген екен, білмепті.

Сыңғырлап үні,
Күмбірлеп күйі бұрқанбай,
Дүние тыңды...
Тілі кесілген мылқаудай.
Айлы кештерден сорғалап сазды күн тамбай,
Құлазып қалды қу тірлік өлі вулкандай.

Не дерсің мына таскерен мылқау шақтарға!
Дыбыссыз бәрі — орман да, тау да, бақтар да.
Тек қана аспан азан сап оған естіртті,
Керең тірлікті қалдырып бара жатқанда.

Күркіреп аспан,
Ойнатты-ау дейсің жасыңды,
Сайратты-ау дейсің мелшиген тау мен тасыңды
Мылқаудың үні, кереңнің құлағы ашылды,
Кешірім сұрап,
Бәрі де оған бас ұрды.

26.02.1972

ЖАЗ ДА ЖЕТТІ

Қалқиды,
Қалқиды бұлт қазбауырлап,
Шынымен келіп қалған жаз ба мынау!?
Тоң ұрып табанымнан, үсік шалып,
Ойпырай, өліп қала жаздадым-ау.

Сәлем бермей туысқа, бауырға да,
Адырға да бара алмай, ауылға да,
Аяқ басар жер қалмай сансыратып,
Қатты батты өткен қыс қабырғама.

Ұқсамады көктем де көктеміне,
Жылылық та, нұр да жоқ көкте мүлде.
Сыйсыз қонақ секілді жылысты ол да,
Келгені де белгісіз, кеткені де.

Мына келген жазым ба — ақ таңым ба?!
Қайта оралған құсым ба бақтарыма?
Қарғыс айтып отыр ма қарлығаштар,
Менің жүдеу кешегі шақтарыма?!

Кетпей, келмей дүние тұра алар ма,
Жаз да жетті-ау сағынтып тірі адамға,
Жасыл шекпен жамылған төрем менің,
Ауыл-аймақ, ел-жұртың дін аман ба!?

26.02.1972

КӨНЕМІЗ ДЕ...

Қайтер едің өмірге келмегенде,
Көнесің де...
Қайтесің көнбегенде?
Көресің де...
Қайтесің көрмегенде?
Көлден тамшы бұйырмас шөлдегенде.

Қадірлі дос,
Халіңді ұғып тұрмын.
Күйзелттің ғой, бәрін де ұмыттырдың,
Нақ айыпты жандайын алдыңда мен
Не дерімді біле алмай, құрып тұрмын.

Не де болса, тәуекел, тең көрейік,
Әкел бері қайғыңды, тең бөлейік!

Бірімізге біріміз дем берейік,
Бір арбаның астында дөңгелейік.

Қақ бөлесің қайғыңды,
Келісеміз.
Алауын да, уын да тең ішеміз.
Кезбе бақыт кездесіп қалса бізге,
Тепе-тең ғып екіге бөлісеміз!

"Өлі балық жолығар өлмегенге!"
Өлмегенге не жетсін, өлмегенге!
Өмір деген осылай, жаным менің,
Қайтер едік өмірге келмегенде?!
Көнеміз де...
Қайтеміз көнбегенде???

26.11.1972

АЛДАМА МЕНІ, АҚ САҒЫМ

Алдама мені, ақ сағым,
Арбама енді алыстан.
Өзімше мен де патшамын,
Өзімше мен де данышпан.

Алдағын, мені арбағын,
Жалғанды кезер жоқ жайым.
Сыбаға сенен алғанмын,
Ілесем енді оңбайын!

Алданып саған тау асып,
Алданып саған құм бастым.
Хайуандарменен санасып,
Айдаһарлармен сырластым.

Тұяғы күйген құланның
Шөлдерде мені қалдырдың.
Ысқырған улы жыланның
Уымен сусын қандырдым!

Арбама енді,
Алдадың!
Алданып саған барғамын.
Адасып өлмей жапаңда,
Қалайша тірі қалғанмын?!

26.02.1972

ЗИРАТТАҒЫ ЖЫР

Сәлем бердік,
Бейтаныс жолаушылар!
Жолаушылап шаршаған боларсыңдар.
Анау қырдың астында менің аулым,
Соғарсыңдар, дем алып, қонарсыңдар.

Менің үйім жылғаның жағасында,
Құйған тұсы бұлақтың қара суға.
Ағысымен бұлақтың тартсаң болды,
Сұрамай-ақ, ешкімнен табасыңдар.

Шеткерірек, көшенің аяғында,
Тірлік етіп жүрген ем баяғыда.
Қалжырап кеп жұмыстан қалғып кеткем,
Содан бері дәрмен жоқ оянуға.

Шешем байғұс жан еді сөзге білгір,
Сөйлесерлік кім оған кез келіп жүр?
Мұңын басып, ғаріптің көңілін ашып,
Әңгіме айтып берсеңдер, өздерің біл.
Қысқа өмірдің сапары сөз бе, құрғыр,
Асықпай-ақ, ас ішіп, көздеріңді іл.

Жарым менің жан еді дәті берік,
Беріктіктен жүр ме екен запы көріп?!
Балаларым ер жетіп кеткен шығар,
Алдарқауға келмес-ті тәтті беріп.

Қайсыбірін айтайын, қалды бәрі:
Ойы, тауы, орманы, балқұрағы.
Бесігіне туған жер бөледі де,
Әлдилейді алыстан тау бұлағы,
Мәңгі мені ұйқыда қалдырады...

27.02.1972

ӨЗІММЕН ӨЗІМ

(Басқаларға қатысы жоқ)

Өзімнен өзім аса алмай,
Өзімді өзім баса алмай,
Ауыздық салған асаудай,
Барар жер, басар ізім жоқ,

Бұғалықтан босанбай,
Байлауда тұрам қашанғы-ай?!

Өзіммен өзім алысып,
Болмайтын жерде қарысып,
Жаны игі жақсы жандардың
Жағасына жабысып,

Жамандықпенен табысып,
Жабыларменен жарысып,
Секілді күндес абысын,
Өләпат менің намысым.

Өзімді өзім танымай,
Өзгеге көңіл жарымай,
Жақсылығыма қорымай,
Жамандығыма налымай,
Тауыққа шашқан тарыдай
Таусылар болды шаруа-ай!

Өзіммен өзім жүз жыртып,
Өзіме өзім мұз бүркіп,
Өзімнен өскен палуанға
Өз мойнымды үздіртіп,
Табынтқан мені тағдыр-ай,
Өзгеге көзді сүздіртіп!..

27.02.1972

ЕНДІ БІР ЖИЫРМА ЖЫЛ

Өмір сүрсем енді бір жиырма жыл!
Жиырма жыл!
Шынымен қиын ба бұл?!
Қиын болса, он жыл да жетіп жатыр,
Тек жүректен атылсын құйын-дауыл.

Он да жетер, қимаса жиырмасын,
Асықтырсын өмірім, қиыңдасын.
Сексен жасап, сегіз сөз қалдырмаған,
Әлдекімнің тағдыры бұйырмасын.

Кім біледі қанша жыл жасарымды?
Ой түбіне жете алмай бас ауырды.
Ойламайын қайтадан жасаруды,

Үлкен бір кеңес ашып кетсем деп ем,
Жинап алып жырымды-жасағымды.

Жүз жыл жасап, алданып не керегі,
Жырың өлсе алдымен, не дер едің?
...Егінімді қаптаған арам шөпті.
Өз қолыммен отасам деген едім.

Осал өмір емес қой, қырықтамын.
Кешір мені, болашақ, ұмытпағын!
...Қажетіңе жараса қабылдарсың,
Қарапайым темірдің сынықтарын.

27.02.1972

* * *

Жиылып ой қазағы, қыр қазағы,
Ақын боп Алматыда жыр жазады.
Біреулер жырыменен сарай салып,
Біреулер жырыменен ін қазады.

Әйтеуір, бір келер деп дүр етер күн,
Алданып мен де босқа жүр екенмін.
Атаққа алаң болған, тиынға — құл,
Өзімдей ақымақтың бірі екенмін.

Қалай да қатарымнан озамын деп,
Қатындай күндестігім қозады кеп.
Сабылтып сайқал үміт қолын бермей,
Көзін қысып, саусағын созады тек!

Несіне?
Несіне мен? Несіне мен?
Жазды екем жанды қинап есіл өлең?!
Жүрегіме жүк арттым несіне мен,
Жүре бермей өмірдің көшіменен?

Соры қалың жан екем, соры қалың.
Сірә да, көп кешікпей торығармын,
Несіне жолды құмай, сөзді құдым,
Сірә, мен бір пәлеге жолығармын.

27.02.1972

ӨМІР ДЕГЕН НЕ ДЕСЕМ

Өмір деген не десем,
Өмір деген осы ма?
Үрейлендің неге сен?
Үрікпе, жаным, шошыма.

Өзіңе-өзің жүк артып,
Өмір деген — тер төгу.
Бір нәрсеге құмартып,
Бір нәрседен жеркену.

Біреулерді алдауда,
Біреулерден алдану.
Қор боп өтпей жалғанда,
Қолдан келсе, жан бағу.

Кейде шалқып шаруам,
Кейде қашып берекем,
Өмір деген, жаным-ау,
Өзім екем, мен екем...

28.02.1972

ШӘМІЛДІҢ ПӘЛСӘПӘСІ

Жігіттер, осы Шамқаңның
Айтқанының жаны бар.
Тесігі болса қалтаңның,
Ақшаңды қолға алып ал.

Жыртыла қалса шұлығың,
Әйеліңе алғын тіктіріп.
Шақыра қалса ұлығың,
Алдынан табыл тік тұрып.

Шәркейің тозып баратса,
Армянға бар да, шегелет.
Мәрттігің ұстап қазақша,
Артық күмісті бере кет.

Қарының ашса, ет жегін,
Шөліркеп кетсең, су ішкін.
Сыра іздеп алыс кетпегін,
Ақырын күтпей жұмыстың.

Шаршасаң, жатып дамылда
Кереуетіңнің үстіне.
Ауырсаң дағы ауырма.
Ойлайды, ойбай, ішті деп.

Галстук байлап жейдеңе,
Жақсылап тұрып қырын да,
Жұмысқа барғын, сөйлеме,
Сөйлеген жанға бұрылма!

...Айта берсең, табылар
Тағысын тағы, тағылар.
Жігіттер, осы Шәмілдің
Пәлсәпәсінің жаны бар...

28.02.1972

ЖАЙЛАУҒА БАРАР ЖОЛДА

Иір-қыйыр сайларда,
Ирек-ирек із қалған.
Аққан бұлақ жайлаудан,
Атқылайды құз-жардан.

Самал сүңгіп шалғынға,
Қыр өртеніп, гүл жанған.
Кәрі таудың алдында,
Кәрі жартас сұрланған.

Ойдым-ойдым қойнауда,
Орман шашын тараған.
Белде сағым ойнауда,
Лақтырып орамал.

Құлай жаздап құсадан,
Құз-жартастар шаққа тұр.
Таздың басына ұсаған,
Шыңның басы тап-тақыр.

Айналаңның бәрі өлең,
Бәрі де гүл ашылған.
...Түнжырайды кәрі емен,
Жапырағы шашылған.

28.02.1972

ШЕШЕ, СЕН БАҚЫТТЫСЫҢ

Шеше,
Сен бақыттысың!
Жыламағын.
Жай түсіп жатқанда да құламадың,
Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның,
Сондықтан жыламағын, жыламағын!

Бармын ғой,
Тірімін ғой,
Қасыңдамын.
Өлмеймін, мен өзіңдей асылданмын!
Таусылып, өз-өзіңнен шашылмағын,
Байырғы берекеңді қашырмағын!
Мен сенің қанықпын ғой көз жасыңа,
Өзім кепіл тот басып тозбасыма.
Екі жыр жазсам, саған бірін арнап,
"Шеше" деп жаздым ылғи сөз басына.

(Тәңірім кеше гөрсін кесірімді!),
Аспанға жазам сенің есіміңді!!!
Шеше!
Сен бақыттысың, тербете бер,
Құба талдан иілген бесігімді...

28.02.1972

САДАҚ ИГЕН

Нән бөркімен милығын жаба киген,
Бір ғаламат қарт көрдім жабағы үйден.
Серіппесін серт ұстап, қазықбаулап,
Солқылдаған жас талдан садақ иген.

Серіппесі жіптен бе, қайыстан ба?
Қайыспайды садағы майысқанда.
...Ойлап тұрдым, қанша рет қатыстың деп,
Қанды қырғын соғыс пен сайыстарға.

Сөзі де, ісі де жоқ, кісіменен,
Қаусапты әбден байғұс мүсіреген.
Өз терісі өзінің кебініңдей,
Қарай алмай, тіксіндім түсіне мен.

Үшкілденген сақалы қанжардайын,
Қынабынан суырып алғандайын.
Өші кетіп біреуде, өз қаруы
Өңменіне тақалып қалғандайын.

...Иіп жатыр садақты, иіп жатыр,
Бұйра басын жас талдың қиып жатыр.
Қорамсағы, оғы жоқ, иесіз қару,
Әр балаға бір-бірден тиіп жатыр.

Үлестірді қаруын өреніне,
(Алжыған ба?!
Садақтың керегі не?!)
...Күпір сөйлеп кеттім бе, кім біледі?
"Ата көрген оқ жонар" дегені ме?!

29.11.1972

ГИПЕРТОНИЯ

Күнімен де түнімен,
Сұмдық үрей кірді бір.
Құлағымның түбінен
Кетпей қойды бір дүбір.

Мақтаменен тас қылып,
Тастап едім тығындап.
Онан сайын асқынып,
Миыма ұрды шуылдап.

Біреулерді жын қуып,
Бірдемесін атқандай.
Астан-кестең, қым-қуыт,
Аспан құлап жатқандай.

Құлағымның түбінде,
Құран оқып, күбірлеп,
Бүкіл әлем бір үнде,
Кеткендейін дүбірлеп.

Кейде үндесіп әуемен,
Күркіреді кәрі жер...
Құтқар мына пәледен,
Құлдық ұрдым, дәрігер!

29.02.1972

ЖҮРЕК ДЕМІН АЛҒАНДА

Сандалғаны-ай санамның сан бөлініп,
Тамырымда тулайды қан желігіп.
Бара жатыр көлшіктер көлге айналып,
Бара жатыр төбелер тау көрініп.

Құмды құшқан қу тақыр баққа айналып
Суық аяз күйдірген оттай қарып,
Әлсіз жүрек әл жиып алатындай,
Аракідік лып етіп, тоқтай қалып.

Тас көшеге табанмен сына қағып,
Қайда асығып барады мына халық?!
Абыр-сабыр ағылған адамдарға,
Айғай салғым келеді тұра қалып.

Көшелер де теңселіп баратқандай,
Машиналар шоршиды шабақтардай.
Бәрі қалқып барады сағым болып,
Барлығын да сағымнан жаратқандай.

Сағымменен сағым боп еріп барам,
Көңіл сұрар пенде жоқ келіп маған.
Анда-саңда көзімді бір ашқанда,
Алатаудың ақ басын көріп қалам...

01.03.1972

ПЕНДЕЛІК

Арылайын десем де пенделіктен,
Арылатын болмадым, ол неліктен?
Жүтіріп те көрдім ғой, жығылып та,
Ұрынып та жүрмін ғой, бұғынып та.
Жаныма өгей жасанды қылығымен,
Жағынып та көрдім ғой, жұғынып та...

Жауыма да жатсың деп айта алмадым,
Бала қаздай алдында байпаңдадым.
Талай-талай сөзімнің әкесі өліп,
Талай сөздің кезегін қайтармадым.

Жақсылық та етпедім адамға көп,
Жамандығын айтпадым жаманға кеп.

Пенделіктің іргесін қалай бердім,
Қапелімде құлатып алам ба деп.

Ашу да айтып көрмедім, басу да айтып,
Ақиқатын, шындығын жасырмайтын.
Ақыл сұрар адамды таба алмадым,
Пенделіктің алдында бас ұрмайтын.

2.IV.1972

НЕСІНЕ ОЙЛАНАСЫҢ?

Несіне ойланасың,
Несіне қиналасың,
Қайтесің,
Бір жылы сөз қимағасын?
Атаң қазақ ескерткен әлдеқашан,
Ешкім де сыйламайды сыйламасын!

Қапаланба, қадірлім, қапаланба,
Қауіп-қатер басыңа тақағанда.
Абайыңның басына қамшы ойнатып,
Ақаныңды осылар матаған да...

1972

ТҮЙСІК

Бір нәрсені сеземін,
Сеземін де,
Түтіндейді бір шала өзегімде.
Тақалғанда осынау кезеңіме,
Төзбеймін бе, білмеймін, төземін бе?!
Түрткілеген бір түйсік безеруде.

Ойым алаң, көңіл пәс, сауық қашқан,
Осылай ма жай жүріп, анық басқан?
Осы екен ғой намысты шағып тастап,
Суырдайын күн кешу жалықпастан,
Түйсігіңді түйіп ап, ағытпастан.

Ұтылғаным белгісіз, ұтқаным да,
Жығылғаным неғайбіл, жыққаным да,
"Барар жерің — Балқантау" дейтін еді,
Балқан тауға, бауырлар, шыққаным ба?!

23.IV.1972

ШӘМІЛГЕ ЖАЗҒАН ХАТТАРДАН

1

Шәміл-ау!
Хал-жайымды білсең еді,
Білмеймін қайтерімді..
Кім сенеді?
Он жетімде өшіріп алған отым,
Қайтер ең қайта қарып жүрсе мені?

Бір дертке ұшырадым, бұл күнде мен,
Қоштастым сауығыммен, күлкімменен.
Жүрегім жерік болған жағдайы бар
Бір пәле жатыр білем бұлкілдеген.

Ынтығып ыңқылменен, күңкілменен,
Жеткізіп айту қиын құр тілменен,
Бүгін маған жиырма керек боп жүр,
Алдында хор қызының іркілмеген.

Белгілі саған менің маубастығым,
Сабырсыз аузы күйген албастымын.
Кесемді алдыменен үрлеп алам,
Біссы шайды аузыма алмас бұрын.

Ойласам, талай-талай қыр басыппын.
Досым деп "доңызбен" де мұңдасыппын..
...Шәміл-ау!
Қалың достан қалған сен ең,
Қайтемін?
Ғашықпын мен
Шын ғашықпын!!!

Ғашықпын!
Ғашықпын деп білдірмедім,
(Белгілі: білдіргенім — бүлдіргенім).
Жарқ етіп жайдың оты шашылғанда,
Жалт етіп қарауға да үлгірмедім...

2

"Достардың" ортасына түсіп қалдым..
("Шәміл-ау!
Осы мені ұшықтар кім?)
Желдеріне желігіп пысықтардың,
Кеше мен махабатқа ішіп бардым.

Бардым дағы отырдым қарсы қарап,
Ол да отыр.
Түрі жоқ хал сұрамақ,
Сұқтанған жат көздерден жасқандым да,
Тайып тұрдым.
Қашанғы әл шыдамақ,

Тіл қатып тіс жармадым, үндемедім,
Білмеймін білгенін де, білмегенін.
...Мен деген — саудам біткен саудагермін,
Керегім бола қойсын кімге менің?!

О, шіркін!
Қайран күндер.
Сайран күндер!
Қанатын бақыт құсы жайған күндер.
Жалт бұрылып, оқыс бір қарағанда,
Жүзіңнен жүрексініп тайған кімдер.

Сол күндер ғой жүректің аңсағаны,
Соған шөлдеп, айызым тамсанады.
Өкініш пе, білмеймін, қуаныш па?
Өз-өзінен жүрегім ән салады.

Әнсіз өмір өмір ме, қаңсымай ма,
Өзегіңді өртеп дерт, жаншымай ма.
Махаббатқа арнап бір ән шығарсын,
Шәміл-ау!
Шәмші қайда?
Шәмші қайда?

Шәмшіге айт,
Тағы да бір таңдандырсын,
Жындандырсын жүректі, жандандырсын!
Мәңгі өлмес Махаббатым айта жүрер,
Мәңгілік өлмейтұғын ән қалдырсын!

3

Махаббат бүгін және қарамады,
Қарамады...
Жанымды жаралады.
Шәміл-ау!
Билесің бе,
Шын махаббат
Осылай қарамаудан жаралады.

Мейлі, ол қарамасын, түсінбесін,
Осылай асқақ болсын, кішірмесін.
Бастан ауып баратқан тал түсіме,
Тағдырым көлеңкесін түсірмесін.

Ескермесін, білмесін,
Кете берсін.
Бұл фәниден алаңсыз өте көрсін!
Дәрменсіз менің мылқау махаббатым,
Сірә да, өміріммен өтелерсің...

4

Шәміл-ау!
Күндер өтті,
Айлар өтті.
Алаңсыз қайран күндер қайда кетті?
Махаббат сәулесіне ұрындым мен,
Махаббат өмірімді ойран етті.

Қазір түн.
Көктем түні маужырап тұр.
Отырмын жазбай, сызбай қалжырап құр
Алдында тереземнің — кәрі қайың,
Көктей алмай бұтағы саудырап тұр.

Ақ нөсер аңырап кеп дүркін-дүркін,
Ашылар,
Кәрі қайың көктер бір күн.
Махаббат мені, сірә, дауалар ма,
Бет алып бұрылмасқа кеткен шіркін.

Көшелердің көзінен қан атылып
Қала жатыр,
Қазір түн.
Дала тұнық,
Махаббатты күзетіп кірпік ілмей,
Бүгін және отырмын таң атырып.

5

Шәміл, Шәміл!
Айналдым жазылмасқа.
Күйрейтұғын түрім бар жазым бассам.
Қазір менен сауық пен сайран қалған,
Жайына жыр да қалған жазылмастан.

Ойға өріс таппаған, тілге — дерек,
Ойнақы жырым менің кімге керек?
Тулайды тұтқындалған ақ тиіндей,
Шығыршықты айналып шыр көбелек.

Жоқ, Шәміл,
Менің ойым бөлек еді,
Басқа жыр, бақа ғұмыр керек еді...
Құл болған Махаббатқа менде ерік жоқ,
Еріксіз өмір маған не береді?!

Махаббат түсінбеді, аулақтады,
Арманым кетті мені алдап тағы.
Сая іздеп құр бекерге сабылыппын,
Табыныппын сағымға ар жақтағы.

...Қазір түн.
Сыртта нөсер.
Сәуір айы.
Көктеген әлдеқашан кәрі қайың.
Сәлден кейін тағы да таң атады,
Тағы да...
Сары уайым... Сыра уайым...

6

Шәміл, Шәміл!
Шаршадым, қалжырадым.
Ет жүрегім езілді, қан жылады.
Жырым менің — науқастың саңдырағы,
Құным менің — тазының қарғыбауы.

Темір емес, мен дағы адаммын ғой,
Аңнан емес, адамнан жаралдым ғой!
Шәміл-ау!
Тұңғиыққа қамалдым ғой!
Қайтермін?!
Қайда барып жазармын бой?!

Тағы түн.
Тағы менен ұйқы қашты.
Қайтемін қаңыраған күйкі басты?
...Алдымда мынау фәни тыржалаңаш,
Шығарып тілін маған сиқын ашты.

Махаббат менен кеткен,
Бөлекте жүр.
Мен де бір — жасын түскен терек те бір.
Тіршілік махаббаттан таралған ғой,
Шәміл-ау!
Енді маған керек не өмір?!

4.V.1972

ТҮСІНБЕЙМІН

Біле алмаймын, білмеймін, түсінбеймін,
(Түсінбесең түсінбе, түсін мейлің)
Қуанып көктен ырыс құйды екен деп,
Қолымнан тостағымды түсірмеймін.

Жағуға да жоқ шама аққа қара,
Жабуға да жоқ дәрмен жатқа жала.
Түсінемін, түсінсем бірдемені,
Өзімді өзім түсінген шақта ғана,
Өзімді өзім зерттеген шақта ғана.

Түсінбеймін жақсыны, жаманды да,
Адамды да білмеймін, нағанды да.
Жазығым да жоқ менің, жауабым да,
Жалтара да алмаймын заң алдында,
Бір ғажап өзгеріс бар, өзгеріс бар...

1972

АҚҚУЛАР ҰЙҚТАҒАНДА

ПОЭМА

I

Өзен де жоқ сыймаған арнасына,
Жылға да жоқ даламен жалғасуға.
Таста тұнған жаңбырдың тамшысындай,
Қалай біткен мына көл тау басына?!
Мөлдірейді, қарайды қарға, шыңға,
Жалғыздықтан жамандық бар ма, сірә.

Қанша ғасыр өтті екен, қанша заман?
Қанша ұрпақ кетті екен, қаншама адам?
Қанша шырша өсті екен, құлады екен,
Жетім көлге қараудан шаршамаған?
Жетім көлден су ішкен қанша марал,
Қанша киік қалды екен сай-салада?
Қанатынан үзіліп ән-самала,
Қаншама аққу кетті екен – аңсаған ән?

Ортаймаған Жетім көл, толмаған да,
Болған өмір ұқсайды болмағанға.
Сызат та жоқ, бетінде, сызық та жоқ,
Айдынына аққуы қонбаған ба?!

Қызғыштары қиқулап, қорғағанда,
Сорлағанға ұқсайды, сорлағанға,
Шүрегейлер айдынын қорлағанда,
Көкқұтандар қанатын қомдағанда...

Беу, дүние-ай, аққулар оралғанда,
Айдын көлдің иесі жол алғанда.
Жетісіп бір Жетім қол қалушы еді-ау,
Тынушы еді-ау теңселген қара орман да.

Таянғанда аққулар қонар маңға,
Басушы еді-ау байызын бар арман да!
Қанатынан аққудың балапандап,
Ән ұшатын сымпылдап таң атарда.
Сүйінші бер дегендей бір толықсып,
Сыбырайтын Жетім көл Алатауға.
Тына қалып бұлбұл да жаға-талда,
Қарайтұғын айдынға, ақ отауға.

Таң мен күннің арасы таянғанда,
Таудың басы алаумен боялғанда,
Тірілетін таудағы бар тіршілік,
Қанатынан аққудың оянған ба?!
Көмейінде тәтті үні былай қалып,
Жаға-талда жас бұлбұл тұр ойланып.
Жетті аққулар.
Түгендеп Жетім көлін,
Жағалауда ұшып жүр шыр айналып,
(Бірден көлге қонбайды құлай барып).

Сондайтұғын, аққулар сондайтұғын,
Асығыстық оларда болмайтұғын.
Қомағай көкқұтандар секілденіп,
Жалп беріп жағаға кеп қонбайтұғын.
Сондайтұғын, аққулар сондайтұғын,
Ақ мүсін айдынға кеп орнайтұғын.

Әлдилеп ақ төсінде, бермей тыным,
Ақ айдын ақ мүсінін тербейтұғын.
Бұл көлге мылтық алған саятшы емес,
Тірі жан аяқ басып келмейтұғын.
Аққулар аман-есен қайтқанынша,
Суына Жетім көлдің шөлдейтұғын.
(Суымен сырқаттарын емдейтұғын).

Ұрпақтан ұрпақ алып жалықтастан,
Сондай бір дәстүр бар-ды қалыптасқан.
Заманнан заман өткен, жаңарған жұрт,
Аққуын айдын көлдің налытпастан,
Дәстүрін аттамаған, анық басқан.
Сондай бір дәстүр бар-ды жарық шашқан,
Бір ұрпақ бір ұрпаққа алып қашқан.

Қайсыбір қиын-қыстау ай, күндерде,
Шойрылтып түссе дағы қайғым белге,
Алаңсыз аққуымды атпасын деп,
Жатқа да дастарқанды жайдым төрге,
Аққулар ұйқтағанда айдын көлде...

...Оралмады аққулар осы маңға,
Жылдар өтті, байғұстар шошыған ба?
Жетім көл жетімсіреп қала берді.
Арман-ай, аққуымен қосылар ма?!

II

Бала жатыр төсекте албыраған,
Әке жатыр еденде қалжыраған.
Түн күзетіп ана отыр, қос жанары
Шарасыздан шаршаған, жаудыраған.
Түні мынау – тамыздың маужыраған,
Тауың анау – шымылдық салбыраған.

Биік барып жаралған жер бетінен,
Сол байырғы Жетім көл келбетімен.
Айдынында аққулар ұйқтап жатыр,
Сайдан соққан самалмен тербетілген.
Жер бетінде тыныштық, көл бетінде
Қауышыпты қара орман, көл де, түн де.

Бала жатыр төсекте күйіп-жанып,
Баласының ана отыр күйін бағып.
Қайдағы бір қатыгез, сұрқай ойлар,
Миын қарып барады, миын қарып.

"Сарқытындай өлімнің қалған қарға,
Екеу болса, дүние-ай, арман бар ма!..."
Аракідік назарын аударады,
Төрт бүктеліп еденде қалған жарға.
Қауіптеніп түндерге, таңдарға да,
Үн шығармай іш құса зарлауда ана.

"Мана күндіз тәуіп шал не деп кетті?!
Әлде өтірік, әлде шын демеп кетті...
– Аққуменен баланы аластандар,
Деді дағы жәйімен жөнep кетті..."

– Тұрсаңшы, таяу қалды таң атуға,
Неткен жансың санасыз жаратылған?!
Манағы тәуіп шалдың айтқан сөзі,
Ұмытылып кетті ме санатыңнан?
...Айналайын аққудың қанатынан,
Қайтеміз, ол да адамға бола туған.

Жетім көлге барып қайт таң жамылып,
Таң атқанша қалайда тауға ілік.
Біреулердің көзіне түсіп қалып.
Дүрліктірме жұртыңды, салма бүлік!
Кім білсін, мүмкін, бәрі жалған үміт...

– Апыр-ай, қалай барам, қалай барам?!
Атармын аққу құсты қалай ғана?!
Айдынның аққулары ұйқтағанда,
Өрген мал, өскен шырша абайлаған,
Барлығы қасиетке қарайлаған,
Оқ атам қасиетке қалай ғана?..
Бармаймын, бара алмаймын, қалай барам?!

Адуынды жан екен алған жары:
– Жалғыз ұлдан артық па, жалған бәрі!
Балам өлсе, бақыттың керегі не?!
Топан су басып кетсін қалғандарын.
Перзент сұрап несіне армандадың?!
Құрысын онсыз сенің жанған бағың!
Мылтықты әкел!
Атты ертте!
Жалған бәрі!

...Оятып дүниені дел-сал қылып,
Тамыздың таңы да атты тамсандырып,
Сай-сайдан бошалаған бозала таң,
Таудағы тіршілікке ән салдырып,
Еміндіріп, еріксіз қарсы алдырып,
Бұлбұлға дүниеге жар салдырып,
Тамыздың таңы да атты тамсандырып.

Қасқа таң,
Бұлбұл үні,
Көл бетінде,
Аққулар ұйқтап жатыр тербетіле.
Бас бағып жағада отыр жалғыз ана,
Таңданып төкаппар құс келбетіне.

Тығып ап тұмсықтарын мамығына,
Айдын-төсек, аспанды жамылуда.
Арша, шырша, жартастар жағадағы,
Сұғынып бәрі көлге табынуда.
Аласұрып, қан ойнап тамырында,
Ана-жүрек тыпыршып, қабынуда,
Не қыларын біле алмай жабығуда.

Асқар белден күн нұры шашырады,
Шашырап, ол да көлге бас ұрады. “
Құс аппақ, айдын аппақ, нұр да аппақ,
Аппақ нұр аппақ, нұрға қосылады.

Көл – көкке, көк – көлге кеп асылады,
Ұйқысы аққулардың ашылады.
Сұлулыққа сұқтанып, қашып әлі,
Ана-жүрек солқ етіп басылады.

Қызғанып қызғыш байғұс шыр айналды,
Абыржып ана-көңіл мың ойлаңды.
Ғазиздің көзінде емес, көңілінде,
Айдын көл астаң-кестең лайланды.

Дәстүр, ырым, жәйімен құдай қалды,
Жалғыз ұлдан басқасы былай қалды.
Айдынның аққуының орынынан
Көргендей, көзі тұнып, құмайларды.

...Аққулар...
Аққу мойын, сүмбе қанат,
Алаңсыз тарануда күнге қарап.
Айдынның еркелері, білмей тұрмын.
Етермін тағдырыңды кімге аманат?!
Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!
Бір мамығы майысса ауырсынып,
Тарақ етіп тұмсығын, тарайды кеп,
Тарайды кеп, тарайды қауырсынын,
Құм тұрса да бір түйір ауырсынып,
Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!

Ақ қанатын сабалап, асыр салып,
Бірде суға сүңгиді басын малып.
...Ойнасыншы, ойнасын ерке құстар,
Тыныштығын олардың қашырмалық,
Мерген отыр жағада.
Ей, ақша бұлт,
Жаулығыңмен оларды жасыр барып.

Бас бағады шыршаның қалқасынан,
Қаруынан қолында қан сасыған.
...Ал аққулар,
Аққулар тарануда,
Сусып түсіп су моншақ арқасынан.
Қарайды ана шыршаның қалқасынан.
"Сірә, сорлы жоқ шығар менен өткен,
Құлынымның қасынан неге кеткем?!"

Ошақ қасы, от басы, көрмеппін ғой,
Дүние-ау, сен осындай керемет пе ең?!"
Ана отыр.
Озбыр ойлар қамалауда,
Қамалауда, әлдекім табалауда.

...Аққулар ақ айдынды қалдырды да,
Тартты кеп ана отырған жағалауға.
Шошымай шолжаң өскен батырларың,
Ана отырған шыршаға жақындады.
Көзі тұнған бейбағың топ аққуға,
Білмей қалды мылтықтың атылғанын.
Көздің алды көктүтін, ақыл-жарым,
Білмей отыр жаңағы тыныштықтың,
Сүт ұйыған тегешін сапырғанын!..

Ию-қыю көл маңы, астан-кестен,
Жер айналып, тау құлап, аспан көшкен,
Жаңғырығын, жар салып жартастар тұр,
Жетім көлдің қайғысын бастан кешкен,
Көріп-біліп, таныпты тастар да естен.

Алып аспан астына сыя алмай бір,
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.
Мөлдіреген Жетім көл көкке қарап,
Мөлтілдеген көз жасын тыя алмай тұр,
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.

Сан айналып сұңқылдап ұшты дағы,
Сапар жолға мезгілсіз түсті дағы,
Бетін түзеп, батысқа бағыт алып,
Қарғыс атқан мекеннен күсті бөрі.

Тау жаңғыртып тамаша құстың әні,
Қош айтысып қолменен ұшты бөрі.
Көл бетінде көлбеңдеп жаралы аққу,
Ұша алмайды, ұшпақ боп күш қылады..

Сыңар қанат сынық құс байлауда тұр,
Тағы бірі айдында жайрап жатыр.
Қан аралас қалқыған мамығымен,
Жетім көлдің толқыны ойнап жатыр.
...Қасиетке оқ атып, жойған пақыр,
Қалай алып кетерін біле алмастан,
Сүле-сопа жағада ойлауда құр.

Жетім көлден сән кетті мана тұнған,
Аққу кетті, ән кетті қанатында.
Асқар-асқар таулардан асып әрі,
Шың-құздардың үн қалды қабатында.
Аққу әні естілмей қалатын ба?
Алатаудан үзілтіп Қаратауға,
Жаңғырығып жартастар таратуда...

III

Жетім көлдің басында жылқы жатқан,
Дөңге шығып, қарт тұрған жылқы баққан:
"...Апыр-ай, бұл кім болды таңсәриде,
Көргенсіз көл басында мылтық атқан?!
Құстардың зәре-құтын шырқыратқан,
Неғылған қаныпезер құлқы қатқан?!

Мылтықты атарлықтай көлге келіп,
Апыр-ай, жоқ еді ғой елде желік..."
Мылтық даусы, құстардың шулағаны,
Шыдамын алды қарттың, бермеді ерік.

"Бұл маңның адамы емес, сірә дағы,
Білейін, табайын да бір амалын.
Қаруы бар кәззапқа құрықпенен,
Ұмтылса, қалай қайрат қыла аламын?!
Жөн болар алыс тұрып сұрағаным..."
...Аққу үркіп, батысқа бет түзеген,
Қамшы басты атына, шыдамады.

Алыс тұрып, ақырды қыр басынан:
"Берекесін бұл жердің кім қашырған?.."
Өңім бе, түсім бе деп таңданады,
Көз алмай орамалды ұрғашыдан,
Көз алмай сүле-сопа тұлғасынан:

— Ей!
Кімсің?
Тірісің бе?
Жаның бар ма?
Аққуды неге атасың, арың бар ма?!
Тастағын қаруыңды, келгін бері,
Келгін бері, кеудеңде жаның барда!

...Байғұс әйел үн-түнсіз жылап тұрды,
Қарттың үні мең-зең ғып құлаққа ұрды,

Қолындағы мылтығын құлаштап кеп,
Бөгелмей Жетім көлге лақтырды.

Қартқа қарай ақырын аяңдады,
Қарусызға қарт келді, аянбады.
...Көзінен жас, көңілінен зар төгіліп,
Болған жәйтті келіні баяндады.

— Әй, балам!..
Болмады ғой, болмайды ғой...
Қасиет кетті көлден, сорлады ғой.
Тәуіптің айтқанының бәрі өтірік,
Атқа мін, ауылға қайт, олжаны қой!..

Мін атқа, қайт ауылға тағат қыл да,
...Білмеймін, сор аттың ба, бақ аттың ба?!
Аққуға кезенерде ырым жасап,
Тым құрса саусағыңды қанаттың ба?

— Әлек боп, арпалысып сор-қайғымен,
Жоқ, ата, жасамадым ондайды мен...
Жасымнан естігенім бар-тын еді,
Әйтеуір, аққу атқан оңбайды деп...

— Солай, солай..
Аманат, бір құдайға...
Қай-қайдағы түседі құрғыр ойға...
...Ат басын шұғыл бұрып, тайып тұрды,
Қарт тастап нелер сұмдық сырды бойға.

Бәрі ұмыт: бақытың да, байлығың да,
Күлкі шаттық, күйзелткен қайғы, мұң да.
Жетім көл жетімсіреп қалып қойды,
Бір өлі, бір тірі аққу айдынында...
Бар өмірден көңілі шайлығыда,
Байғұс ана еркінен айрылуда.

Әлденеден сұм жүрек сескенеді,
Арақидік әлдене ес береді.
Табиғаттың, таудың да, аққудың да,
Байғұсқа болмай қалды еш керегі.
Келеді ана, сезбейді ештеңені.

Бай ұмыт, әлсіз жатқан бала да ұмыт,
Қайтқан құстай алыстап барады үміт.

Көліменен қоштасқан аққу үні,
Құлағына келеді арақідік.
Өмір емес өмірі, қораштанған,
Байғұс ана тірліктен қалас қалған.

Келеді ана қарабет қарақшыдай,
Ел мен жерден біржола аласталған.
Аппақ нұрды көре алмай ақ аспаннан,
Түн-түнекте бейне бір адасқан жан.

...Абыр-сабыр үй маңы дүрбелең-ді,
Алғаш ана абыржып, білмеген-ді.
Ат үстінен түсе алмай қатып қалды,
Білмейді қайда келді, кімге келді.

Өң бе, түс пе, әйтеуір, таласуда,
Өлі менен тірінің арасында.
Отырғандай Жетім көл жағасында,
Аққу жатыр көзінің шарасында.

Аунап түсіп атынан, үйіне енді,
Есіне алып ерін де, баласын да.
Өліп жатқан ұлына қарасын да,
Қалсын ана Жетім көл жағасында,
Өлі менен тірінің арасында.

...Аппақ нұрмен шомылтып айналаны,
Ақ сәулемен айдынның ойнағаны,
Көз алдында...
Құлақтан кетер емес,
Таңда бұлбұл тамылжып сайрағаны,
Көз алдында аққудың жайрағаны.
Сыңар қанат, сынық құс жаралы аққу
Өлі аққудан кете алмай айналады.

Ақ төсек — аппақ айдын, аққу — бала.
Жаралы аққу секілді жаттың ба, ана?..
"...Мына жатқан Жетім көл, мына аққуды,
Өз қолыммен өлтірдім, аттым жаңа...

Жоқ!
Мен емес...
Мен атпадым...
Кеше гөр, кешіре гөр, жаратқаным?!"

Ғазиз ана, ербеңдеп екі қолы,
Жиылған жұртқа қарап алақтады.

Күледі, бірде жылап, зарланады,
Көкке қарап, бекерге қарманады.
Бірде үнсіз, мелшиіп тың тыңдайды,
Құлағыңда аққудың арман-әні.

Алдымен жұрт үн-түнсіз таңданады,
Қыбыр-сыбыр артынан жалғанады...
Бірде ана көкке жайып алақанын:
Қазір, ботам...
Мінеки, таң атады...
Қазір, ботам, аққуменнен ұшықтаймын...
Жазыласың, құлыным... балапаным!

ЭПИЛОГ

...Сол кеткеннен мол кеттім, оралмадым,
Жерді аңсаймын...
Жалғыз-ақ сол – арманым.
Қиын екен қимасың екі бірдей,
Көз алдында ғайып боп жоғалғаны...

Көрдің бе бір-біріне дөп келуін,
Бір қырсық бір қырсықпен шектелуін?
Балам-ай, мынау өмір-дарияның,
Білмейсің қайда екенін өткелінің.

Аққулар...
Аңыз көп қой олар жайлы,
Көзіңмен көргеніңдей бола алмайды...
Тек қана тыныштықта ұйқтайды олар,
Шошыса, екінші рет оралмайды.

Орнында екен Жетім көл, жоғалмапты,
Ортаймапты немесе тола алмапты.
Жағалауын жауыпты жасыл жалбыз,
Қасиетті аққулар оралмапты.

30.IX-X.1972

ҚЫРАНДАР, ҚОШ БОЛЫҢДАР

ПОЭМА

...Отым сөніп, отырып қалғанымда,
Өздеріңнен от алып, жанбадым ба?
Ақ уызын Ананың ақтау қиын,
Ақтау қиын, борышым көп алдыңда.

Мына жатқан мың өркеш тауларыңда,
Ақиықтың аспанда самғауыңда,
Өлең шашты ұяң қыз-талдарың да,
Айтылмаған, туған ел, арманым бар;
Ақталмаған борышым бар алдарыңда.

Кемтар Ана, сал Ана, сен есімде,
Аспандағы Ақиық, сен есімде,
Сендер мәңгі есімде, қырандарым,
Құрбан болған ғарыштың кемесінде.
...Шығып алып тіршілік төбесіне,
Өмір-өлім, бәрібір, егесуде.

Сен де есімде, жеңеше, бақташы аға,
Үйлеріңнің бәрі тор, ақ босаға.
Жүруге жоқ, артымен жылжыса да,
Өмір беріп отыр ма ақ бас Ана?
Белшесінен бақытқа батпаса да,
Одан артық бақытты таппас Ана...
Аман болсын ақ отау, ақ босаға!

Мұз бүріккен есімде тау шыңдары,
Аспан бұлттан бір тәулік аршылмады.
Әлі есімде: ойдағы жасыл алқап
Ойран-топыр ақ қарға малшынғаны,
Қар астында гүлдердің жаңшылғаны,
Малшылардың дегбірі таусылғаны,
Бәрі есімде...
Есімде қалсын бәрі.

Қалсын, жүрсін өлгенше ойда бәрі:
Арша отымен қазанның қайнағаны,
Жылытып ішіп қымызды бақташының,
Ұйқылы-ояу әлдене ойлағаны,
Ақ қозымен сәбидің ойнағаны,
Өлгенімше сақталсын ойда бәрі.

Қалсын есте: ақ түтек басылғаны
Бұлт жер ауып, аспанның ашылғаны,
Көл-көсір ғып көпсіме көбік қарды,
Бу аттырып күннен нұр шашылғаны,
Ақ отауға ақ сәуле асылғаны.
Түңілікті жеңешем түріп тастап,
Көлеңкені төрінен қашырғаны.

...Арымағай-ашпағай, асылдарым!!!
Айтылмаған, туған ел, арманым бар,
Ақталмаған борышым бар алдарыңда.
Мінеки, жырым-сырым, мұңым-шыным,
Өздерің біл, не істесең, қолдарыңда...

* * *

Өзіңе өзің оңаша сыр ақтарып,
Отырасың бір дөңге жырақ барып.
Жан-жағыңа қарайсың, жаратылыс
Бөз-баяғы міндетін тұр атқарып.

Жаратылыс заңына бағынасың,
Табынасың, сиқырын танығасың,
Әлденені аңсайсың, зарығасың.
Қала барсаң, ауылды: ауыл келсең,
Думандатқан қаланы сағынасың.

Жалықтырып қаласы, даласы да,
Бір керемет іздейсің аласұра.
Табиғатпен шамаң жоқ таласуға,
Ауасына елтисің, қанасың да,
Тұңғиыққа ойыңды маласың да,
Отырасың оңаша барасың да.

Тастармын деп даланы, тауды мына,
Қалады-ау деп күн нұры, таң нұры да,
Ой тоқтатып өміріңнің қалдығына,
Отырасың еске алып өткендерді,
Таңданасың адамның тағдырына.
Қарманасың өзіңді нандыруға,
Бір құдірет, әйтеуір, барлығына...

(Ол құдірет білмейсің не екендігін...)
Әйтеуір, жарық дүние — мекен бүгін,
Өтпесін деп осында бекер күнім,

Арпалысып адамдар аттанады,
Болашаққа қалдырып кетер жүгін.

...Жанарым, қарап үлгер мына маңға,
Көрсін деп жаралғансың тірі адамға.
Тау-тасын, орман-көлін аралашы,
Құлаған құзы жоқ па, дін аман ба?!
Қарап қал, қарап үлгер мына маңға.

Қомағай қос жанарым, қарап үлгер,
Шыққан күн, жанған гүлдің алауын көр.
Оралсын адастырған бала күндер,
Жаныма жас сәбидің талабын бер.
Неғұрлым күндер зулап өткен сайын,
Соғұрлым ынтықтырып барады Жер.
Жалықпа, қос жанарым, қарап үлгер!

* * *

...Сол күні ғарышқа да көп қарадым,
Көңілімді бір күдік жеп барады.
Япыр-ау, қаншама тәулік өтті,
Оралса екен есен-сау деп қаламын.

Шарлап жүрген аспанның кемесіне,
Шарам да жоқ мен солай демесіме.
Жерден ұшқан ақиық қырандарым,
Аман-есен жетсе екен енесіне,
Қонса екен қонақжай жер төбесіне.

Адам, сен құдіретсің, таныт бәрін!
Шарықта, қырандарым, шарықтағын.
Аман-сау Ана-жерге оралыңдар,
Аққудың мамығы боп сауыттарың.
...Ерлікпен егіз туған қауіп барын,
Еріксіз түйсіндім де, анықтадым,
Ғарышқа қараудан бір жалықпадым.

Сол күні мазамды алып бір ой менің,
Білмеймін, неге сонша үрейлендім?!
Қызыл таңның атқанын алғаш көріп,
Жақсылық болғай-ды деп тілей бердім.

Есімде қызыл шиқан таң атқаны,
Қып-қызыл жасыл орман балақтағы.

Білмеймін, еріксізден тіксіндірген,
Бүкіл алқап өртеніп баратқаны!

Қып-қызыл сыр төгілген тауға барып,
Қызыл өзен жатқандай қардан ағып,
Есімде қызыл-жасыл қырғауыл күн
Көтерілген қанатын қанға малып!

Жаңа тұрған жаңдайын құлап барып,
Ақ отадан отырдым жырақ барып.
Бәз-баяғы қалпында бар тіршілік,
Бәз-баяғы міндетін тұр атқарып.

Өкіңдім түсіне алмай өтем бе деп,
Кешкен ғұмыр, төккен тер бекер ме деп.
...Тас төбемде үш қыран айналып жүр,
Осынау мен отырған мекенге кеп.

Қалқиды, қанат қақпай самғайды кеп,
Не деген құдіретті!
Қандай жүрек!
Төңкеріле теңселіп, бір иықтап,
Көлбеген көк мұхитта аунайды кеп.

О, не деген, Бостандық, арман едің!
Қыран болсам, арманым бар ма менің.
Ана-жердің арқасын тынықтырып,
Мен де осылай аспаңда самғар едім.

Самғар ем, қонар едім жеріме кеп,
Ана-жердің мен үшін жөні бөлек.
О, Бостандық!
Бостандық сайрандап жүр,
Көлбеген көк мұхиттың төріне кеп.

Үш нүкте жүр мұхитта қылаңдаған,
Бірінен бірі биік шығандаған.
...Саялап киіз үйдің көлеңкесін,
Ана отыр аяғынан тұра алмаған.
(Есіме зоопаркте бүркіт түсті,
Телміріп темір тордан шыға алмаған...)

Есімде: тау өзені тулағаны, -
Тоғайларда құстардың тұнған әні,

Көлбеген көк мұхиттан төмен қарай,
Сорғалап үш қыранның зулағаны.
Дегендейін "шәй даяр, жүр, қарағым"
Кемтар Ана мен жаққа бір қарады.
Қолыменен жер тіреп, үйге қарай,
Ақырын артыменен сырғанады.

Қарап тұрып Ананың тағдырына,
Қарғыс айтқым келеді барлығына...
Риза емен сол күнгі күн нұрына,
Риза емен сол күнгі таң нұрына.
Бірге болған бір күннің оқиғасы,
Көлеңкесін көңілімде қалдыруда.

Алғаш көрдім қан іспет таң ұйуын,
Алғаш көрдім қыранның ақ иығын.
Алғаш көрдім артымен сырғанаған,
Әміршісін қазақтың қара үйінің.

Анам-ай, соншама ауыр күнәң бар ма?
Нең кем еді көктегі қырандардан?
...Арылар күнім менің болар ма екен
Емі жоқ өңшең құныс сұраулардан.

Ана дерті ойымды ойран қылып,
Қырандар жүр төбемде сайран құрып.
Тасыған тау өзені өкіреді,
Тас-талқан айналасын майдан қылып.

Үкісін үлпілдетіп самала қыр,
Саңқылдап сары ала қаз жағада жүр.
...Ойыма түскен күдік қайта оралды,
Күн шығар алдындағы бағана бір.

...Япыр-ау, әлі жүр ме, әлі жүр ме?!
Шынымен қонбады ма әлі күнге?!
Әлде оларға аспан, жер, ауа, мұхит,
Мына жатқан ғаламның бәрібір ме?!

Мүмкін емес Жерді олар қалдыруға,
Жақсылыққа бақса игі барлығы да...
Дүбіріңнен дүние дүр сілкінген,
Отандастар, ортақпын тағдырыңа!

Көзім түсті қайтадан қырандарға,
Бір арманым қосылды бір арманға.
Жауап іздеп қараймын қанатына,
Қызғанамын, қызығам қырандарға.

Ойланбасқа шарам жоқ бұл өмірде,
Жадырауға қақым бар, түнеруге.
Мен де өзімше алып бір комбинатпын
Қорытылған не пәле жүрегінде.

* * *

Ана жайлы ойланам, қыран жайлы,
Қиял шіркін орнында тұра алмайды,
Өмір жайлы ойланам, өзім жайлы,
Кейде шаттық, кейде бір мұнар қайғы,
Алмакесек алдымда бұлаңдайды.

Асығады неге өзен аласұрып?
Неге қыран самғайды, Ана сырғып?
Неге көңілі келіннің пәс жүреді?
Неге жүзі жабыңқы баласының?
Қас-қабағын, баққандай бала сырын,
Ана неге қадайды қарашығын?

Неге... Неге...
Мен үшін ол бір қайғы.
Сұрақ тұрса алдында, оңдырмайды.
...Қажыды ғой, ғарыштың сұңқарларын,
Неге ертерек Жеріне қондырмайды?!
...Әзірлеген түске асын әйбәт жеңгей,
Неге отырсың дегендей қол бұлғайды.

Шөлдегені, жүректің аңсағаны:
Сипай соққан мына бір тау самалы,
Ащы иісті тасқа ескен аршалары,
Қарағайлар қапталда самсағаны.
Әдділеген тірлікті тау самалы,
Кеуіп қалған кеудеге жан салады.

...Алдауын-ай гүлдердің, алдауын-ай,
Жауын алып жанардың лаулауын-ай!
Әсіреге алданып, алда құдай,
Қырандардан көз жазып қалғаным-ай!

Көк мұхитты кеземін көзімменен,
Саңдалып жүр сан сақта сезім деген
Құмайға ұқсап төбеде қалғаным ба?!
Қыранға ұқсап самғайтын кезімде мен.

Қайда кетті Тянь-Шанның тағылары?
Соғар ма екен оралып тағы бәрі?
Болат тұяқ, шойын төс Ақиығым,
Қай жерінен ғаламның табылады?
Оралар ма қайтадан тағы бәрі?

О, Еркіндік!
Не деген арман едің!
Қыранның қанатына жалға мені.
Ақиық қайда кетті, қайда кетті?
Ақиық –
“Еркіндіктің ардагері.

Еркіндікті үйреніп қырандардан,
Мен де соған жан едім құмарланған.
...Белгісіз бір төбеде қалғаным ба?
Арылмай өңшең құныс сұраулардан?

Арманым бар қыранның самғауында,
Әлде бәрі, білмеймін, алдану ма?
Шыңға шығар шыңырау шағымда мен,
Қарға қонар төбеде қалғаным ба?

* * *

Орнатпайын басыма заманақыр,
Жетер енді.
Түс ауып бара жатыр.
Түтіндетіп түскі асын әзірлеген,
Әйбәт жеңгем қол бұлғап далада тұр.

Самал желмен желпідеп орамалы,
Сайдан су ап қарындас оралады.
Самала қыр бетінде сағым ойнап,
Сары белден әрі асып жоғалады.

(Маңдайына тұлымы төгіледі.),
Байлаудағы байғұстар не біледі.
Құйттайынан мойнына құрық түскен,
Құлындарға қараймын желідегі.

Неге?
Неге?
Сол сұрақ көмейімде.
Көнбейін бе, білмеймін, көнейін бе?!
...Бастарынан ноқтасын сыпырып ап,
Байғұстарға Бостандық берейін бе?!

Құба жонда құлдырап ойнақтасын,
Құлын көңіл ештеңе ойлатпасын.
...Бар қызығы қазақтың қымызы ма?
Байғұстардың қайтеді байлап басын?..

Көп күндерді өткіздім, көп түндерді,
Кеткім келді, білмеймін, кеткім келді.
Қырандарым, қайдасың, жеткін бері,
Ғарышқа іліп алып кеткін мені!

7-9.X.1972

САП-САРЫ ЖАПЫРАҚТАР

Сап-сары жапырақтар...
Сап-сары жапырақтар...
Саудырап құлап жатыр атырапқа.

Біреудің жанарында,
Біреудің табанында,
Сап-сары жапырақтар жоғалуда.
Қаусаған қаңқасы тұр ағаштардың,
Жасыл бақ тоналуда, тоналуда.

Естілмей құстың әні,
Естілмей құстың үні,
Жалғанның кетті сәні, ұшты гүлі.
Сырғасынан айрылған ақ қайыңның,
Басына бар ғаламның түсті мұңы.

Сап-сары жапырақтар,
Сап-сары жапырақтар.
Саудырап құлап жатыр атырапқа.

15.X.1972

ШЫДА, ШЫДА

Шыда, шыда!
Шыдай түс, шыда тағы!
Шыдамдыны мына өмір ұнатады
Үміттің құлан иек құла таңы,
Әйтеуір, бір атады, бір атады...

Өкінбе, өкпелеме бүгініңе,
Өмір, өмір!
Болмайды түңілуге.
Мәңгі сені жазбаған сүрінуге,
Қайта тұрып, қақың бар жүгіруге.

Түсінемін жаныңның ауырғанын,
Шыдадың ғой, шыдай түс, дамылдағын.
Йогтардың тәсілін қабылдағын,
Басқасына бас ұрып табынбағын.

Шыда, шыда!
Шыдай түс, тағы шыда!
Тау құлатқан тасқынның ағысына,
Кір жуытпай кіршіксіз намысыңа
Қарысуға болады, алысуға...

15.X.1972

КӨРСЕМ ДЕЙМІН

Сені мен көрсем деймін, көрсем деймін,
Жазыпсың қартайдым деп, мен сенбеймін.
Мойнымда қарызың бар, берсем деймін,
Сонан соң өлсем, мейлі, көмсең мейлің.

Өткізіп қанша күндер, қанша жылдар,
Қарайлап жолыма сен шаршадың ба?
Қаласаң қайтып орал, алып кеткін,
Менде сенің жастығың — кәусарың бар.

Өмір өтіп, жылжуда көш ілгері,
Өзің жаққан сәулеңді өшірмеді.
Өзің жаққан сәулеңді өшір келіп,
Өшір келіп... Сонан соң, кешір мені!

Әсер етпей дауылың, жауының да,
Жаным менің жануда, жабығуда.
Махаббаттың тәттісі сағыну ма?!

...Меніңше, сағынудың сағымынан
Жай отындай жалт беріп табылуда!

Мен сені көрсем деймін, көрсем деймін!
Сонан соң,
Өлсем мейлің...
Көмсең мейлің...

15.X.1972

ЖАС ӨМІР, САҒАН ӨКПЕМ ЖОҚ

Жас өмір, саған өкпем жоқ,
Көктем боп тұрдың сан жылдар.
Жеткенде жеріп кеткем жоқ,
Өктем боп талай тағдырлар.

Бір жылға тең боп бір күнің,
Санасыз, ойсыз мас қылдың.
Мінезін бермей түлкінің,
Жүрегін бердің қасқырдың.

Қапыда кейде қан құсып,
Қасқырмын дедім, қасқырмын!..
Кеудеме мына нан пісіп,
Басыммен барып тасты ұрдым.

Шашырады ұшқын көзімнен,
Бас осал екен, тас мықты.
Ес кіріп сонда сезінгем,
Өткенін қайран жастықтың.

Жасарып ылғи жан-жағым,
Тұратын еді көктем боп.
Жарқ етіп өткен арманым,
Өкпем жоқ саған, өкпем жоқ,

21.X.1972

* * *

Мен бүгін көп қиналдым,
еш нәрсе жаза алмадым.
Бірдеңе мазамды алды, мазамды алды..
Көңлім қоқыстан бір тазармады,
Қоқыс сатқан жандайын базардағы.
Елегізіп, еске түсіп қай-қайдағы.

Көңілдің іріп кетті бал қаймағы,
Кегі кеткен жандайын әлдекімге,
Іш өртеніп, қайнайды қан бойдағы.

Сам жамырап, келеді құлап іңір,
Мен ойлаймын ананы-мынаны бір.
...Алыста, Абайлардың жайлауында,
Жайылып поэзия пырағы жүр.

Жүрсін, жүрсін жануар...
Жүрсін, мейлі.
Әлі жеткен жан ұстап, мінсін, мейлі.
...Мен бүгін көп қиналдым, көп қиналдым,
Неге?!
Неге жүрегім дүрсілдейді?!

21.X.1972

МАҒАН, ҚҰРБЫМ, КЕКТЕНБЕ

Өкініш қып өткен менен кеткенге,
Өтінемін, маған, құрбым, кектенбе.
Алай-түлей қарлы дауыл соқпай ма,
Аласапыран ең алғашқы көктемде?
Соны есіңе ал, маған, құрбым, кектенбе.

Ашуыңды алайын мен тең бөліп,
Өтінемін, өткіншіге берме ерік?!
Сен де айыпты, мен де айыпты емеспіз,
Сенде де бар, менде де бар пенделік.

Сенде де бар, менде де бар алалық,
Сол алалық өршімесін жаңарып!
Алалықты айбалта ғып ұстаған,
Бұл өмірде өзөзілдің бары анық!

Ел мен елді, халық пенен халықты
Жауластырған сол өзөзіл қауіпті.
Күндестік деп аталатын бір мыстан
Күлге аунатты...
Өзөзілді тауыпты.

Өтінемін, құрбым, маған кектенбе,
Өкпелей бер, наздана бер, жек көрме!

22.X.1972

БАБАЛАРЫМ, РАҚМЕТ СЕНДЕРГЕ

Бабаларым,
Рақмет сендерге!
Балаларым болмасын деп көр кеуде,
Қобызыңмен қосып ән мен тіл бердің,
Өмірге мен мылқау болып енгенде.

Бабаларым,
Рақмет сендерге!
Жыраулардың жазбай кеткен жырларын,
Арулардың ашпай кеткен сырларын,
Қорқытыңның қорқынышты мұң-зарын,
Қобызыңның шанағынан тыңдадым.

Құлазыған сенің құла түздерің,
Не білмеген, не көрмеген ізгі елім.
Жазылмаған тарихымның жолдарын,
Ауызекі аңызыңнан іздедім.

Мен білмеймін.
Басыңа әлде орнап бақ,
Шаһар салып, жасадың ба жаннат бақ,
...Әлдеқалай тасқа түскен таңбаны
Табынамын тарихымдай ардақтап.

Сыр ашпайды сенің құла түздерің,
Сыр ашпайды тау-тастағы іздерің.
Сенің бүкіл болмысыңның тағдырын,
Домбыраңның пернесінен іздедім.

Іздедім де сәттерімде түңілген,
Тастап кеткен аңызыңа жүтінгем.
Жүтінгем де, қайта туғам, тірілгем:
Тарихымды жазудамын бүтін мен,
Бабаларым, сенің Ана тіліңмен!

...Менің мына қайта туған күнімде,
Сөйле, оркестр, дүрілде бір, дүрілде!
Сөйле, Моцарт, менің Ана тілімде,
Сөйле, Данте, менің Ана тілімде.

22.X.1972

МЕН ТАУЛЫҚПЫН!

Тау дейтін алып жүрек Ана туған
Мен таулықпын!
Таудан мен жаратылғам.
Киіктің сүтін еміп ержеткенмін,
Қуат алып қыранның қанатынан.

Мен таулықпын!
Таудан мен жаратылғам.
Бұлт бүркеніп, жай отын ала туғам.
Күн алғашқы сәулесін маған шашып,
Маған келіп түнейді қара тұман.

Тау ұлымын,
Тау – менің дәу бесігім.
Мен оның әуресімін, сәулесімін.
Асқар шыңдар желпиді бесігімді,
Бір орамын ағытып сәлдесінің.

Мен – таулықпын!
Таудан мен жаратылғам.
Тау деген Ана туған дара тұлғам.
...Тауға барып,
Көкке ұшып кетсем бе екен,
Ұстап алып қыранның қанатынан.

24.X.1972

ӨМІР

Қойлы ауыл көшіп кеткен жайлауына,
Жалғыз үй неғып отыр ойда мына?!
Шопан жігіт әлдене ойлануда,
Ойлануда, келе алмай байламына.

Бәрі көшкен малшының маңайдағы,
Жайлауына жайғасты талайлары.
Үйін әлі жыға алмай қамсыз жігіт,
Әлденені қия алмай қарайлады.

Көшсем деген салқынмен таң атарда,
Жүгін артпай әлі отыр сары атанға.
...Қос қарлығаш тынымсыз жем тасуда,
Ұядағы тойымсыз балапанға.

Не деген балажанды құрғыр еді,
Киіз үйге бір шығып, бір кіреді.
...Шопанның шаңыраққа көзі түссе,
Шарасы таусылғандай ділгіреді.

Ойының болмай қойды тиянағы,
Қарайды балапанға ұядағы.
Үлбіреп қауыз ашқан үш өмірді,
Қалайша құрбандыққа қия алады.

Төңірі дәрменсіз ғып жаратар ма!..
Тағдыры үш өмірдің алақанда.
...Қос қарлығаш ойында дәнеңе жоқ,
Жем тасуда тойымсыз балапанға.
Үй иесі су берді сары атанға,
— Көшермін, — деп, — келесі таң атарда.

Ақ боз үйдің атан түр іргесінде,
Шопан отыр ойының түрмесінде.
Талай құстың ордасын ойрандаған,
Алаңғасар жас шағы тұрды есінде.

24.X.1972

* * *

Анау — аспан, мынау — бақ,
Аспанда бұлт, бақ жадау.
Мамық ұшты қылаулап,
Қыс та келіп қалған-ау.

Аспан, жердің арасын.
Дәрігер қыс алуда.
Табиғаттың жарасын
Ақ дөкемен таңуда.

Таңдырып ап маңдайын
Тағы көйлек сұрап жүр.
Бақты кезіп тал-қайың,
Жалаңаяқ жылап жүр.

Қу бұтағын құшақтап,
Түксиеді кәрі емен.
...Қыс — тазалық, қыс — аппақ
Әрі өкініш, әрі өлең...

24.X.1972

ҚЫСТАУДА

Боран.

Боран.

Ақ боран ой да, қыр да,
Толғануға мұрша жоқ, ойлануға.
Қыр астында қыстаудың есін алып,
Бар қаһарын төгуде қойлы ауылға.

Түннен бері тіміскіп, тыным алмай,
Сай-саланы тінтуде ұрылардай.
Тоғай менен орманды түтіп жатыр,
Атасының осында құны бардай.

Қораны да, үйді де,
өрісті де,
Түтіп жатыр ақтүтек тегіс міне.
Сұп-сұр аспан сұрланып, ойран салып,
Бар қаһарын шашуда жер үстіне.

Отар жатыр қойнауда, ықтасында,
(ығыр көрсе, бораннан бұқпасын ба?)
Қарауылдап шопан тұр аттан түспей,
Аяз қарып, кірпігін шық басуда...

Боран.

Боран.

Ақ боран
ой да, қыр да,
Бар қаһарын төгуде қойлы ауылға.
Бұққан қоян секілді қыстау жатыр,
Бұғып алып таудың бір қойнауына.

24.X.1972

СІРӨ, МЕН БАЙҚАМАСПЫН

Сірө, мен байқамаспын, байқамадым,
Қайтейін, айтарымды айта алмадым.
Шындықтың көзі шығып кете ме деп,
Әлі де тайкудамын, тайкудамын.

Осынау шуақ шашқан кең өлкеде,
Сірө, мен қаламын-ау көлеңкеде.

Шынымен жұртым маған шын өкпелеп,
Із-түзсіз мәңгілікке жөнелте ме?

Өлемін деп өкініп, сескенбеймін,
Өлмек парыз, өмірден өшсем мейлім.
Айта алмаған сөзім бар, арманым бар,
Арманымды қалдырып кетсем деймін.

Түсінем, Қасым — тағдыр қасымда жүр,
Басымда жүр, көзімнің жасында тұр.
Тым құрыса қалса екен бір шумағым
Басымдағы туған жер тасында бір.

Қайтейін, айыптымын алдарыңда,
Айта алмаған сөзім бар, арманым бар.
Достарым, жаман ақын жазған жырдың
Тым құрыса бір парағын аударыңдар!

24.X.1972

ҮНСІЗДІК

Бәрі де үнсіз.
Үнсіз аспан, үнсіз жер,
Үнсіз орман, үнсіз таулар, үнсіз көл.
Мен де үнсізбін, дәрменім жоқ күрсінер.
Үнсіз кеуде...
Үнсіз жүрек дүрсілдер.

Бәрі де үнсіз...
Бәрінде бір сұрақ бар.
Үнсіз ауыл.
Үнсіз жанып тұр оттар.
Үнсіз зират ұйқтап үнсіз қыратта,
Үнсіз ағып бара жатыр бұлақтар.

Неге үнсіз?!
Не көрінген бұл маңға?
Үнсіз күзде үнсіз тірлік тынған ба?
...Бір машина үнсіз аңыз үстімен,
Үнсіз заулап бара жатыр қырманға...

25.X.1972

АҚ КИМЕШЕК КӨРІНСЕ

Әже, сен бірге жүрсің меніменен,
Өліге мен өзіңді телімегем.
Ақ кимешек киген бір кемпір көрсем,
Ақ қимешек астынан сені көрем.

Өңі-түсі өзіңнен бір аумайды,
Немересін ертпесе жүре алмайды.
Таныс дауыс, таныс сөз, таныс мәсі,
Көзіме оттай басылып алаулайды.

Аппақтығы ұқсайды әрінің де,
Әжімің де, аумайды тәлімің де,
...Әлемдегі әженің бәрі бір ме?!
Әже, сен тірі екенсіз әлі күнге.

Қия өтпейді...
Ұқсайды ізеті де,
(ізетсізді бұлар да түзетуде.)
Бұлар да бабасынан алып қалған,
Өз жұртының дәстүрін күзетуде.

Әже, сен бірге жүрсің меніменен,
Өліге мен өзіңді телімегем.
...Ақ кимешек көрінсе, сені көрем,
Ақ кимешек жоғалса...
Нені көрем???

25.X.1972

ҚАЙРАН БАУЫР

Токбергенге

— Мұқаш-ай!
Қарасазды сағындым-ау!
Сағындым-ау суымды, тауымды да!
...Қайран дос, барғанымда осылай деп,
Өрт кетіп өзегіңе тарындың-ау!

Көңіліңнен көтеріліп ойран дауыл,
Кемеңді бұрып еді қайранға бір...
Сағынған сазың өне, тауың өне,
Жатырсың өзің, міне, қайран бауыр!

Үйірінен адасқан тентек едің,
Тентегім-ай, үзілді ерте демің.
...Қарасазың, мінеки, әддилеуде,
Әлсін-әлі жаңартып көрпелерін.

26.X.1972

ӨТЕЛЕР МЕ?

Аңсамаймын,
Алмаймын көп өмірді!
Білемін көп өмірден көрерімді.
Аларымды алған соң, ақысына
Беріп кетсем болғаны берерімді.

Мынау аспан,
Мынау жер мекеніме,
Есеп берер күн туар кетерімде,
Тоқсан жасап, жүз жасап неғыламын,
Не беремін жүз жылдың өтеуіне.

Өтелер ме жылуы жарық күннің?
Төленер ме қызығы мамық түннің?
Жүз жыл емес, бір жылдың өтеуі жоқ,
Ылаж құрып, мінеки, налып тұрмын
Нағып тудың, Анам-ай, нағып тудың?
Күндерімді күйбеңмен жалықтырдым.

Аңсамаймын,
Алмаймын көп өмірді!
Көріп жүрмін онсыз да көрерімді..
Күндер батып, таңдарым атқан сайын,
Күдіктенем біле алмай не дерімді.

26.X.1972

КӨҢІЛДІ ЖЫР

Жаңғыртып, жасандырып өмірді бір,
Жадырап жазайыншы көңілді жыр.
Қап-қара түнде менің тереземнен
Толықсып, төсегіме төгілді жыр.

Тұрайын, несіне енді қысылайын,
Жазайын, көңілді жыр ұсынайын.

Көңілдің гүлге қонған көбелегін
Кеудемнен кептер етіп ұшырайын.

Айтайын аспанымнан нұр жауғанын,
Жырлайын бұтақтардың бүр жарғанын.
Айтайын суық күздің сұрланғанын,
Арса-арса ағаштарда мұң қалғанын.

Түнді де түн демейін,
Ақ түн дейін.
Ақ түнде айға мініп ақтым дейін.
Енді менде қиял да, арман да жоқ,
Армансыз рақатқа баттым дейін.

Бұл өмір...
Асфальттаған жол ма, қалай?!
Қырсығып мына күннің болмағаны-ай!
Жадырап көңілді жыр жазбақ едім,
Апыр-ау,
Сонда қалай!?
Сонда қалай!?

31.X.1972

БАЛ АШТЫРҒАН

Мен алғаш ауылымнан аттанарда,
Апарып көршідегі қарт бабаға,
Маған деп байғұс әжем бал аштырып,
Болашақ тағдырымды тартқан алға!

Байғұсым бар ырымды қарастырған,
Бабадан бата сұрап, бал аштырған.
Байыптап құмалағын Байбаба шал,
Әйтеуір жақсылыққа жанастырған.

– Балаңыздың бақыты ашылып тұр,
Гүл бітеді жолына, шашылып нұр.
Бөле-жала басына жоламайды,
Ақ періште жар болып, жасырып тұр.

Кедергісіз өтеді асулардан,
Жүрегінде күдік бар, жасыра алман...
...Ата сөзін жадыма түйіп алып,
Аттанып ем ауылдан, басымда арман.

Кедергісіз асқам жоқ асулардан,
Бар бақытым әзірге — басымда арман.
Алты адым жер ауылдан шықпай жатып,
Аударылып арбамыз, басым жарғам.

Жуа бітті жолыма, гүл бітпеді,
Ақ періште мен үшін дүрлікпеді.
Атам айтқан күдіктен арылмастан,
Аяқтармын сапарды тірліктегі.

...Алжып кеткен атамның құмалағы,
Алдап мені ой-қырға қуалады.
Ақ батасы, әйтсе де, адал еді,
Соны ойласам, жүрегім қуанады.

26.X.1972

ЕСІМДЕ ЖЫЛҚЫ БАҚҚАНЫМ

Есімде жылқы баққан күн,
Сәуірде нұрға шомылып,
мұздағын сордым ақпанның.
Есімде жылқы баққан түн,
Арасын кеулеп ақ қардың,
Далада талай жатқанмын.

Есімде күздің бораны,
Есіре келіп, есіңді ап,
етекті жырға соғады.
Есесі кеткен аш көкжал
аранын ашып, торады.
Торады маңды —
Малшының шақырылмаған қонағы.

Оған да керек сыбаға
Бері азығы жолда ғой,
бөрілік етпей тұра ма?
Оған да керек сыбаға,
Оқшауда тұрған бір тайдың
таңынан тартпай тына ма?

Жайлаудың түні есімде,
Жылқымен бірге жусағам
аршалы сайдың төсінде.

Аңсарым ауып боз үйге,
келе алмап едім шешімге,
Аршалы сайдың төсінде,
жайлаудың айлы кешінде.

Есімде жылқы баққаным,
Берекесіз өткерген беймаза
менің шақтарым.
Жамылып жаздың мақпалын,
төсеніп қыстың ақ қарын
Білмешпін күннің батқанын,
білмешпін таңның атқанын!

31.X.1972

ҚҰДАЙЫ ҚОНАҚПЫН

Құдайы қонақпын мен,
Қарсы ал, құрбым!
Адасып, ауылым таппай, шаршап жүрмін.
Шөлінде қалып мына сарсаң күннің,
Малтаны әжем берген таусап жүрмін.
Құдайы қонақпын мен, қарсы ал, құрбым!

Мына ауылдан ана ауыл қызықтырып,
Аттанып кетіп едім қызық қуып.
Атымды әлдекімдер тартып алды,
Басым жарып, аузымды бұзып тұрып.

Өкінбеймін, сол керек өзіме де,
(Көзім түнған көрінсе көзіме не...)
Есі кетіп, есірік қуған жанның
Еңсесін біреу баспай, сезіне ме!

Құдайы қонақпын мен,
Қарсы ал, құрбым!
Адасып ауылымнан, шаршап жүрмін.
Мен де бір қорлық көрген Жаяу Мұса,
Қаласаң, күй шерттіріп,
Ән салдырғын!
Қарсы ал, құрбым!

31.X.1972

СӘБИ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

...Құс та болғым келмейді!
Қанатым бар.
Қанатым бар күмістен жаратылған.
Сәби болғым келеді, сәби болғым,
Мына өмірден хабарсыз, жаңа туған.

От та болғым келмейді!
Жылуым бар.
Жылуым бар, керексе, жылыныңдар.
Әлди болғым келеді, әлди болғым —
Күн сәулесі ойнақтап тұлымыңда,
Отыратын анасы құлынымдап.

Тар бесігі — кең жаһан тарылмаған,
Біреуге бар, біреуге табылмаған.
— Сәби болғым келеді, сәби болғым,
Ана сүті аузынан арылмаған.

Қанаттанып өмірге ұшарымда,
Кесілмесін бәрібір тұсауым да.
Сәби болғым келеді, сәби болғым,
Сәбиі жоқ Ананың құшағында.

1.XI.1972

ЖҰЛДЫЗДАР СӨНІП БАРАДЫ

Айналып келді батқан күн,
Жығылды түннің жалауы.
Алауын бақпай ақ таңның,
Жұлдыздар сөніп барады.

Адамның бағзы арманы —
Жұлдыздар қайда манағы?
Аспанның лағыл маржаны,
Мұхитқа батып барады.

1.XI.1972

АУЫЛ ЖАТЫР ТОЙ ЖАСАП

Барымен базар қылып той тойлаған,
Уа, пәлі!
Айхай, заман; ойхой, заман!
Жерошақ...
Тай қазанда ет асылып,
Болыскей самауырда шәй қайнаған.

Ауыл жатыр той жасап,
Ат шаптырып,
Атасының дәстүрін мақсат біліп.
...Қызыр-қазақ қарайды қыр басынан,
Лақтырып шашуын, сақ-сақ күліп...
Ауыл жатыр той жасап,
Ат шаптырып...

1.XI.1972

СЫРЛАСУ

Аспан мен Жер,
Уақыт, заман жайлы,
Өзім жайлы,
Сен жайлы, анау жайлы,
Бүгінгі ұрпақ,
Бүгінгі Адам жайлы,
Азды-көпті алдында айтылған сыр,
Сотыңнан сенің сақтап қала алмайды.

Соны ойлап сорлы көңіл алаңдайды.
Білесің бе?
Жыр жазу – маған қайғы!
Мысалы, Анам жайлы
Сөзбенен сурет салып, ой түйсем де,
Анамдай бәрібір ол бола алмайды.

Мен ішімнен өртеніп, алаулаймын,
Өз отыма жылынып, манаураймын.
...Шындықтың ауылында қазына бар,
Шыр айналып, соны іздеп алаңдаймын.

2.XI.1972

ЖАРАЛЫЛАР ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

1

Шомылып сәуле бұлақта,
Нұр жанып жатыр қыратта.
Ажалдан қалған ардагер,
Отырды келіп шуаққа.

Жасыл бақ, тыныш көк пен жер.
Мазасын алып кетпеңдер!
Сәбилер шашқан тарыға,
Жабыла қонды кептерлер.

Жалт етіп кенет жанары,
Ардагер құсқа қарады.
Жаралы жалғыз ақ кептер,
Жорғалап әзер барады.

Үйірі мойын бұрмады,
Тарыны таусып, жырғады.
Жаралы жанның жүрегін,
Жаралы кептер тырнады.

2

Түнерген түтін көк пен жер,
Көрінер ме екен, көрінер ме екен көк белдер?!
Қарғыс атқан жауымның,
Қолына тастап, қолына тастап кетпеңдер!

Осылай солдат жалынған!
Дәрмені құрып, далада жатыр жарымжан.
Қанаты сынық ақ кептер,
Алдына келіп түскен-ді құлап жалыннан.

Қауырсыны жыртылған,
Жаралы құсқа жаралы солдат ұмтылған.
Адамнан қорқып ақ кептер,
Алыстап әрі, бір жығылып, бір тұрған.

Алыстап кеткен, не дерсің?!
Аяулы құсым, азапта мүмкін өлерсің.
Тырнады-ау ескі жараны,
Тобынан жырақ, жаралы мынау көгершін.

3

Мен соғыстым,
Жоғалды жолдасым көп,
Өмірде жауыздықтар болмасын деп.
Мен жеңдім,
Жаралы ормандарға,
Жаралы құстар келіп қонбасын деп.

Ақ кептер,
айтшы нені армандадың?
Жараңда қандай сұмның қалған дағы?
Оңаша отырғанда ойлаушы едім,
Жойдым деп жауыздықты жалғандағы.

Ақ кептер,
айырылып көкірегім,
Жараңа қарап сенің өкінемін
Зұлымдық бас көтере бастаған ба?
Майданда жерлеп оны кетіп едім...

Тыныштыққа жаралған құсым едің,
Мен сені түсінемін, түсінемін.
Сенің жараң — қашаннан менің жарам,
Жауыздыққа жай отын түсіремін!

4

Шашылған дөңді тауысып,
Кептерлер самғап жөнеді.
Жаралы кептер жабысып,
Қорегін жерден тереді.

Сәбилер ойнап, күлісіп,
Алыстап кетіп барады.
Жаралы солдат бүрісіп,
Жаралы құсқа қарады.

Аянбай сермеп қанатын,
Ақ кептер ұшты аспанға.
Бұрап бір қойып сағатын,
Аянбай солдат басты алға.

Өлген жоқ жыртқыш тас бауыр,
Жасқанба, солдат, жасқанба!
Қалғансың тірі, қас жауың
Аяғыңды алып қашқанда,
Жасқанба, солдат, жасқанба!

2.XI.1972

СЕН ӘЛІ ТІРІ МЕ ЕДІҢ?

О, Махаббат!
Сен әлі тірі ме едің!?
Көзімнен ғайып болған күнім едің,
Гүлім едің..
Елтіген түнім едің,
О, Махаббат!
Сен әлі тірі ме едің?!

Мен сені ұмытқамын.
Жылытқаның есте жоқ, суытқаның.
Суып қаным,
Жинағам құрып халім,
Жығылған отауымның уықтарын.
Содан бері мен сені ұмытқамын.

О, Махаббат!
Сен әлі тірі ме едің?!
Тірі ме едің..
Мен де енді тірілемін!
Ақ періште, алдыға жүгінемін,
...Қолдай гөр, ғашықтардың пірі, мені?!

2.XI.1972

ЕСТЕЛІК

Ауылың жаны — ақ бастау,
Ақ бастау бар да, жу бетің.
Ақ бастау түбі — ақ таста,
Айнымас сенен суретің.

Суретін көр де, өзің көр,
Қайтесің, қалқам, айнаны.
Оянсын небір сезімдер,
Ойыңа түсіп қайдағы.

Жаудырап, жаным, көзің сал,
Ақ таста тұрған елеске.
Жамалың — жаһұт, сөзің — бал,
Нәресте кезің емес пе?!

Табынып тұрған тағдырды,
Танымай кеткен нәресте,
Тоғайды, торқа-шалғынды,
Өзіңді, мені ал еске.

Ауылың,
Аппақ бастауың...
Айналып кетті-ау елеске.
Моншағың, шашың, шашбауың,
Нәрестем –
Бәрі әлі есте...

2.XI 1972

ЕЛЕС ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІК

Төрағасы жайғасты төрге барып,
Бос орын жоқ
Зал іші көмбе халық,
Әуезовті бір шешен мақтап жатыр,
Арақідік тамағын кенеп алып...
Бір бұрышқа отырдым мен де барып.

Жұрт мақтауда.
Мақтаусыз сөз болмады.
Нелер шешен тайпалтты-ау сөз жорғаны.
Ақ шырағдан астында – төрағасы,
Төрағасы – Әуезов, қозғалмады...

Еңбегімен, есімен бақты жанған –
Айналасы Мұхаңның ақ шырағдан.
...Төрағаның аузына қарайды жұрт,
Қалт жібермей айтқанын қақшып алған.

Құттықтаулар, мақтаулар тынды дағы,
Залдың іші бір сәтке тұнжырады...
Төрағасы сатылап сөйлеп кетті,
Сәл ырғалып орнынан тұрды дағы.

Есімде жоқ Мұхаңның не дегені,
(Жаңылып, жалған айтып не керегі.)
...Алдымда "Абайдағы" Абай тұрды
Әуезов жасап берген кемедегі...

Әрі қарай әкетті елес мені,
Шырақ сөнді...
Белгісіз неге өшкені?!
(Мұхаң маған алыстан елестеді...)
Сұрағым...
Сұрағым бар емес пе еді?

Шырақ қайда?!
Жаңағы жарық қайда!?
Кимелеп ұмтылады халық қайда?!
Шынымен Әуезовке маңытпай ма?!
Мына ағын бара жатыр алып қайда?!..

(Қалқыып, қарауылдап тұрамын ба?)
Мен дағы қарсы жүздім бұл ағынға.
Толқыннан кеудемді алып,
Айғай салдым:
— О, Мұха!
Сұрағым бар! Сұрағым бар!..

Алыстан айғайлап мен қоймағасын,
Аялдап, аңдап, шолып, айналасын.
Ағынмен арпалысқан мені көріп:
— Айт, — деді — сұрағыңды,
Қай баласың?..

Сұрақ та, жауап та мен қайтармадым,
Тымқұрса атымды да айта алмадым...

3.XI.1972

ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ

Бәрі де бар,
Бәрі бар...
Жетпей тұр-ау бірдеңе.
Анау алып шыршаға,
мынау нәзік гүлге де,
Мына келген тамызға,
кешегі өткен шілдеге.

Жетпей тұр-ау бірдеңе,
Жетпей тұр-ау бірдеңе...

Қүдіретті құдайға,
қарапайым пендеге,
Анау мұнар аспанға,
мынау құба белге де,
Жетпей тұр-ау, бірдеңе,
өзенге де, көлге де,
Жетпей тұр-ау бірдеңе —
Жайлауға да, шөлге де...

Аунар ма еді дүние
ақ нөсердің селіне!
Жетпей тұр-ау сол құрғыр
Жаңа шыққан көгіме.
...Мұхит пенен теңіздер
жатыр ма әлде өртеніп?
Мынау жалын аңызға,
әлде соның лебі ме?!

Айқұш-ұйқыш жай ойнап,
аспан мен жер үндесер,
Тоған толып, су ағып,
топырақпен тілдесер,
Арқа-басы малшынып,
дихан баба күн кешер.
Жетпей тұр-ау бір нөсер,
Жетпей тұр-ау бір нөсер...

4.XI.1972

БАРЛЫҒЫ ДА МЕНІКІ

Барлығы да менікі:
мына дәуір, мына өмір,
Мынау аспан, мына күн.
Мына мұхит, мына жер —
Мына менің тұрағым.
Барлығы да менікі:
Жұлдыздардың шырағы —
Жердің ұшқан Сыңары,
Еділ, Жайық, Дон, Дунай,
Қарасаздың бұлағы,
Барлығы да менікі.
Қиыр Шығыс, қарт Сібір,
Қарт Оралдың қойнауы,
Балтық, Қырым, Кавказ бен
Қарқараның жайлауы,
Өзендер мен көлдерде,
ормандар мен таулар да,
Астана мен Одақ та,
облыс пен аудан да,
Манаураған түндер де,
алаулаған таңдар да —
Тиген менің еншіме,
қолым жеткен арманға,
Октябрьдің жұлдызы
аспанымнан жанғанда.

4.XI.1972

ҚЫЗЫҚПА, ҚЫЗ!

Ақын жайлы айтады қызықты аңыз,
Бірақ сен қызықпа, қыз!
Қызықпа, қыз!
Рас-ақ, біздер — патша!
Мұжық та — біз...
Түзік те — біз, түнерген бұзық та біз!
Ақындарға қызықпа,
Қызықпа, қыз!

Шынымен ақын жанын қалайсың ба?
Шыдайсың ба, шынымен, талай сынға?
Ақын деген бірде қарт, бірде сәби,
Қартты сыйлап, сәбиге қарайсың ба?

Лікпе, қыз,
Ақынның тұяғына.
Зымиян да осылар...
Зиялы да.

4.XI.1972

МЫҚТЫМЫН ҒОЙ ДЕГЕНМЕН...

Мықтымын ғой дегенмен,
Қорғасындай бір салмақ кетер емес денемнен.
Басады кеп төбемнен. Қош айтысып өлеңмен,
Терезеге төнем де Алатауды көрем мен
Басы қарға бөленген.
Бауыры көкке кенелген Алатауды көрем мен.
(Қорғасындай бір салмақ арылмайды денемнен)
Мықтымын ғой тегінде!
Қорқытарың өлім бе, оранарым кебін бе?!
Түкірдім мен оларға!
Ей, жүрегім, жеңілме!
Ана тұрған көгіңде,
жұлдызың бар сенің де,
Басын иген өлімге, түкірдім мен өмірге!
Ей, жүрегім, жеңілме!
Ей, жүрегім, жеңілме!

...Мен несіне жерінем?!
Қорқатыным өлім бе?!
Қорықпай-ақ берілем.

Өкінішті...
Амал не...
Өлмейтіндей келіп ем...
Мына жарық дүнием бірге туған менімен,
Бірге өледі менімен!!!

5.XI.1972

БАҚЫТЫҢДЫ ЖЫРЛАЙДЫ

Жыламашы, шырағым,
Күңіренген қобыздың
Бұрамашы құлағын.
Ұмыт болып мына күн, сейіледі мұнарың.
Жыламашы, шырағым,
Шашыратып шуағын,
Мен білемін мына күн шұғыламен тынарын.

Аттанады мына күн, ашылады аспаның,
Шашылады аспанға сенің жаһұт тастарың.
Сонау алыс асқарға асылады шашбауың,
Шашырайды басқа нұр, қосылады бастарың...

Шаттық пенен қуаныш,
Өкініш пен мұң-қайғы
Өмірбақи тұрмайды, алма-кезек зулайды.
Жыла, жаным, жылай бер...
Мен де мәңгі тұрмаймын.
Зарыңды кім тыңдайды?
Ертең келіп басқа ақын бақытыңды жырлайды.

5.XI.1972

ӨМІР ЖАЙЛЫ

Өмір жайлы сұрай берме сен менен,
Өмірді мен әлі зерттеп көрмеп ем.
Өмір жайлы білгің келсе, қартқа бар,
Қан майданнан жалғыз ұлы келмеген.
Жесір келін бір нәресте көрмеген,
Жетім шалды бала орнына тербеген.

Өмір жайлы не түсінем мен деген...
Өмір жайлы сұрай берме сен менен.
Өмір жайлы білгің келсе, қартқа бар,
Өміріне кегі кеткен, өлмеген,

Жалған айып таңылғанда көлденең,
Ақиқаттың аппақ туын бермеген.

Содан сұра, содан сұра өмірді,
Нені көрді, нені сезді, не білді.
Неге ақылды ақымақтан жеңілді,
Біреу жылап, біреу неге көңілді?
Содан сұра, содан сұра өмірді.

6.XI.1972

ДЕЙТІН ЕДІ ҚАРТ АҚЫН

"Қырғи жолдас бола алмайды кептермен,
Себебі ол кептер етін жеп көрген.
Қой қоралас бола алмайды қасқырмен,
Қасқырдан ол көресіні көп көрген.

Көбелектер бірге ұшпайды кептермен,
Кептерлер де көбелекті жек көрген.
Мысықтармен ойнамайды тышқандар,
Ойнаймын деп омақасып текке өлген.

Тіршілікте тамақты кім жек көрген.
Қу тіршілік соныменен шектелген.
Қыбын тауып торғай жұтқан жыланды,
Ебін тауып құмырсқалар бөктерген", –

Дейтін еді,
Дейтін еді қарт ақын,
(Өзгелерге кінәні көп артатын)
Оңашада шарап ішіп екеуміз,
Өзі менен шылым сұрап тартатын.

6.XI.1972

МЫНА ҚАСҚА...

Қор болған жылдарым-ай, күндерім-ай!
Асауға ауыздықсыз мінгенім-ай!
Мына қасқа бәрін де біле тұрып,
Мына қасқа бірін де білмеуім-ай!

Шынымен түсінбей ме мына қасқа,
Мына көз, мына жүрек, мына басқа?!
Мына қасқа шынымен түсінбей ме,
Бұлбұлдың қонбайтынын қу ағашқа?!

Мына жүрек, мына көз, мына баста,
Ненің барын біледі мына қасқаң...
Сезгіштігін білдіріп алам ба деп,
Тас жүрегін жасырар қына басқан.

Аламын деп қасқаның тас қамалын,
Тас жүрекпен қашанғы тас боламын.
Тас жүрекке табынтып тастамағын,
Жүрегін бер, тәңірім, жас баланың!

Сағындым сені, сәби кездерім-ай,
Саңдалтып мені тастап безгенің-ай.
...Мына қасқа бәрін де сезіп тұрып,
Мына қасқа бірін де сезбеуін-ай!

6.XI.1972

ҚҰРМЕТТЕҢДЕР ЖИЫРМАСЫНШЫ ҒАСЫРДЫ

Біздер жүрміз дер кезінде туылып,
Суға түсіп, отқа өртеніп, жылынып,
Жетімдердің ұясына тығылып,
Жесірлердің көз жасына жуынып,
Әйтсе дағы дер кезінде туылып!

Біздер мына дәуірменен бірге өстік,
Қарап соның қабағына күн кештік.
Уақыттың үніменен тілдестік,
Уақыттың көшіменен бір көштік.

Адамзатты қорғай жүріп қан бастық,
Адамзаттың азғынымен арбастық,
Аласапыран арпалыстан аман қап,
Адамзаттың өмірімен жалғастық,

Бұл дәуірдің бетін біздер ашқанбыз.
Болашаққа солай қадам басқанбыз.
...Біздер — әлі жан баспаған асқармыз,
Біздер — әлі жазылмаған дастанбыз.

Біз жараттық мынау ғажап ғасырды,
Тарихы оның біздерменен ашылды.
Біздің мына қолтаңбамыз басулы.
Құрметтеңдер жиырмасыншы ғасырды!

7.XI.1972

МЕНИҢ ҒАСЫРЫМ

Кірпікке кір жуытпай құндақтаған.
Мына өмір, мына дәуір қымбат маған.
Бұл ғасыр, сірә, менің жүрегім-ау,
Тынысын қыбыр етпей тыңдап бағам.

Бұл ғасыр менің жүрек-сағатымдай,
Тамырым бірге онымен соғатындай.
Амалсыз абайсызда қалғып кетсем,
Ғасырым бірге ұйықтап қалатындай.

Мына дәуір менікі, мына ғасыр,
Минут сайын керемет ұлан-асыр.
Мәңгілікке ғасырың бара жатса,
Бірге кетпей қалайша тұра аласың.

Тыным алмай тыңдаймын сырласымды,
Тынысын бағам...
Менен не сыр жасырды!?
...Сірә, біздің ұрпаққа қиын болар,
Мәңгілікке жөнелту бұл ғасырды...

(Біздің ұрпақ сол шақты көрер ме екен?..)
Келер-кетер ғасырлар, келер-кетер.
Өзім жырлап қалайын ғасырымды,
Келер ұрпақ өзінше өлеңдетер...

7.XI.1972

БАСПА, МҰНАР!

Арымасын аппақ нұр бастарынан,
Шашпа ызғар,
Күнімді баспа, мұнар!
Кетпе, шуақ,
Мына елдің аспанынан.
Мейрамы майдан болған қарттары бар,
Мейрамға жаңа келген жастары бар,
Шашпа, ызғар,
Күнімді баспа, мұнар!

Аймалап Алатаудың шырқау басың,
Түтінсіз тұнық ақша бұлтты аунасын.
Майданға емес, мейрамға жаратылған,
Қаным сіңген Туыма су тамбасын!
Тыныштықтың түтінсіз бұлты аунасын.

Адамзат тарихында дара тұрған,
Октябір,
От пен оқтан жаратылған.
Октябір — оқ пен оттың қанатынан,
Шуағын тыныштықтың сыйлы туған,
Шашпа ызғар, күнімді баспа, мұнар!

7.XI.1972

БІРІНШІ МАЙ. АЛМАТЫ

Бәрі де ұнасымды:
Неше тәулік түнерген күн ашылды,
Алаңдарды кернеген сән-салтанат,
Асылып Алатауға құлаш ұрды.

Алқызыл ұрандардан, жалаулардан,
Көшелерде алқызыл алау жанған.
Зиянсыз зеңбіректер атылуда,
Әскери қалашықтан, алаңдардан.

Ұнасымды, жарасымды,
Адамдардың барлығы бала сынды.
Алаулаған Алматы тербеледі,
Қызғалдағы құлпырған дала сынды.
...Есіме алдым ауылды, Қарасуды,
Сағыныштан көңілім аласұрды.
Қарасу да мейрамдап жатқан болар,
Салтанаты бойына жарасулы...

Тамашалап жатыр-ау таулы мекен,
Таулы мекен...
Жаныммен баулып өтем.
Бір уыс бұлт бір тамбай кетпеуші еді,
Қарасуға қар жауып қалды ма екен?..

7.XI.1972

ТЫЛСЫМ КЕУДЕ

Бәрін де түйсін, білсін тылсым кеуде,
Қосылсын дүрсіл келіп дүрсілдерге!
Күрсінсең, аспан болып күрсін, кеуде,
Жай оты жанар болып жүрсін меңде.

Бұлттардың салмағынан күрсінгенде,
Ақ нөсер ақтарылсын тылсым жерге.
Күрсінсең, аспан болып күрсін, кеуде,
Шұғыла арманым боп тұрсын менде.

Ашылсаң, аспан болып ашыл, кеуде
Таратсын ақша бұлтың шашын желге.
Жарқ етсін көкжиектен жүрек — күнің,
Ақтарып аппақ нұрын шашып жерге.

...Аспандай бола алмаса тылсым кеуде,
Түрме боп жүрегіме тұрсын менде.
Жаралғанда жүректің табыты еді,
Табыты боп жүрегіме кірсін жерге.

Жүрегімнің табыты — тылсым кеуде,
Тынымсыз дүрсілдеуде, дүрсілдеуде.
Көктемдегі аспандай күркіреді,
Болар-болмас жүрегім күрсінгенге...

9.XI.1972

МЕН – ӨЗІҢМІН

(Оңай ғой сүйемін деу, күйемін деу...)
Мен — өзіңмін жаныммен, сүйегіммен!
Өз айнаңнан өзіңді танымайсың,
Соныңа күйемін мен.

Мен — өзіңмін,
Өзіңнен айнымадым,
Өзіңе ұсап жемісін жайды бағым.
Өз бағыңнан өзіңді қуалайсың,
Соныңа қайғырамын.

Мен — өзіңмін,
Өзің боп еркеледім,
Тел өскен өзіңменен тентек едім.
Өзіңді өзгеден де жат көресің,
Соныңнан жеркенемін.

Өзің менсіз,
Мен сенсіз қалғандаймын,
Табамын, мейлі әзірге тал қармайын.
Қуаламай танырсың, жат көрмессің,
Осыңды армандайын.

О, менің гүл алаңым!
Саған кеп сөндіремін мұң алауын.
Сен — маған тыным бермес тіршіліксің,
Осыған қуанамын.

9.XI.1972

АЯ МЕНІ, АРДАҚТЫМ

Билесің бе, құрметтім?
Арасында дүрмектің,
Сені ұмтып кетерімді білмеппін...
— ...Енді, міне, ойланатын күн жетті,
Арасында дүрмектің,
Әлдеқалай жүрмеппін.

Көп нәрсені сезіппін,
Сезіппін де, түйіппін.
Біреулерден жеркеніп, біреулерді сүйіппін.
Біреулерден аласа, біреулерден биікпін.
Ақыры кеп,
Ат басын саған бұрдым, сүйіктім.

Арманым да, үмітім де,
Сенде екенін ұғындым.
Жәбір көрген сәбидейін бауырыңа тығылдым.
Ұғындым мен
Басқаларға жоқ екенін құнымның,
Ая, ардақтым, ая мені!
Алдыңа кеп жығылдым.

Билесің бе, ардақтым?
Саған деген асылымды әркімдерге арнаппын.
Өзімді өзім алдаппын,
Кешесің бе, аруақтым?
Құлың болып қалмақпын.

10.XI.1972

ӘН САЛ, ЖАНЫМ

Қарсы алмаса,
Құрысын қарсы алмаған.
Ән салып бер,
Әніңмен жан сал маған!
Жаңғырығып жасыл тау жөнелсін бір,
Жатсын ұйып жапанда дел-сал далам.

Шырқа, жаным, бабаңның салған әнін.
Көз ұшында "Көкжеңдет" самғағанын,
Түлкі-фәни қыранды алдағанын,
Қырдан қашқан түлкідей заулағанын.

Ән сал, жаным!
Әніңмен тербет мені.
Бір сәтке,
Тынсын тірлік жер-көктегі.
Дала ұйысын,
Дамылдап таулар жатсын,
Таулар жатсын мәңгілік жөргектегі.

10.XI.1972

* * *

Бақыт іздеп несіне шаршағамын!?
Қасымда жүр екен ғой аңсағаным.
О, менің ән-самалым, жан-сонарым!
Тамсанамын,
Тіліңнен бал сорамын.

Сені мен көп іздегем, көп іздегем.
Жұлдыз боп төніп едім теңізге де.
Көрініп көз алдымда тұрмағасын,
Түбінен тұңғиықтың сені іздегем.

Оралдым тұңғиықтан батып барып,
Одан да әкелмедім бақыт тауып.
Қасымнан — жер бетінен таптым сені,
Жайына бақыт қалып, жаһұт қалып.

Жайна, жайна, жұлдызым көгімдегі!
Кенде ғып жаратпаған өмір мені.
Қасиетті ойымсың көңілдегі,
Қасиетті әнімсің төгілмелі!

10.XI.1972

КӨРМЕСЕМ ЕКЕН

Көзіңнің жасын көрмесем екен мен сенің,
Көзіңнің жасын көрсетпе маған, еңселім.
Қайғыру саған — Қара теңіз боп теңселу,
Қайғыра көрме, темірден соққан сәмсерім!

Қапыда бір күн қайғыра қалсаң, ардағым,
Қапаста мен де қара түнекте қалғаным.

Үмітім менің, мұратым менің, арманым,
Осы қалпыңнан, жарқын салтыңнан танбағын.

Қара жерімдей қайыспас менің төзімдім,
Көрмесем екен жылаған сенің кезіңді.
Көзінде жасың, көңілінде ащы сөзіңді,
Есітпей, көрмей, жамылсам екен бөзімді.

Көрсетпе, жаным, көзіңнің жасын, көп көргем.
Жүре бергенде, уайым деген өткелмен,
Қалтарыс жерде қадалған қанжар өкпемнен,
Қайрыла беріп, қақ жүрегіме дөп келген.

Көзіңнің жасын көрмесем екен сенің мен,
Қайғыңнан сенің қабырғам талай сөгілген.
Қара көзіңнен қара моншақтар төгілген,
Қалған тұқыммын қара моншақтан себілген.

14.XI.1972

СЕН МЕНІҢ

Сен мына жанарымның ішіндесің,
Жанардың білесің ғой кішірмесін.
Ішіне жанарыңның сақта мені,
Біреулер көлеңкесін түсірмесін!

Сен менің мына тылсым кеудемдесің,
Білесің кеудеме ешкім тең келмесін.
Кеудеңе-зынданыңа салып сақта,
Біреулер көкпар қылып өңгермесін!

Сен мына тілімдесің, үнімдесің,
Білесің ғой тілімнің бүлінбесін.
Сен мені үніңе қос, тіліңе тұт,
Үнім өшіп, үшкір тіл тілінбесін!

Сен мына менің алып басымдасың,
Білесің ешкім де оны басынбасын.
Сен мені өз басыңмен бірге қорға,
Біреулер зұлымдығын асырмасын!

Сен менің миымдасың!
Білесің миым жатқа бұйырмасын.
Миыңның бір жеріне жасыр мені,
Қиылсын өмір солай... қиылғасын!..

14.XI.1972

ЖАЗДЫҢ ТАҢЫ

Жарықтық,
Жаздың таңы-ай!
Жадырап, қанатымды жаздым талай.

Ақ тауға асылғанда ақ таң келіп,
Ашылған ақ шымылдық мақпал дерлік.
Ақ сәуле ұяма кеп ұйығанда,
Ақ таңға қанатымды қаққам келіп.

Асқардың күн ілігіп сәлдесіне,
Қарайды дүниеге сәл кешіге,
Айдында — Жер мен Көктің арасында,
Ақ таңның шомылғамын сәулесіне.

Күн — мені шомылдырған асыл анам,
(Жан-жағым ақ моншақтар шашыраған.)
Ақ таудың бөлеп мені бесігіне,
Ақ таңның сүтіменен асыраған,
Күн — менің асыл анам, асыл анам.

Жарықтық,
Жаздың таңы-ай белден асқан!
Бауырын жерге басқан, шөдеп аспан.
Қия алмай жаз төсегін — жар төсегін,
Қиылып, бозаруда жер мен аспан...

16.XI.1972

ІҢІРДЕ

Бейуақ,
Беймаза шақ, абыр-сабыр.
Қызыл іңір шекпенін жамылса қыр,
Қырға шығып қызықтап қайтқан ғажап!
Қылығы бал жас құрбы табылса бір.

Жарылғансып ағыңнан ақтарылмай,
Ақтарылған ойыңды жатқа бұрмай,
Жүре берсең, шіркін-ай, үнсіз-тілсіз,
Баяғы сол бұйығы шақтарыңдай.

Жүре берсе, шіркін-ай, кезе берсе,
Үнсіз-түнсіз бір-бірін сезе көрсе,

Өз-өзінен қос сызық қосылатын,
Қосылмасқа көнбейтін меже келсе.
Айқұш-ұйқыш зарядтар дір еткенде,
Тамыр бойлап, ток ойнап жүректерде,
Ақ моншағын аспан да шашып алып,
Нұр жамырап жөнелсе түнектерге.

Бейуақ,
Беймаза шақ, қызыл іңір.
Қырқада өткен күннің қызуы жүр.
Жаны жақсы жас кұрбы кез келер ме,
Жастық шақтың еске сап қызығын бір...

16.XI.1972

ТІРІ АДАМДАР ӨЛМЕСІН

Өлім, өлім, өлім деп,
Неғыламыз күрсініп.
Өлген адам көмілмек,
Тірі адамға – тіршілік.

Өлім, өлім, өлім деп,
Өкінеміз несіне.
Өлген адам көмілмек.
Тірі адамға – несібе.

Тірі адамдар өлмесін!
Тіршілікке келгесін,
Шамы ертерек сөнбесін.
Шаруасын жөндесін,
Жаманшылық көрмесін,
Тірі адамдар өлмесін!

Жасай берсін тірі адам,
Жыламасын, шаттансын.
Бір адамнан – мың адам
Мына өмірге аттансын.
Мың түтін боп от жансын.

18.XI.1972

СЕНІМ ТУРАЛЫ ЖЫП

...Сенемін!
Сенемін мен!
Сенемін мен!
(Сенбесең, оқып қара өлеңімнен.)
Мына жер, ана аспанның тереңінен
Сенделіп, сенімді іздеп келемін мен.

Сенемін,
Мейлі аңсарым табылмасын,
Сенімім тек сертіңнен жаңылмасын,
Сенімсіз тұңғиыққа табынбасын.
Тынымсыз қозғалыстың барлығын да,
Тынысым сенімменен қабылдасын:
Сенемін, сенемін деп дамылдасын,
Сенімнің ақ көрпесін жамылғасын...

Сұрама.
Неге сенем, кімге сенем,
Мүмкін, мен мына жарық Күнге сенем,
Жанамын, жанамын да бірге сөнем.
...Күннен де өткен жарықты білмесем мен,
Бір минут өмір сүріп жүрмес ем мен.

Сенемін...
Сенем Жердің Серігіне,
Бұған және сендірем сені, міне.
...Ей, дүние!
Тағзым ет, басыңды иіп,
Адамның құдіретті сеніміне!

18.XI.1972

БӘРІ ДЕ ТАНЫС

Бәрі де таныс маған:
Ана таныс алдына бала ұстаған,
Бала таныс басынан бағы ұшпаған.
Аспан таныс неғұрлым көп қарасаң,
Соғұрлым шыңырауда алыстаған.

Бәрі де таныс маған жер бетінің,
Бәрімен бір бесікте тербетілдім.

Көрдім мен ақ аспанда мамық ұшып,
Көл-көсір ақ жауынның селдетуін.

Көргемін жай отының жарқылын да,
Қақтығысын бұлттардың, қалқуын да,
Шұғыласы шұбалып қалып қойған,
Алқа болып аспанның алқымында.

Күн таныс күміс шашы таратылған,
Ай таныс ашық түнде жаңа туған.
...Бәрі таныс, бәрін де көргендеймін,
Таныс маған!
Сірә, мен бұрынырақ жаратылғам.

Бәрі де таныс маған,
Таныс маған!
Сірә, мен бұл өмірден ауыспағам.
Сірә, мен қарсы ап жүрмін ұрпақтарды
Таныспаған, әлі де қауышпаған.

19.XI.1972

КҮЗДЕ

Сен менің тынысым ең, тұрмысым ең,
Сен үшін өмір сүріп, тырмысып ем.
Жыл құсымен оралған жаным менің,
Бірге аттанып кетесің жыл құсымен.

Күзі келіп, өмірдің жазы қайтып,
Қазы қайтып, аттанар назын айтып.
Айдын көлдің бетінде сызат қалар,
Жазылмайтын келгенше қазы қайтып.

Құстар кетті қоштасып көліменен,
Жеріменен, тауымен, көгіменен.
Жаным менің, тағдырым жазбағай-ды,
Қош айтысар кезеңді сеніменен.

Қызылы жоқ қырманда күзде, міне,
Қайтқан құстың қараймын тізбегіне.
...Бара жатыр аттанып аққу-қаздар,
Біздің жақтан күдерін үзгені ме?

19.XI.1972

БОЗҚАРАҒАН

Бозқараған...
Көрдің бе бозқараған?
Сирен иісі аңқиды боз даладан.
Бозқараған – тікенек, тікенге өскен
Сирен гүлін ешкім де қозғамаған.
(Соның аты біздіңше Бозқараған).

Қара судың жағасы бозқараған,
Бозқараған бұтағын қозғама, адам,
Бозқараған ішінде бойжеткенге,
Бозбалалар бозарып көз қадаған.

Бойжеткендер тойларын жасарында,
Бозқараған жанатын ошағында.
Әгір иісін әкеліп аш ауылға,
Желік беріп тұратын жеңгейлерге,
Жер түбіне біреумен қашарында!

Қарасаздың тоғайы сайран бағы,
Сайран бағын неліктен ойрандады!?
...Бозқараған гүлін ап, хатқа салып,
Жіберуші ек туысқа майдандағы.

Бозқараған!
Армысың, қасиеттім бөзге ораған!
Қайда әлгі бойжеткенің көз қадаған?
Қайда жеңгем
Соңынан сөз бораған?..

20.XI.1972

АЙХАЙ, КӨКТЕМ!

Тентек жаңбыр терезені
Бытырамен атып тұр.
Кенеледі Жер өзегі,
Рахатқа батып қыр.

Үдеріп көк,
Түнеріп кеп,
Аласұрып атқандай.
Алабұртқан, күреңіткен,
Аласапыран шақтарды-ай!

Күркіретіп,
Дүркіретіп,
Мына келген көктем бе?!
Сіркіретіп,
Бүркіп етіп,
Әтір шашып кеткен бе?

Алаңым да,
Адамым да,
Жадырады-ау шалқып бір!
Қырдан ескен самалында
От иісі аңқып тұр.

...Тентек жаңбыр тереземді
Бытырамен тұр атып.
Қандырайын кенеземді,
Айхай, көктем!
Тұра тұр!..

20.XI.1972

БЕСІК КӨЛ

Айна көлім
Қайда менің?
Айналған ба теңізге?!
Қанатымды жайған едім.
Аққу болып сені іздеп.

Жайлауым да,
Сайраным да,
Бәрі неден сасқандай...
Қайық жатыр қайранымда,
Төңкерілген астаудай.

Есік-төрім!
Есіткенім:
Бір сұрапыл өткен деп,
Бесік көлің – несіптерің,
Бұлт боп ұшып кеткен деп.

Селі жеңді,
Көлім өлді,
Селді тасқын атқанда,
Күзетуде өлі көлді,
Қалың шырша қапталда.

Сарқынға мәз,
Сарала қаз,
Көлшіктен ап талшықты.
Сая болмай самала жаз,
Сай аңқасын қаңсытты.

Айна көлім
Қайда менің?
Қосылған ба теңізге?!
Сая іздесең, сайран елім,
Теңізге кеп мені ізде...

20.XI.1972

ЖАҢБЫРДА

Жас едің сен,
Жақсы едің сен, жан құрбым.
Жақсылықпен жаттың отын жандырдың,
Тоқта, құрбым,
Қайда кетіп барасың?
Ақырын бақ мына нөсер жаңбырдың!

Аялдай тұр,
Мына күн де ашылар.
Келші мына ықтасынға қасыма.
Ақ жүзіңнен алқымыңа жосыған,
Жаңбыр ма әлде жанарыңның жасы ма?!
Жаныма кел,
Жасыма да, шошыма!
Жағдайыңды түсіндірші досыңа!

Жақсы едің ғой,
Құлын мүсін қылықтым,
Тұзағына түстің қандай құрықтың?
Қайдан жүрсің?
Жүзің неге сынық тым?
Неге ұмыттың, неге бізден суыттың?

Еңіреп тұр,
Бұлыңғырда адасқан бір құлын жүр.
...Мына өлкені кетіп еді шаң басып,
Қара нөсер, жуындырсаң жуындыр...

26.XI.1972

ҚАРА СУЫҚ

Қар да жаумай қырсықты мына маңға,
Қара суық қатайып қуараңдап,
Бетген осып, құлақты бұрағанда,
Табаныңнан тоң ұрып, қуарар жақ.

Анау үй мен мынау үй қатынаған,
Қара жолдың қақ төсі қақыраған.
Қара суға қақ тұрған майысқақ мұз,
Шертіп қалсаң, быт-шыт боп шатынаған.

Тозаңы ұшып ақ қардың қылаулаған,
Тұнжырайды анау қыр, мынау далам.
Күрк-күрк кәрі қыс жөтеліп тұр,
Әлдеқайда әлсіреп тұмаураған.

Қаңтар келді,
Қар жаумай қырсығып тұр.
Қара суық қариды құлшынып бір.
Шолақ көйлек бойына қамсау болмай,
Түсі қашып қарайды қымсынып қыр.

26.XI.1972

ҚАЙДАН БІЛСІН

"Көрінбейсің газет пен журналдардан..."
Деген мен сөз естимін туғандардан.
Жарқындарым!..
Жанымды қайдан білсін!
Жақсы жырдың жолында құрбан болған.

Қайдан білсін жыр жазу қиындығын,
Соқыр жармақ екенін сыйым бүтін.
Қайдан білсін келе алмай күйім бүтін,
Сансыратып кеткенін құйын-күнім.

Білсін деп дерт екенін тіл өнері,
Тіл өнері жоғалтып жіберерін.
Түсінсін бе дым тамбай көк аспанның,
Құрғақшылық жылдары түнерерін.

Қайдан білсін...
Туыстар қайдан білсін.

Оңай емес орнату ойдан мүсін!
Болдырам деп болмасты қиялыммен,
Қайдан білсін біткенін қайран күшім.

...Оу, менің ойран құсым, сайран құсым!
Оңаша өз бағыңда сайрап жүрсің,
Бұл ғалам сенің титтей жүрегінде,
Не болып жатқандығын қайдан білсін...

26.XI.1972

* * *

— Дұшпаның бар ма? — дейсің,
Қайдан білем..
Әйтеуір, жүрген жерім сайран кілең.
Қазақтың қайсы үйіне барсам дағы,
Алдымда — ақ дастарқан, жайған кілем.

Дұшпаным жоқ-ау деймін, түрі жаман.
(Сірә, мен бұл майданда тірі қалам).
Қазақтың қайсысымен кездессем де,
Қайрылмай кеткені жоқ бірі маған.

Дастастым кішісімен, үлкенімен,
Өзімшіл өжетімен, үркегімен,
Ата қазақ алыста той жасаса,
Алдымен тізіміне тіркері — мен.

Қайғырмаймын соңымнан сөз бөскенге,
Білемін бұғатынын кездескенде.
Әйтеуір, жүздерінде жылылық бар,
Қазақтың қайсысымен кездессем де.

— Дұшпаның бар ма? — дейсің,
Қайдан білем..
Асыр сап ортасында ойнап жүрем.
Сірә, мен бақыттымын дұшпаны жоқ,
Үйден шықсам, сауық пен сайран кілең.

27.XI.1972

Алдынан терезеңнің жүріп өттім,
 Сен мені байқадың ба, құдіреттім?
 Тұрдың ба терезеңнің ар жағында?
 Теңселіп, тұтқан пердең діріл етті.

Неге өртеңді?
 Жүрегім неге өртеңді?!
 Нелер келіп, басыма нелер төнді...
 Балконыңнан қол бұлғап қарсы алушы ең,
 Неге менен жасырдың көлеңкенді?

Қайран көктем,
 Қайран гүл, қайран жазым!
 Сарқылған ба, шынымен, сайран-назың?
 Айныдың ба шайлығып шалқарыңнан?
 Айдынымда қанатын жайған қазым.

Көзің қайда көшеден мені іздеген,
 Сөзің қайда жанымыз егіз деген?
 ...Терезеңнің алдына келіп тұрмын,
 Көгершіндей
 Қысты күн... жем іздеген...

28.XI.1972

ЕМХАНАДА

Өкінішті...
 Мына құрғыр сырқаттың беті күшті.
 Жүрегім көтеріліс жасап жатыр.
 Бұзбақ болып кеудемде бекіністі.
 Өкінішті...

О, Жүрек!
 Менің алтын қазығым-ау!
 Қайтейін, қажыдың-ау!
 ...Қытықтаған бауырдың "назы" мынау.
 Қажыдың-ау, байғұсым, қажыдың-ау!

Не істемекпін?
 Жаным-ай, саған шипа істемек кім?!
 Жаралғанда бүтін ем, үш бөлекпін:
 Жүрегім – Африка, бауырым – Кипр,
 Мыйым – Мұзды мұхиттай...
 Не істемекпін?..

31.XI.1972

“Шуағым менің” кітабынан

(1975-жыл)

АРНАУ

Қадірлім, қасиеттім, Ордам менің!
Отаным – арқа сүйер қорған белім.
Заңғар көгім, сая бақ, орман-көлім,
Жем жеген алақаннан ақ кептерім –
Боз құсым иығыма қонған менің!
Рухым – бар пәледен қорғар менің!

Кешір, шеше!
Мәңгілік майдандамын.
Жауға олжа болмасын деп жайған малым,
Отан деп аталатын сайран бағым,
Қаламаймын біреулер ойрандауын,
Сол үшін күзеттемін, майдандамын,
Мың есе намысымды қайраудамын.

Түсін, шеше!
Мен емес жаман бала,
Ренжіме маған да, заманға да!
Қарызынан Отанның құтылайын,
Отан деген – маған да, саған да Ана!
Қи мені Отаныма, алаңдама.

Сен – менің жаратушым құндақтаған,
Мен сенің ұлыңмын деп кіл мақтанам.
Кешір, ана!
Бір сенің еркең болмай,
Отаныма ұл болу – қымбат маған.

Сеніменен Отаным егіз деймін,
Сенен Отан, Отаннан – сені іздеймін.
Отаныма бер мені басы бүтін,
Нашар әйел тапқан ұл дегізбеймін!

Кінәлілар бар әлі, күнәлылар,
Сақ болмасаң, салатын ылаңы бар.

Алып жердің бір бұрышын мекендеген,
Жұмыртқасын шайқаған жыланы бар.

Қаламаймын әждаһа тірілгенін,
Таптағым бар апатты күн ілгері.
Музыканың сазымен сендіргім бар,
Дабыл қаққан соғыстың дүбірлерін.

Ұйқысыз өтсін, мейлі, бірнеше түн,
Қақым жоқ бейқамдықпен күн кешетін.
Әлемдік бейбітшілік керек маған,
Үнімен Отанымның үндесетін.

Қашан да тыныштығын қара бастың,
Сірә да, тыныштыққа баламаспын.
Сондықтан Сонгмидің сәбиін мен,
Аузынан арыстанның ала қаштым,
Жасқанбай жауыздықпен жағаластым.

Солай, шеше.
Мен мәңгі күзеттемін.
Жаз өткенін білмеймін, күз өткенін.
Кешегі әкелердің жеңіс бағы
Тапжылмай күн-түні күзеткенім.

Мен сақпын.
Күзеттемін,
Көз ілмеймін.
Өзіңнен, Отанымнан безінбеймін.
Өзіңсіз, Отанымсыз өмірді мен,
Сірә да, өмірім деп сезінбеймін.

Кешір, Ана,
Табынбан саған ғана,
Отан деген — маған да, саған да Ана!
Алдымен Отанымды ырза етейін,
Бер мені Отаныма, алаңдама.

Ана — Отан нарқыңменен, салтыңменен,
Қарсы алам мына келген мартыңменен!
Ана — Отан аяңдамын, қасыңдамын,
Біргемін өзіңменен, халқыңменен!..

ГҮЛГҮЛ

Ей, Жастық!
Сенің ғажап бір күніңді,
Алар ем айырбастап бір жылымды.
Мәзіріңе береке тілей келдім,
Кұшағыма толтырып гүлгүлімді.
Жас отау, желпілдетіп түндігіңді,
Жалғай бер жарасымды тірлігіңді!
Қабылда саған деген гүлгүлімді.

Мен мақтансам жөнімен мақтанармын,
Болашақ дейтін алыс жаққа бардым:
Бұл ғаламнан табылмас гүл шоқтарын,
Жастық дейтін жәзира бақтан алдым!

Кештеріңнен кешіктім, ақталармын,
Қызған кезде думаныңа тап болармын.
Өсиет айтар саған ата емес мен,
Сырласыңның сыңайын ақтарармын,
Болашақ дейтін алыс жаққа бардым.

Іздедім сенің салған іздеріңді,
Қаның мен терің тамған түздеріңді.
Қарсы алдымда сен жатқан мұз көрінді,
Жеті қат Жер мен Аспан көзін тіккен,
Көрдім мен өзің салған іздеріңді.

Кеземін деп елімнің бар аймағын,
Кешіктім мен кешіңнен, қарайладым...
Көрдім сені, өзімді, дидарымды,
Тұрғандай-ақ алдында шар айнаның.

Ата болып кетіпсің талайларың,
Сояу-сою селеудей самайларың.
Талайларың белгісіз сарбаз болып,
Мәрмәр тасқа айналып талайларың...

Қарадым Отан деген шар айнаға,
Талай аға келіпті-ау, талай бала,
Үш ғасыр көтере алмас ауыр жүкті,
Үш ұрпақ көтерді екен қалай ғана?!
Дегенмен болашағым білсе болды,
Дап-даяр дастарқан жоқ қалайда да!

Түсінем, түлейді өмір, жаңарады,
Жаңа өңірде жаңа оттар жанар әлі.
Нелер ұрпақ әлі де ағарады,
Секілденіп өзінің бабалары,
Қалса болды халқының шежіресінде,
Әр ұрпақтың өзіндік бағалары.
Жылдар...
Жылдар жылжиды жоғалады,
Жаңа жылдар сағаты соғар әлі.

...Ей, Жастық!
Сенің жаңа бұл жылыңды
Құттықтап,
Әкелдім мен гүлгүлімді.
Бағыңа мен айналып соға берем,
Байланған ағыта алмай кіндігімді.
Қырық рет көктеген тірлігімді,
Қияр ем, қисаң маған бір күніңді.

Қыршын жастық — сен менің ғашықтығым,
Қырқыншы баспалдақ басып тұрмын.
Қартаю қапелімде жоқ-тын менің,
Қайтейін, ағалыққа асықтырдың.
Абыржып, аттай алмай сасып тұрмын,
Алдыңа гүлгүлімді шашып тұрып,
Келеді құшағыңды ашып кіргім.
Қыршын жастық — ғұмырлық ғашықтығым!

Отырғызба орнына Аққаланың,
Аяз болып қалайша бақ табармын?!
Ең көрікті, көңілді қайсың барсың?
Мен соның бар мінезін ақтарамын.

Аяз ата болудан жоқ хабарым.
Құшақ толы гүлгүлім — мақтанарым:
Ғаламда жоқ әр шоғын гүлгүлімнің,
Әрбір ұрпақ өсірген бақтан алдым.
Мына бірін — солдаттың қабірінен,
Қанды майдан боп өткен жақтан алдым.
Мұзды жарып алам деп мына бірін,
Мұзға айналып кетуге шаққа қалдым.
Мына бірін мартеннен, оттан алдым,
Мынауысы жалғанда аты жоқ гүл,
Хабарсыз кеткен ғайып жоқтан алдым.

Бейтаныс қарындасым,
Бауырларым,
Гүлгүлім!..
Гүлгүлімді қабылдағын!

– Ей, менің дауылдарым, жалындарым,
Өртеп кет жамандықты, жалынбағын!
Түсінем, Отан деген бір жүректе
Білемін барлығыңның қаның барын.

– Ей, менің хандарым мен ханымдарым,
Гүлгүлім!..
Гүлгүлімді қабылдағын!
Жаңа ұрпақ келсін мейлі, жаңа ғасыр,
– Ей, Жастық,
Жоғалмайсың, жаңарасың.
Жаңа жылға бергенде қонақасы,
Мені есіңе ал, Жастықтың тамадасы?..

1971

БИЫЛҒЫ МАЙ

Не деген ғажап еді биылғы Май!
Табиғат та сыйлады-ау сыйын бұлай!
Шуақ толы үйлердің әйнегінен,
Ақтарылып, сыртқа нұр құйылғандай,
Не деген ғажап еді биылғы Май!

Шуақ жанып барады, шуақ жанып,
Құмарланып барамын, құмарланып!
Теріскейден, түстіктен төгілген нұр,
Шыдамды алып барады, шыдамды алып,
Бір бейтаныс арудай сылаң қағып,
Шыдамды алып барады, шыдамды алып.

Аппақ нұрға ақ жаным ділгер едің,
Адамдардың жүзінен нұр көремін.
Алтын сағым ойнап тұр аймағымда,
Алтындатып жатыр ма іргелерін?!
Алтын күнім солармен бірге менің,
Алақайлап ойнап жүр бірге өлеңім.

Жер жасыл, аспан жасыл – жасыл бөрі.
Бұ несі жасылға кеп бас ұрғаны?!

Ана-Жерді қолға алсаң тасын дағы,
Жап-жасыл гүл даяр тұр ашылғалы,
Бәрі көктеп барады, жасыл бәрі.

Адымдай бер, адымдай!
Адымдай, Май!
Күреңітпей, бұлтанбай, дауылдамай.
О, Жарық! Құйыла бер, құйыла бер,
Құйыла бер бір сәт те дамылдамай!

Не деген ғажап еді биылғы Май!
Қуаныш болса болсын биылғыдай!
Табиғат аямасын сыйын ұдай,
Жасасын Болашақ, Май биылғыдай!

ЕЙ, МЕНІҢ ҚИЫН ӨТКЕЛІМ

I

Ей, менің сайран мекенім!
Адамға бермес екі өмір,
(Әрине, болмас екі өлім).
Мен сенен ертең кетемін,
Айдынын қимас аққудай,
Айналып ұшып өтемін.
Суынғам, бірде жылынғам,
Жүтіргем, бірде жығылғам,
Жиырма бесімде ұғынғам,
Он алты жастың не екенін.
Ей, менің сайран мекенім!
Ей, жастық, ердің серті едің,
Ерке едің, ердің серті едің,
Лапылдап тұрған өрт едің,
Қаншама жанды жылытып,
Қаншама жанды өртедің?
Арыма, менің аяулым —
Елуге толар ертеңім!

Жауқазын ғұмыр, жыр жастық,
Қаншада біздер қыр бастық,
Қаншама рет қар жауды,
Қайтадан бізді тұрмас қып?!
Сонда да біздер жырластық,
Сонда да біздер сырластық,

Он сегіз бенен отызды,
Өзара бөліп, құрдас қып.

Қаншама қыстан өтпедік,
Қаншама рет көктедік?!
Еркесі болдық біз елдің,
Есерсоқ болып кетпедік.
Қиянды қалап шептегі
Қиындықтарға беттедік.
Ер сыналар майданда,
Еншімізге дөп келіп,
Қаншама қыршын кетті өліп.

Ақиқат дейтін ауылдың,
Қасынан дәйім табылдық,
Ауырдан сауыт жамылдық,
Сонда да бізді жауыр ғып,
Жоғалта алмады ауырлық,
Бір-бірімізді бауыр ғып,
Сонда да біздер сағындық,
Ошағы сөнген үйлердің
Оты болдық та, жағылдық,

Махаббатқа да сенгеміз,
Ғашық та болып көргеміз.
Баяны бар ауылға
Қозы болып та келгеміз.
Есерсоқ болып кетпедік,
Еркелей білдік елге біз!

II

Ей, менің нұрлы ғұмырым!
Жастығым, мөлдір тұнығым,
Ей, менің қыздай қылығым!
Төгіліп жібек тұлымың,
Бойыңды басып бұрымың,
Қай жерде жүрсің, құлыным?!

Қай жерде жүрме, қай маңда
Қанатын көктем жайғанда,
Сайранда, жаным, сайранда!
Тұнып қал түпсіз қайнарда,
Қаулап жет қырқа, сайларға.
Жал аулы жастық майданда,

Жабыға көрме, жайраңда,
Сайраңда, жаным, сайраңда!

Ей, менің шуақ көктемім!
Көктемім – қимас өткенім,
Ей, менің қиын өткелім,
Қиналмай қалай өткемін?!
Қалайда-қалай кеткемін?!
Қырыққа қалай жеткемін?!
Саялы бақты бөктерім,
Саяннан кетем деп пе едім?!
Ей, менің қиын өткелім,
Қуанышым да көп менің,
Өкінішім де көп менің!

Шыт көйлек...
Белін бір бүрген,
Етегін желге ілдірген,
Омырауыңда бүлдірген.
Қасындағы қарлығаш
Кетерін ұшып кім білген?!
Қарындас еді бір жүрген,
Қай жаққа кетіп үлгірген?!

Қай жақта мейлі жүрмесін,
Бақытты болғай іргесі,
Бақытты болғай...
Өз үйі –
Өзінің болмай түрмесі,
Әйтеуір, жылап жүрмесін,
Мұңлық боп өмір сүрмесін.
Босаға аттап, кіргесін...
(Қашанда, Жаным, біргесің!!!)

Қашанда көктем келгенде,
Тұрасың көктеп сен менде,
Жарылмай жатқан жауқазын,
Тулайды менің кеудемде,
Көктемді мынау көргенде,
Қабірімді қақ жарып, шығарсың сен...
Ей, менің қиын өткелім!

“Шолпан” кітабынан
(1984-жыл)

ӨМІРГЕ КЕЛГЕН КҮНІМ

Серпілемін, өктәбір, сен келгенде,
Желпіндіре рухың дем бергенде.
Күмбезденген қазақтың шаңырағын
Қатар қойып, елдермен тең көргенде.
Серпілемін, өктәбір, сен келгенде,
Желпінемін рухың дем бергенде.

Менің атамекенім, қалам, далам,
Құдіретті үніңе алаңдаған.
Дүбіріне сыр беріп қала алмаған.
Тауларымның кеудесі жаңғырығып,
Менің байтақ өлкеме хабарлаған.
Қарт Питерден аттанған ер Бостандық,
Алатауда жорығын тамамдаған,
Қайта түлеп, жасарған қалам, далам.

Жапқанда әкеп өктәбір жасыл бағын,
Жабыққаным басылды, ашынғаным.
О, өктәбір, сенікі асылдарым,
Сенікі сағаттарым, ғасырларым.
Құдіретке сенен бөлек бас ұрмадым.

Саған деген құшағым айқара ашық,
Пейілім тұр көкпенен тайталасып.
Қазақтың дастарқанын бір көрген жан,
Мың көруге болады қайта ғашық,
Досым неге мұныма қуанбасын,
Қасым оны қалайша байқамасын?!
Қашан дағы құшағым айқара ашық,

Шат көңілім шалқымас кезі ме едің?
Қуанышпен оянып, көз ілемін.
Бір бақытты бүгін мен аттаңдырып,
Бір бақытпен ертесі кезігемін,
Өктәбірдің өмірге келген күнін
Өмірге келгенім деп сезінемін.

КЕШІРІНДЕР

Кешіріңдер, туыстар,
Кешіріңдер, ағайын,
Өркөкірек бейбаққа
Өкпеледің талайың.
Кірсіз көңіл ақ туын
Жоғары ұстап, ағайын,
Ақ киімге оранып,
Алдарыңа барайын.
Кешіріңдер, жарандар,
Қошақаның болайын.

Сый сұрағам жасыңнан.
Мейір күткем қартыңнан.
Еркелеп ем сендерге,
Емін-еркін шарқ ұрғам,
Екенмін ғой ант ұрған.
Сөз ергізіп артымнан,
Арыла алмай келемін
бала күнгі қалпымнан.
Кешіріңдер, достарым,
Кешіріңдер, қастарым,
Есім кіре бастады,
Еркелікті тастадым.
Мен мен емес, басқамын...
Естеріңе алғайсың,
еркін жүрген қалқаны.

* * *

Адалмын деп, араммын деп айта алман,
Адалдықпен бірге ойладым, бір күлдім.
Арамдықтың кемесінде шайқалған,
Тентек болған тайыншадай ділгірдім,

Адалсың деп көңілімді көпсітпе,
Адалдықты ала келгем анамнан.
Арамсың деп өмірімді өксітпе,
Жұмыр басты пенде болып жаралғам.

Адалдығым, арамдығым байқалған,
Жырым менің — сырым менің — шарайна,
Адалмын деп, араммын деп айта алман,
Сен сұрама, жарай ма?

* * *

...Сонымен күндер өтті,
Күндер өтті..
Кімдер кеп, кімдер өтті?!
Жонынан майы тамған жомарт өлім!
Бәрін де қабылдапты, күндемепті.

Күндемепті бәтірің, талғамапты,
(Өмір үшін адамдар қанға батты).
Кеткендердің артында айғыз-айғыз
Біреуден із, біреуден таңба қапты.

Біреулерден із емес, жол қалыпты,
(Өмір жолын олардың оңғарыпты).
Артында тұғыры жоқ пақырлардың
Алдында апандайын ор қалыпты.

Өтті күндер, кетті кім құрағынан,
Ит өлімді еріксіз мұра қылған.
Адамдардың өмірі жаралсашы
Радийдің өзінің шуағынан...

* * *

Қапырық бәрі:
Көңілім де менің қапырық,
Емендер анау,
Жапырақтары шашылып,
Қайыңдар әне
Бөксесін жерге батырып,
Аһ ұрып бәрі
Аңсайды нәсер шақырып.

Автобустар да,
Трамвайлар да тұр жанып,
Самалға шөлдеп,
Саяны қуып жүр халық,
Үп еткен желді тұтқындап алып дәу үйлер,
Демімен ыстық,
Тротуарларды тұр қарып.

Қапырық бәрі:
Аспан да, жер де қапырық,
Ауыр бір тозаң
Әлемді тұр-ау жапырып.

...Оңаша кетіп,
Айнабұлақта отырып,
Сыра ішсем бе екен,
Жүмекендерді шақырып..

* * *

Өмірімді несіне жек көремін,
Ауыр-жеңіл болса да өткеремін.
Өмір қашып барады құсқа мініп,
Мен артынан жетем бе деп келемін.

Тағдырыма несіне өкпелейін,
Мойын бұрмай келіп ем көпке дейін,
О, өмір, ұстатпаған уың бар ма?
Әкел, әкел, оны да жеп көрейін!

СЕН МАҒАН ШАРФЫҢДЫ БЕР (*K...re*)

Сен маған шарфыңды бер, шарфыңды бер,
Сыйыңа сый жасаймын, нарқымды көр,
Қарызыңды мың есе қайтармасам,
Шапалақпен жағымнан тартып жібер.

Сен маған шарфыңды бер, шарфыңды бер,
Сырдың желі мойнымды шарпып жүрер,
Алатаудың арда өскен тентегімін,
Қайырымды құрбының нарқын білер...

МАХАББАТ БЕЙУАҚЫТТА ТАБЫСПАЙДЫ

Жай ғана көңілде жоқ қалағаным,
Кешкілік бақты ұзақ араладым.
Өбісіп те өлісіп екеу отыр.
Өтіп кеттім, бұрылып қарамадым.

...Есімде жоқ, жаз ба еді, күзде ме еді,
Көп жыл өтті бұл баққа біз келгелі.
Әйтеуір, дәл осылай бейуақта
Құмар көңіл әлдене іздеп еді.
Күзгі түннің салқынын елең етпей,
Отырушы ек ерітіп мұз денені.

Бұл жастық қой білемін, таныс жайды,
Махаббат бейуақытта табыспайды.
Махаббатты үлкендер үлесіп ап,
Жастықты інілерге табыстайды.

СОЛАЙ-АҚ БОЛСЫН...

Солай-ақ болсын...
Өшірдім енді үнімді.
Тылым боп қалсын,
тістейін енді тілімді.
Көрмейін енді,
ағызайын жанарды,
Күнімді түн деп,
күн дейін қара түнімді.
Мен болып сөйле,
мен болып енді сен көргін,
Солай-ақ болсын, мен болсаң,
соған мен көндім.
Абайла бірақ,
арыма ақау түсірсең,
Атыла тұрып,
барлығын қайта жөндермін!

ЖЕР ҮСТІНЕН РЕПОРТАЖ

ПОЭМА

*...Жер үстінде бар салмақ
Жер үстінде зор майдан...
"Мавр" поэмасынан*

Түсінер...
Білер бізді басы бар жан...
Ал кеттік!
Поэзия — асыл арман.
Поэзия, сенен де, өзгеден де
Дәуірдің ақиқатын жасыра алман.
Жасыра алман қуанып, ашынуды,
Жасыра алман сабырым, ашуымды...
Жел уақыт мінгізіп желмаяға,
Алып қашып барады ғасырымды.

Қайда?
Қайда барады алып қашып?
Қалай-қалай заулайды қалыптасып.
Дәуір атты кемеңіз жотасында
Нық тұрмын аяғымды анық басып.

Поэзия...
Ғашығым қасыма алған,
Білер бізді...
Түсінер басы бар жан...
Жер үстінен бастаймын әңгімені,
Жер үстінің шындығын жасыра алман.
Көктем!..
Көктем!..
Қанатында тырнаның,
Қабатында қырлардың,
Күрегінде диқанның.
Жүрегінде жылғаның — көктем.

Шалықтаған баладай,
Шабыттанған данадай,
Жас босанған анадай
Шып-шып тершіп маңдайы,
Шалқып жатқан даланы-ай!..

Тыныштық,
Күн төгеді шуағын,
Су тербейді құрағын.

Жер мен көктің арасы,
Қыбыр-қыбыр бір ағын.

Самал келіп желпиді.
Саумал бұлақ мөңкиді.
Саясыңда қайыңның,
Сәулетай қыз елтиді...

Тыныштық;
Әне, қара
дала батыр.
Дастарқанын жайыпты.
Қара да тұр.
Тұңғыш ұлын әдилеп жан Ана отыр,
Жарын, ұлын қызықтап жан Аға тұр.

Сыңқылдасып, күлісіп, сырды ақтарып,
Сылқым жастар барады қырға аттанып.
Әпенде қарт көтеріп немересін,
Әжеміздің алдында тұр мақтанып.

Береке бар бетінде Анамыздың,
...О, пәлі!
Мүсінін-ай ана қыздың!
Ах! Еңбек пе?!
Ұлы еңбек бара жатыр
Дүрілдетіп төсінде даламыздың.

Тыныштықпен күн батып, кеш кіреді,
Біздің жерден шаттық ән естіледі.
Адамның баласына жат қылықтар
Әрбір таң атқан сайын ескіреді.

Кім сенеді дегенге Күн сөнеді,
Күн сөнеді...
Мөңгілік түн төгеді?!
Осы жайсаң табиғат аясында
Жауыздық бар дегенге кім сенеді?!

Жауыздық бар, алайда жауыздық бар!
Жақсылық атаулыны ауыздықтар?
Ех! Осы жауыздықтар, жауыздықтар!...

.....

Ей, ғасыр!
Атом-ғасыр!
Қорқытпа құпияңмен.
Жасырмашы,
Қалайша көк жүзіне көтерілген,
Атлант мұхитының акуласы?!

Арқалап иттік наланы,
Әне ол
Жүйткіп барады, жүйткіп барады.
Орманда ұйтқып жанады,
Ауылдар ұйтқып жанады.
Әне ол
Жүйткіп барады, жүйткіп барады.
Күрішті дала күл болды,
Құрышты диқан күл болды,
Қадірлі ару тұл болды...

Әне ол
Бүгін тағы бомбалады,
Ана Жердің ақ төсі қолдырады.
Отты өртпен сөндіріп кекті халық,
Отты өртке еріксіз қондырады.

Бұл — соғыс
Жауыздықтың жақын досы,
Жақын досы, жанашыр ақылдасы.
Азия орманында бықсып жатыр
Атлант мұхитының акуласы...

Туысты туысына айдап салып,
Пентагон отырған жоқ жай мақтанып.
Қасиетті Азияның қаны жатыр
Ақ Үйдің іргесінде қаймақтанып.

Вьетнамда соғыс...
Агрессор барады басып-жарып,
Ар-намысын қорғауда асыл халық,
...Азия Ана, көзіңді аш, аш көзіңді,
Азия Ана, барады шашың жанып!

Көктем...
Біздің елде көктем.
Шопан елде көктем.

Шопан күпісін тастады,
Диқан егінін бастады.

Далада, қостың басында,
Ауылымның жастары.
Біздің елде көктем –
даланың дастаны.

Қасыма ертіп қызымды,
Даламен келем, даламен...
Баламның өңі бұзылды...
Балам-ау, неге алаң ең?!

Анау ма, анау... жосыған?
Танктер.
Бар да танып кел.
Даланың жонын қасыған,
Шаруа момын танктер.
Нанбасаң, қане, барып көр.

Шарадай болып жанары,
Шаттана балам қарады.
Танктер ару даланың
Бұрымын өріп барады...

Қара құм.
Жалғыз үй.
Жапан дала.
Бармайды машина да, атарба да.
Күйзеліп, күңіреніп күндіз-түні,
Әлсіреп ыңырсиды шопан ғана.

Бір басынан өткеріп бар бәлені,
Жауған оқтан жаны аман қалған еді...
Тағы, міне, ажалмен күресуде
Ұлы Отан соғысының ардагері.

Сұлатқан сұрапылдың сыңайы бұл,
Омыртқасы шаншитын ұдайы бір.
Көк аспанға көз тастап, көмек күтіп,
Мал соңында алаңдап жұбайы жүр.

Жар жағдайын ойлайды, мұңайды анық,
Қайырып жүр отарын жылай барып.

Кенет боран, үйірген ақ қанат құс,
Қона алмай жүр қотанды шыр айналып.

Ойдым-ойдым құм шағыл, қайдан қонсын,
Аэродром отарда қайдан болсын...
Қона алмай жүр айналып ақ қанат құс,
Дала мейлі кілемін жайған болсын.

Ал ауру әлсіреп, демігеді,
Ажал келіп, алмақ боп желігеді.
Қан майданның қансырап ортасында
Көмек күтіп жатқандай көрінеді.

Сандырақтар...
сағымдар...
белестей-ді...
Соғыс!...
Соғыс!...
Тыныштық емес дейді.
Жанған оттар...
жазықсыз жайрағандар...
Темір басты фашистер елестейді...

Ақ қанат құс тағы да төмендеді,
Қайтадан көтерілді, бөгелмеді.
Жайылуын тоқтатып, маңғаз қойлар
Маңырап көкке қарап елеңдеді.

Елеңдейді дегбірсіз аты дағы,
Бақташы ана сабырсыз аһ ұрады.
Үміттің сәулесіндей самолетті,
Жаулығын шешіп алып шақырады:

— Төмен!...
Төмен!...
Болмады, тағы алдады,
Ананың алыстады тағы арманы.
Ақ қанат құс ақыры кең даладан,
Аядай қонатын жер таба алмады!

Қалмады енді кетуден басқа амалы,
(Қос қанатта Ананың қас-қабағы).
Алайда ақ қанат құс шыр айналып,
Ұшып жүр.
Жалғыз үйді тастамады.

Әне ол жерге тағы жақын келді,
Жақын келді...
биікке атылды енді.
Абыржып айдалада тұрған Ана,
Ақ құстың жерге түскен затын көрді.

Әне ол жерге және таяп келді,
Таяп келді...
Кім білсін, аяп келді.
Шопан ана ақ құстан құлап түскен
Ербеңдеген қол менен аяқ көрді.

Құлап түскен адамның қасына кеп,
Қараса Ана...
— Үмітім осы ма?... — деп,
Сылақ-сылақ күледі бір жақсы адам:
— Құм мамықтай тиіпті басыма, — деп...

Дәрігер сол қиналып, шаңын қақты,
Кім білсін, жотасына шағыл батты...
Айтуынша, аман-сау қонақтайтын,
Амал не, бір вертолет табылмапты...

Дәрігер ессіз жатқан шалға келді,
Операция...
Басқа амал қалмады енді.
Ақ халатқа аңырып көзін ашты,
Ұлы Отан соғысының ардагері.

Қарғыс атқан қара свастика...
көз алдымда тұр менің,
Қара свастика...
Байрағында фашистің,
Есігінде түрменің.
О, қайран жастығым!
Күндерім, түндерім,
Достарым — үзілген гүлдерім,
Сендерден адастырған кім мені?
Жас шағымды жалмаған кім менің?

Қарғыс атқан қара свастика
көз алдымда тұр менің...
Өлгендер, тұрыңдар!
Тірілер, аттаныңдар!

Адамның тонын киген жаттарың бар,
Аттаныңдар!

Қара свастиканы таптаңдар,
Қарғыс отына ап барыңдар.
Тірілер, сақтаныңдар!

Қара свастика — қара тажалдар,
құлазыған мазарлар.
Құлазыған мазарлар — қурап қалған ажарлар,
Қурап қалған ажарлар — ұмыт болған назарлар,
Ағыл-тегіл жоқтаулар, ағыл-тегіл ғазалдар...
Қара свастика — қара тажалдар.

Көз алдымда тұр менің,
Көріп тұрмын...
бесігінен баланың,
есігінен түрменің,
Көріп тұрмын қара свастика.
Иегінен көбік езу шешеннің,
жиегінен мінбенің.

Операция...
Операция... керек!
Жарылмаған мина бар,
Қабындаған ми да бар.
Жазылмаған жара бар,
Арылмаған нала бар,
Семіп қалған сана бар,
Сөніп қалған дана бар.

Операция...
Операция керек!
Жанары өшкен басқа да,
Жаралы орман, тасқа да,
Және... және басқаға,
Операция керек!

Соғыстан қалған тұмау бар,
Соғыстан қалған ылаң бар,
Жұмыртқа — жердің ішінде
Жұлынып жатқан жылан бар.
Операция керек!
Айдаһарды бұғаулар!!!

Тарыдай шашылған жер-көкке
 Тірі жүр, тірі жүр жеңдеттер.
 Батыс Германия –
 бақытсыз Германия,
 Шынымен бостандық бермек пе
 Кешегі жеңдетке?!
 Қара свастикаға мәңгілік қарғыс
 жер-көкте.

...О, қайран жастық күндерім!
 Достарым – үзілмеген гүлдерім...
 Сендерден айырған кім мені?
 Қарғыс атқан қара свастика
 Көз алдымда тұр менің,
 Көз алдымда тұр менің...

Соғыстан қалған тұмау бар,
 Соғыстан қалған ылаң бар.
 Жұмыртқа жердің ішінде
 Жұтынып жатқан жылан бар.
 Операция керек
 Айдаһарды бұғаулар!!!

– Адам жазған, адам жазалаған,
 Соғыс дейтін қаза ғой, қаза жаман.
 Айығасыз,
 енді көп кешікпейсіз,
 Мынау сізді көп жылдар мазалаған.

Көктен түскен дәрігер көңілденді,
 Қарт шопанға қайтадан өмір келді.
 Снарядтың тарыдай жарықшағы
 Қара құмға мәңгілік кебіңделді.

Қара құм,
 Жалғыз үй.
 Жапан дала.
 Бармайды машина да, атарба да.
 Бұл өңірдің иесі Отан ғана,
 Бұл өңірдің иесі шопан ғана.

Дала...
 Дала...
 Неғылған арман еді...

Шалқы, шалқы, даланың арда желі!
Ар ма, шопан, дертіңнен айықтың ба,
Ұлы Отан соғысының ардагері?

Олар серуенде
Алаңсыз періштеден, періден де.
Қызықтан, қызғылықтан,
Өр жастық жеріген бе.
Олар серуенде.
Серуенде, жастық, серуенде,
Өмір дейтін керуенде.

Олар жолға аттанды
Ақиқатты іздеді,
томды ақтарды.
Кеше ғана Линч тырнағынан,
Әккі көрген негрді қорғап қалды.

Жол.
Жол...
Арман...
Жол...
Орман...
Жел — еркесі.
Әнебір ақ кебінге оранған,
Ку-клукс-кланның көлеңкесі.

Жастық-ай...
Алаңсыз аңғалдық-ай.
Жалындап жанған ұдай.
Жауыздық, жалғандық-ай,
Ұрлаған арманды ұдай...

Жастық, аялда!
Неге сонша асығасың?!
Аялда, жастық!
Онсыз да басыласың.
Абайла, жастық!
Атыласың немесе асыласың,
Несіне асығасың?!

Абайла, жастық!
Сені ұнатпайды.
Тезірек сөнгеніңді қуаттайды.
Күннің нұрын қызғанғыш көлеңкелер,

Сені жойып сәулеңе шуақтайды.
Абайла, жастық!
Сені ұнатпайды...

Олар орманға енді.
Сүйретілген сан тарап жолдар көрді.
Алды-артынан қалт етпей, қару алған,
Ақ кебінге оранған қолдар келді.

Оларды сотсыз, сұрақсыз өлтірді,
Жастық ажалына айдап келтірді...
Қуәлар боп орман, жер дала,
Көкте Күн, жерде жел тұрды,
Оларды сотсыз өлтірді.

Ақ нәсіл ақ нәсілді тұқымды атты,
Сөнді жастық,
Линчтен құтылмапты.
Жиіркеніп Америка топырағы
Жас қанның дәмін алмай жұтып жатты.

Олар үшеу еді.
Президентке оқ атпаған.
Үшеуі де ақ нәсіл.
Ақ атты адам.
Алайда олар қараға, сарыға да
Адамдық аянышты жоғалтпаған.

Олар үшеу еді,
Кеннедиді өлтірмеген.
Үшеуі де жас еді желкілдеген.
Үшеуі де студент, ақ адамдар,
Ар-ожданы даттанып, кемтілмеген
Олар президентті өлтірмеген.

Даллас трагедиясына қатыспаған,
Дискриминация уымен шатыспаған,
Олар — студент.
Ақыл-ой, парасатын нақыштаған,
Олар — азаматтар,
адам деген ат ұстаған.

Олар — күрескерлер,
Линчтің заңымен батыспаған.

Адал американдықтар,
Азия орманында атыспаған.

Олар отанынан опасыз өмір көрді,
Олар құрметтеді негрлерді.
Айыбы сол,
Олар Америкада мезгілсіз туып,
мезгілсіз кезіндеді...
Олар күнәсіз еді,
күнәсіз өлді...
Ол туған жерін, туған күнін білмеген,
Әкесімен, анасымен араласып жүрмеген,
Ол — жалғыз сабақ раушан
от ішінде гүлдеген.

Ол әкесін де, анасын да көрмеген,
Ол олардың рақымына шөлдеген.
Ол ажал аузынан қалған
болашақ еді өлмеген.
Әкесі алдан тоспаған,
Анасы алдан тоспаған.
Ол өрт ішінде өскен гүл еді.
Әлі қауашағын ашпаған.
Не құдірет, қандай сәуле,
Оны алға бастаған?!

Бейтаныс ауылға оны не бастап әкелді?"
Көрем деді ме әкемді,
Табам деді ме атамды.
Оны не бастап әкелді,
Оны не бастап апарды?!

Ол сұрап келеді, жүріп келеді,
Ол жылап келеді, күліп келеді.
Ол үміт сәулесін ұстады,
Ол оны тапты, біліп келеді...

Ол өрт ішінде өскен гүл еді...
Ол қазір өз өмірін біледі...
Ол ажал аузынан қалған,
болашақ еді өлмеген.
Үміт сәулесі осында,
осы ауылға кел деген.
Ол — зұлымдықтың тірі күәсі,
ақиқатқа шөлдеген...

Ол өрт ішінде өскен гүл еді,
Қазір біледі,
Қазір бәрін де біледі...

Шеберхана
Қара жалын,
Сіңір саусақ қарт ұста,
Білем-білем темірменен тебінгілі тартыста,
Балға астынан қызыл ұшқын шашырайды әр тұсқа.

Ісіп-кеуіп мес көрік те от үрлейді жөтеліп,
Сом балғаны соғады кеп, соғады кеп көтеріп,
Сом білекті сойқан ұста сойқандап тұр от өріп.

Қызыл ұшқын шашырайды кәдімгі адам қанындай,
Қызған темір қиналады кәдімгі адам жанындай,
Қиналады, иленеді, созылады қамырдай.

Быт-шығт қылып кесті дағы көк темірдің құрсауын,
Алақанмен маңдайының терін сүртіп тұр шалың.
Бейтаныс қыз, беймаза елес,
белгісі жоқ бір сағым...

Жарғақ қалта, қиған қағаз,
махорка орай бастады,
Тұрған жанға тұңғыықтан көз қиығын тастады,
Қайдан жүрсің, кім едің деп сұрамады, саспады.

Өңі де өзге,
тілі де өзге бейтаныс қыз тіл қатты,
Қабағында жанарына жасырынған мұң жатты.
Бейтаныс жан сүйкімді екен, ізетті де сымбатты.

— Мен сіздің балаңызбын, әке,
бір тамшы теріңізбін,
бір түйір топырағымын жеріңіздің,
Мен сіздің балаңызбын, әке.

Мен сізге келдім.
Табылды ма деп тұрмын іздегенім,
Мен сізді таптым.
Үмітімді сан жылдар үзбеп едім. ~

Мен балаңмын...
Анам кім, әке, анам кім?

Ананың мейірімін,
Әкенің рақымын көрмеген адаммын.
Менің анам қайда?
Анам кім?
Сынық қыз сәл мұңайып, қысылды,
Ол паспорттын қарт ұстаға ұсынды.

Ұста паспорттан өзінің есімін көрді,
Есіне алды жорықты, есіл күндерді...
Қара свастика, қырғын, үміт...
Ол өлім ордасының есігін көрді...

...1944-жыл.
Бухенвальд.
Түрмедеміз.
Отырамыз, жатамыз, түргелеміз.
Әйтеуір, ажалменен жиі алмасқан,
Түн көреміз, ал кейде күн көреміз!
Бірге жатып, өліммен бір келеміз.
Концлагерь.
Бухенвальд,
Түрмедеміз...

Қарғыс атқан фашистер қырып жатты,
Асты!
Әкесін, ұлын да атты.
Өлім заводының өңешінен өрт шығып,
Өлім фабрикасының ұршығы зырыл қақты,
Олар жанталасып қырып жатты.

Қатарымыз сирей берді,
Атыла бердік, асыла бердік.
Олар бізді илей берді,
Ал біздер ашына бердік, ашына бердік.

Сәл-сәл қалды сөнуге жай оттары,
Олардың күні бітуге таяп қалды.
Олардың болашағы Гитлерден басталып,
Гитлермен аяқталды.

Олар соғыс театрында ойнап болды,
Олар Гитлердің басымен ойлап болды.
Олар өлім алдында жанталасып,
Біздерді біржола жоймақ болды.

Қатарымыз қаусады, қалжырады,
Қалжырады, ал бірақ алжымады.
Есіл аспан есінен танды дағы,
Қара жердің жүрегі қан жылады.
Азап көрді адамдар, алжымады.

Таң атып келе жатқан рауандап,
Күңіrentіп Бухенвальдті нала жапты.
Жеңдеттер жалаңаяқ бір адамды ап,
Атуға иә асуға бара жатты.

Ана екен,
Сәбиі бар құшақтаған.
О, сұмдық!
Тірі аруаққа ұсапты адам!
Көз алдымда...
Жалынып ғазиз Ана
Артындағы жеңдетке үш аттаған.

— Уа, мен Анамын,
Өмірге ұрпақ қалдырмай,
Өлімге қалай барамын...
Жанын қалдырыңдар баланың?

Жанын қалдырыңдар!..
Мені асыңдар, мейлі, жаңдырыңдар,
Ұрпағымның жанын қалдырыңдар!
Қаласаңдар, өзімді өзім бауыздармын,
Жер бетінде ұрпағым қалсын,
Жер бетіне қарыздармын...
Ана аяғына жығылды жауыздардың.

Таң атты.
Шығыс жақтан қызыл күрең қан ақты.
Концлагерь...
Ыңырсыған абақты.
Тұрған жеңдет қаруының найзасын
Қарсы алдында жатқан жанға қаратты.

Қаратты да, шүріппесін баспады,
Ана жатты қобырап аппақ шаштары.
Ораулы сәбиді іліп алып найзаға
Тұтқындарға лақтырып тастады.

Қағып алдық, сан алақан төселді,
Сәби тірі, сәби қалды, шеше өлді.
Соскендіріп серт қаруын серпе ұстап,
Жоңдер! — деген көріп тұрмыз есерді.

Қыз бала екен.
Шоқпытынан аршыдық,
Орт ішінен аман қалды талшыбық,
Талшыбықты, аманатын Ананың
Қасиеттеп кеудемізге шаншыдық.

Ұлы Отанға тірі оралар жан қалса,
Бұл сәбиді аман-есен жеткізсін,
Ұлы Жердің топырағына еккізсін,
Ұлы Ананың құшағына өткізсін.

Ұлы Отанға тірі оралар жан қалса,
Табыс етсін болашақты.
Өссін біздің балалық,
Күн алдында ант еттік біз,
Сәбиді алып қарадық,
Алаулы өрттің арасынан қалған шоқ гүлді,
Болашақтың, тыныштықтың символына баладық.

Қатарымыз сирей берді,
күн артынан күн өтті,
Сәби тірі,
жаттық біздер мекен етіп түнекті.
Эшафотқа жөнелтілген алақанның бәрінен,
Барлығынан, барлығынан бала сәби бір өтті.

Қатарымыз қаусай берді,
асты, атты, жандырды.
Сирей бердік, эшафотқа кезек-кезек алдырды.
Өлетіндер жас сәбиді, тіршіліктің белгісін
Эстафета таяғындай тірілерге қалдырды.

Сәби енді маған келді.
Қасы-көзі қара екен,
Еврейдің ұрпағы екен.

Дана Маркс қаны екен.
Мөлдіреген жанарына қарап тұрсам тұңғиық,
Өлгендердің өмірінің өшпес нұры бар екен.

Арманым жоқ,
арманым жоқ, ажал маған жетпеді,
Жеңіс келді.
Талшыбығым жүрегімде көктеді.
Өрт ішінде өскен гүлді бауырына басты да,
Мына шалың ұлы Отаным, қайдасың деп беттеді.

Аман-есен табыс етті аманатын Ананың,
Фамилиясын берді оған әкесі боп баланың.
Сол сен бе едің?..
Сол сен бе едің?
Есенбісің, болашақ!
Армысың сен, бармысың сен,
айналайын қарағым!!!

Сабыр, қызым...
Сабыр, сабыр...
Сен Анаңды іздеме,
Бұл өмірде анам жоқ деп,
үмітіңді үзбе де.
Тек мен емес,
әкең сенің мыңдаған.
Ақ сүтімен асыраған әрбір ұлттан жүз дене.
Апаң сенің сан адамдар...
Анаңды сен іздеме...

Сенің анаң — барлық ана.
Барлық ұлттан табылар,
Барлығы да, барлығы да сүйер сені, сағынар.
Сен — тыныштық,
Сен — болашақ,
Сен — өмір.
Сенде, қызым, әкелердің әкесінің қаны бар.

ИМПЕРИЯ РЫЦАРЫ (СЕРІСІ)

О-о-о!
Ол империализм серісі еді,
азулы бөрісі еді,
келіседі, бөліседі,
керіседі, өліседі.
О-о-о! Ол империализм серісі еді.

Қаусаған империяға
қалқан боп қаланды,

Сәби азаттыққа
семсер боп қадалды,
Ол премьер боп жаралды,
пенсионер боп жоғалды.

Империя мақтанышы еді,
Империяны сақтағысы келді.
Ол империялық тақта туып,
Империялық тақтан ұшып өлді!

...Мен онда бесікте едім,
Білемін оның маған өшіккенін.
Антанта айдаһарының
Ашуын есіткенім.

Охо-о-о!
Ол көреген екен.
Рас екен сәбиден қорыққаны,
Анасы ұлын өлместей бөлеген екен,
Тұншықпады, өлмеді, торықпады,
Адыра қалды Антанта жорықтары.

Дауылды жылдар есімде,
Талпынған жаңа өсуге.
Атойлап кірді аулыма,
Бір үйір солдат бесінде.

Көргемін сонда Ақтарды,
Тонаған, атқан шапқан-ды...
Коммунист ауыл ағасын
Атына байлап ап барды.

Атаман зілді,
бұйырады.
Ауылды тегіс жинады!
Айтып-айтпай не керек,
Ақысыз "сауық" сыйлады.

Алдырды қатын, баласын,
Әкесін, қартаң анасын.
Адуын асау үстіне
Байлады ауыл ағасын.

Түйіліп тұрды тас түлек,
Қиылып тұрды жас жүрек.
Құлаштап Ақтың күшігі,
Бензінді оған шашты кеп.

Шашты да, тартты оттықты,
Ағытты нелер боқтықты...
Асау мен адам бір сәтте
Лаулаған жалын боп шықты.

Жанына пенде бара алмай,
Лап етті жалын алаулай,
Желбіреп желмен жөнелді
Алқызыл арда жалаудай.

Адуын асау бұрқады,
Қапталдай шауып қырқаны.
Атымен ақтың күшігі –
Бірдеме дейді...

...Дауылды жылдар есімде,
Талпынған жаңа өсуге.
Бесікте болашағымды
Талпынған ол да кесуге.

Мен онда бесікте едім.
Білемін оның маған өшіккенін.
Кешегі қара өлімге қарсы айқаста
Білемін оның неге кешіккенін...

Мені оққа төсеп,
Сүйегімнен аттағысы келді,
Империя тәж-тағын сақтағысы келді.
О-о-о! Кәрі тарлан!
Түлкі дипломатия мақтанышы еді...

Ол маған "Одақ" еді,
жауым еді,
Басына күн туғанда "бауыр" еді.
Ол Тыныштық атмосферасындағы
бір мазасыз жауын еді..
Ол өмір жолын либерал боп бастады,
Консерватор боп тастады.
Жұтты оны тыныштық аспаны...

Кәрі тарлан көлігін доғарды,
Черчилль боп жаралды,
Черчилль боп жоғалды!
Өмір сахнасынан жөнелді,
Ол елді!!!

ҚАШҚЫН

ПОЭМА

I

Міне туған жер.
Эне ауыл.
Күз.
Тонап жатсын күз мейлі,
Жапырақтар тіршіліктен тілектерін үзбейді.
Ол тауда отыр,
Үңіледі дүрбіге,
Үңіледі...
Туған жерде тұрған үйін, мекен-жайын іздейді.

Үңіледі ол.
Телміреді.
Телміреді аймаққа.
Көз буадыр, көңіл кермек, тіл тістеулі, ой — ботқа.
Бір жолаушы бұрқыратып қара жолдың тозаңын,
Ен далада еркін жортып бара жатыр қай жаққа?!

Дала...
Сал дала...
Сары дала.
Сағым дала.
Далия дамылдаған шағын қара.
Жатырмысың асырап тіршілікті,
О, дала — жомарт әке, сабырлы Ана?!

Жатыр дала,
Оқта-текте құлазыған мазарлар,
Құлазыған мазарлар — қурап қалған ажарлар.
Қурап қалған ажарлар — ұмыт болған назарлар,
Айтылмайды жоқтаулар, айтылмайды ғазалдар...

Жатыр дала
Жабықпайды, кейімейді күрсініп,
Жыл он екі ай төрт мезгілі бір кіреді, бір шығып.
Жатыр дала шалқасынан, жалаңаштап кеудесін,
Кеудесінде ұланғайыр қыбыр-қыбыр тіршілік.

Ол тауда отыр.
Өтті тағы бір апта.

Өтеді ғой, тоқтау жоқ өмір дейтін сынапта...
Тау самалы талықсып, артылады қыратқа.
Күн сәулесі күмістей жарқырады бұлақта.
Ол тауда отыр.
Өтті тағы бір апта.

Үрейленіп жартастар, ұмсынады заңғарлар,
Етек-жеңін жия алмай, қымсынады аңғарлар,
Паналаған қарағай бүріменен сабайды,
Бұлақ тентек баладай келекелеп қарайды.
Ол тауда отыр.
Күпті жүрек дамылсыз
Уақытты санайды.

Адыр-адыр жондарда айғыз-айғыз жол жатыр,
Жақпар-жақпар жартастар атылардай зорға тұр!
Жастығына шынтақтап, теріс қарап қисайып,
ұлы тау да ұрыға қарамайтын болды ақыр.

"Ұл емессің, ұрысың!" – деп жаңғырық жекірді,
Шырылдайды құстар да қарғыс айтып не түрлі.
Құз-қияда қос қыран шарықтайды шарқ ұрып,
Шатқал-шатқал мекенін қорып жүрген секілді.

Шуылдайды қарғалар, шуылдайды ұзақтар,
Қатынайды қарағай, жүрегінде сызат бар.
Сапқа тұрып шыршалар сұқтанады найзасын,
Шап бергелі даяр тұр шырмауықтар – тұзақтар.

Үңіледі дүрбіге, тінте қарап даланы,
Өткен күндер елестеп, сағым болып ағады.
Ол тауда отыр, Күн еңкейіп, құлдилап,
Қонағына асығып, құлағалы барады.

Телміреді дүрбіге.
Телміреді, налиды.
Үрей, ұят ызғармен ет жүрегін қариды.
Туған ауыл, туған жер, туып-өскен даланың
Ой шұқырын, бұтасын, ойпат-қырын таниды.

Ол да осы далада егін салған, мал баққан,
Торқасына оранып, топырағын шаңдатқан.
Үлестіріп жасауын, енші беріп еліне,
Жатыр әне сол дала таңдырдай боп нан жапқан.

Қысы қатал, қытымыр,
Жазы жайсаң шуақты,
Ойлап тұрса, осы жан барлығына шыдапты.
Тас қопарып, тау суын егінжайға әкеліп,
Жетелеген кетпенмен желіп аққан бұлақты.

Көк шалғында көсілтіп шалғы тартқан бір кезде,
Құрбыларды есіртіп әзіл айтқан бір өзге.
Өте шықты барлығы, өмір дейтін сынап қой,
Өте шықты сағымдай, өте шықты ілезде.

Ол тауда отыр,
Елестейді өткен күн
Шұғыладай теп-теңбіл.
Ол тауда отыр қару ұстап қолына,
Орынына кетпеннің.

* * *

Сенің үшін кең дүние қауыздай боп тарылған,
Қарындағы қару емес, қарғыс таңба тағылған.
Туған жерің, туған үйің, туысың жат, бәрі жат,
Қайда барып күн кешпексің, ей, бишара жарымжан?!

Қазір, міне, күн батады, түн келеді түнеріп,
Бір қуыста сен жатасың жапа-жалғыз тірі өлік.
Туған Отан, туған елің айыптайды аямай,
Ақ алмасы наркескен — ардың сотын жіберіп.

Қайтіп, қалай тығыласың, қайда сонда жөнейсің?
Тұрағың жоқ, тұғырың жоқ, туған елге өгейсің
Ақ шашты анаң аһ ұрады, ару жарың ашынып,
Жалғыз ұлың жабырқайды, сонда, "батыр", не дейсің?!

Ақ шашты анаң аһ ұрады, сөнеді де жанары,
Ару жарың ашынады, жамылады қараны.
Құсқан сия секілденіп сәбиіңнің жанында
Мәңгі бақи қап-қара дақ қап-қара боп қалады.

Сары белден шұбатылған шашын жиып, күн кетті,
Қазір, міне, түн келеді, түн келуге міндетті.
Батар Күн де, келер Түн де, туар Ай да — бәрі еркін,
Ер өмірде ерке тірлік, еркін өмір сүрмек-ті.

II

Түн.

Айсыз, ашық, ызғарлы,
Ырсияды қорқыныштар киіп алып құздарды.
Сай-жыралар көр сияқты үңірейген, үрейлі,
Қарағайлар найзаларын өңменіңе тіреді.
Жалмауыздың оқпанындай опырайған үңгір тұр,
Ол осында таңды күтіп, бүгін тағы түнейді.

Ал ертең ше, бүрсігүні, қыста ше...
Батыр болсаң, ал қанеки, уақытты ұсташы?!
Ұстамайсың. Күн де өтеді, қыс жетеді ақтүтек,
Осы үңгірдің тұтқынысың, ей, бишара, қысқасы.

Қараң қалған қараңғы үңгір – енді саған тас қабыр,
Қарамайды, қайрылмайды бұл үңгірге дос, бауыр.
Қалтырайсың қияметтің қыл көпірі үстінде,
Алдыңда да, артыңда да күз, тұңғиық, тосқауыл.

Мақұл дейін, түн де өтсін, күн де шықсын,
таң да атсын,
Опасызда Отан жоқ қой, қалай, қайда бармақсың?!
Сарыуайым секілденіп сарғайып кеп таң да атты,
Ол үңгірді тастады да, тағы шолды жан-жақты.
Таудың тағы аңдары да жоғалыпты зым-зия,
Бұл өңірде одан бөлек тірі тұяқ қалмапты.

Жоқ, қалыпты.
Сонау қырда бір бөрі
Шыр айналып, тіміскіп жүр, иіс қуып ілгері.
Ол бөрі ғой, әлсіздердің жауы ғой.
Құба жонды еркін жортар әдеті ғой күндегі.

Ол бөрі ғой жанын жалдап, жанын беріп, жан алған,
Жортады еркін, ол сондықтан бөрі болып жаралған.
Ал сен болсаң, ей, бишара қорғансыз,
Денедегі әлдеқалай жалғыз түйір арам қан!
(Аяқталмаған)

“Өмір – өзен” кітабынан
(1979-жыл)

* * *

Ақынды ақын оятпаса, болмайды,
Ақынды ақын таяқтаса, ол – қайғы.

Ақынды ақын сүйемесе, болмайды,
Ақынды ақын күйелесе, ол – қайғы.

Ақынға ақын басынан-ақ жуық-ты,
Барлық ақын бір анадан туыпты.

Ақынға ақын адал болсын әмәнда,
Ақынға ақын арам болса, жаман да...

Ақынға, ақын, ете көрме пенделік!
Ақын, ақын! Пенделікті жөнделік!

* * *

Қапелімде байқамай жүргемін бе?
Қанат бітіп келеді күннен-күнге.
Мына өмірден бір кетіп, бір келдім бе?
Түсі бөлек баяғы гүлдердің де,
Кімдердің де, күн менен түндердің де,
Осы, мен...
Әлде басқа түрге ендім бе?

Бал арадай шықпайтын айналамнан,
Бауыр, жолдас, дос, құрбы қайда қалған?
Қысылтаяң кездерде пайдаланған,
Жоқты қуған қайдасың,
Қайран арман?

Армысың!
Есі дұрыс мият Күнім!
Өліп қайта тірілген сияқтымын.
Жарқын өмір, жан өмір, жасыл шуақ,
Алдарыңда сендердің ұяттымын...

Алып ұшып барады қанаттарым,
Күнді ұзатып, күтемін таң атқанын.
Дәл осындай сәтіңнен адастырма,
Адастырма, өтінем, жаратқаным!

Өкпелеттім..
Не дейін, өкпелеттім,
Өкпелетіп қалайша көктемекпін?
Сенің қойған межеңнен аттадам да,
Шекараңнан шықтым да, шетке кеттім.
Өкпелеттім, амал не, өкпелеттім.

Қарашы әне, келеді таң сарғайып,
Сыртқа жүрші, қойшы енді, томсармайық!
Аққуым-ау, тамаша таң алдында,
Қырсықтың қытығына қол салмайық,

Ақылдым-ау, неге сен қарамайсың?!
Кейде өзің де қызықсың... баладайсың..
Күш сезімді күрес деп санамайсың,
Сонда қалай?
Қалай деп бағалайсың?

Жүрші сыртқа, қарашы таң нұрына,
Табынайық табиғат паңдығына.
Таң атады, кетеді базаршы күн,
Қазынасын жинап ап сандығына.
Сергийкші малынып таң нұрына,
Өкпелейсің несіне тағдырыңа...

* * *

Алдыңда құлдық ұрып, ақталмаймын,
Астыңда аяғыңның тапталмаймын.
Біраз күн сені есімнен шығарды рас,
Жанымға батқан дертім, батқан қайғым.

Не күйде жүргенімді көресің бе?
Мен сөніп баратырмын, сенесің бе?
Қан майданнан оралған жауынгермін,
Жарадан сау-тамтық жоқ, денесінде.

Басымды бұлт алған бүгінде сен,
Жүрекке ине қадап, бүлінбе сен!
Әлсіреп, өзер жанған шырақпын мен,
Сөнемін де қаламын бір үрлесең...

* * *

Сағыныштай сарғайып сары қайың,
Жапырақтар шертеді сарыуайым.
Кернейлетіп, сыңсытып жет, тырнарлар.
Ұзатқалы барады сәуір айын.

Енесінен құлындар жеріген бе?!
Арылыпты бал сусын желіден де.
Қиқулаған тырнаның қанатында.
Жаз ілесіп барады керуенге.

Жұқа шапан жамылған боз даланы,
Әлдилейді тырнаның созған әні.
Қалбалақтап қаңбақтар қарбаласта,
Бағытына басы ауған қозғалады.

Балауса жоқ, балғын жоқ тербетуге,
Тербеледі қияқтар желмен түнде.
Қызылкүрең қоржынын толтырып ап,
Хабаршы күз жортып жүр жер бетінде.

* * *

Тағы да күз, тағы міне сары таңды ұзақ түн,
Уысында тағы да мен ұйқы дейтін тұзақтың,
Ой-хой, шіркін, тағы да бір күзді, міне, ұзаттым.

Өмірімнің есейгенін сезінемін күзде мен,
Алдағыма асығамын, өткенді әсте іздемен,
Ой-хой, шіркін болашаққа құмармыз ғой біз деген.

Жүрші, жаным, қоңыр күзде серуендейік жырақта,
Қайтқан құстың әуенімен қоштасайық қыратта,
Күз өткенге кейімеймін, сағынамын бірақта.

Қайтып бара жатыр әне сағыныштар-тырналар,
Ақ қайындар, тал, теректер... алтын сары сырғалар,
Туған жердің кеудесінде тұнжырайды жылғалар.

Қайда кеткен жасыл алқап, жасыл орман, жасыл маң?
Қайда кеткен жақұт гүлдер паң далаға шашылған?
Қайда кеткен, қалай өткен, кімге барып бас ұрған?!

Қалай біздер қапелімде аңғара алмай қалғанбыз?!
Әптеген-ай, неткен аңқау, неткен аңқау жандармыз?!
Келіп қапты-ау сағыныштай сап-сары ала арман-күз...

* * *

Раушан гүліне сен серік едің,
Раушан арасынан көріп едім.
О, менің аққанат құс махаббатым,
Қайдасың, қайтсем саған көрінемін?..

Дүние тыныш еді "құлаққа ұрған",
Талықсып тал бойында шуақ тұнған.
Табиғат сонда саған, раушанға,
Барынша бар жасауын лақтырған.

Есінде ме?
Сонда сен байқадың ба?
Дір еттім, жанарыңнан тайқадым да.
Сол күні раушанның өзін емес,
Иісін сыйлағансың қайтарымда.

Гүлді қойшы, гүл ата ырымы да,
Мәңгі шатпын сол күнгі қылығыңа.
Гүл иісі тұр екен жүрекке ұрып,
Танауымды тақасам бұрымыңа.

Гүлді қойшы, семеді гүл дегенің,
(Гүл сыйлап, гүл алуды білмегенім...)
Қайдасың?
Мен түсімде екеу болып,
Ертеңісін жалғыз боп түрегелемін.

О, менің аққанат құс махаббатым,
Қайдасың, жанға шипа шапағатым?
Сен қайда, күндер қайда, түндер қайда,
Махаббат... махаббат деп аталатын?..

МЕН СЕНДЕРДІ ІЗДЕЙМІН...

Жылдар өтіп барады тізбегімен,
Жаздарыммен қоштастым, күздеріммен.
Жүріп өткен сендердің іздеріңнен,
Үміт үзбей сендерді іздедім мен.

Қайырмасы:
Қайран достарым менің!
Майдандастарым менің!
Жеңіспенен оралған бауырларым,
Сағынамын сендерді, сағынамын.

Айларымнан іздеймін, жылдарымнан,
Байқоңырдың, Балқаштың қырларынан.
Терлеріңмен сендердің суғарылған,
Шөл даланың іздеймін құмдарынан.

Қайырмасы:

Бауырластарым менің!
Қаруластарым менің!
Қай жерлерде жүрсіңдер, майдандастар?
Тағдырларың не болды, қайран достар?!

Мен сендерді іздеймін жан-жағымнан,
Түндерімнен, сәулелі таңдарымнан.
Сендер жайлы жазылған дастандардың,
Парағынан іздеймін аударылған.

Қайырмасы:

Құрбыластарым менің!
Нұрлы аспаным менің!
Гүлдерімнің іздеймін бүршігінен,
Жүрегімнің іздеймін дүрсілінен.

Мен сендерді сұрадым бұлақтардан,
Жапырақтан, гүлдерден, құрақтардан.
Арулардан сұрадым, арттарыңда
Атқандырып сендерді жылап қалған...

Қайырмасы:

Қайран достарым менің!
Майдандастарым менің!
Қайдасыңдар, қайдасың, бауырларым,
Сағынамын сендерді, сағынамын...

ТАЛДЫҚОРҒАН – ӘНІМ МЕНІҢ

Бай өлкем, армысың!
Армысың, қарлы шың!
Арайлы шығыстан
Атқан бір таңбысың?
Айбынды елмісің?
Айдыңды көлмісің?
Ақынның, батырдың,
Ардағы сенбісің?

Қайырмасы:

Талдықорған, әнімсің, өлкем,
Асқар тауларың сенің көркем.
Алаулатқан еңбектің отын,
Жаздай жадырап менің еркем.

Талдықорған,
Талдықорған,
Аңсаған әнімсің.

Осынау өлкенің
Қарсы алып ертеңін,
Салтанат сәні боп,
Жүрсің бе, көркемім.
Әлді еңбектің
Әніммен тербеттім.
Қуана қол соқсын
Әмірі жер-көктің.

Қайырмасы:

Саялы тауларым,
Мен саған самғадым.
Саянда жүр ғой деп
Ақ қанат арманым.
Жанымның мақпалын
Жаным деп сақтадым.
Атқайсың алдымнан
Арайлы ақ таңым!

Қайырмасы:

АЛМАТЫМ – ҒАШЫҚ ӘНІМСІҢ

Аралап жердің жүзін шарласам да,
Алматым жүрегімде әрқашанда.
Арылмас Алатаудан ән қашанда,
Аспанның жұлдызына самғасам да.

Қайырмасы:

Алматым – ғашық әнімсің!
Сәнімсің менің, бағымсың!

Алматым, Алатауым – ғашық әнім,
Аймалап екеуіңді, бас ұрамын.
Аяқтап ән сапарын оралғанша,
Жетсем деп өздеріңе асығамын.

Қайырмасы:

Алма бақ, асау өзен, қарлы шыңдар,
Аман-сау барлығың да бармысыңдар?
Ұшырған өздеріңе ән-құсым бар,
Арналған өмірім бар, алғысым бар!

Қайырмасы:

КӨГЕРШІНДЕР МАРШЫ

Орман, дала, бөктерлер
Арпалыстар өткен жер.
Соғыс зарын шеккендер,
Оралмасын өткендер!
Біз – ақ қанат кептерлер,
Бізді ұмытып кетпеңдер!

Енді қару алмайық,
Өртенбейік, жанбайық,
Біз адасып қалмайық,
Ақ аспаңда самғайық,
Аталардың өмірін
Әрі қарай жалғайық,

Көгерсін жер, көгерсін,
Мол ырысқа кенелсін.
Бейбітшілік жаршысы
Біз – ақ қанат көгершін!
Біз – ақ қанат кептерлер
Бізді ұмытып кетпеңдер.

ТІРІСІҢДЕР, ҚҰРБАНДАР!

Мәңгілік тірісіңдер, тірісіңдер!
Екеудің тірі жүрген бірісіңдер.
Өмірдің сембейтұғын гүлісіңдер!
Солдаттың ұран салған үнісіңдер!

Қайырмасы:

Тірісіңдер, құрбандар,
Жанын пида қылғандар!
Күзетінде Отанның,
Мәңгі-бақи тұрғандар,
Тірісіңдер, құрбандар!

Батырлар, Хабарсыздар, Белгісіздер,
Ұрпаққа мәңгілікке белгі — Сіздер.
Сендердің олқы тұрмас қатарларың,
Қашанда ұмыптайды Отандарың.

Қайырмасы:

Ғасырлар дәуірлер мен өтсін мейлі,
Сендерді намыс үшін кекшіл дейді!
Алысқан Отан үшін ардагерлер,
Сендерді өмір мәңгі көпсінбейді!

Қайырмасы:

БОЛМАСЫН СОҒЫС, БОЛМАСЫН!

Ән салып берем жат, көкем.
Айналаң нұрлы бақ мекен.
Жырым, сырым, жанымды,
Ұғасың ба, Ақ бөпем!

Тыңдағын әнім, ардақтым,
Майданда болған солдаттың.

Қанатын ажал жайғанда,
Жастығым өткен майданда.
Моласына бауырлар,
Достарымды қойғанда.

Ант беріп айтқан жолдасым:
Болмасын соғыс, болмасын!

Өткенде азат жерлермен,
Бостандық сүйген елдерден,
Көшелерде тербелген,
Ұрандарды мен көргем.

Бостандық мәңгі орнасын!
Болмасын соғыс, болмасын!

Жорықты солай өткердім,
Жазылған ұран көп көрдім,
Парағында дәптердің,
Қанатында кептердің:

Бақтарда бұлбұл сайрасын,
Жайнасын өмір, жайнасын!

Жадырап қалар жан игі, —
Жан игі сөзді танымын:
Есігіне әр үйдің,
Бесігіне сәбидің,

Мәңгілік бақыт орнайды,
Болмайды соғыс, болмайды!

САРЖАЙЛАУ

Жазира, жасыл кілем өрнектеген,
Туған жерге, дариға, жер жетпеген!
Кең өлкем, әлдилей бер, сен деп келем,
Аңсап келем сағынып, шөлдеп келем.

Қайырмасы:

Саумал бұлақ — балдай дәрім,
Салқын самал — баурайларың.
Саялаған, беу, туған жер,
Сағындырған Саржайлауым.

Армысың ата-қоныс, жасыл мекен!
Ұланыңмын, мен сенің қасыңда өтем.
Басқаның жерұйығын неғыламын,
Жерұйығы өзімнің қасымда екен!

Қайырмасы:

Жадырап жұтайыншы тау самалын,
Осы еді ғой сағынып, аңсағаным.
Гүлдерім, шыршаларым, аршаларым,
Бәріңе арнап мен бүгін ән саламын.

Қайырмасы:

Жанымды жырға бөлеп таң атырған,
Әкем едің ақ таңда жаратылған.
Төліңнен айналайын жаңа туған
Айналайын еліңнен дара туған.

Қайырмасы:

Ығысыңдар,
 Ей, таулар,
 Ығысыңдар!
 Орын сайла ортаңнан, жұмысым бар.
 Ата болып не маған ұрысыңдар,
 Адам болып немесе ұғысыңдар.
 Ығысыңдар, ей таулар, ығысыңдар!

Ей, таулар,
 Қойыңдарыңды ашып кірем,
 Бар сырыңды айрандай шашып, білем.
 ...Жартастардың беттері сора-сора,
 Жылапты, қарсыласпас жасық білем.

Жүріп келем таулардың ортасында,
 Сан ғаламат үрей тұр шор тасында.
 Сан салалы сай-жыра қойнына алды,
 Солай ма екен?!
 Батырлар, қорқасың ба?!

ЖАЛҒЫЗАЯҚ СОҚПАҚ

"Жол анасы – із"

(Халық мақалы)

Жалғызаяқ соқпақ жатыр іргесінде үйімнің,
 Соған шығу қиыны екен өмірдегі қиынның,
 Жалғызаяқ соқпақ әкеп жолға салды шытырман,
 Шимай-шимай сызығындай жүрегім мен миымның.

Бұл соқпақпен әкем менің қан майданға аттанған,
 Бұл соқпақпен әжемді де қабіріне ап барғам.
 Бұл соқпақпен баламды да ұзатып сап мезгілсіз,
 Бөрісінің жүрген ізін ескерткіш қып ап қалғам.

"Жол деген көп далада да, қия белде, жолдарда,
 Адаспа, ұлым, аңдап басқын, ұрынбағын орларға", –
 Дөп соқпақпен ғазиз анам аттандырған мені үйден,
 Бетіндегі әжіміндей айғыз-айғыз жолдарға.

Сол соқпақпен жүріп келем, бір жығылып,
 бір тұрып,
 Жол іздеймін, жол іздеймін алға қарай ұмтылып.

Жол шіркіннің орының да, жарының да көбін-ай,
Сүрінемін, жығыламын, қайта жүрем ынтығып.

Жол үстінде ор жоқ деуге қалай ғана нанасың,
Жолдар, жолдар, үйден шалғай қайда әкетіп
барасың?
"Орға ұрынбай, жарға ұрынбай айналып өт!" –
деп маған
Бекер ғана айтыпсың-ау, бекер, бекер, анашым...

ТУҒАН ЕЛГЕ

Күн болмай-ақ қояйын көгіңде мен,
Күнсіз де жылуымды тегін берем.
Көз жасындай көрсетпей сақтайсың ба?
Жанарыңнан жылт етіп төгілмеген.

Ай болмай-ақ қояйын аспаныңда,
Мейірімің болайын дос, бауырға.
Ұмыт қалған ізіндей сақтайсың ба?
Шұбатылған суырған таста, құмда.

Жұлдыз болып жанбаймын ғарышыңда,
Батыр болып тұра алман алысуға.
Бәрі де емен... Туған ел, шіріт мені,
Туламасам тұңғиық, намысыңда.

Сеңде туып, сеңде өскен балаң екем,
Түсін мені, ойым жоқ ала бөтен.
Менің саған тигізер залалым сол –
Бір уыс топырағыңды ала кетем.

АРМЫСЫҢ, АДАМЗАТТЫҢ ЫНТЫМАҒЫ!

Дүние Майда неге құлпырады?!
Қарашы толықсиды, ұмтылады.
Шуағын шашып тастап жер төсіне,
Шұбатып шуда шашын күн тұрады.

Дүние Майда неге құлпырады?!
Қарашы кәрі емен де бұлқынады.

Қайын Ана сырғасын сәби самал,
Сипалап, сылдырлатып, жұлқылады.

Дүние Майда неге құлпырады?!
Шаттанып шалқақ кеуде шың тұрады.
Көңілде көлдей тұнық сыр тұнады,
Секілді бұлақтардың сылқым әні.

Дүние Майда неге құлпырады?
Бар тіршілік өмірге ынтығады.
Қара тастың маңдайы шып-шып терлеп,
Ақынның жүрегінен жыр туады.

Дүние Майда,
Майда құлпырады!
Көктем ғой табиғаттың ынтық әні.
Келдің бе, керім көктем, думандатып,
Армысың, Адамзаттың ынтымағы!

* * *

О, туған ел!
Тыңдашы дауысымды,
Сенің берген сабырың тауысылды.
...Тұнығыңды, көлдерім,
лайлама,
өзендерім, өзгертпе ағысыңды.

Қайтесің ұмыт болған бір баланы,
Ол сенің ғұмырыңнан құр қалады.
Оның әлі келмеген кереметің,
Болашақ ақыныңа жыр болады.

Мен сенің жалғыз тамшы шаңындаймын,
Гүлдеріңнің төсінде дамылдаймын.
Сен есен бол.
Құдайға, пайғамбарға
Өмірімді ұзарт деп жалынбаймын.

О, туған ел!
Достықтың дастарқаны.
Достық керек... кім одан бас тартады?..
Осылай бол!
Осы өмір, осы пейлің
Досыңды, дұшпаныңды жасқантады.
Осылай бол, достықтың асқар тауы!

Көлің қайда, туған елім?
 Шабәқ болам титтей.
 Белің қайда, туған елім?
 Ойнақтайын киіктей.

Далаң қайда, туған елім?
 Жатайын да, ойлайын.
 Бабам қайда, туған елім?
 Сақалымен ойнайын.

Шөлің қайда, туған елім?
 Шөліркейін, аңсайын.
 Құлазыған құмдарыңда,
 Ғұмырымды таусайын.

Көгің қайда, туған елім?
 Желігейін, қалқиын.
 Желің қайда, туған елім?
 Желпінейін, шалқиын.

Тауың қайда, туған елім?
 Табынайын ардақтай,
 Жауың бар ма, туған елім?
 Атылайын садақтай.

КЕЛЕДІ ЖАЗҒЫМ ТАСҚА ӨЛЕҢ

Ақ саусақ емен, әсте, мен,
 Еңбексіз күнді пәс көрем.
 Паш етіп халық құдіретін,
 Келеді жазғым тасқа өлең.

Айналам еңбек қайнаған,
 Қаласам барып аулыма,
 Жылқышы болам, қой бағам.
 Ақ саусақ болуды ойламан!
 Қаласам осынау заманның,
 Бұлбұлы болам сайраған.
 Заводта жұмысшы адамның
 Секунды болып айналам.

Халқымның даңқын паш көрем,
 Келеді жазғым тасқа өлең.

* * *

Кезімде қадіріңді сезбес мынау,
Бекер-ақ, қарғам, маған кездестің-ау.
Келмеске алдақашан аттандырған,
Керемет күндеріммен кездестім-ау!..
Жаныма салдың менің төзбес бұрау.

Қарғам-ай, қалай десем, айта аламын?
Жалған-ай, қарай берсем, жай табамын.
Арман-ай, қалай келсем, қайтарамын?
Қалай десем, лаулайды қайта жалын?
Қайталағым келеді, қайталағым...

Көңілімнің сыбырлап көк құрағы,
Аққуы ұшқан ақ айдын көп тұнады.
Солтүстікке жылы ағыс жетті ме екен?!
Бір жылы ағыс сен жақтан бетке ұрады,
Бетім тосқым мен оған кеп тұрады.

Суынбасам, шіркін-ай, суынбасам!
Мұз болса да жүрегің ерітер ем,
Суытайын суыққа ұрынбасам,
Сәл кешірек сен менен туылмасаң,
Сол ертерек сенен мен туылмасам...

* * *

Көрдің бе таң мен түннің соғысқанын,
Жарық пен қараңғының тоғысқанын?
Мен көрдім, көрдім дағы тек отырдым,
Дем беріп біріңе де болыспадым.

Түн деген шашын жайған албасты екен,
(Апыр-ай, таң кешігіп қалмас па екен?)
Қияпетсіз, қырғынсыз, қан төгіссіз,
Алма-кезек аспаңда арбасты екеу.

Жарық жеңді-ау, әйтеуір, алаулатып,
Түнді асырды батысқа талауратып.
Қолына алып шашақты сан мың-найза,
Жауынгер күн келеді жалаулатып.

* * *

Менің де бір шуағым бар жинаған,
Бұлтты күңдей бұрқанамын, қиналам.
Өзімді емес, өзгелерді жылытайын,
Жарық дүние, жақсылғыңды қи маған.

Қасиет бар маған да өмір сыйлаған,
Қасірет бар қара басып жинаған.
Арылайын, сейілейін мен де бір,
Жарық дүние, жақсылығыңды қи маған!

ӨРГЕ ТАРТ, МЕНІҢ ӨР ЕЛІМ!

Өрге тарт, менің өр елім!
Өңгеріп мынау ғасырды.
Бойыңнан сенің көремін
Болатты, дүлей жасыңды.

Жеті жыл тарттың өрге сен,
Жеткіздің тағы шыңға бір.
Әлемге болдың сен көсем,
Адамға болдың шын бауыр.

Арқалап жүкті жеті жыл,
Айға да жетті атағың.
Ақ пейіл ырзық ниеті бұл —
Адамға деген Атаның.

Бөледің нұрға жер бетін,
Өзгерттің өзен ағысын.
Өзгермей тұрған келбетің
Өмірдің, елім, бағысың.

Байытып менің санамды,
Қуатты бердің бойға нық,
Далиып жатқан даламды,
Астыққа қойдың қойма қып.

Қазына жерді қақ жарып,
Қойнынан алдың асылын.
Қалт етпей саған таңқалып,
Қарап тұр осынау ғасырым.

Жылатқан жоқсың талайды,
Жырыңды жауыз оқ та атып,
Дүние саған қарайды,
толқуын бір сәт тоқтатып.

Беймаза мынау заманға,
Берік қып қойдың тосқауыл.
Ұраның сенің әмәнда:
Адамға адам — дос, бауыр.

Тыныштық үшін күзетте,
Тынымсыз жанның бірісің.
Кісіге деген ізетке,
Кішісің әрі ірісің.

...Жеті жыл өтті-ау күреспен,
Жеті жыл. Көпті сеземін...
Өмірмен тете бір өскен,
Өрсің-ау менің өз елім!
Өз елім — менің өзегім...

Өрге тарт, менің өр елім!
Өңгертіп мынау ғасырды.
Мойныңа, міне, көремін,
Жаңа жыл келіп асылды.

ҚҰМ НАРЫНДА

Шөккен нар-нар, бура-бура
О, нең жатыр құмдарыңда?
Махамбеттей ұлдарың ба?
Тірі ұстай тұрмадың ба?

(Топ шеңгелден пыр-пыр ұшты бөдене)
Көз ұшында сағымданған немеңе?
Нұрлы өмірге Исатай мен Махамбет
Отты жырын қайта бастап келе ме?

Келсе игі еді, көрсе еді біздерді.
(Олар жортқан әрбір ізде — жүз белгі).
Немеңе анау?
Көз ұшында, далада.
Тарғыл-тарғыл.
Құлан үркіп бара ма?
Па, шіркінді бұғалыққа түсіріп,
Сілейтіп бір жегер ме еді шанаға!
Ой, тәйірі, құмы екен ғой Нарынның,
Қырсығын-ай, мына сайқал сағымның.

Шөккен нар-нар, бура-бура
О, нең жатыр құмдарыңда?
Махамбеттей ұлдарың ба?
Тірі ұстай тұрмадың ба?

ТАҢ АЛДЫНДА

Айдың да кеткісі жоқ көк бетінен,
Табандап жатып апты етпетінен.
Күн түнде таңнан хабар айтып еді,
Жұлдыздар үркіп кетті бет-бетімен.

Асылып ақ Шолпанға түн құшағы,
Қалуға таңмен бірге тырмысады.
Жердегі емес, көктегі ғұмырлар да,
Қалайды-ау, сірә, бәрі күнге ұсауды.

* * *

Осы бір көктемді көгерген,
Жүз жылдан кейін кеп көрер ме ем!
Осы бір қызғалдақ жас гүлді
Жүз жылдан кейін кеп терер ме ем!

...Осы бір о жарлы кеудемде,
Жаралған жалын бар сөнбеуге!
Жүз жылдан кейін кеп көрмей-ақ,
Серт еттім өлмеуге! Өлмеуге!

ОДАҚ ТУРАЛЫ ОДА

Тарихтан белгілі.
Мен оны қайталап жатпаймын.
Қуантқан жарлыны, шерліні,
ССР Одағын мақтаймын!

Тарихтан белгілі.
Тарих – сұңғыла қария.
...Кез болған ел зары, ел мұңы
Секілді тасыған дария.

Ақылгөй балалар, даналар
Туыстық, достықты аңсаған.
Тап болып тартысқа кереғар
Не шара? Шаршаған...

Адамдар аңдарша өшігіп
Әлсізін әлдісі қорлаған.
Достықтың алауын өшіріп,
Жауласқан сорлы адам!

Айттым ғой.
Тарихтан белгілі.
Мен оны қайталап жатпаймын.
Мақтаймын Туымды, Гербiмдi
ССР Одағын мақтаймын!

Қаңғырғам қурайды таяқ қып,
Қаңғырғам,
Достықты таппағам.
Жатқанда, тұрғанда "аят" қып,
Жадымда достықты сақтағам.

...Ей, қазақ!
Аттан түс, қонақта.
Жақының.
Жат емес басқа бұл.
Қасиеттi осы ұлы Одақта
Халықтар мәңгiлiк дос, бауыр!

Ата орыс, аға өзбек – бауырым!
Берiмiз бiр ғана қауым, күш.
Бұл – менiң, сенiң де ауылың
Қанеки, шәйiмнен қанып iш.

Қанып iш.
Қаласаң, бас тартам
(Аяйтын не жәй бар достардан)
Мендегi кең пейiл, шат көңiл –
Одақтық ортақ бiр дастарқан!

Найзаның, қылыштың күшiмен
Ұлы Одақ, мен саған кiрмедiм.
Достықты сүйгенiм үшiн мен
Кiргемiн.
Мәңгiлiк бiргемiн!

Тарихтан белгілі.
Мен оны қайталап жатпаймын.
Көркейген достығы, елдігі
ССР Одағын мақтаймын!

КОММУНИСТЕР – ГУМАНИСТЕР

Оларды атқан.
Оларды отқа қақтаған.
Оларды асқан.
Түрмеге де тастаған.
Сонда да олар сенімдерін сатпаған.
Біреуі өлсе, бірі көшті бастаған.

Оларды өртке жаңдырған,
Айналдырған сырқатқа.
Олар өлген,
Өмірін бірақ қалдырған,
Өмірдегі ұрпаққа.

Мерт болды олар,
Бірақ күдер үзбеген,
Жандар емес табынар.
Әр жендеттің мойнында жүздеген
Коммунистің қаны бар...

Коммунистер – гуманистер, перзенттер,
Қатал бірақ жауларға,
Сондықтан да жанталасып жендеттер
Оларды әлі аулауда.

Бір кездерде жүзден ғана саналса,
Коммунистер миллиондар бұл шақта.
Мадридте бір коммунист қамалса,
Лондонда мың коммунист тұр сапта.

Жер бетінің халқы сенген оларға,
Коммунистер миллиондар бұл шақта.
Бір коммунист өлтірілсе ОАР-да
Дүниеде коммунистер тұр сапта.

Коммунистер – гуманистер тегінде,
Жауыздықты жуасытпақ, жұмсартпақ.
Тыныштық пен бақыт әкеп өмірге,
Ойран-асыр апаттардан тұр сақтап.

Коммунистер – гуманистер, асылдар,
Коммунистер – дүниенің тірегі.
Қайталасын келер ұрпақ, ғасырлар,
Біздің Отан – коммунистер жүрегі.

ХАТ ҚАРАП ОТЫР ЛЕНИН

Хат қарап отыр Ленин,
Қашаннан бері сарыла.
Жұмысшы жазса біреуін,
Жазыпты бірін шаруа.

Хаттарда сыр көп ұғынтпақ,
Болғаныменен сауатсыз.
Хаттарды Ильич сұрыптап,
— Қалмасын, — дейді жауапсыз.

Қарлығаш хаттар келгесін,
Қуаныш тұрды көңілде.
— Кешіге мынау көрмесін,
Беріңіз, — дейді, — нөмірге.

...Бір хатта айтып әрнені,
Шаруа мұңын шағыпты.
Асыра сілтеп әлдекім,
Сиырын тартып алыпты.

Тағы бір шаруа жазыпты:
Жеңеміз қалай да аштықты!
Кулактар, — депті, — жазықты.
Өртеді, — депті, — астықты.

Хаттардың әрбір жолынан,
Іздейді Ильич адамды.
Қаламы түспей қолынан,
Қарады, қайта қадалды.

— Ағаттық әсте істеме,
Асығыс дүние әкеліп,
Өмірде, сөзде, істе де
Кетпесін, — дейді, — қателік.

Өтуде хаттар екшеліп,
Қолынан ұлы Лениннің.
Әлі отыр әне ол тексеріп,
Диктантын туған елінің.

ИНТЕРНАЦИОНАЛ ІЗІМЕН

Ех!
Бір заман орнайды бұл өмірде,
Жауласпайды адамдар, таласпайды.
Шек орнатқан адамның жүрегіне
Шекаралар болмайды, алыстайды.

Барша әлемге бақыт боп тұрақтаған,
Барша әлемді бесік боп тербетуге,
Ех! Болады бір кезде бір-ақ қоғам,
Айда да, Марста да, жер бетінде.

...Күресуде екі өмір, тыншымапты,
(Екі дүние, болмайды жасыруға).
Дүниенің жартысы күншуақты,
Дүниенің жартысы ашытуда.

...Ей, ашынғандар,
ашынғандар, ашынғандар!
Бейнеттен беттеріңде дақтарың бар.
Маркс туын шахтада жасырмаңдар,
Ел көрсін, ереуілге ап барыңдар.

Тұр әлі капиталдың тас қамалы,
Тірі әлі буржуй мырза, басқалары.
Арқаңнан таспа тіліп, қан ағызған,
Қамшысын әлі күнге тастамады.

Тарықтыңдар, тарттыңдар тозақ әнін,
Жасырынып болдыңдар.
Жетер енді.
Сан ғасырлар саңдалтып, қожаларың
Тұмсығыңды тесіп ап жетеледі.

Сақтаныңдар!
Бірлігің шашылмасын.
Кетпекші олар маркстік жолды бұрып.
Сөлін сорып, адамның асыл басын
Атпақшы олар адамға бомба қылып.

Оңай емес...
Жай ойнап, жалын атқан,
Соңғы майдан тұр күтіп.
Аттаныңдар!

Телегей терің сіңіп, қаның аққан,
Қасиетті теңдікті ап қалыңдар.

Күреспей бостандықты кім береді?
Күрес болмай, Теңдік жоқ (оны да біл).
Әне, алдыңнан арайлы күн келеді,
Жарыққа шық, жадырап жолыға біл.

Арымызды қорлайды, алдайды кім –
Жойылсын сол! Бірігіп кірісейік!
Жер шарының бақытын, бар байлығын
Баршамызға тепе-тең үлесейік!

Ей, ашынғандар,
ашынғандар,
ашынғандар!
Капитализм жерленсін, бас ұрмаңдар.
Ел көрсін, ереуілге ап шығыңдар.
Маркс туын шахтада жасырмаңдар!

БАҚЫТ ӘЛДЕ...

Мен сеземін.
Алыстасың, бақытым, алыстасың,
Асыққанмен аптығып жете алмаспын.
Сен биіксің, биіксің, ғарыштасың,
Қанатым жоқ, қалықтап жете алмаспын.

Саған неге ынтықпын осыншама?!
Неге сені көксеймін, алыстасың..
Шөл мен өзен шөліркеп қосылса да,
Белгілі ғой сенімен табыспасым.

Бақыт, сені көксеймін, көрсем деймін,
Құрақ ұшып, құмарта бір қарасам.
Арманымды құшақтап өлсем, мейлі,
Амалым не, өр бақыт, тыңдамасаң.

...Бақыт, мүмкін, менімен бір жүреді,
Бақыт әлде мазасыз жүрегім бе?!
Әлде аңсау, зарығу ма, кім біледі,
Әлде бақыт осынау нұр өмір ме?!

Кім біледі...
Әйтеуір, мен білмеймін.
Әлде бақыт — ел-жұртым, бала-шағам.
Келші, бақыт, мен сені сөндірмеймін,
Сен мені серік етіп қаласаң ал.

КОММУНИСТЕР

Атом күші, күн сәулесі, таң нұры —
Коммунистер заманының тағдыры.
Қасиетін құрметтейді, құптайды,
Ізгі ниет адамзаттың барлығы.
Себебі олар — дүниенің тағдыры.

Егер олар мінбелерден толғанса,
Қысқарады қиын өткел, жол қанша.
Бұл өмірде алынбайтын жоқ қамал,
Егер олар байлам жасап, қолға алса!

Байлам етсе, бастарына қонар күн,
Коммунистер — бастаушысы қоғамның.
Аспан мен жер дүр сілкініп алса бір,
Дүбірлеткен қимылы ғой солардың.
Арымаңдар, ар-ұяты қоғамның!

Биік мақсат, биік арман, күшті арман,
Лениннің санасымен ұшталған.
Коммунистер дос іздейді өмірден,
Коммунистер қорықпайды дұшпаннан.

Бақыттымыз, бақыттымыз сендермен,
Өзендерді жалғайсыңдар көлдермен.
Коммунистер — дүниенің тағдыры,
Адамшылық қасиетті меңгерген!

Сырласса егер, жалғасса егер көк пен жер,
Бәрі де оның коммунистік өткелдер.
Қырға қала, құмға теңіз орнаса,
Барлығы да Коммунистер төккен тер.

Айғай-шусыз, сабырменен, ізетпен,
Дүниенің қателігін түзеткен.
Коммунистер — сергек жандар, сақшылар,
Жер шарының тыныштығын күзеткен.

Сол тынығу болған емес бұларда,
Міне, тағы сан қилы асу тұр алда.
Басыңды иіп, таңданбасқа болмайды,
Коммунистік төзім менен шыдамға.

Атом күші, күн сәулесі, таң нұры,
Адамзаттың ақиқаты, ар, мұңы.
Бақыт пенен қуанышы барлығы —
Коммунистер дүниенің тағдыры!

ЕЙ, АҚЫНДАРДЫҢ ЖАРЛАРЫ!

Ей, ақындардың жарлары!
Ақын деген табиғат қой,
Қысы, күзі, жазы бар,
Көктемі бар шуақты,
Аймала да, ақыныңды жазып ал,
Кеше біреу жылатты.

Ақындарың бұлттанғанда сөкпеңдер,
Нөсерлетсін бір керім.
Ақын жасын абайлаңдар, төкпеңдер,
Көзелерге құйыңдар да.
Сіміріңдер, күндерім!

Ақындардың жалғыз тамшы жасынан,
Жанға шипа табылар.
Себебі онда адам ұлы бас ұрған,
Адалдықтың нәрі бар.

Ей, ақындардың жарлары!
Бақыт деген қастарыңнан кете алмай жүр айналып,
Кете алмай жүр, қона алмай жүр бастарыңа
байланып.
Әне, ақының келе жатыр ұлан ғайыр пайда алып.
Ұлан-асыр ойланып, ұлан-асыр қайғы алып,
Кешіріңдер, ақын деген, міне, осындай бай халық,

ТҮН. ЖАЙЛАУ. АЙТЫС.

Гармонның қатпарындай қырқалары,
Бір созылып, біресе қымтанады.
Түн. Жайлау. Төмен сайдан, тау өзені,
Сабадағы қымыздай бұрқанады.

Аспан ашық, әлі де ай тумаған,
От жанады отарды айқындаған,
Қаптал жонмен келеміз қабырғалап,
Қан жайлау құлын ойнап, тай тулаған.

Келеміз әңгімелеп әрнемені,
Күлеміз тамашалап әлденені.
Бір сәтте әйел адам мың құбылтқан,
Қыр астынан құйқылжып ән келеді.

“Біздің ауыл көшеді құба жонға,
Қымыздық, қыз саумалдық шығады онда.
Ат арытып жетерсің, тон тоздырып,
Құрбыжан, қапаланбай шыда жолға”.

Сайды қуып, саңқылдап ән барады,
Самал тұр саялатып сән даланы.
Ән десе ұшпа бөрік кәрі жартас,
Барабанын даярлап, қамданады.

Қарағай дулығасын лақтырып,
Мәз болады жапырақ, құрақ күліп,
Сай-сала, қырат тынып, бұлақ тұнып,
Тыңдайды әйел даусын құлақ түріп.

Көк қырқада күтпекке күн жарығын,
Өткізбекке осында түн жарымын,
Жамбасқа алып шылбырды жата кеттік,
Әйелдің баяулатқан тыңдап үнін.

Мамық түн майсаға кеп дамылдаған,
Құс жолы көк белдеуін сағымдаған.
Әйелдің үздік-создық әуеніне,
Жігіт даусы қосылды мамырлаған.

— Адасқан ба, жеңеше, Ай аулақта?
Жақсы әніңді аттандыр, жаяулатпа.

Түн сергісін, үніңмен мен сергийн,
Басып-басып жіберші, баяулатпа.

— Алжыдың ба, қайным-ау, Ай тумады,
Баяу әнді балбырап сай тыңдайды.
Қойға күзет болсын деп отырмын да,
Баяғыдай жақсы әуен айтылмайды.

— Жеткен жансың, жеңеше, арманыңа,
Мен емеспін көнетін алдауыңа.
Қайныма деп қалдырған бір асылың,
Көкейінде, көңілінде қалмады ма?

— Білмейсің ғой, қайным-ау, аға сырын,
Жаратпайды ол басқаның жанасуын.
Жаратпайды басқаның таласуын,
Таратпайды ол басқаға бар асылын.

— Жақсыны жатсына ма адал адам,
Аға — орман, іні — торғай паналаған.
Сауға сұрап қашанғы күнелтемін,
Балаша балықшыны жағалаған.

— Қалай-қалай сөйлейсің, ойбай, бала!
Түнгі құлақ түрулі, айғайлама.
Қалағаның әншейін ән бе десем,
Көңілің көшіп барады қай-қайдаға?..

...Ән үзілді, әзіл де тына қалды,
Өктем дауыс жаңғыртып тұр ауаны.
Шыбыртқы сөз батты ма шымбайына,
Ағай шықты далаға, шыдамады...

Түн. Жайлау. Жел құрақты ойнатады,
Самарқау сол тыныштық сайда тағы.
Белден асқан белгісіз беу дүние,
Қайда кетті жеңгейдің әйбәт әні?!

* * *

Шағын жұртпын, бір іні, бір ағам бар,
— Қайдансың? — деп олардан сұрамаңдар.

Бәлки, олар Қостанай даласынан,
Әлде... Сыр, әлде Ертіс жағасынан.

– Қайдансың? – деп – руың, елің кім? – деп,
Інішекті бөлмеңдер ағасынан.

Тау көлінің бір тамшы тұнығындай,
Шағын жұртпын пырақтың құлынындай.
Қолқа, жүрек, қанатым – қос бауырым
Жоғалтқан алтынымның сынығындай.

ЕСЕНИН – МАЯКОВСКИЙ

(Есенинді,
Неге алдына қоясың деп, достарым,
Айыптама,
Аксиома – алфавиттен бастадым.)

Поэзия дейтін Елдің,
Екеуі – екі өкілі.
Екеуі де төрт деген-ді екі жерде екіні.
Шыңға барып,
Дара біткен шынар болса біреуі,
Екіншісі – сол шынарға шырай берген кекілі.

Біріншісі
Мәрмәр тастан сарай болса қаланған,
Екіншісі
Жиһаз, өрнек сарай үшін жаралған.
Біріншісі
Игорь болса сауыт-сайманға оранған,
Екіншісін Боян дей бер сақал-шашы ағарған.

Поэзия аспанынан жай ойнатып,
Керісті,
Түсінбеймін!..
Екеуіне тар болды ма жер үсті?!
Түсінбеймін!..
Бір өмірде бірге өмір сүре алмай,
Қарғыс атқан қу елімді,
Неге өзара бөлісті?!
Неге?
Неге?
Өмірде емес,
Өлгенінде келісті?!

Екеуі де бір дәуірдің ақыны ғой,
Дегенмен,
Бірін Орал,
Бірін Кавказ тауларынан көрем мен,
Жыр тойында,
Екеуін бір табыстырсам деген ем,
Екеуін де көндіре алмай,
Әуре болып келем мен.

ҚАЗАЛЫ ЖЕЛІ

Сыбызғыдай сызылтып азалы үнін,
Өкпек желі соққанда Қазалының.
Есігін аш, ен де кет, тосырқама,
Қазалының кез келген қазағының.

Шәй береді, артынан ет келеді,
Сылқита соқ, (соныңды еп көреді).
Жел ауыз жеңешеңнен сақ болғайсың,
Әзілмен қанжығаға бөктереді.

Әзіліне әзіл соқ, жасырма сыр,
Ағайың сәл жымыып, шашын қасыр.
Алдында аға-жеңгең, жез самауыр,
Ал ауызғы бөлмеде асыр-тасыр...

Сыбызғыдай сызылтып азалы үнін,
Өкпек желі соққанда Қазалының
Есігін аш, ен де кет, тосырқама,
Қазалының кез келген қазағының...

* * *

Зейнолла Шүкіровка

Буырқанған теңіздей жатыр екен ашынып,
Қайғы емес, қаталдық қабақта тұр асылып,
Тағдыр дейтін баяғы жалаң аяқ мыстаның,
Жалынады кете алмай, аяғына бас ұрып.

Тағдыр дейтін сүмелек шыр айналып кетпейді,
Ол қабағын шытынса, есік жаққа беттейді.
Табанында тағдырға ызғарменен қарайды,
Қарайды да аяйды, аяйды да теппейді.

Дәл төріне қондырып өмір дейтін жолдасын,
Екеу ара қақ бөлді байлық, бақыт, олжасын.
Қарамайды, қайтсін ол оңай-оспақ тағдырды,
Тағдырлардың тағдыры өзі тағдыр болғасын.

Буырқанған теңіздей жатыр екен ашынып,
Атылады аспанға ақ көбігі шашылып.
Қателігін кеш ұққан тағдыр дейтін қайыршы
Жүгіріп жүр жағада сауға сұрап, бас ұрып...

СЕН ҚАЙТЕСІҢ?

Сен қайтесің жаныңды мұң басқанда?
Өз-өзіңмен оңаша сырласқанда?
Ақтарылғым келеді барып менің,
Өгейсінген өзімдей мұңдастарға.

Сен нетесің сондай бір сәттеріңде?
Мұңның шаңы іліксе пәк көңілге?
Қараймын да отырам ондайда мен,
Қалам ізі түспеген дәптеріме.

Жалғаның да қалады, арманым да,
Не боп жатыр білмеймін жан-жағымда.
Басқа жүрек соға ма, түсінбеймін,
Бар жүректің мендегі ар жағында.

Мұңайғым да келмейді, қуанғым да,
Тасыдым ба, білмеймін, суалдым ба?!
Көктедім бе, білмеймін, қуардым ба?!
Сұрақ белгі, әйтеуір, тұр алдымда.

Мұң да қалып жайына, жыр да қалып,
Отырамын қаламды қынға малып.
...Кезіп кеткім келеді кең өлкені,
Кер бестісін біреудің ұрлап алып.

* * *

Қандай бақыт!
Күнді мен күнде көрем.
Көрмедім ғой жомартты
Күннен ерен.
Күннің нұры бар менің құшағымда,
Құшақтайды кім мені?
Кімге берем?

Қандай бақыт!
Күн сайын Күн шыққаны:
Тіршіліктің зыр қағып ұршықтары,
Әженің таусылмаған түйдегіндей,
Домаланып, иіріп, тыншытпауы.

Қандай бақыт!
Жарқырап Күн тұрғаны.
Күн астында дүние құлпырғаны.
Күннің нұрын құшақтап, үлестіріп,
Бір ұрпаққа бір ұрпақ ұмтылғаны.

* * *

Егін салдым,
Мал бақтым,
Тас қаладым,
Бағынам да,
Жұртты да басқарамын.
Жалығам да,
Жабырқап пәс қаламын,
Жырды бірақ,
Жырды мен тастамадым,
Жырдан бөлек қалмады басқа амалым.

Аласартты тағдырым, биіктетті,
Бәрі өткінші.
Қуаныш, күйік те өтті.
Екі талай кезеңде еңсем бұққан,
Күй сандыққа саусағым тиіп кетті.

Күй сандықтан күңіреніп үн шығады,
Күй аңсаған қу көңіл тыншығады.
Қарғып шығып кетердей аласұрып
Тұтқын жүрек кеудемде тұншығады!

ОТАНЫҢНЫҢ ҚАДІРІН БІЛЕМ ДЕСЕҢ

Жетер, досым,
Желігіп шіренбе сен,
Сауық құрып, барып қайт бір елге сен.
Алматыны сыйласаң, көп күніңді,
Жұмсамас ең босқа сен, жібермес ең.

Ақбұлақтың отырып жағасына,
Алатаудың мас болып ауасына,
Серуендеп немесе қырға шығып,
Қаласына қарар ең, даласына.
Жәннат сыймай көзіңнің шарасына.

Қысын, жазын, күзін де, көктемін де,
Сірә, дәтің шыдамас жек көруге.
Алматыны сыйласаң, көп күніңді,
Өткізер ең Алатау бөктерінде.

Тұнық көзбен қарар ең тұнық көкке,
Тұрар еді тұнық нұр тынып бетте.
Алматыны сыйласаң, сапар жолға
Алатаумен қоштаспай жүріп кетпе!

Алматының қадірін білем десең,
Біреп айға барып қайт бір елге сен.
Алатаудың келбетін көз алдыңнан
Жіберсең де өзің біл, жібермесең.

Алысқа бар, бауырым, алысқа бар,
Кез келген материкке, ғарышқа бар.
Жақсы адамға орын бар бір кісілік,
Жадау тартса, көңілің де таныс табар.
Бірақ...
Бірақ Алматың алыс қалар...

Киінерсің, тоярсың, ішінерсің,
Біреуден зор, біреуден кішірерсің.
Хан көтеріп алса да, Алматыңды
Амалсыздан есіңе түсірерсің.

Жаманшылық жанына жолатпаса,
Аптығың да басылар тояттаса...
Бірақ...
Бірақ... Алматың түсіңе еніп.
Бәс тігейін, ұйқыңнан оятпаса!

Алматысыз күн кешіп жүрем десең,
Тұршы барып, нанбасаң, бір елге сен...
...Алматыңды қадір тұт алдыменен,
Отаныңның қадірін білем десең.

Өміріммен өтер болды-ау бұл өлең,
 Бір маза жоқ, кілем тоқып, гүл өрем.
 Асқар тауға ақша бұлт боп қонақтап,
 Қара жерге қара аспандай түнерем.
 Өміріммен өтер болды бұл өлең.

Таңмен атып, күнмен бірге жатамын,
 Таусылмайды, бітпес, сірә, сапарым.
 Өзегінде өлең ағып жатпаса,
 Өгейситін сияқты осы Отаным.

Өлеңімсіз өмір сүрмес болыппын,
 Өлеңімсіз өмір де жоқ, борықпын.
 Ақындық бір жазылмайтын дерт екен,
 Ақындық бір ауру екен, соны ұқтым.

Ақын деген лапылдаған өрт екен,
 Ақындардың жанып өту серті екен.
 Бықсымаспын, шалам қалмас артымда,
 Жана алмасам, ерте келдім, ерте өтем.

Жанып өтем, жанбай қайтіп тірі өлем,
 Жаумай қайтіп, жаумай қайтіп түнерем.
 Тіл тыйылмай, жүрек тынбай тынбайтын,
 Өміріммен өтер болды бұл өлең...

ПЕНСИОНЕР КЕНШІМЕН ӨЗІЛ

Өзілдесіп Жезқазғанның бір шалына:
 — Оу, ата, нең бар, — деймін, — құм шағылда?
 Тым болмаса, жаз айы саялатар,
 Жайқалып жасыл бағың тұрса мұнда.

Бақ емес, бұтаң да жоқ шымшық қонар,
 Не бар саған осында ынтық болар?
 Толассыз қысы-жазы соққан желің
 Өміріңнің қалғанын жыртып болар...

Көшпейсің бе, — деймін ғой, Алматыға?
 Алматыға.
 Жердің гүл жаннатына.
 Алатаудың ауасын еркін жұтып,
 Бұлбұл әнін тыңдайсың таңда тұра.

Ерніне қағып салды ол насыбайын:
– Қош, бала, ақылыңа "қосылайын".
Қысы-жазы жел соқса, жоқ болса бақ,
Туған жерде болып па осы уайым?!

Әй, бәтшағар! Жерімді табаладың.
Осы жер – менің ата-бабаларым!
Бұлбұл емес, Жездімнің әр тасынан
Қаласам, бір-бір бақыт таба аламын!

Кен қоймасын ашқанда
Қаныш бала
Мына осы қартыңа табыстаған.
Жездіден Алматыға көшпек түгіл,
Пенсионер дегенге намыстанам!..

КОСМОНАВТ ОЙЛАРЫ

1. ҰШАР АЛДЫНДА

Әуелден адам баласы
Қорқу да үшін жаралған.
Сондықтан жүрек қарашы,
Кеудеге барып қамалған.

Кеудеге барып қамалған
Қорқақ та жүрек, ер жүрек,
Кешірім сұрап адамнан
Тұруын қара елжіреп.

Жалынба, жүрек, жалынба!
Жалынғанменен көнбеймін!
Жарылсаң дағы қабында
Қаламын тұтап, сөнбеймін!

Кешірім берсем мен саған
Қастерлер менің ел немді?!
Қамал ғып соққан барша адам
Мазалай берме кеудемді.

Түстің бе, жүрек, қалпыңа?
Түстің бе, көне, жол тарттық,
Қояндай бұғып қалтырап
Қалсын да қойсын қорқақтық.

Қаумалап мені қамайды
Қара да бастар, ақ бастар.
Әлсін де әлі қарайды,
Әсіресе осы Ақ бас шал.

Ұлы істі өзің бастадың,
Ұлы істі мен де тыңдырам.
Аспаның, сенің аспаның
Таласар айтшы кім бұған?

Ізі жоқ менде үрейдің,
Үрейленбе, әке, сен дағы.
Абыржыма, әке, тілеймін!
Абыржымасын Жер дағы.

Достарым, қара, қара бір
Не деген көркем келбеті!
Қабыл ал мені, Корабль!
Адамның милы перзенті.

2. ҰШҚАНДА

Төбемнен қарап түнерген,
Тұңғиық аспан сен бе едің?
Жайнайды білем, білем мен,
Таққасың талай Жерге мін.

Атқарып селін дозақтың.
Қазаның қайнап қоятын,
Момақан жерді мазақ қып,
Шығарған тілін жай отың.

Көшкен елдің жұртында
Кеберсіп қалған құмғандай.
Жөңкілген мырза бұлтың да
Өтетін жерге дым тамбай.

Шаруа жерден қызғанып,
Айдынды талай жасырдың.
Таба алмай жігіт қызға анық,
Ақыры жерге бас ұрдың.

Шолпанын жердің ұрлап ап,
Тастадың мәңгі зыңданға.

Қатыгез аспан, қу қабақ,
Қайтарғын қызды, жыңданба!

Жүрегің тас та, қолқаң мұз,
Нәзік жан қалай шыдайды?!
Алдында таңның Шолпан қыз
Сағынып жерді жылайды.

...Сұсты екен, аспан, суретің
Шексіз де шетсіз көлемің,
Арқалап жердің құдіретін
Жотаңа шығып келемін.

Жармаймын бомба кеудеңе,
Келемін достық сапармен,
...Шіркін-ай, шалқып көлденең
Егістік болып жатар ма ең.

Қойныңды, Космос, аш, кәні,
Қабылда Жердің адамын!
Билейтін жердің жастары
Жасаймын бидің алаңын.

Қойныңды, Космос, аш, кәні,
Жайыңды таптық біз ойлап.
Сайрандар Жердің жастары
Жасаймын алып мұз ойнақ.

3. КОСМОСТА (ҒАРЫШТА)

Тыңда! Тыңда! Тыңда, Жер!
Келемін ойнап отпенен,
Төсінде сенің, туған ел,
Тыныштық болсын деп келем.

Жер ана, күре тамырың
Мұхитты көрдім көлбеген.
Күн сүйген жарғақ сауырын,
Құмдарды көрдім шөлдеген.

Мінеки, ұшып келемін
Америка үстімен,
...Езілген елді көремін
Алысып жатқан күштімен.

Жолдаған сәлем үнімнен
Атлант шошып тулайды.
Бүлінген, қайта тірілген
Аядым қайсар Кубаны.

Сезеді, нені біледі?
Атлант шошып оянды,
Африка жүрегі
Қап-қара қанға бояулы.

Атлант сынды кәрі жын,
Жұлады шашын долдана,
Жауыздықтың зер уын
Жаудырып жатыр Конгоға.

Америка сыйқы әні
Азаттық қайда, азаттық?
Тірілген Африканы
Тілілеп жатыр мазақ қып.

Тыныштық деген үнімнен
Атлант шошып дір етті.
Африкадан түрілген
Көремін қошқыл түнекті.

Көргім кеп көксеп барамын,
Жанымды билеп сағыныш.
Жетеді енді, Корабль,
Отанға қарай алып ұш.

Жауыздық селін қайнатқан
Сойқанды, содыр ел екен.
Төсіне бәрін ойнатқан
Жер ана, кеудең кең екен.

Бір шетіңнен күн шықса,
Бір шетіңде қамалған,
Бір шетіңде ел тұншықса,
Бір шетіңде дем алған.

Жер ана, сенің кеудеңде,
Жауыздық әлі көп екен.
Өшпеуге әрі өлмеуге
Жаралған жалғыз сен екен.

Қызыл да жасыл, көк ала
Өтуде күн, түн алмасып,
Өміріңе сақ бол, Жер ана,
Жаныңды жалын шалмасын!

4.ҚОНҒАНДА

Оралдым. Жерім — таяныш,
Айғыздап аспан, көкті мен.
Көрінгенменен Ай алыс,
Жерімнен төмен деп білем.

Оралдым, Жерім, мен саған,
Төсіңді тосшы, құшайын,
Арманың болса аңсаған,
Айға да алып ұшайын.

Толассыз өмір алмасқан,
Жердегі ұрмақ қайда екен?
Тіршілік үшін дауласқан,
Жерімдей болсын қай мекен...

Космосты жайлап қалмадым,
Жеріме, міне, оралдым.
Жерімнің көп қой арманы,
Жеріме керек болармын.

• • •

Адамдай ұлы әкемнің
Миынан шықтым, туылдым,
Ғасырым, өмірге әкелдің,
Ғасырым, сенің ұлыңмын.

Алысқа, Айға аттандың,
Ақылды баба — ғасырым.
Мақтаным — сенің мақтаның
Ашуым — сенің ашуың.

Адамзат, таптың, қоймадың,
Құпия жатқан атомды.
Ақылдың тойын тойлағын
Ардақтап адам атыңды!

Адамдар, сақ бол, бақыла!
Болмасын опат жер, көктер,
Космонавт, космос, атом да
өзіңнен туған перзенттер...

Адамның миын адамға
Бомба қып жармақ біреулер!
Космосты бақша ет заманға,
Болашақ ұрпақ гүл егер...

* * *

...Космостың шығып төріне
Отаным, саған оралдым.
Тыныштық сүйген еліңе,
Тағы да керек болармын.

Адамның миын мақтадым,
Адамның миын паш еттім,
Сеніміңді, Отан, ақтадым,
Жер менен көкті дос еттім.

АРМАН

БІРІНШІ БӨЛІМ

1

Тұңғиық түн тұманды,
Тұманды аспан тұр төніп.
Аз ғана ауыл Құланды
Ұйқыда жатыр бүркеніп.

Тұңғиық түнде күзгі айда,
Даладан адам қорқатын.
Ой-қырды кезіп мұндайда,
Бөрілер ғана жортатын.

Әр жерге қан-жын тамшылар,
Әр жерде дал-дал елтірі.
Ертесін байғұс жалшылар.
Іздейтін малдың жемтігін.

Ертесін бай ма, басқа ма,
Бәйбіше, яки тоқал ма,
Тіл тиетін жасқа да,
Тіл тиетін сақалға.

Тарамысшы тыртыстың,
Кедей-ай, нені көрмедің.
Тіршілік үшін қырқыстың,
Тіршілік үшін өлмедің.

Не тірі емес, өлі емес,
Өтті ғой, несін айтамыз...
Бүгінгі жортқан бөрі емес,
Адам екен, байқаңыз...

"Пышаққа ғана ерік бер,
Оқ шығатын болмасын.
Комсомол, енді келіп көр,
Келіп көр, қане, алып көр.

Жеті атаңның "олжасын!"
Қайда жүр әлгі төртеуі?
Ауылдың сыртын болжасын!"

Күзгі түн. Тұман, тыныш маң.
Айнала жым-жырт, тым-тырыс.
Күндізгі ауыр жұмыстан
Алған-ау ауыл бір тыныс.

Шаруа, момын ауылдың
Иті де момын секілді.
Сыбыры бөрі қауымның,
Мазасын түннің кетірді.

Қоңыр үй құры томсарып,
Тіксіне қалды үндемей,
Бөрі топ қынға қол салып,
Зәр шаша кірді: "Тұр, кедей!

Төредей шіреп жатуын,
Жатуын мұның қарашы!
Сыртқа ап шық дереу қатынын,
Соғындар иттің баласын!

Тебіңдер, қамырша илеңдер,
Қинаңдар, үнін шығарма!
Шешесіне тимеңдер,
Отырар іштен тынар да.

Отырсын зағып ұлының,
Өлі басын құшақтап.
Кесіңдер құлақ, мұрынын,
Тастандар итті пышақтап!"

Ұмтылды. Арман жүгірді,
Керегедегі ораққа.
Амал не, оқыс бүгілді.
Үлгерді қолдар орап та.

"Кешегі құлым, кедейім,
Құдайдан, діннен безуін.
Суырып таста көмейін,
Тіліңдер екі езуін!"

Бөрі топ түнге тығылды.
Жазықсыз жаңды пышақтап.
Ол тұрды... Қайта жығылды,
Орағын ұстап құшақтап...

Күзгі түн. Тұман сейілді.
Өлген жоқ Арман, қан ақты.
Осы бір жаңдай мейірлі
Арайлап жаңа таң атты.

Таң атты. Жомарт күн шығып,
Түн түріліп тасталды.
Ол аңсаған тіршілік
Қаз-қалпында басталды...

2

Жалпақ жаз. Тамыз. Шөпшабыс,
Сәске еді. Үнсіз төңірек.
Гүл қуып, ұшып кетті алыс
Қызыл да жасыл көбелек.

Адасқан жалғыз тырна да,
Айналып ұшты егінді.
Ауылда, ойда, қырда да,
Қыз-сағым тұрды көңілді.

Сағымның шөйі желегін,
Тентек жел жұлып алыпты.
Көсіліп жатқан көк егін
Көлеңке тартып қалыпты.

Мойынды, бетті, құлақты
Әзілдеп шіркей шымшылар.
Егіске келген бұлақты
Жетелеп жүрді сушылар.

Келеді бастық көңілді,
Тоғанды бойлап жағалай.
Суғарып тастап егінді,
Бір қарт тұр Дихан бабадай.

"Ауке, мал-жан есен бе,
Күш, қайратың мығым ба?
Тоқсан беске келсең де,
Жығылма, шалым, жығылма".

Қаба сақал қарт Ауған
Таянып тұрып кетпенін:
"Шал боп, балам, шалқамнан
Әзірге шүкір, кетпедім.

Есеншілік, қарағым,
Қалыспаймын сендерден.
Әлімді байқап қарағын,
Күресейік, кел бермен.

...Құйрық, жалы бүтінде,
Уайым жоқ қартыңда,
Жанын байлап күтімге,
Тұр ғой міне салқыңда.

Үйреніп қалған ісіңді,
Келмейді екен тастағың.
Пыстырады-ау ішіңді
Кей қылығы жастардың.

Жалқау ма өзі бұ халық,
Қарашы анау Кекілді.
Ала-құла суғарып,
Ашуымды келтірді...

Шаруа күйлі, жәй көңіл,
Қартың әлі от алар.
Тыныштық па, әйтеуір,
О жағыңнан не хабар?

Жанжалы құрсын, болмасын,
Ылайым оны ант атсын.
Батырақ қартың жолдасың
Жақсы өмірден дәм татсын".

"Тыныштық, Ауке, тыныштық,
Төздік қой, жетер, қатерге.
Алыстық, жеңдік, ұрыстық,
Кетпеді күрес бекерге.

Иесі болып өмірдің,
Намысты қорғап ап қалдық,
Белгісіндей со күннің
Бетке де, міне, дақ салдық..."

"Пәлі, жаси қалғанын,
Сөйлейсің сен де, бәтшағар,
Қолынан келсе жауларың,
Жүрегіңе де дақ салар.

Өмірдің қысы, жазы бар,
Шыр етіп жерге түскесін.
Тәндегі жара жазылар,
Жаныңа жара түспесін!"

Аукеңнің сөзі салмақты
Ұялмай қайтсін ондайда.
Басекең жарау сары атты
Салып кеп қалды борбайға.

(Аталы сөзге қың бар ма?)
Егістік. Аукең. Кетпені...
Басекең атын бұрды алға,
Шөпшілер жаққа беттеді.

3

Ұмыт боп өткен тозағы,
Жазылып жауыр жарасы,
Ырысқа қырдың қазағы,
Қарық боп жатыр, қарашы.

Бейнетқор әсте бұ халық
Еңбекпен бірге жаралған.
Мойнынан түсіп бұғалық,
Жаңадан ғана жан алған.

Бастықтың ойы сан алуан:
"Егістік жаңа көктепті,
іргесі биыл қаланған,
Ойлады бір сәт мектепті.

Клуб та керек ауылға,
Жарық та керек әр үйге.
Бейнетқор мына қауымға,
Сауық та керек, әрине.

Екі ме, үш пе адамдық,
Емхана жөні бір басқа.
Ал сонда балгер нағандық,
Құйрығын қысып тұрмас па..."

Бастықтың ойы сан алуан,
(Жәйімен қалған демалыс)
Ойлаған сайын жаңа арман,
Ойлаған сайын жаңа іс.

Көріп пе ең, досым, қос басын,
Болып па ең көңілді ортада?
Татып па ең дәмді ботқасын,
Қанып па ең шырын сорпаға?

Ашушаң аспаз апайдан,
Сұрап па ең қайта үстеме?
Тыңдап па ең әңгіме атайдан,
Кеште ме, яки түсте ме?

Жан-жақта күлкі, дабырлап,
Ағытсаң, шіркін, әзілді.
Ағайың тұрса қабылдап,
Жеңгеге айтқан назыңды.

Алқа-қотан отырып,
Қарттар сөзін бастаса.
Кесеге айран толтырып,
Көтеріп бір-ақ тастаса.

* * *

Көріп пе ең, досым, қос басын,
Болып па ең бірге қауыммен?
...Қалар ең мәңгі достасып,
Бір көрсең, біздің ауылмен...

Талма түстің шағында,
Басекең қосқа оралды.
Сәлемдесу қауымға
Ежелден қалған жоралғы.

Жамырасты жұрт-тағы,
Ат та дереу байланды.
Ашырқана ұрттады,
Местен құйған айранды.

Ілезде жеңіл көтерген,
Қойсаңшы, шіркін, жастықты.
Әзілқой құрбы Бекен де,
Әзілдеп жатыр бастықты:

"Аш қапсың ғой, тыртығым,
Бүлк-бүлк етіп құлқының,
Құмға шыққан тікендей,
Бітісін қара мұртының.

Әй, тыртығым, тыртығым,
Қамын ойлап жұртының,
Бүтіндей де алмапты-ау,
Шалбарының жыртығын..."

А...ха...ха...ха...
eh... eh... eh...
Күлкі кетті далаға.
Жан шымшыған әзілге
Жауап қатпай бола ма?

"Тындырмайды бір істі,
Бекенге тек тіл берген.
Арқа тұтып Күмісті
Ептеп-септеп күн көрген.

Әй, Бекенім, Бекенім,
Аяп сені кетемін.
Алпамсадай болсаң да,
Басыңда жоқ мекенің.

Жыртық шалбар жойылар,
Аш қарын да тойынар.
Тұрғызбаған басына үй,
Бекеннің не ойы бар?!"

Тағы да күлкі жамырап,
Жаңғыртып жатты маңайды.
Бейнетқор қауым жадырап,
Қос басы неткен арайлы!

Көңілді қостың басынан,
Байқады Арман Ақжанын.
Қол ұстасқан жасынан
Қолаң шашты жан жарың.

Күн қаққан беті тотығып,
Күреңдене қалыпты.
Орамалын толтырып,
Шашын түйіп алыпты.

Сәтен көйлек сарғайып,
Әуелгі өңін тастапты.
Шар кеудесі марқайып,
Шабыт тарта бастапты.

Көрікті екен Ақжаны,
Арман неге білмеген?!
Әлде толып ажары,
Әлде қайта гүлдеген.

Сұлулыққа барабар
Әлде еңбектің күші ме?!
Өзгере ме Аналар,
Әлде отыздың ішінде?!

Құмарлық қайнап ішінде,
Қарайды Арман бір қанбай.
Сымбатты со бір пішінде
Даланың көркі тұрғандай...

Демалыс бітті. Бөгелмей
Шөпшілер іске аттанды.
Құтылдым ба дегендей,
Қазаншы апай шаттанды.

Айылын тартып атының,
Аттанды бірге Арман да.
Арасы екі шақырым
Баруға қайтып сол маңға.

* * *

Қарабас шалғын сылаңдап,
Сыйпаса жалын, бауырын.
Шапқыншы сона жүр аунап,
Майдан қып аттың сауырын.

Мына бір жәйді қараңыз,
Кетті ме лақ жамырап?!
...Жұдырықтай ғана құс
Төбеден өтті аңырап.

Лағы арттан қоса ерген,
Қос елік өне, зытты ырғып.
Әніне басты төселген,
Ашықауыз бытбылдық.

Қара суды паналап,
Аттар тұрса салқындап.
Жылға бойын жағалап,
Мөз болады тарқылдақ¹.

¹Тарқылдақ – құс

Қара судың қамысын,
Оруға ешкім бармайды.
Қорғаса маса намысын,
Қамысың түгіл жан қайғы.

Күн еңкейді, күн ыссы,
Ыстыққа қандай шараң бар.
Ыстықтан да ыссы жұмысты,
Тоқтатар емес адамдар.

Қанатын жайған жер-көкке,
Заманға бейбіт не жетсін!
Ен-тегін енген еңбекке
Адамға, шіркін, не жетсін!

Сықайта басқан пішеннен,
Сықырлап арбаң ырғалса,
Аттарды көріп күшенген,
Айызың сонда бір қанса.

Бір үймек шөпті бір іліп,
Айырмен атсаң аспанға.
Сүйсініп қарттар бірігіп,
Үлгі қып айтса жастарға.

Жол тартсаң, бәлем, шалғы алып,
Құлашыңды мол тастап.
Отырса қарттар таңданып,
Қыптары қанып қолпаштап.

Бұраңбел шалғын бұйығып,
Алдыңа құлап бас ұрса,
Қунақы қарттар жиылып,
Мақтауын да айтпай жасырса.

Қоян жоқ үймек тұрғызып,
Қоқилана қарасаң.
Соның да өзі бір қызық,
Соның да өзі тамаша!

Арманның ойы сан алуан,
Күбірлеп, кей сәт ол күліп:
"Еңбектен адам жаралған,
Еңбекпен өтсе мәңгілік".

Ақжанның сәтен көйлегі,
Шақыра берді Арманды.
Әдеті ұстап кейдегі,
Шалғысын қолдан алған-ды.

– Қанеки, шалғышы Ақжаным,
Мен де бір тартып көрейін.
– Сетінеп қапты-ау шалбарың,
Әкелші, тепшіп берейін.

Екі адам ерлі-зайыпты,
Қараса қалды күлісіп.
Өздеріне ылайықты.
Сезіммен іштей білісіп.

Апыр-ай, тату жұбайлар!
Ақтармай сезген сыр, ой бар,
Айтқызбай білген сыңай бар,
Ашқызбай көрген шырай бар.

Сүйкімді екен Ақжан да,
Сүйкімді екен Арман да.
Табыса қапты жаңадан,
Таныспай бұрын қалған ба?!

Осындай шақта Ақжанын
Аймалау да керек-ау.
Құшақтай алса Арманын,
Антұрған жастар көреді-ау...

Махаббат емес сотанақ,
Сотанақ болса, сол — қайғы.
Ұятты болсын махаббат,
Ұятсыз болса, болмайды!

Жұбайлар шыдап әлі көр,
Уақыт ұзақ, өкінбе...
Дабырлап жұрттар әбігер,
Өзеннің арғы шетінде.

Тұсаулы торы малшылап,
Бас шұлғып тұрды жылғада.
Шабандау атын қамшылап.
Шапқылап келді бір бала.

Шып-ширақ өзі ұршықтай,
Кетіпті ерні бұртиып.
Қырғидан қашқан шымшықтай.
Үрейі қашқан үрпиіп.

Бадана көзі балбұлдап,
Булығып тұрды жасына
Мойыны босап салбырап,
Қарайды ердің қасына.

Астына мінген күреңі,
Өкпесін соғып тыншықты.
Сәбидің титтей жүрегі
Апыр-ау, неден тұншықты?

Еңсесін әлі жия алмай,
Сары уыз сәби бұртиды.
— Айта ғой, саған кім тиді?

Сап болды бар ой, бар шыдам,
Жіберді сәби еңіреп.
Ал оның нәзік даусынан
Селк ете қалды төңірек.

Астына мінген күрең ат,
Салпыып кетті құлағы.
Арнада жылға тұра қап,
Сәбимен бірге жылады.

Күн де еңкейіп, құлапты,
Кіші бесін жуық кез.
Сәбиді солай жылатты
Соғыс деген суық сөз.

4

Жамырап сам да бар маңға,
Атуға таң да таянды.
Жүз рет қалғып Арман да,
Жүз рет қайта оянды.

Алаңсыз жүрген жарларға,
Айрылысар шақ та таянды.
Жүз рет қалғып Ақжан да,
Жүз рет шошып оянды.

Ауызғы үйде қарт ана,
Уһілеп жатыр кей-кейде.
Жалғыздың шерін тартады, ә...
Ішінен басып гөй-гөйге.

Уақыт өтер аңдамай,
Уақыт өтер немене...
Аттанар болдың, Арман-ау,
Қалдырмай қартқа немере.

Ілезде атып қалғаны-ай.
Шоп-шолақ таңы үйінің.
Аттанар болдың, Арман-ау,
Шатырын жаппай үйіңнің.

Береке бейбіт өмірге
Қанатын жаңа жайғанда,
Көп ойлар қалып көңілде.
Аттанды қазақ майданға.

Жанары толып балбұлдап,
Шорт сынып шаттық ырайы.
Алыста, әне қол бұлғап,
Қала де берді жұбайы.

Көп істер қалды бітпеген,
Көп істер кетті арқада.
Көз алмай жалғыз нүктеден,
Қала да берді жұбайы.

Өмірге ғана ылайық,
Көп істер қалды сан алуан.
Қарайды мектеп мұңайып,
іргесі жаңа қаланған.

"Көп істер қалып барады,
Біте ме бәрі, бітпей ме?!
Көңілі қаяу Ананы
Күте ме уақыт, күтпей ме?!"

Қарттардың әлі көп іске
Келе ме әлде келмей ме?!
Тамсанып балауса егіс те,
Кім білсін, сусап шөлдей ме?!"

Көзіне Арман жас алып,
Маңдайы шып-шып тершиді,
"Балауса егін бас алып,
Бадана дәнін берсе игі.

Орылмай жатқан шабындық,
Шабылып бітсе, құба-құп.
...Сүйгенін бір кез қалыңдық,
Қарсы алып тұрса қуанып..."

Жанына жарқын нұр алып,
Алдында тұрса Ақжаны.
Қаруын тастап, сыбанып,
Кіріссе іске ол дағы.

Қатерді тіреп алқымға,
О, соғыс, неткен күшті едің.
Аяды Арман артында
Қалдырған қауырт істерін.

Аяды Арман, аяды,
Аяды дағы жылады...
Осының бәрі баяғы
Соғыстың салған ылаңы.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

1

Жап-жасыл жаз да жылысып,
Сары ала салқын күз келді.
Үміт пен қатер ұрысып,
Жүз кетіп бастан, жүз келді.

Снаряд деген ажал да,
Соғыстың күйін шертеді.
Келмесе әлі адамға,
Егінді барып өртеді.

Төндіріп тажал жаныңа,
Ұмтылса бомба асығып.
Жер Ана сені тағы да,
Баурына алар жасырып.

Жазылып майдан құшағы,
Сәттерде кейбір тыншыған.
Ажалды іздеп ұшады,
Адасқан оқтар сыңсыған.

Деді орман шашын жайып сап:
"Жауыңды ауыздықтағын!"
Жер Ана жатты айыптап,
Соғыстың жауыздықтарын.

Белорус жері орманда,
Белорус жері балшықта.
Ен-тегін жайлап сол маңды,
Еркінше соғыс жаншыпты.

Қара орман қара жамылып,
Жоқтаса асыл ұлдарын.
Жас қайың жерге табынып,
Мұң етіп шағар сырласын.

Алыста пойыз өкіріп,
Өкіріп барып тоқтайды.
Нән терек жерден өтініп,
Аяқ пен қолын жоқтайды.

Егінін салып, мал баққан,
Аз ғана ауыл не істеді?
Орнымен оны аунатқан
Нағылған соғыс күшті еді!

Осынау ата қонысқа
Қарыздар Арман, бересі.
Жеңіп шық қатал соғыста,
Соғыспау керек немесе...

* * *

Пері ме әлде жын ба бұл?!
Аяу жоқ дүлей күшінде.
Лаулап жанып тұрды ауыл
Алаулы өрттің ішінде.

Өмірі титтей қоныстың.
Өтуге, міне, қалғыды.
Осында бүкіл соғыстың
Тұрғандай болды тағдыры.

Ұмтылып кейде жан таппай,
Екі жақ кезек ығысты.
...Бір әйел ұшты қалпақтай,
Айнала беріп бұрышты.

Жазықсыз жайрап сорлы ана,
Жығылды. Қайта бір тұрды.
Найзалы қару қолға ала,
Темір бас жаулар ұмтылды.

Өздері неткен көп еді,
Қаптаған жердің құртындай.
Ентелей басып келеді,
Қатары сиреп жыртылмай.

"Шегін!" – деген жарлықты,
Білді Арман әлде білмеді.
Жауына деген жаулықты
Жасыра алмай тұр демі.

Білді ме Арман?..
Бір өзі
Шабуға жауға бекінді.
Қас батырдың мінезі,
Қанында қалған секілді.

Темірмен қаптап милықты,
Жау жақын. Енді жоқ шыдам,
Жоқ шыдам. Арман килікті
Алды-арты түтін, көк тұман...

Доңыздай жауы дөңбекшіп,
Домалап жатты алдында.
Ал енді, Арман, жөндеп шық,
Жөндеп шық, тірі қалдырма.

...Бір адам аты – бір адам,
Бір адам қанша кісі атпақ..
Амал не, Арман құлаған,
Белорус жерін құшақтап.

Отанның топырағында,
Бақыт қой өзі қалғанның.
...Аңыз ғып отырамын да
Арманын сол бір Арманның...

* * *

Отанның қойнын аралап,
Отанға соғыс түнепті.
Отанды соғыс жаралап,
Жапты да тұрды түнекті.

Жаулардың темір табаны,
Таптады келіп Еділді.
Өлтірді әке, ағаны,
Өлтіре алмай елімді.

Өртенген арты, от алды,
Арада екі жыл өтті.
Қаумалап, қамап Отанды
Жауламақ енді жүректі.

Елімді сонда кек қысты,
Кек қысты енді, не керек...
Отыма өзі кеп түсті,
Есі жоқ жыңды көбелек.

О, Елім! Неткен намыстың ең!
Өртенсін жауың, өртенсін.
...Келіп ең, жауым, маршпен
Өлімнің сазын шертерсің.

Адамның ажал төндірген,
Адамнан келер ажалы.
Сабыр ет, жауым, сен білген
Соққымыз біздің аз әлі.

* * *

Оқушым, неге білмейін,
Білемін, айтам, тарынба.
Қаралы қағаз тілдейін
Барғалы қашан ауылға.

Жамандық хабар көңілде
Жатушы ма еді ел күткен.
"Белоруссия жерінде
Өлді Арман, — депті, — ерлікпен"

Қайғырған ауыл-аймағы,
Қайғырған ана, Ақжан да.

Қайтадан тірлік қайнады,
Тіршілік тоқтап қалған ба?!

Осынау ұлы өмірде,
Адамдар жатар алмаса.
Дариға-ай, шіркін көңілде,
Ойларың өліп қалмаса...

2

Ауылдың жаяу өсегі
Жыр қылып айтты жастықты.
Ақжанмен жақын деседі
Жаңадан келген бастықты.

Бірісі: "Қостың басында,
Көргемін, — дейді, — түнгісін".
Солай да шығар ырасында,
Солай да шығар, кім білсін...

Әйтеуір, шолақ Тоқберген,
Ақжанға жиі келетін.
Өсекті мұндай жоқ дер ме ең?
Сол үшін жұрт та сенетін.

Көңілін қосып сол жанмен,
Жүргені рас көмескі.
Өзгеге өсек болғанмен,
Өзіне өсек емес-ті.

Ақжанның жаны торығып,
Көңілін қаяу, мұң басты.
Мың рет сүйіп, жолығып,
Мың рет суып, мың қашты.

Өмірден Арман кеткенмен,
Өмірде бар ғой Анасы.
Көрінің күйреп дерттенген,
Жазылған жоқ қой жарасы.

Бір жараға бір жара
Тағы да Ақжан қоспақ па?!
Сарғайып әлде бишара,
Сарылып мәңгі тоспақ па?!

Лықсып келіп тығылды,
Тулаған ойлар көмейге.

"...Жұрт білсе егер мұңымды,
Қарабет Ақжан демей ме?!"

Мың рет Ақжан толғанып,
Өзімен өзі кеңесті.
Бәрі де аян болды анық,
Әйтеуір, өсек емес-ті.

Боларын солай білгенмін,
Айыпта мейлі, күл мейлі...
Істейді жүрек білгенін,
"Жүрекке өмір жүрмейді".

* * *

"Суытып ізін жасырған,
Белгісіз екен өткен күн.
Жетім де қалдым жасымнан,
Соғысты бастан өткердім.

Ананың төсін аймалап,
Әкенің алдын көрмедім.
Құдайым болып бай-манап,
Уайым болды ермегім.

Сандалдым есім жиылмай,
Сарылдым соңында еңбектің.
Сонда да маған бұйырмай
Сарқытын ішіп ержеттім.

Сойқанды байдың ақпанда,
Соңында жүрдім қойының.
Бостандық таңы атқанда,
Босады бір-ақ мойыным.

Кәдімгі сіздің Армандай,
Кәнігі жаумен алыстым.
Соқпақсыз жолға алданбай,
Соқпақты жолмен табыстым.

Бақытым болған теңдікке,
Басымды еткем садаға.
Көрсеткен Арман ерлікте,
Сыбағам менің бар, Ана.

Ел басына күн туған
Кездерде жаным садаға.

Қару ап мен де ұмтылғам,
Қорғауға сені, жан Ана!

Жетем деп үміт, бақытқа,
Соқпақпен тарттым жолымды.
Белгісіз өткен уақытқа,
Белгі қып бердім қолымды.

Алдымда менің ағам жоқ,
Артымда менің інім жоқ,
Қабылда, ана,
анам боп,
Қалмақпын сенің ұлың боп..."

Далада боран ұлыды,
Аңырды әже әуелі.
Кілт тоқтап ұршық зырылы,
Үзіліп кетті әуені.

Өртеген жанын Арманы
Өлгендей болды жаңадан,
Тамұқтай түтеп жан-жағы,
У атты ескі жарадан.

Отырған жерін таянып,
Отырып қалды, тұрмады.
Қалғыған жүрек оянып,
Қалжырап кеуде тырнады.

Ішінен тынды. Тынды іші.
Жалын боп тұтап тұр дайын.
Далада аяз құрбысы
Сызылтып тартты сырнайын.

Бір қартты бір қарт жұбатып,
Сүйейді аппақ бастарын.
Терезе тұрды мұнартып,
Ағызып мөлт-мөлт жастарын.

Ақырын соққан жүрегі
Ақтарыл дей ме, не дейді?!
Біледі ана, біледі,
Өткен іс қайтып келмейді.

“Қайтпасқа, балам,
жол алсаң,
Қайтейін, жалғыз екенсің.
Ұлымдай болып кетерсің.
Ұлымдай менің бола алсаң.

Ақылымнан танғанда,
Азуымнан шалғанда,
Ара түсіп қайтейін,
Сені менен Ақжанға.

Көр деді аллам, көрейін,
Шықпаған жаным төзеді.
Ақжаным менің,.. не дейін...
Жалғыздан қалған көз еді.

Ақжан-ай, Ақжан, кел бері,
Болар іс болды, қарағым.
Өкпем жоқ, қалқам, сендерге
Құдайға ғана наламын.

Демеймін сені алдандың,
Ақылың бар ғой, налыма.
Төсегін әкеп Арманның
Салып қой менің жаныма.

Тым болмаса төсегі
Оңаша тұрсын қасымда.
Өрбіген жұрттың өсегі,
Екен-ау анық ырасында.

Кеткен жоқ кебін жамылып,
Кебенек киіп кеткен-ді.
Осынша күттім сарылып,
Сабырым да кетті енді...

* * *

Жеңіс. Май. Дала көкпеңбек,
Тірілер түгел кеп бітті.
Кебенек киіп кеткен деп,
Арманды ана көп күтті.

Бәйек боп ғазиз анаға,
Тоқберген жүрді елпектеп.
Ап шығып сүйеп далаға,
Ап кіріп жүрді жетектеп.

Ойында не жоқ, не бары,
Ақжанның жүрді ішінде.
Бозарып, солып ажары,
Мұң тұрды мұңлы пішінде.

Көлеңке қайғы бұғып қап,
Ойнап тұр қайта қасында.
Бір-бір тал ақ шаш суыртпақ,
Айғайлап тұрды басында.

Шынымен Арман өлді ме,
Шынымен енді келмей ме?
Ақжан-ау, керек енді не,
Шынымен көңілің сенбей ме?!

Алдампаз жүрек кеш біліп,
Опық та жейтін кей-кейде...
Ақжан-ау, бәрі ескі үміт,
Шынымен көңлің сенбей ме?!

Еріксіз Ақжан ұмытты,
Еріксіз өзін көндірген.
Жылтырап жанған үмітті,
Жата алмай талай сөндірген.

...Теңіздің денесіндегі
Толқында морякқа ұқсаған
Өмірдің кемесіндегі
Тербеле берді үш адам.

3

Бұлыңғыр күндер арт жақта,
Бұлдырап бәрі қап жатты.
Біржола сөніп өрт, шоқ та,
Аңсаған Арман таң да атты.

Жат елдің жерін жасқанып
Басқаны ұмыт болар ма?
Жаппай бір қырғын басталып,
Қашқаны ұмыт болар ма?

Жүз рет ажал төндірген,
Көрді ғой талай соққыны.
Жүз рет жауы өлтірген
Аяған әсте жоқ мұны.

Өртеді жанын, дерт қылды,
Әттеген-ай, әттеген...
Өткізіп апты-ау төрт жылды.
Пленник деген атпенен.

— Қызмет қыл, — деп, — біздерге,
Үгіттеп бақты жаулары.
Бұлтартпас бұраң іздерге,
Ағаттық аттап бармады.

Қауіп пенен қатерге,
Басын да тіккен, өлмеген.
Қатыгез со бір жат елде,
Азабы бар ма көрмеген.

Төндірген ажал түнегін,
Күндерде со бір қысталаң.
Отанға деген жүрегін
Кіршіксіз таза ұстаған.

Өкінішсіз жан бар ма?
Өкініш басты Арманды.
Өлтіре соққы жауларға
Бере алмай қапы қалған-ды.

Басынан тиген қатал оқ,
Есінен оны тандырған.
Еріксіз жаны қапа боп,
Ерлігін іште қалдырған.

Жауына іште жай оғын,
Жаудырта алмай кеткен-ді.
Кек-ыза толы бойы оның,
Кектеніп жүріп өткен-ді.

...Вагонның доңғалақтары,
Әніне басты жаттаңды.
Жат елдің жанған оттары
Қалжырап артта қап қалды.

Өткізіп өлі таңдарды,
Жалын да жұтты ол, от басып,
Өлмеген со бір Арманды
Келеді пойыз ап қашып.

Ол асты нелер асудан,
Аспаған енді не қалды?
Отанның шекарасынан
Өткенде үн деп дем алды.

Болат жол. Бозғыл тымық түн
Қабағын апты тас түйіп.
Дегендей бәрін ұмытқын,
Келеді пойыз қасқып.

Алыстағы үміт секілді,
Алыста оттар жанады.
Бастағы ойлар не түрлі
Жүректі қажап барады.

"Жұмыр бас адам тартпасын,
Өкініш уын мен ішкен.
Алдыңа өлім шат басып,
Келмедім бірге жеңіспен.

Отаным, сенің жеріңді,
Жеңіспен бассам деп едім.
Амал не, ыза-кегімді
Бойымда сақтап келемін.

Бір кезде мұршам тұсалып,
Ораққа қолым жетпеді.
Онда да жауым күш алып,
Тілгілеп жатты кеп мені.

Жаралап кетті басымды оқ,
Жазғанда жаңа жотамды.
Онда да жауым басым боп,
Онда да күшім мұқалды.

Айтылмай жүрген сөзім көп,
Жадымда сақтап, жұптармын.
Ұлыңды, Отан, өзің кеп,
Тағы да міне құтқардың.

Жанымды жейді кек менің
Жауымды жеңбей өткесін.
Қайырымды Отан, тек сенің
Жауыңа кегің кетпесін!!!

Алыста оттар жанады,
 Алыстатып үмітті.
 Ап қашып пойыз барады,
 Арманда қалған жігітті.

Келеді Арман күйініп,
 Жауым жоқ деуге сенбеді.
 Артыңда қалды түйіліп,
 Жауының қанды шеңгелі.

Оқ тиген бастың жарасы,
 Ауыра берді солқылдап.
 Алдында Отан анасы,
 Шақыра берді қол бұлғап.

Не тартар сыйға алда күн,
 Не тартар сыйға жол алғы.
 Үмітпен кеткен Арманым,
 Күдікпен елге оралды.

Қызық-ау, адам, ғұмырың
 Қым-қиғаш тарам жолдары.
 Қатесі болса ұлының,
 Кешсе Отан...
 Бақыт сол дағы.

Тідеспей құрып мыстары,
 Әйнекке бетін тақаған.
 Бірі іште, бірі тыстағы,
 Тұрғалы қашан екі адам.

Білмейді олар бір-бірін,
 Білмейді, мүлде білмейді.
 Арбасқан жүрек ділгіріп,
 Апыр-ау, мынау кім? — дейді.

Ұйқылы-ояу Ақжан кеп,
 Сырттағы жанға қарады. ~
 Үрейлі үнмен: "Арман!" — деп,
 Шатынап кетті жанары...

...Туған үй, туған шаңырақ,
 Сүйкімді жұбай кешегі.

Бұрышта тұрды қаңырап,
Ананың жетім төсегі.

Арада жылдар өткенмен,
Шамалы үйде өзгеріс.
Отырды үнсіз Тоқберген
Бәрін де білген, сезген іш.

Жалғыз қол келмей қарымға,
Орады ол зорға шылымын.
Қарғады Арман жадында
Соғыстың салған шығынын.

Санасын ойлар дал қылып,
Тоқберген әбден қысылды.
Шырпысын Арман жандырып,
Мүгедекке ұсынды.

Үн-түнсіз өтті, өтті түн.
Сарғайып, міне, таң да атты.
Көтеріп тұрды көк түтін,
Ойларын екі солдаттың...

* * *

...Осылай, Ақжан, осылай,
Не дейін... Қаласың дағы.
Өртенген менің досым-ай,
Екі оттың арасындағы...

Осылай, баурым Тоқберген,
Не дейін... қаласың дағы.
Жалын боп жаның, от — кеудең
Тұтамай жанасың дағы...

Түсті ме ақау жаныңа?!
Білмеймін баурым, Арманым.
Батпандай ауыр тағы да,
Не сыйлар екен алда күн?!

(Үшеуін де өзім дос еттім,
Оқушым, айтшы, несі мін?!)
...Өмірі берген есептің
Өздері тапсын шешімін...

ШОЛПАН

"Қаңсыған шөлдеп жолаушым,
Қайрылып бізге түсе кет.
Қажыған, мүмкін, боларсың,
Қатыққан сусын іше кет.

Шалғайдан жүрген жолаушым,
Шамданба, бізге соға кет.
Шаршаған, мүмкін, боларсың,
Шапаның шеш те, қона кет.

Алыстан жүрген жолаушым,
Асықпа, бізге кіре кет.
Атаның ұлы боларсың,
Арманды біздің біле кет.

Алдияр тақсыр, аяулы.
Біздердің көңіл қаяулы.
Жұртына тастап жоғалды,
Жырыңды Боранбай аулы.

Ағайын кетті бейхабар,
Кез болды шаңырақ шайқалар.
Алыста жүрген бауырға,
Біздерден сәлем айта бар.

Қара басы өрт болды,
Қамығып жүрек, дерт қонды.
Қайран да менің бас ием,
Қандайда күні мерт болды.

Қайғыда жүрек арайлым,
Қара бір шашым тараймын,
Ағайын-туған сенде жоқ,
Қайрылып қайда қараймын?..

Жүректе жара, баста мұң,
Түнерді тұнық аспаным.
Қайран да менің бас ием,
Сорлыңды кімге тастадың?.."

Қараша үйдің қасында қара байрақ,
Қайрылған жан қамығып, қалады ойлап.

Қара бала желіде құлын қуып,
Қайрылмайды ешкімге, салады ойнақ.

Қаралы ару қамығып, зарланады,
Қара төбет сүйекпен алданады.
Шашпаулары сылдырап Шолпан қыздың,
Жас Шоқанның жүзіне таңданады.

Ұрлана қарай берді қас-қабағы,
Ушықтырған немене жас баланы?
Қыран мүсін қырмызы бекзадаға,
Жалт қарайды, жалтарып, жасқанады.

Мауыт бешпет маужырап қынай белде,
Шыр бітіріп тұрғандай шырайлы ерге.
...Жарқабақта өсетін жалғыз шыбық,
Жапырақсыз, құрақсыз ылай көлде.
Сәл қабағын шытынып, лебіз қатты:
— Сабыр, ана, сабыр ет, жылай берме.

Бекзаданың бейнесі мүсінінде,
Бұл өлкеде болмаған кісі мүлде.
Қос жанары қараса от шашады,
Тәкаппарлық тулап тұр пішінінде.

Жанарын-ай!
Жанары тамаша екен,
Жарқ етіп бір тағы да қараса екен.
Қыран баулып өсірген бала бүркіт,
Қандай ғана қазақтың баласы екен,
Тағы да бір жалт етіп қараса екен!

Жас Шоқан қыз қолынан қымыз алды,
Қымыз алды..
Қымсынып қыз ұялды.
Аулақ барып отырды бір тізерлеп,
(Қашаннан да қазақтың қызы ұяң-ды).

Салқын қымыз сыздықтап тамағынан,
Сәуле жұлдыз сығалап жанарынан.
Қарақат көз қарқара киігіне,
Құз-қиядан қарайды бала қыран.

Қымсынады қыз Шолпан, қиылады,
Қыран көздер қорғанып, бұйығады.
Ай сырғасы қалтырап дір-дір етіп,
Қаны келіп бетіне құйылады.

Көңілдер...
Көзқарастар тайғанайды,
Құпия бірін бірі аймалайды.
Көзқарастар, тек қана көзқарастар,
Әрі қарай не болар, ойламайды...

Көзқарастар құпия арбасады,
Әлсін-әлі құпия жалғасады.
Қапелімде жалт еткен бір сәулеге,
Қайта-қайта қос жүрек жармасады.

Жармасады, жасқанып алыстайды,
Сезді Шоқан ежелден таныс жайды.
Неге керек от тастап ғазиз жанға,
Таулар жатыр арада, табыспайды.

* * *

Иә, таулар...
Зор таулар жатты арада,
Адастырар қарамай ақ-қараңа.
...Жолаушылар жиналып сыртқа шықты,
Аттана ма, апырау, аттана ма?!..

Еліктірген немене от көңілді?
Желіктірген немене көкте күнді?
Бұған дейінгі өмірі Шолпан қызға,
Бес тиынға тұрғысыз боп көрінді.

Кетер олар...
Уайым, таныс қайғы,
Ой-санасын торлайды; тағы ұстайды.
Түнде жанған түнектегі от сияқты,
Алыстайды, асыл жан алыстайды,
Мәңгі бақи біржола табыспайды.

Табыспайды.
Көңілде тот қалады,
Қазір олар біржола аттанады.
Асыл жанның бейнесі арман болып,
Ұзақ-ұзақ жүректе сақталады.

Қыз жүрегі тықыршып тыным алмай,
Үн қатуға қалайда оқталады.

Қызыл күрең шапағын алаулатып,
Күн батып бара жатыр жалаулатып,
Аяулы сәт алыстап әлдеқайда,
Айрылысар шақ келді, санаулы уақыт.

Шолпан қыз Шоқаннан бір көз алмайды,
Үнсіз тұр, ұятынан оза алмайды.
Қыздың жолың тағдырдың тарылтқаны-ай,
"Қош, аға!" — деп қолын да соза алмайды.

Дала жатыр.
Дала — сал,
Дала — керім.
Кешқұрым, бейуақыт алакеуім.
Қосшы жігіт ағытып ат айылын,
Отқа қойды Шоқанның қарагерін.

Жасыл майса сыбырлап желге сырын,
Түн түрткілеп іздеп жүр жер бесігін.
Неге екені белгісіз, Шолпан барып,
Мойнын құша жылады жеңгесінің...

* * *

Жаздың түні жауыпты Қарқараны,
Қалғып жатыр маужырап бар тарабы.
Шанағынан төгіліп шарадай Ай,
Есі кетіп есінеп, шалқалады.

Балауса бел, құба жон, бал құрақтан,
Шәй самал желпиді балбыратқан.
Бала бұлақ беймаза түн еркесі,
Құла тайын құздардан қарғылатқан.

Таңға жақын.
Жамбастап Ай барады.
Балбыраған ұйқыда аймақ әлі.
Жәйлап қана жеңгесін оятты да,
Жалбарынып, Шолпан қыз аймалады.

"Жанып барам, жеңеше, жанып барам,
Қыран көрдім қияда қалықтаған.

Үйірінен адасқан бала қаздай,
Қайда ұшарым белгісіз, қалып барам.
Сырымды айтам, жеңеше, жан ұқпаған,
Жанып барам, қайтемін, жанып барам?

Ақылыңды айт, жеңеше, шешімі не,
Мүмкін, тағдыр әкелген несібі ме?
Өтер едім армансыз бұл өмірден,
Осы жанның күң болсам есігіне..."

"Өзіңді өзің, еркежан, алдамашы,
Орындалмас үмітті жалғамашы.
Қарапайым қараны қашан сүйген,
Қолда өскен қайырымсыз хан баласы.

Өзіңді өзің отқа сап алдау үшін,
Жаралмаған, еркежан, ар-намысың,
Қарапайым қазақтың қара қызы,
Қалған бұйым, қарағым, хандар үшін..."

"Мейлі", жеңге, азаппен күн кешейін!
Тілегімді орында, тілдесейін!
Лебізін естін, көрейін бір,
Тым болмаса бір ауыз үндесейін!..."

...Таң алдында тамылжып ән келеді,
Ән келеді армандап әлденені.
Түні бойы ұйқысыз жатқан Шоқан,
Ән тыңдайды, әр сөзге мән береді.

"Бауыры жазық, басы тау Қарқараның,
Қолдан келмес парызды арқаладым.
Қайыспай-ақ қасына барар едім,
Қарсыласып болмады, қорқады арым.

Шынармысың шыққан бір шың басына,
Ұғармысың, ғазиз жан жүр қасымда.
Бұрармысың мойныңды, алдиярым,
Шығармысың бір сәтке сырласуға?..."

...Ол далаға шыққанда таң атқан-ды.
Әнге қарай бұлаққа жанап барды.
Таң Шолпаны дірілдеп бір жамбаста,
Тамашалап, таңырқап, қарап қалды.

Қыз жеңгесі қимылмен жәй ұқтырды...
Суға түскен жағадан қайық құрлы,
Қалдырды да екеуін, тайып тұрды.

Шолпан сөніп барады аспандағы,
Шоқан төніп барады, жасқанбады.
Жерде Шолпан – қамыстың қасқалдағы,
Үн қата алмай көзінен жас парлады.

Тына қалды тыныштық атырапта,
(Тамашаға табиғат жақын-ақ та).
Қарсы қарап, даярлап алақанын,
Қамданып тұр қалшып жапырақ та.

– Қалқам, сені түсінем... түсінемін.
Жүрегім бар, жүрексіз кісі ме едім...
Сені есіме әрбір таң атқан сайын,
Таң жұлдызы Шолпандай түсіремін,
Қалқам, сені түсінем, түсінемін...

Сыр болып қал жүректе шашылмаған,
Гүл болып қал қырдағы ашылмаған.
Есіміңді қашан да еске салар,
Таң жұлдызы, тау, өзен, жасыл далаң.

Айтылар сөз арада айтылғасын,
Енді нені Шолпан қыз айқындасын.
Құлағынан суырып алды дағы,
Аманат қып тапсырды ай сырғасын.

– Хош, аға, хош болыңыз!..
Көрмеспін де...
Құсамен күн кешермін, өлмеспін де,
Жаны бөлек, жақсы аға, өміріңді
Аманат қып тапсырдым сөнбес күнге...

Қыз қиылып сырғасын беріп кетті,
Қызыл шапақ қырларға көрік төкті.
Таң атуын бозарып күте-күте,
Шолпан жұлдыз көктегі сөніп кетті.

ДОСЫМА ХАТ

1

...Көп ай болды жатырмыз сар далада,
Күн де батып, атады таң далада.
Геологтар сағатқа қарамайды,
Уақыттың өткенін аңғара ма...

Күз еді. Жолдастардың қашты да әлі,
Қармап жатыр кешкілік асты бәрі.
Сары кекіл радист тәмпіш Петя
Ұстай қойды эфирден Москваны.

Тыңдай қалдық, жайына ас қалыпты,
Ұлы съезд сол күні басталыпты.
– Сүйіншімді, көнеки, беріңдер, – деп
Қисық кекіл Петямыз мастанып тұр.

– Қанамандар еңбекті, достар, енді!
Петяның қалауымен тос та келді...
Ертесінде түс ауа вертолетпен
Зарыға көптен күткен пошта келді.

Газет пенен журналы әр аптаның
Тауса аласың қалайша қарап бәрін.
"Правданың" ең соңғы нөмірін ап,
Жәйлап қана беттерін парақтадым.

(Бұдан артық қуантпас табыс кейде),
Жарқ етті жанарыма таныс бейне.
Апыр-ау, ол мұғалім емес пе еді?!
Қосымша қойшы болып тағы істей ме?!

Бойыңда сол баяғы талап, күшің,
Апыр-ау, Маратпысың, Маратпысың?
...Жотада жердің, судың қожасындай
"Правданың" бетінен қарап тұрсың.

Заңғар тау, ерке өзен ағып жатыр.
Сайды өрлей мыңғырып малың жатыр.
Сәйгүлігің елеңдеп, құлақ тігіп,
Сырттан итің маңқиып жаныңда тұр.

Сол баяғы сулы сай жота-жота,
Қойың қаптап барады жоталата.
Сәлем бердік, съездің делегаты,
Ассалаумағалейкүм, шопан ата!

2

Жазықта, сайда, таудың төсінде де,
Түсте де, кеште, түнде, бесінде де,
Әрі оқу, әрі жұмыс даладағы,
Мазасыз өткен жастық есінде ме?

Біз бе екен жастық шақты ұмытушы,
Біздер ме от көңілді суытушы,
Ескі досым екеуміз ес білген кез
Есінде ме сол жылдар қырықыншы?

Есінде ме соғыстың басталғаны,
Көзімізден мөлтілдеп жас тамғаны?
Жастығымыз қап қойды орта жолда,
Жастанды да даланы, тасты арнаны.

Таңғалы бөтен өмір, бөтен арды,
Жойқын соғыс сойқандап етек алды!
Бір сүйіп сора-сора көзімізден,
Сенің де, менің де әкем кете барды.

Кете барды арқалап азықтарын,
Артқа тастап тауларын, жазықтарын.
Қойшы, әйтеуір, қалдық қой екеуміз де,
Тауса аларсың қалайша жазып бәрін.

Сен де қалдың әкеңнен, мен де қалдым,
Бейбастақ шолжаң жастық жөнге қалды.
Бейнетқор әкелердің кетпендері,
Кеберсіп егістікте, шөлде қалды.

Жойқын соғыс бәрін де тонап алды,
Заманы алай-түлей бола қалды.
Аналар көйлек емес, шалбар киіп,
Шарт буынып, қолына орақ алды.

Көзі от, көңілі шал, жүзі мәрмәр
Қызуы басылмаған жалын жаңдар.
Қаба құшып көрпесін қала берді,
Жас жеңгейлер – арулар, жақсы жарлар.

Ал аулақта, егісте, шабындықта,
Көздің жасын көрсетпей қалың жұртқа,
Көңлі сүйген ағаға қош айта алмай,
Қалып қойды бейкүнә қалыңдық та.

Секілді құрбы-құрдас жолдастарың,
Есіңде ме еңбекке жол басқаның?
Есіңде ме қаршадай қара бала,
Соқаның құлағына жармасқаның?

Қарқындап қызу еңбек қайнады шын,
Барлығы Отан үшін, майдан үшін!
Әр адам өз әлінше үлес қосты,
Өзінше өзі біліп ойдағысын.

Сын сағат, қауіп-қатер төнген елге,
Болыстық, ескі досым, сен де, мен де.
...Со бір жылдар бізді де ширатыпты-ау
Әзіл-қалжың айтуға жеңгелерге...

Есіңде ме шөп шабыс, тау бөктері,
Анау қырдан әлдекім әңдеткені?
Айна жеңгей әнімен атпады ма,
Жүрегіңнің түбінен дәлдеп сені?

Есіңде ме айлы түн, тау аңғары?
Ай батты. Жастар ойнын тамамдады.
Беткейде қарағайға жасырынған,
Сендерді іздеушілер таба алмады...

Бірақ мен көрдім сені, аңғармадың,
Кім білсін, әлденені армандадың?!
Қос тізесін құшақтап Айна жеңгей
Отыр екен... О, сұмдық! Таңқалғамын.

Құрбылардан бөлініп жеке дара,
Отырсыңдар үн-түнсіз екеу ара.
Елестеді көзіме со бір сәтте,
Майданда қаза тапқан Бекен аға...

Түн, өзен, доқбаба мүк қарағайлар
Көңілге түрлі-түрлі салады ойлар.
Оңаша жеңешеммен сен отырсың,
Қайда жүр, қайда кетті жан ағайлар?!

Есінде ме бейуақ қос басында
Отырушы ек қиялдап от қасында...
О, шіркін, еркін еңбек, еркін еңбек!
Еңбек деген жақсы ғой достасуға.

О, шіркін, еркін еңбек, есіл еңбек!
Өмір өзі сенімен өсіп, өнбек.
Өзіңмен достас болған жандарыңа,
Беретін бақытың мол, несібең көп.

(Есінде ме сол кезде нешеде едік?)
Оқу жақсы, кластан көше бердік.
Қайғыдан пәк қажымас қайран жастық!
Қиындыққа қиналмай өсе бердік.

Өсе бердік оқу, еңбек араласып,
Ағат аттап кетпедік дара басып,
Қыста оқу, ал жазғы каникулда
Түрен, тырма, күрекпен жағаласып.

Жоқшылық кете алмады жазым етіп,
Кимедік костюм, пальто, қазық етік.
Өсе бердік, алаңсыз өсе бердік,
Жастықты жанымызға азық етіп.

Қайғыдан пәк қажымас қайран жастық!
Жоқшылықпен белдесе майдандастық,
Есейіп еңбек күнге енші алғанда,
Екеуара қуанып жайраңдастық,
Жаны бірге жақсы дос қайран жастық!

Еңбекпен сауық-сайран кеше бердік,
(Есінде ме сол кезде нешеде едік?)
Анамыздың жүзіне ақау түсті,
Ал біздер өсе бердік, өсе бердік.

Мен білдім, жата бердім бұға-бұға,
Бір сәтте дыбыс келді құлағым:
– Тентегім, кешір мені, кешір, кешір! –
Білмедім, күлді ме Айна, жылады ма?!

Өрі қарай не болды, кім біледі,
Асқар тау, айсыз жазғы түн біледі!
Әлденені жасырған сулы сайдың,
Алқымына тығылып тұрды демі...

Сықылықтап төменде бұлақ жатты,
Тоқтата алмай күлкісін құлап қапты.
Билеп ала жөнеліп қарағайлар,
Түн үкісі қанатын бір-ақ қақты.

Жасырынып жұлдыздар көрпесіне,
Ұлар шулап құзар тау желкесінде.
Қайсыбірін айтайын, досым менің,
Азамат боп қалыпсың ертесіне...

Есіңде ме көке-әкей бастығымыз?
Түскі дамыл, көк айран, ашты қымыз.
Сырдың суын сирақтан келтірмейтін
Шіркін біздің, о, қайран жастығымыз!

Қайғыдан пәк қажымас қайран жастық!
Бірге күліп өзіңмен жайраңдастық.
Ел басына күн туған со бір шақта,
Фашистермен біз дағы майдандастық.

Барлығы Отан үшін, майдан үшін!
Қызу еңбек қарқындап қайнады шын.
Барымызды майданға аттандырдық,
Аямай мен де, сен де, Айна күшін.

3

...Жеңіс келді. Жадырап жаз да келді,
Жеңіс әнін шырқатып қаз да келді.
Сенің де, менің де әкем оралмады,
Көңілді мұң шарпыды аздап енді.

Ақтарыла анамыз қуанбады,
Семе берді, күн сайын қуаңдады.
Есіңде ме, біз емген ақ бұлақтар,
Біржолата тартылып суалғаны?

Сексенге кеп, одан да озған әрі,
Бүкірейіп жотасы, тозған әлі.
Жалғзынан айрылған Мақпал әжем,
Есіңде ме інгендей боздағаны?

Алда тұрды өмірдің баспалдағы
Аттау қиын демеусіз жас жанға әлі.
Семьяның тірегі әке бізге
Жұлдыздай боп көрінді аспандағы.

Анамызға қуаныш әкелер кім?
Басымызға бақытты әперер кім?
Ол — қамқоршы ұлы Отан, ол — партия,
Ол — партия, әкесі әкелердің!

4

...Күндер қуып, күндерді итерді артқа,
(Безер күндер қашуға икемді-ақ та...)
Есіңде ме, ескі дос, жеңіс жылы
Онжылдықты бітірдік интернатта.

Оқу іздеп екеуміз қала бардық,
Қала бардық, ауылды ала бардық,
Аңсаған арманымыз алдан шығып
Сен ИФК¹, мен КазГУ-ді қалап алдық.

Есіңде ме, жақпады қала бізге,
Ресторан бармадық арақ іздеп.
Тізесі қалталанған шалбарларға
Қыр салмадық, қыздарға барамыз деп.

Басымызда папаха түбектей боп,
Қыз алдында тұрмадық шіреп сөйлеп.
Би билеп түлкі тұмсық бөтеңкемен,
Тәнімізге ілмедік жібек көйлек.

Қала бізге жақпады, сыртты ойладық,
Ана, іні, қарындас, жұртты ойладық,
Шашымызды додалап, қираң басып
Мұрнымыздың астына мұрт қоймадық.

Үлпілдетіп мойынға ақ шалмадық,
Ақша сұрап ауылға хат салмадық,
Қазынасы төгілген әкемізден
Жүздеп-жүздеп айына ақша алмадық.

Өсе берді сонда да санатымыз,
Беки берді қауырсын қанатымыз.
Жетіп тұрды әке — Отан өзі берген
Студенттік жұпыны жалақымыз.

Бір курстан бір курс өте берді.
Ғылым бізді өмірге жетеледі.

¹ ИФК — физкультура институты.

Есінде ме, қырқыншы со жылдар-ай,
Әй, қойшы, жастық бәрін көтереді...

...Студенттік өмірді тамамдадық
Азамат боп аттандық маманданып.
Аянышты бір жері тек сол ғана –
Енді бірге екеуіміз қала алмадық.

Болсақ та ажырамас дос алайда,
Дара-дара бөліндік басқа жайға.
Сен кеттің туған елге мұғалім боп,
Мен кеттім геолог боп Қостанайға.

Одан бері көп болды көріспедік,
Барды-жоқты ортаға ап бөліспедік.
Шешей берген қазыны қақ жарып жеп,
Бір саптаяқ айранды бөле ішпедік,
Көріспедік, көп болды көріспедік.

Көріспедік, жазысып хат та алмадық,
Жүректен айтысып сыр ақтармадық.
Білесің ғой, тұрақты адрессіз
Геологтар өзінше жатқан халық.

Мекеніміз тау мен тас, құмда, шөлде,
Табамыз деп қалайда су ма, кен бе,
Кең Отанның көсілген кеудесінен
Мол қазына іздейміз туған елге.

Өткеннің жай-жапсарын жайып бүгін,
Отырмын. О, не деген байыпты күн!..
Көріспедік, көп болды көріспедік,
Айтшы, досым, айтшы өзің, айыпты кім?

Көріспедік, жарайды, сол ма кінә?
(Әңгімені бұрмалық ол жағына)
Парызды әке – Отан алдындағы
Абыроймен ақтасақ болғаны да...

Құттықтаймын! Жаныңа сеніп едім,
Жасыңнан-ақ сертіңе берік едің.
"Правданы" парақтап ашқанымда,
Ақсия күліп тұрған сені көрдім.

Еңбек — дос, еңбек — бақыт, еңбек — күнің!
Бағын ашып гүлдетпес еңбек кімнің?!
Молшылықтың төрінен көріп сені,
Бар байлықтың иесі сен деп білдім.

Жігеріңе жасымнан тым қанықпын,
Жарайсың, дос, жаныңды шын таныттың.
...Құлай құшып Сулысай құба жонын,
Кете ме әлі ұйқыға қымтанып күн?

Тастар тұр ма әлі де құлағалы?
Баяғыдай тұнық па бұлақ әні?
Торғын шәлі жамылған қарағайлар
Мың бұралып, қырындап тұра ма әлі?

Сулысайдың есен бе киіктері?
(Киіктері неғылған сүйікті еді!)
Тәкаппар тау қыраны тірі ме әлі,
Бар ма ұясы шыңырау биіктегі?

Жазы жібек,
ал күзі алтыңдана,
Жатыр ма әлі жазира салқын дала?
Қос бұрым қолаң шашы білектей боп,
Айна жеңгей баяғы қалпында ма?..

Өмірдің куәсіндей қарттар бар ма?
Бірі үшін бәрі күйген салттар бар ма?
Біздің жалын жастықты алып қашқан
Топай торы, қарт күрең аттар бар ма?

...Сезімді бере алмай ынтығамын,
Жыршы, яки болсашы күйші жаным.
Ескі досым, мен үшін туған жердің
Топырағын, адамын, сүйші бәрін!

АЛТАЙ – АТЫРАУ

Адастырмас алдыма ұстап үміт,
Нарынқолдан аттандым құсқа мініп.
"Ал енді өзіңді өзің ұста, жігіт!"
Дегендей қарап қалды ауыл маған

Ауылдан аттандым мен құсқа мініп,
Ақ жаулығын бұлғап тұр ауыл маған,
Мал жатыр майса тауда мамырлаған,
Тау жатыр ұлпа бұлттар дамылдаған,
Бұлақтар бұлғап қалып белбеулерін,
Алыстап қап барады тауым, далам.
Алыстан шақырады бауыр да анам,
Алыстан сәлем айтып қауым маған.

Алыстағы достарды бір көрейін,
Аспанынан сағыныш үн берейін.
Бейтанысты мынауың кім демейін,
Бейшарасы болса да күндемейін,
Құлпырайын даламның гүліменен,
Құмыменен немесе бірге өлейін,
Басы жұмыр пендесін күндемейін!

Алтын теріп әр түйір тастарыңнан,
Бақыт таптым бауырыңнан, асқарыңнан.
Айхай, далам, сусыңдат дастаныңнан!
Жаяу кезсек ғұмырым жетпейді екен,
Құс боп ұшып өтейін аспаныңнан.
Ән болайын Алтайдан басталынған,
Күй болайын Каспийге тасталынған,
Айхай, далам, сәт сапар аспаныңнан!

...Қанын құйып қазақтың мың атының,
Мінгізіп ап қазақтың бір ақынын.
Сен шыдасаң, шыдаймын мен де, ұшқыш,
Жырдан өтер жоқ шығар сұрапылың.

Самға, ұшқыш!
Өлкеммен таныстырам,
Танымайтын жаныңмен табыстырам.
Бауырыңдай жандармен қауыштырам,
Көз алдында өртүсті экрандай,
Бір бояудан бір бояу ауыстырам.

Самға, ұшқыш!
Қазақтың көгіменен.
Жүруші едім кездеспей көбіменен,
Берерімді еліме беріп өлем,
Мынау алып ақ құстың қанатымен,
Кең өлкеме кетейін сеуіп өлең.

О, Жетісу!
 Саңдық тау, саңдал белім,
 Шоқтығы өсіп, жал бітіп, жанданды елің.
 Күнім туды көгіңде самғар менің,
 Алатаудан биікпін демеуші едім,
 Әттең шіркін, ғарышпен жалғар ма едім!

Жетісуым – жеті құт, ырыс маған,
 Барша халық баурында тыныстаған.
 Араласып әрбір ұлт достасып жүр,
 Аралассын, Адамдар туыс маған,
 Алакөз боп, құстана ұрыспаған.

Байлықты айтып несіне мақтанамын,
 Балақ, қойнын несіне ақтарамын.
 Жетісудың байлығын білмек болсаң,
 Бір уыс топырағын ап қарағын.
 Екі құлақ, естісем керең болсын,
 Егіншінің бұл жерді даттағанын,
 Айналайын, Жетісу – аппақ арым!

Құсыңды бұр, ұшқышым, Шығысыма,
 Сәлем берем Алтайда туысыма.
 Шығысыма, тарт менің ырысыма!
 Сірә да, Клондайк, Аляскалар,
 Толар ма екен Алтайдың уысына?!
 Шығысыма, тарт менің Шығысыма
 Сағынышын Катонда қарындастың,
 Түйіп кетем жырымның бір ұшына.

Қанатымен ақ құстың шағылысып,
 Албырт көңіл барады алып-ұшып.
 Алтайдан да биіктеп кеткенмін бе?!
 Қауышқам ба аспанмен сағынысып?!

Ақ құсыңды, аяулым, қондыр жерге,
 Баяғыда бабамыз жол жүргенде,
 Алатын-ды Ертістен қанып ішіп,
 Ақ айдынмен ақсақал сағынысып.

Мынау жатқан Марқакөл, Зайсаным ба?
 Шығыстағы кішкене Байқалым ба?
 Қос жанары Шығыстың сияқты-ау бір,
 Қос жанары, ұшқышым, байқадың ба?

Айдынына мәңгілік ескерткіш қып,
Қаламымды тастармын қайтарымда,
Қаласа, алсын Марқакөл, Зайсаным да.

Уа, Шығыс!
Жеріңде емес, көгінде мен,
Үңіліп Бұқтармаңа көңілденем.
Аспаныңа жыр сызып өтіп барам,
Құс болып сенен ұшқан темірменен,
Керемет, керемет қой өмір деген!!!

Самға, ұшқыш!
Ертістің ағынымен,
Екі жағы Ертістің бауыры кең,
Айдын Ертіс, ақ Ертіс асырауда
Айналасын өзінің сауырымен.
Баянға тарт, Баянды сағынып ем,
Тағзым етіп аспаннан, өтейік бір,
Ел ардағы Қаныштың ауылымен.

Осы өлкені осы Ертіс асырайды
Осы өлкенің Ертісі басыбайлы.
...Аялап ұш, аяулым, айналып ұш,
Сонау жатқан жасыл көл – Жасыбайды!

Айқай, заман!
Арқаның даласын-ай
Даласына қаласы жарасуы-ай!
Павлодар Арқаның ағасындай,
Бұғып қалған жаутаңкөз Жасыбайы,
Бабалардың құт құйған сабасындай.
Қайтіп, Ертіс, арнаңда ағасың жәй?
Сұрапылды сапырып аласұрмай?!

Асау Ертіс ноқта ілді, тағаланды,
Сусыңдатпақ шөлдерді, далаларды.
Ертіс құлап келеді, сүйінші бер
Сүйінші бер, сүйікті Қарағанды!

Армысың, аты әйгілі Қарағандым!
Жылуым, қара алтыным, қара наным.
Кімдердің пальмасынан артық маған,
Бозарған көде, жусан, қарағаның.

Балқаш пен Жезқазғанды екі жаққа ап,
(Алдында екі ініңнің бетің аппақ)
Өзегіңді екі алып жарып шығып,
Төсіңді сорып жатыр екі жақтап,
Қап-қара Қарағандым, бетің аппақ.

Қаныш кезген жерлер ғой, Қаныш тапқан
Қаһарманнан қалған із — табыс, мақтан.
Тарихымда Байқоңыр қалды мәңгі,
Қазақстан байлығын ғарышқа атқан.
Қарағанды, қарышта, қарыштап қал!

Айналайын Сарарқам сағымданған,
Сағынышын баса алмас сағынған жан.
Түней дағы, түстене кетер ме едім,
Сары белде отырған ауылдардан.
Саған деген басылмас жанымда арман,
Саям менің, Сарарқам сағымданған.

Дәм-тұзыңды құныға татпасам да,
Тұлпар мініп, далаңда шаппасам да,
Қиыр жайлап жүрген бір ұрпағыңмын,
Даттасаң да, өзің біл, мақтасаң да.
Топырағыңды басатын күн туса егер,
Топырағыңды құшақтап жатпасам ба,
Аттасаң да, өзің біл, таптасаң да...

Ойхой, Абай даласы "Абайлаған",
Семей десе, Абай деп қарайды адам.
Талай жылдар өтсе де, талай заман,
Қалам тартар қазақта ақын туса,
Аруағына Абайдың қарайлаған.
Абай болу, әрине, оңай емес,
Ақын болмай қалсаң ғой...
Қалай жаман!

Уа, армысың!
Ардақты, киелі Жер!
Туған елін Мұхтардай сүйе білер.
Сыйлай білер, паң басын ие білер.
Уа, армысың!
Ардақты киелі жер!

Әдейілеп көгіңнен өткенімде,
Көзім ауды төсіңде көп белгіге.

Жатыр қазақ даласы жайып тастап,
Көз алдыма бүтінгі, өткенді де.

Анау жатыр атақты Семей деген,
Семей десе, бүлкілдер көмейде өлең.
Сырласқандай баяғы Шыңғыстау т-р,
Жатақпенен, жалшымен, кедейменен.

...Босқа үңіліп қайтейін өткеніңе,
Өткені де өткеннің, кеткені де.
Арман қалып барады жүрегімде
Оқи алмай Абайдың мектебінде...
Текке үңіліп қайтейін өткеніңе,
Қуанамын бұл күнге жеткеніңе.

Абай далам, көңілің жабықпасын,
Мұхтар болып даңғынды анықтасын.
Жаңа заман бұлбұлы Бибігүлің,
Биігіңде, биләһи, шарықтасын,
Сайрауынан бұлбұлың жалықпасын!

...Дала, дала...
Сардала сағым ұшқан,
Аумайды-ау, түпсіз терең сағыныштан.
О шеті мен бұ шетін айыра алмай,
Құстар да бағытынан жаңылысқан.

Жатқа қимай жарты адым, сүйем жерді,
Талай көштер түйеге тиелген-ді.
Миың жетіп болмайды мұнша жерді,
Ата қазақ қалайша иемденді?!

Жап-жалпақ жауырыны, жатыр дала,
Ақын дала, алапат батыр дала.
Ақмола мен Қостанай арасында,
Дән өскен татырға да, тақырға да.
Ерекше-ау, жаралысың, затың, дала!

Oh, неткен айдынды өңір, алып өңір!
Астықтан омырауына салып өңір,
Ақын мен батырлардың жері ме бұл!
Әліби, Амангелді елі ме бұл?
Oh, неткен айдынды өңір, алып өңір!
Ей, ұшқыш, өкінбеспіз жәйлатқаннан,

Құт тұр ғой мына өлкеде қаймақтанған.
Аялдап ұш, арылып жәй мақтаннан,
Болашақ дастаныма нәр алайын.
Ақын аяқ баспаған аймақтардан.

Білемін, ақын жортқан бұл өлкені,
Мәңгілік мекендеген жыр-ертегі.
Қарттары өлеңменен намаз оқып,
Жастары жыр жастанып күнелтеді.
Жырлап бір өте алмасам жыр еркені,
Ақындар әжуалап жүрер тегі.

Армысың, ардақ мекен, асыл мекен!
Айрықша топырағың, тасың бөтен,
Бабалар бақыт іздеп кезуші еді.
Білмепті, бақыттары қасыңда екен.
Фасырлар сілемімен басулы екен.

Қостанай, жеткізе алман мақтауыңды,
Даңқыңды дүйім қазақ жатқа білді.
Нұрқанның деңгейіне көтерілсем,
Төпеп-төпеп жіберіп ақпа жырды.
Ыбырай алғаш рет мектеп ашып,
Ту алып, Амангелді атқа мінді,
Торғайды кең Арқаға қақпа қылды,
Ата жерін қорғаған қара қазақ,
Амангелді құраған сапқа кірді.

Қостанай, жеткізе алман мақтауыңды,
Ырыс боп Торғай дала ақтарылды,
Ақыныңа аманат, ән-күйлерге,
Білесің мынау керім шақтарыңды.

Әулие өлке, көгінде қалқып барам,
Әлділей бер, әлділе, балқып барам.
Әр шағылда көрінген бір-бір ауыл,
Білдей-білдей қаладан артық маған.

Көз жасындай әредік көл көремін,
Көл жағалай отырған ел көремін.
Қолдан келсе, қошалақ құмдарыңды
Адам танып болмастай емдер едім,
Шашпау тағып орманнан, өңдер едім.

Күн бұлттанды. Ақ құсым ауырлауда,
Бара алмай қалдым талай ауылдарға
Қиыр шетте Қызылжар қалып қойды,
Дұғай-дұғай сәлем де бауырларға.
Аяулым, Ақмолаға құсыңды бұр,
Мұрсат бер жерде біраз дамылдауға!

Айналып Ақмоланы, қимай барам,
Аман бол, айналайын мидай далам!
Атамның әжіміндей жолдар, жолдар.
Мандайын Ақмоланың шимайлаған.
Қобалжып өзіме өзім сыймай барам,
Аман бол, айналайын мидай далам!

...О, ғажап!
Өзіңбісің Көкше деген?!
Тастарын жиған жүктей текшелеген.
Бурабай Оқжетпесті өкшелеген,
О, ғажап! Өзіңбісің Көкше деген?!

Бұлттарың – Ақын айтқан көшпелі өлең,
Біржан ба тасқа барып өскен емен?!
Көлкіген сынаптайын көлдерің бе?
Сәкеннің аққулары кестелеген.

Ақаның ардақ еді өскен ерен,
Біржаның алмас еді кеспе берен.
Көкшетау – ән отауы, жыр отауы,
Алтайдан Атырауға көшкен өлең.
О, ғажап! Осы екен ғой Көкше деген!

Көл жатыр күміс шолпы, теңгедейін,
Өңірі жасыл орман, көлге бейім.
Күміс қанат құсыңды қондыр, ұшқыш,
Көкшенің бауырында дөңгелейін.
"Сырғасын хор қызының қайық етіп",
Ақанша айдыныңда тербелейін,
"Оқжетпеске" мен жетіп өрмелейін.
Даланың бағы іспеттес арлан Көкше,
Орнатқан сахараға көрмедейін.

3

Армысың, Атырауым, бозаң далам!
Каспий менен Жайықтан көз алмаған,
Ұмыттың ба сонау бір кездеріңді,

Құлан жортса, құмыңды кезе алмаған,
Жылан жайлап, аптапқа төзе алмаған?

Армысың, Атырауым, бозаң далам!
Қайда кеткен сағымың көз алдаған?!
Арманменен, елеспен ажарланған?
Амансың ба, от далам, о жар далам!
Түйе орнына бұл күнде ақ қалалар,
Мұнаралар мойынын созар маған.

Қоныстайтын бабалар құмға барып,
Үңілетін құдыққа құмған алып.
Құмға оранып өмірді ашатын да,
Жабатұғын өмірді құмға оранып.

Ақынның да, алапат батырдың да,
Зергердің де, зейінді пақырдың да,
Қараның да, ханның да, төренің де,
Табыттары тұншығып жатыр құмда.

Атыраулап ұлдарың атқа мінді,
Құмнан сая, шағылдан бақ табылды.
Мұң-арманың көзіңнен мұнай болып,
Жалын болып кеудеңнен ақтарылды;

Енесінен туғандай жаңа ғана,
Өлген қала орнында жаңа қала.
Адам деген — құдірет, құдірет қой,
Адам ізі жалғанда жоғала ма?!

Қайтем мақтап мұнайың, балығыңды,
Халығыңды сүйемін, халығыңды!
Құм үстінде құс болып ұшып барам,
Жалыныма жалғап ап жалыныңды.

...Ұшқыш досым,
Жаңылма бағытыңнан!
Дала, дала...
Басыңда бағы тұнған,
Қазақстан — өзінше бір материк,
Жер кіндігі осында ағытылған.

Қажыдың ба?
Қажысаң, қонақтай бер,
Қадірменді өзінді қонақтай көр.

Біздің дала қашанда аэродром,
Қонақтай бер, күдікті жоғалтпай кел.

Қауырсыны құсыңның талмады ма?
Қанықты ма көгімде жолға мына?
Сәлем жолда ақ құстың қанатынан,
Өңіріне Оралдың, орманына.

Ерке Жайық – елімнің қарашығы,
Егізінің сыңары анасының.
Күн айналып көгінен кете алмайтын,
Төрі осы қазақтың даласының.

Байлығы ма?
Байлығы таусылмайды.
Алсын нанын, етін де, алсын майды,
Бұл өлке – жиылмаған дастарқаным,
Жиегін мәңгілікке қаусырмайды.

Бұл өлке – батыр елі, ақын елі,
Күңірене күйдің шалқып жатыр лебі.
Тіл бітіп құм Нарынға сөйлеп кетсе,
Көмескі шежірені оқыр еді.

Оралым – Ордам менің таныс маған,
Бораның Махамбет боп дауыстаған.
Исатай – ақ семсерін, Құрман бабам –
Ұрпаққа домбырасын табыстаған.

Жаса, Орал, жаңа Орал, жасыл Орал,
Қара бұлт қайта келмес басыңа, Орал,
Көгіңнен көлкіп жатқан көлге үңілем,
Жібектей аруыңның жасы болар.

Жасай бер, жасыл Орал, жасыма, Орал!
Ақтөбеме тарт, ұшқыш, Аралыма,
Қиырына жеткізбес дала мына,
Қалай ырза болмассың заманыңа.

Жан бітірген далаға, адамыңа, *
Сағыз толқып, Жем тасып бара жатыр.
Жан бітіріп тарының сабағына,
Қызыр жайлап, қызық боп міне жатыр.

Қырқасына Мұғаджар, балағына,
Қалай ырза болмассың заманыңа?!
Ойылы ма, бұл маңның Бірғызы ма,
Бәрі дағы бергісіз қырмызыға.
Бір пенде де бас имей өте алмайды
Жерде жанған Шығанақ жұлдызына,
Сансыз сәлем, Ақтөбе, ұл-қызыңа!

Аралыңа құлаған Дария Сыр,
Дария Сыр — қазақтың қариясы.
Сырдың бойы күріштің қоймасы ма,
Қоймасы ма немесе дән ұясы,
Дария Сыр — қазақтың қариясы.

Сырдың бойы түлеуде, құлпыруда,
Алқабында күй шалқып, жыр тұнуда.
Төретамдар стартқа кезек алып,
Байқоңырға жетуге ұмтылуда.

Тоқтар емес толастап бөгесінге,
Сырдың елі ғарыштың кемесіндей!
Жатыр шалқып Аралым — ақ айдыным,
БІрыс құйған қазақтың тегешіндей.

Қолын бұлғап сан туыс тұр ма қарап,
Сыр жағалап ұша гөр, Сыр жағалап.
Шиеліден шай ішіп аттанайық,
Оңтүстікке барайық құмды аралап.

Құмына да қазақтың құт дарыған,
Құмы да оның құлдықтан құтқарылған
Аңқаң кеуіп қалмайды баяғыдай,
Жүзгендердің түбінен сүт табылған.
Құмына да қазақтың құт дарыған.

Мына теңіз — қазақтың Шардарасы,
Көні кепкен кешегі сардаласы.
Шөлді кезіп, осында шөккен шығар,
Шөлдеп өткен Асанның аруанасы.

Қызыл құмның қойнында қазына бар,
Кісі болса, болғаны қазып алар.
Шертілмеген осында шежіре бар,
Тек иесі табылсын жазып алар!

Кентауым, Қазығұртым, Қаратауым,
Әулиеата – әйгілі ақ отауым,
Тойға шашу жіберіп, торқа жауып,
Әдділеп жатыр бәрі Алатауын.
Арыма, Оңтүстігім – бақ Отаным.

Басынан Қаратаудың көш келмейді,
Қаратау енді ешкімге дес бермейді.
Мөлтідеп қара көзден жас келмейді,
Қара көз қарындасым сескенбейді.
Қаратау енді ешкімге дес бермейді.

Жатады жайнап, түлеп Жамбылым да,
Жаншылмайды ешкімнің хандығында.
Енді қазақ қайғырмас "Елім-ай" деп,
Әлдеқашан жерлеген зарды құмға.
Есін жиды мұңлығым, зарлығым да.

Рақмет, Октябрь, ақ таңыңа!
Жарты ғасыр ақ таңың атқанына.
Өлі өлкеге нұр сеуіп өтгің желпіп.
Өмір тойы өлкемде шаттануда,
Рақмет, Октябрь, ақ таңыңа.

Көңліме нұр, бойға күш таратылып,
Құсқа мініп ұштым мен жаңа туып,
Өгейің емеспін мен, өз балаңмын,
Өзіңмен мәңгілікке қалатұғын.
Кеудемде кереметтер жаратылып,
Думандап жатырмын мен, жаңа туып.

Октябрь, Ленинді жатқа білген,
Еркімен коммунистік сапқа кірген,
Қазақтың мұхит кешіп, бақта жүрген,
Мен – жаңа өмір жаралған Октябрден!

“Жырлайды жүрек” кітабынан
(1989-ЖЫЛ)

**АЛАУЛА, ШЫНДЫҚ –
АҚ ЖАЛЫН**

Санамда мәңгі бекінген,
Ғаламға шындық білдірген,
“Правда”, сенің бетіңнен,
Арымды танып білдім мен,
Жанымды көріп тұрмын мен.

Лениндік әділ шындықты,
Әлемге ту қып көтерген.
Таңданып мына құрлықты,
Көтеріп сені өтем мен,
Адамдар жүрген мекенмен.

Әманда саған бас ұрып,
Арызымды айтам асығып,
Шешіліп айтам ашылып,
Шаттығымды айтам тасынып,
Әйтеуір, қолмен жасырып.

Сақтанар сәтсіз кезімнен,
Әділ сын табам өзіңнен,
Өзіңдей мен де төзінбен,
Қателіктерге көз ілген.
Жоямын оны кезінде
Ісіммен әрі сөзіммен!

Алпысқа толған ардағым,
Ожданым, арым, арманым!
Алпыс мың ғасыр самғағын,
Лаулағын, шындық, лаулағын!
Алаула, шындық – ақ жалын!

ХАЛҚЫМА ХАТ

Сыйың мен құрметіңе қарамай-ақ,
Аулыңнан аттанып ем жалаң аяқ,
Ақсақал, ақ емшегің болғанменен,
Өсіп ем ақымақты итке баламай-ақ,
Мен сенен әрқашан да алыс кетпен,

Таныс қыстау, таныс шал, таныс кетпен.
Айраныңды күбіңе жасырып қап,
Сен маған "тағы іш" деп пе ең,
"тағы іш" деп пе ең?

Бөтелкеден күбің ғой артық маған,
Дәм татуға патша да ар тұтпаған.
Бір тостақ іркітіңді жібермесең,
Мен мына өмірімнен қорқып барам.

Тамұққа барады алып мына құрғыр,
Құлауға пәс-ақ қалып тұрағым тұр.
Қуанып өтем бе деп келіп едім,
Түн сайын оңашада жыладым кіл.

Жұртым-ау, жылаудың да себебі бар,
Неге сонша алдымнан келеді жар?
Сен келіп селбеспесең, қайран жұртым,
Сеңделіп екі ортада өледі жан.

Ажыратсам деп едім ақ, қараны,
Ылғи көрем езу мен таптағанды.
Күйзеліп таң атқанша таңды күтсем,
Ойпырмай, таңның өзі қап-қараңғы!

СЕН – ЖАСТЫҚТЫҢ САҚШЫСЫ
“Лениншіл жасқа”

Сен алғы шерудесің,
Өмірдесің.
Еліңнің көгіндесің.
Таң атқанда қазақтың жастарына,
Таң жұлдызы Шолпан боп көрінгенсің.

Ақ отауы іспеттес ақ жандардың,
Арнасы – сен тоғысқан адамдардың.
Қалам алған қолымның мектебі – сен,
Кешегі жас –
Бүгінгі тарландардың.

Иә, сен мектебісің, мектебісің!
Талайдың сенен түлеп кеткені шын.
Қариялар құмартып сені алады,
Біржола қартайып кетпеу үшін.

Жастар қазір сүңгіден сөз жонады,
Сенсің бүгін әр үйдің өз қонағы.
Басымырақ кетсең сен, батылырақ,
Басын шайқап кәрия мәз болады,
Жастығы кеп, жанына жаз қонады...

Сені көрдім жұртымның алқасынан,
Алтайынан елімнің, Арқасынан,
Дәрігердің, шопанның қалтасынан,
Қонышынан шофердің дән тасыған.

Маңғыстауда мұнара қалқасынан.
Сені көрдім биік тау жайлауынан
Жезқазғанның жер асты жартасынан,
Жатыр оқып пляжда шалқасынан.

Қайда барсам, қадірлім, сені көрем,
Жеріменен үндескен, еліменен.
Жастық көрем сырласқан сеніменен,
Жалын алып жылытып келген де сен,
Қырау қалмас қабақта ерімеген.
Отыр, жастық, оңаша төріме кеп.

"Правда" атаң айтқан жалғастырып,
Отыр, менің жастығым, малдас құрып.
Өрте!
Өрте, жалыным, өртеп жібер,
Жүрсе өсекші ел-жұртты жауластырып.

Ойландырған, түйсінткен отты лебің,
Сен жастықтың сақшысы деп білемін!
Қадірлім.
Көп арманым, көп тілеуім,
Өзіңе тағзым етіп өтті менің...

Сен маған бағалысың, бағалысың,
Жастығымның серпілткен самалысың.
Сен – менің мынау алып партиямның
Қолыма сеніп берген жалауысың!

Ардақ тұтып есімін Лениннің,
Ауытқымай, адаспай жүре білдің.
Сен бар жерде мен бармын!
О, жастығым!
О, компасы – миым мен жүрегімнің!

СОЛДАТ АРМАНЫ

Тіршілік тұтқасы – күн сөнер
Дегенге айтыңдар, кім сенер?
Әлемде тыныштық тұрса егер,
Біздерміз өмірге нұр себер!

Қайырмасы:

Қолдарға...
Қолдарға ту ұстап біз өтсек,
Өмірдің бақшасын күзетсек.

Сойқанды соғыс – өрт, кіл апат,
Ол – қайғы, ол – үрей, алапат.
Бейбіт күн береке баршаға
Тыныштық, тыныштық, – бір рақат!

Қайырмасы:

Әлемде...

Әлемде бейбіт күн сөнбесін,
Тыныштық дүниені тербесін.

Кең дала, көк өзен, армысың!
Армысың, Алатау, қарлы шың!
Осы алып кеудеңде мәңгілік,
Тыныштық сәбидей қалғысын!

Қайырмасы:

Тамсанып...

Тамсанып көркіне жер-көктің,
Сезінем иісін жөргектің.

Сұм соғыс — қанды ажал, сор, қайғы,
Ажалдың дегені болмайды!
Әкелер баласын қорғайды,
Әлемде тыныштық орнайды!

Қайырмасы:

Әке боп...

Әке боп өмірде ержетсек.
Бөпенің бесігін тербетсек!

* * *

Өледі кімдер, туады кімдер,
Батады күндер, шығады күндер.

Семеді гүлдер, өседі гүлдер,
Келеді күндер, көшеді күндер.

Өмірде қымбат асылдар — күндер,
Өмірде қилы ғасырлар — күндер.

Өмірге керек бағыттар — күндер,
Өткізген сәтті уақыттар — күндер.

Өмірдің мәңгі қосағы — күндер,
Өмірді мәңгі тосады күндер.

Күндер...

Күндер...

МЕН – ДОНОРМЫН

Бәріңе!
Бәріңе!
Бәріңе!
Жасыңа да, кәріңе!
Кімге қан керек?
Ішуге емес, дәріге...

Мен – донормын.
Шипа болар қаным бар,
Қабылдаңдар, алыңдар.
Менің жылы қанымның
Қасиетін таныңдар.
Жоқ!
Ақшаға сатпаймын!
Аурулар алдында,
Борышымды ақтаймын.
Өмір беріп өзгеге,
Өмірімді сақтаймын!

Мен – донормын.
Таза қан.
Сақ боласыз жазадан,
Сақ боласыз мазадан,
Қабылдаңыз!
Көп берем де, аз алам,
Сіздегі сансыз түтікпен
Менің қаным өтеді,
Маған сол да жетеді!

Сіздегі жылы жүректе
Менің қаным соғады.
Маған сол да болады!
Сіздің мидың біздің қан
Болып жатса қорегі.
Басқаның не керегі?!

Бәріңе!
Бәріңе!
Бәріңе!
Жасыңа да, кәріңе!
Кімге қан керек?
Кімге қан керек?
Кімге қан керек?
Ішуге емес, дәріге..

1973

САҒЫНЫШ

Шолпанға

Шолпаным – жырым, ақ балам,
Балапаным, баққа оран!

Автор

Мәскеуде,
Күз, ызғарда мынау,
Өзіңдей қыздар да жүр-ау.
Сен жоқсың орталарында,
Шолпаным, қызғалдағым-ау!
Сағындым, қызғалдағым-ау!

Думанды қабақтарда,
Көзден жас боратқанда,
Сен келіп оятасың,
Мен қалғып баратқанда.

Бұлыңғыр таң атқанда,
Беймаза сағаттарда
Сен – тұрған сұрау белгі,
Мен берген жауаптарға.

Шолпаным, шоқ гүлім менің,
Өзіңсіз жоқ күнім менің.
Жанымды тұтандыратын
Сен менің оттығым ба едің?
Шоқ гүлім менің!

Ақылдан жаңылғаным-ай!
Амалсыз таңылғаным-ай!
Күн қайда ауылдағыдай,
Түн қайда тауымдағыдай?
Шолпаным, сағынғаным-ай!
Алатау, сағынғаным-ай!

Х.1973

Сен шақырсаң, мен бармай,
Мен шақырсам, сен келмей,
Төбелескен жандардай,
Ерегескен елдердей.

Не көрінді біздерге?
Неге бұлай, апыр-ау!?
Бірін бірі іздеуде,
Біздің көңіл, батыр-ау!

Мейлі жүрек жыласын,
Тереңдесін батқан мұң.
Алауыздық сынасын,
Арамызға қаққан кім?

Ренжіттің сен мені,
Ренжіттім мен сені.
Өмірімнің өрісі ең,
Өзімнен де еңселі.

Пай, пай!
Неткен уайым!
Бұлдыраған сағымдай.
Көңіліміздің ылайын,
Құрғатар жан табылғай...

15.XI.1973

ПУШКИНМЕН ҚОШТАСУ

"Мы вольные птицы, пора, брат, пора..."

"Узник"

Ал енді қоштасайық, сардар аға.
Мен ертең кетем ұшып сардалама,
Қыранның қырандығы кең далада,
Қыранның қырандығы тауда ғана.
Мен ертең кетем ұшып сардалама.

Қош боп тұр, қош есен бол, сардар аға!
Сөкпей де, өкпелемей қал балаңа.
...Ақынның ақындығы атақта емес,
Ақынның ақындығы арда ғана.

Айтатын арызым бар, аға, саған,
Көңіл — кермек, бой — күйез тамашадан.
Ақымақпын, кей-кейде арыма мен,
Өз қолыммен күйені жаға салам.

Сен болған шақ бұлыңғыр, тұнжыр маған,
Әйтсе де аямапты құрғыр заман.
Болат Пушкин тіріліп кете ме деп,
Тұғырыңды болатпен шынжырлаған.

Қарадым сенің қола мүсініңе,
Қоланы да болады түсінуге.
Мені тәңірім жаратқан табынуға,
Сенің мәңгі қақың жоқ кішіруге.

Ортасына сауықшыл түсіп көптің,
Мастандым да, масайрап ісіп-кептім.
Мұң шаға келіп едім, "Ұш!" — дедің сен,
Өзің ұш деп тұрған соң, ұшып кеттім.

Ұшып кеттім тауларға бұлт басқан,
Төңкеріліп теңізге тұныпты аспан.
Теңіз бенен аспанның тыныштығын,
Долы дауыл барады жұлып қашқан.

Хош бол, аға, әлемді тамсандырған,
"Тас мейманға" табиғи жан салдырған.
...Меніменен сайрандар жел жоқ бірақ,
Алатауым күтіп тұр қарсы алдымнан...

18.XI.1973

МОСКВАДАН КЕТЕРДЕ

Ұлиды боран,
Қарып тұр.
Сауықтыр мені, сауықтыр,
Боранын дағы Мәскеудің
Сімірейінші қанып бір.

Қылаулап қылау жауып тұр,
Жалықтыр мейлі, жабықтыр.
Аспанның мынау ақ құсы
Тезірек ұшпай нағып тұр?!

Ұша алмай өзір налып құр,
Ұшуды көксеп халық тұр.
Бәрі де бойын жазбақшы,
Кеңірек жерге барып бір.

Үйреніп қалған ұямдай,
Мәскеуді барам қия алмай.
Миллиондардың ішіне
Бір басым менің сия алмай,
Еңсемді бір сәт жия алмай,
Не бетімді айттым, Алматым,
Не деймін саған ұялмай?..

Таңғы шақ,
Аяз сорып тұр.
Соғып тұр боран, соғып тұр.
Ақ құсым, мені аман-сау
Алматымменен жолықтыр.

18.XI.1973

ОРТА ЖОЛДА

Көңіл де пәс, пәс кеуде,
Аэропортта даң-дүңмен
Затым кетті Мәскеуге,
Ақтөбеде қалдым мен.

Алдан шығып достарым,
Тоса берді тостағын.
Ұсынғасын тостағын,
Сілтеп-сілтеп тастадым.

Адал ас пен көңілін
Қалай қиып кетерсің.
...Айхай, менің өмірім,
Армансыз-ақ өтерсің!

Маған жоқ-тын жат, дұшпан,
Бәрі бауыр, тұстасым.
Қалып қойдым ақ құстан,
Ақтөбеде, қысқасы.

Көңіл, неге мұздадың?
Асықпа, әлі жетерсің.
Қазағыңның тұз-дәмін
Қалай қиып кетерсің?!

Қарсы алар ма бір адам,
Сонау алыс шалғайда.
Мына көңіл, мына дәм
Бола ма алда, болмай ма?!

Бірге күліп, жыласқан,
Пәк көңілдер бір жүрсін.
...Мына дала, мына аспан
Қимай тұр ма, кім білсін?!

Өкінгенмен өнбейді,
Ақылыңды тауыспа!
Жібергісі келмейді
Далаң сені алысқа.

Ерте тұрып қам жаса,
Сапарыңды жалғауға.
Өкінбегей алдаса,
Өкінішті арманға.
Опық жеме, арланба,
Орта жолда қалғанға!

Жаным неге күйзелді?!
Жаздың таңы, ата гөр.
...Жусан менен изенді
Иіске де, жата бер...

21.XI.1973

КӨГЕРШІНДЕР

Көгершіндер!
Шошымай үйіме кір, өлерсіңдер.
Ақы алмаймын,
Қыстап шық жаз келгенше,
Жаз келгесін, ар жағын көрерсіңдер.

Табиғаттан адамның сыры да ерек,
Мына қыстың биылғы күйі бөлек.
Жапырақсыз ағаштар пана болмас,
Паналаңдар жұпыны үйіме кеп.

Қанаттарың қыраулап шық басуда,
Келіңдер,
Нелерің бар ықтасында?!
Қаласаңдар, қонақта иығыма,
Жем шашамын төсіме, шық басыма.

Көгершіндер!..
Шошымай үйіме кір, өлерсіңдер.
Асықпаңдар, жаз келсін, көгерсін жер.
Жаз келгесін, ар жағын көрерсіңдер.
Көрерсіңдер...

Көгершіндер!..

22.XI.1973

ҚОЗҒАЛЫС

Ағылады екен-ау бұлай халық!
Бар адам бір адамдай тұр ойланып.
Жұмыртқадай жұп-жұмыр жердің шары,
Ленин Мавзолейін жүр айналып.

Болу үшін осынау абат маңда,
Негрлер, қазақтар да, араптар да.
Бүкіл дүние кезекке тұрады екен,
Таң атпастан немесе таң атқанда.

Бар әлемнің осында көз-жанары,
Барлық нәсіл — Ильичтің өз қонағы.
Жер кіндігі іспеттес осы жерде,
Қозғалады дүние, қозғалады.

Барлық ғалам жалауын түсіргендей,
Бір сәт әлем бұл жерде кішіргендей.
Қозғалады мұхиттар, материктер,
Тілдеспей-ақ бір-бірін түсінгендей.

22.XI.1973

* * *

Тынған жаңбыр, күн ашық,
Бұлт ауатын жыраққа.
Біздің күрке лашық,
Тыншымайтын бірақта.

Тамаша еді-ау, тамаша,
Тамшы тамса сыртылдап.
Төрімізде – алаша,
Жалғыз төсек, бір сырмақ,

Жапырақты жамылып,
Су-су болған торғайдай.
Темір пешке табынып,
Отырушы ек ондайда.

Отырушы ек топтанып,
Берілмеген есеміз.
Су әкеліп, от жағып,
Күйбең-күйбең шешеміз.

Әкемізді сағынып,
Хабар күтіп майданнан.
Отырушы ек қамығып,
Бір-бір жұтып айраннан...

24.XI.1973

* * *

Жат әзілің, күлгенің,
Қалай саған кездестім?!
Қадірімді білмедің,
Қалқам, саған келмеспін.

Намысыма қол салма,
Мен де осы жерде өстім.
Бауыр, жерлес болсаң да,
Енді сені көрмеспін!

Жұртты өзіңдей қу көрген,
Шошып кеттім құлқыңнан.
Садаға кет бұл жерден,
Садаға кет жұртымнан!

...Алдан атқан ақ таңым,
Бауырласым, қандасым.
Айналайын қарттарым,
Қайда кетіп қалғасың?

Мен мынадан іш тарттым,
Ұшыратар кеселге.
Неге тізгін ұстаттың,
Ес білмейтін есерге?

ЖОЛЫМ МЕНІҢ БОЛМАЙ ЖҮР

Жолым менің болмай жүр көпке дейін,
Тағдырыма сондықтан өкпелеймін.
Алды тарпып, өмірдің арты теуіп,
Ығыстырып тастайды шетке, кейін.

Айбын, ашу, жоқ меңде адам қанау,
Меңде жоқ жағымпаздық, табан жалау.
Меңде – төзім,
Сірә да, жүйкем менің
Өгіздің терісінен жаралған-ау.

Жо, жоқ!
Менің өкпем жоқ тағдырыма,
Өміріме, өзіме – барлығына.
Нан батырып жесем де ризамын
Көз жасымның бір тамшы қалдығына.

Жүректе қан, кеудеде жан тұрғасын,
Көңілден күй, көзден жас сарқылмасын.
Көз жасымен тағдырым суарылып,
Жарқылдасын өмірім, жалтылдасын.

Көтеріліп көңілім шарқ ұрғасын,
Көз алдымда тағдырым қалтылдасын!
Ішек үзілсін, домбыра сынсын мейлі
Шер тарқатар шемаң күй тартылғасын!

24.XI.1973

ТАУДАЙ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Өлмесін деп берген ғой тауды маған,
Мен күрсінсем, күңіреніп тау жылаған.
Көңілімде бір құйын көтерілсе,
Тауларымда тұрады қарлы боран.

Аласартып асуын, өткелдерін,
Астыма әкеп төсейді көк белдерін.
Алып тауды бесік қып өсіпсің ғой,
Ғұмырым, керемет ең неткен менің!

Тербетіліп тауымның аясында,
Өсіппін ғой шыршаның саясында.
Өмірсіз де көңілсіз өкінішті,
Қоймайсың ба, тағдырым, қоясың ба?
Әлде тағы алдыма жаясың ба?

Тау менің несібіме тиіпті ерек,
Мендегі шаттық бөлек, күйік бөлек.
Ақсақалдар: "Таудай бол!" — дейтін маған,
Таудай болғым келеді, биік керек.

25.XI.1973

САҒАН ҚАРАЙ БАРАДЫ ҰШЫП

Ей, асылым, білесің бе?
Сен алысқа кеткенде,
Әлсін-әлсін барып тұрдым сен жүретін көк белге.
Білесің бе?
Есіңде ме?
Елегізіп көктемде,
Ұзақ-ұзақ қараушы ең ғой ұзақтағы бөктерге.

Кешікпей-ақ көрем деп ең,
Келем деп ең жуырда.
Елеңдеп ем...
Бекер екен, тек жұбату мұның да.
Міне — көктем, өне — сағым,
Салтанатын құруда,
Сағым ба әлде,
Сағыныш па?
Көзден ұшқан нұрым ба?!

Әдеқалай ақша бұлттан
Құлап түсті бір тамшы!
Ей, асылым!
Аңсадым ғой, елге мойын бұрсаңшы.
Тәңірімдей табындырып,
Қарсы алдымда тұрсаңшы!
...Анда-санда аударылып, ағып түсіп бір тамшы,
Саған қарай барады ұшып орамалым бір шаршы...
25.XI.1973

ӘЖЕ – СӘБИ – КЕЛІН

Бостан-босқа боздамашы, жыламашы, қарағым.
Ей, шешесі!
Бір тілегін орындай сал баланың!

Сырқаттанып қалғансың ба?
Неге кетті тынымың?
Бостан-босқа жыламашы, жыламашы, құлыным!

Не сұрайды?
Жылатпашы.
Сұрағанын берсеңші,
Енді мұның жылағанын
Есітпей-ақ өлсемші...

Отыр әже қолын алмай өмірі бітпес ісінен,
Сыпсың қағып келіні жүр,
Не десе де ішіннен...
(Енелер мен келіндердің екі арасын түсінем...)

— Бар әжеңе! — деді дағы бір жекіріп балаға,
Асау келін абыр-сабыр атып шықты далаға.

Қатал келін қаһарынан,
Қайран әже түңілді.
Уыз сәби әжесінің алдына кеп жүгінді.
25.XI.1973

ӘКЕ СӨЗІ

Бұл дүние не боп кетті?
Не боп кетті?
Ой! Балам!..
Қызығым-ау, бұзығым-ау,
Отқа түсіп ойнаған.
Жатсам-тұрсам тағдырыңды
Тағат таппай ойланам,
Қайда кетіп барасың сен?
Қой, қой, балам!
Қой, балам!

Құландайын, құлындайын
Еркін өскен тентегім,
Барлығымыз ардақтаған үйіміздің көркі едің.
Құрып тұрмын түсіне алмай,
Түсіне алмай мен сені,
Бүлінбесе жарар еді,
Бүгінің мен ертеңің.

Досыма да, қасыма да мерт еттің ғой сен мені,
Қандай қиын қапелімде қара бұлттың төнгені.
Бұзығым-ау, бұрылсаңшы,
Бұрылсаңшы, кел бері!
Сейілтсеңші торып тұрған қара бұлтты мендегі.

Бұл дүние не боп кетті?
Не боп кетті? Әй! Балам!..
Не боп кетті?..
Не боп кетті!
Үйім, түзім — айналам?!

26.XI.1973

БОЛАДЫ ДЕП АРМАНДА

— Ал енді мен ақыл айтам,
Ақыл айтам, таңданба.
Қорлық үшін келген жоқсың мына өмірге —
Жалғанға.
Мына өмірде, жүрегінде,
Бойыңда ыстық қан барда.
Болмысты да, болмасты да,
Болады деп арманда.

Ал енді мен ақыл айтам,
Ақыл айтам, таңданба!
Мәзіріңе, әзіріңе әулекі боп,
Алданба!
Шығатұғын күндерге де,
Ататұғын таңдарға,
Үмітпенен қарағайсың, жүрегінде жан барда.

Өтер, кетер, өтер, кетер...
Дейміз ғой біз мұңайып.
Дейміз дағы, жамаймыз кеп бір айыпқа
Бір айып.
Отандастар, ойлайықшы ойымызға лайық,
Құласақ та тек биіктен,
Құзға барып құлайық!

Бықсып жанған қоламта емес,
Артымызда шоқ қалсын.
Болашақтың ошағында,
Біз тұтатқан от жансын.
...Ей, Болашақ!
Ей, Болашақ! Ошағыңда от жансын!
Мүмкін, бізді ұмытарсың...
Кім біледі,
Жоқтарсың...

26.XI.1973

Суық күз сұрғылт,
Сұрланып аспан, күн жауған.
Күн жауған шақта қайтатын едік қырманнан.
Көтеріп алып,
Өтетін едік сулардан,
Қызғалдақ қызды жаңадан ғана бүр жарған.

Бүр жарған жері,
Бұлтиып қана батқанда,
Мойнымызды қолаң шашымен жапқанда.
Оттықтан ұшқын шашырап кетіп ақ қауға,
Өртенуші едік,
Өртенген сол бір шақтарда.

Қылша мойынды
Қытықтап қыздың білегі,
Тыңдайтын еді жүрегінді кеп жүрегі.
Қыздың күлкісі,
Судың сылдыры, гүл, егін,
Келмеске кеткен күндерім түске кіреді.

Ғұмыры бірге,
Тағдыры бірге, бірге арман,
Қайда кетгіңдер,
Қызғалдақтар-ау бүр жарған?!
Жалғыз аттанып бара жатырмын қырманнан,
Расында да, жалған екен-ау
Бұл жалған...

27.XI.1973

ҚЫС КЕЛГЕН КҮНІ

Тысқа шықсам,
Күн шыңылтыр, қар жауған.
Бізғар, аяз атырылып бар маңнан,
Асып анау асқар-асқар таулардан,
Қыс жетіпті тонын теріс аударған.

Қыс жетіпті,
Сол баяғы кезіндей,
Қуырып жүр дүниені көз ілмей,
Күн нұрынан еш жылылық сезілмей,
Әйнектенген маскүнемнің көзіндей.

Шуылдаған шау қарғадай жар салып,
Сәбилер жүр кәрі атасын қарсы алып.
Махаббаттан ұмыт қалған ұстаз қыз,
Терезеге қарап отыр тамсанып.

Терезеге қарайды да тамсанып,
Мұңая ма, қуана ма ән салып?!
Жібір емес терезеге қатқан мұз,
Жылуымен жылытса да қаншалық.

Аттанасың аяқтамай арманды,
(Рас екен, жалған десе, жалған-ды!)
...Қыз жанарын оқулыққа аударды,
Шешпек болып көп белгісіз сандарды...

30.XI.1973

ӨЛЕҢ КЕРЕК

Сая болып жаныңа емен, терек,
Жетер енді жатқаның көлеңкелеп.
Өгейсінбей өзі боп қалу үшін,
Өнер керек ұрпаққа, өлең керек!

Есінде ме түндерің көз ілмеген?
Кезуде ойың өмірді, кезуде өлең.
Арғы атасы адамның сезім болса,
Адам емес сезімді сезінбеген.

Арғы атасы ақынның жырдан туған,
Жыр жолында жанын да қылған құрбан.
Жырлар тұнған хандардың сарайында,
Жыр айтылған есікте құлдар тұрған.

Ұзатылып жат жұртқа барғаныңда,
Жыр айтылған қыздардың жар-жарыңда.
Жырлап, жылап жыраулар жан тапсырған,
Жыр мен күйі күйзеліп бармағыңда.

Көкейкесті жырлар жаз жез киіктей,
Мақтау, даттау, жәдігөй сөзді күтпей.
Өлең керек ұрпаққа, өзің мейлі,
Көлеңкеде қалсаң қал көзге ілікпей!

30.XI.1973

ЖОЛДАСТАРҒА

Күндіз көңіл тыншымас, түнде көңіл,
Бәрі аян:
Еткен тірлік, сүрген өмір.
Түнгі ұйқымды төрт бөліп, мазалаған,
Көкейімде, жолдастар, бірдеңе жүр.

Бірдеңе жүр...
Білмеймін не боларын,
Не келерін басыма, не қонарын.
Су аяғы құрдымнан ойымды алып,
Су аяғы құрдымда доғарамын.
Бірдеңе жүр...
Білмеймін не боларын.

Жоққа жүйрік жетпейді,
Жеткізбейді!
Кім біледі, қу көңіл жоқты іздейді.
Жолын тауып, жолдастар, дариядан,
Жел қайыққа мінгіз де, өткіз мейлі.

Су аяғы құрдым ғой ой дегенің,
Қалай ғана құрдымға бой беремін!?
Әлі талай алдымда салтанат бар,
Әлі талай алдымда той көремін.

Мен өмірге келмегем күдікпенен,
Үмітпенен енген ем, үмітпенен.
Жоқ іздеген жаңдайын әзірге мен,
Әйтеуір, жүріп келем, жүріп келем...

30.XI.1973

ТАМАШАДА

Ата-Ана,
Аға-жеңге, бала-шаға,
Бүгін бізде – Қуаныш,
Тамаша да!
Қуаныштың біреулер құтын алса,
Құтқарыңдар, құрғырдан арашала.

Кішілер үлкендердің сөзін күтсін,
Ырым жасап, әйелдер бөзін жыртсын.
Жарасымды қауымға лаң салған,
Жәдігөй жантықтардың көзін құртсын!

Шарап емес, нұр толсын көзелерге,
Кезек-кезек берілсін сөз өнерге.
Ақын шығып алдыға еркелесе,
Айналайын ағайын, безе көрме?!

Түңілмеңдер ақынның қылығынан,
Қылығынан аумайтын құлыныңнан,
Армансыз бір араңда асыр салсын,
Жыры буған бәтшағар, “жыны” қуған.

Сәл бостандық ақынға бер, төрешім,
Еркелесін еліне, еркелесін.
...Інішек,
Үйдің сыртын шолып қайтшы,
Жәдігөй Жантықтар кеп өртемесін!..

30.XI.1973

ТАНЫС ӘУЕН

Сірә, бізге тыныштық жоқ тұрмыста,
Іздеме оны,
Табамын деп тырмыспа.
Тыныштық жоқ,
Тыныштық бар – мәңгілік,
Тындырып бақ, ғұмыр қысқа, күн қысқа.
Тіршілікте тыныштық жоқ тұрмыста.
Демалыс ап Кавказ, Қырым барғаның –
Бәрі өкініш,
Өзіңді өзің алдауың.
Қалай үзіп, қайда тығып тыншисың,
Тыным бермес ойларыңның жалғауың?!

Тіршілікте анау жүрек, мынау бас
Сая бағып, сірә, тыныш тұра алмас,

Желік көңіл,
Жетім ойлар тұрғанда,
Тыншып бейғам сауық-сайран құра алмас.

(Бұл — қағида қайталаған тіл біткен)
Тыныштық жоқ!
Тыныштық жоқ тірлікте!
Тыныштық сол —
Үлкен жердің үстінде
Өткен ғұмыр,
Біткен сөйлем,
Бір нүкте...

1.XII.1973

ӨТІНІШ

Ескі көздер бара жатыр азайып,
(Олар жайлы ойламаудың өзі айып).
Ей, тірілер!
Соларды бір еске алып,
Тебіренейік, толғанайық, жазайық!

Кетті олар.
Келмеске енді жол алды,
Қажымайтын солдатты еді қоғамның.
Қасиетін паш етейік олардың,
Қателігін кешірейік олардың...

Тіршілікте көрінеміз өлместей,
Тұра алмаймыз ерегеспей, белдеспей.
Өтейікші бірімізді біріміз,
Өшіктірмей, өкпелетпей, сен деспей!

1.XII.1973

ТОҒАЙ ТӨҢІРЕГІНДЕ

Тоғай еді Қарасудың ар жағы,
Қайда кеткен қамысы мен талдары?!
Не күзетіп, нені бағып жүр екен?!
Қайда кеткен мына ауылдың бағбаны?!

Талды қиған неткен суық қол еді,
Тоғай тозған...
Енді, сірә, жоқ емі.
Бұл өңірге не көрінген, тәңір-ау?!
Бұл өңірде соғыс болған жоқ еді.

Тоғай тозған,
Топалаң боп сиреген,
(Аяулы еді ата-баба тимеген).
...Есек мініп бара жатыр кәрия,
Қыршын талды қиып алып сүйреген.

Лайықсыз сақалыңа, шашыңа,
Оу, кәрия,
Не күн туды басыңа?!
Тоналыпты.
Тоқымдай-ақ тоғай ғой,
Туған жерді қорғағаның осы ма?

Кәрікұлақ, саған айтам, налыма!
Жүгін өзің ақылыңа, арыңа.
Жазда — жайлау, қыста — қамсау еді ғой,
Титтей тоғай малыңа да жаныңа.

Қарашы анау қасқа тартқан тауыңа,
Өзіңе құсап түсіпті ұры бағына.
Сиреп қалған сидам орман шулап тұр,
Қарғыс айтып айбалталы жауына.

Тау, орманда,
Мына титтей тоғайда,
Топ-топ киік жайылатын...
(Сол ойда...)
Үміт үзіп үріккен аң, ұшқан құс,
Енді қайтып бұл өңірге жолай ма?!
Жасауы жоқ жаққа оралу оңай ма?!

Саған айтам, балашықтар бүр жарған,
Шыбық талың, шыршаларың ұрланған.
Сендер қаулап, айналғанша орманға,
Не қалады?..
Не қалады бұл маңнан!?

1.XI.1973

СЕН ҮШІН

Біреулермен жалғастырып жең ұшын,
Жасап жүрсем жаным сүймес келісім,
Барлығы да,
Поэзия, сен үшін!

Сырласым-ау,
Сырымды ұқсын кім менің,
Кімге керек мұңайғаным, күлгенім?
Ай-жылымды алып қашып ілгері,
Барады өтіп,
Барады өтіп күңдерім.
Жырым — сырым,
Мен сенімен біргемін!

Мәзір етіп мәпелеген жемісін,
Мәуелесе баққа толып өрісім,
Барлығы да,
Поэзия, сен үшін!

Күйінішін, сүйінішін тең бөлген,
О, Бағытым!
 мына өмірде мен көрген!
О, Тағдырым,
 сырласайық, кел бермен!
О, Құдайым,
 құлағанда дем берген!

4.XII.1973

САХАРАНЫҢ ШҰБЫРҒАН ТҮЙЕЛЕРІ

Түнде менің түсіме жиі енеді,
Сахараның шұбырған түйелері.
Түйенің өркешінде жыр боталап,
Түйенің боздауынан күй өледі.

Ұқсамайды жасаулы керуенге,
Көрінбейді серілер, перілер де.

Аспан, мұхит арқылы қатынасып,
Керуеннен адамдар жеріген бе?!

Көн табанын күйдірсің, өртесін не,
Көнеді бәріне олар жер төсінде.
Кім айтар алгебра туған жоқ деп,
Осынау түйелердің өркешінде.

Түйелер — алыс сапар жолдың басы.
(Құмға оларды иесіз қор қылмашы?!)
Түйе деген — көтергіш крандардың
Көзі тірі көне бір формуласы.

Сүтін ішіп, шудасын кие жүріп,
Қастерлейік түйені сүйе біліп.
Түйелер...
Түйелерді тірі ұстайық,
Бармаспыз болашаққа түйе мініп.

Екіталай күндерде иелері,
Азап, сорын атанға тиеп еді,
Атанына арқасын сүйеп еді,
...Атан байғұс несіне сүйенеді?!
Сондықтан ба, түсіме жиі енеді
Сахараның шұбырған түйелері.

6.XII.1973

ТАҢДАНБА, ЖАНЫМ, ТАҢДАНБА

Орманға, тоғай, талдарға,
Оңаша жалғыз барғанда,
Серігін іздеп жалғаннан
Сұңқылдаса сұр көкек
Отырып ескі тамдарда,
Таңданба оған, таңданба!

Оңаша сонау тауларға
Оңаша өзің барғанда,
Құлақ сап көрші бар маңға.
Сыбызғы тартып сұр бұғы,
Маралын іздеп зарлауда,
Оған да, жаным, таңданба!

Сорғалап соноу заңғардан,
Шаңқылдап қыран самғауда,
Серігін іздеп жалғаннан,
Оған да, жаным, таңданба!

Үмітіңді артып арманға,
Адасып достан қалғанда,
Өзің де, жаным, жалғызсың,
Өзіңе дағы таңданба!

Өкінбе жалғыз жүрмін деп,
Несіне өмір сүрдім деп.
Бәрінің де аты – жалғыздық,
Келеді бәрі бір-бірлеп,
Кетеді бәрі бір-бірлеп.

6.XII.1973

МЕН ДАҒЫ ӨЛЕҢ ЖАЗБАЙМЫН

Мен дағы өлең жазбаймын ермек үшін,
Ермек үшін немесе өлмеу үшін.
Жазсам, жазам жырды мен, жасырмаймын,
Жаралы жүректерді емдеу үшін.

Ермек үшін белгілі жырламасым,
Ермек десе, ел мейлі тыңдамасын.
Өтсем болды арқалап адамдардың
Қуанышын, шаттығын, мұң-наласын.

Қуат алып Абайдың тіл күшінен,
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.
Абай болып табынсам бір кісіге,
Абай болып түңілем бір кісіден.

Өлмеу үшін, құлқыңды жемдеу үшін,
Мен дағы өлең жазбаймын ермек үшін.
“Жаздым үлгі жастарға бермек үшін”,
Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін.

6.XII.1973

МАЗМҰНЫ

“Қарлығашым, келдің бе?” кітабынан	
Бұзылған там.....5	“...Сен туғансың...” –
1941-жыл. Ақпан.....6	“Ойым бар менің”33
Махаббатым өзімде.....7	“Тымырсық күндей” –
Кел, болашақ..... –	Неге ертерек суалдың?.....34
Қайырлы таң.....8	“Саршұнақ аяз”35
Арулар.....9	Мавр (<i>Поэма</i>).....37
“Мавр” кітабынан	“Біздер жеңдік!”55
Ерлікті аңсаймын.....10	Басымнан қорқам..... –
“Үйім – Халқым...”13	Толғау.....56
“Ей, Табиғат!”14	Менің кішкентай күнім.....59
“Жүргейсің бізге төу етіп!” ... –	“Сағындым ғой дедің-ау...”60
Әттең, шіркін!.....15	“Көретін күнім алдымда” –
Жоқ, дәрігер.....16	“Жылап келіп, келмейді...”61
“Жарық дүние-ай!”17	“Алаң боп, абыржыған...” –
“Сонау бір, сонау заманда” ...18	Апай, күз, тырналар.....62
Таудағы нөсер..... –	“Батар күн” –
Шұбат пен бота..... –	“Сусыны жоқ жолаушыдай...”63
“Бір әңгіме қозғашы...”19	Дастарқан үстінде..... –
Аятөз ару.....20	Тілек.....64
Махаббат моласы.....21	Шыт көйлек.....65
“Жасасаң қайыр...” –	Дастарқан басында..... –
“Қашанғы бұлай өтеміз” ...22	“Ақ қыздар, арым таза..... –
“Кейіме, інім” –	“Санаулы менің сағатым”66
“Сағым боп аққан...”23	“Жанартауым бар еді ғой...” –
Қайран жеңгем.....24	Жыр-ошақ.....67
“Көрмеймін! – дейсің”25	“Толқын – көңіл тоқырап...” ... –
“Иек артқан...”26	Реніш.....68
“Махаббат...” –	Жер басып жүргенінде.....69
“Төрт құс...”27	“Мотордың даусын...” –
Ата жайық..... –	Аққулар, қош болындар.....70
“Мен сізді сыйлаймын...”28	“Сен жүрген жол” –
“Мен қонақ емес ем ғой...” –	Сағындым ғой.....71
Шардара..... –	Самал есті.....72
“Шалғының жүзін...”29	“Күндерім!” –
“Алыс болып барасың...” –	Күндер.....73
Арманың бар ма?.....30	Бүкіл дүние
“Жүрегіме жүк артып...” –	мұсылмандарына хат..... –
“Ақбақай” дейтін көл екен” ... –	“Оңға қара...”74
“...Осылай болған, осылай	“Мүлде жаңа...” –
болды...”31	“Дін – ғылымның анасы” –
“Ала көзбен...” –	“Жұмысқа барарымда...”75
“Бар екен ғой”32	“О, менің сүттей...” –
	Ей, өлең.....76
	Ақынға.....77
	“Ат қайда, жайлау...” –
	“Маңдайда бір тал...”78

Ән (<i>Бақыт Әшімоваға</i>)..... –	Кешіргін, қала!.....126
"Көңілімнен қуанышым..."...79	Мен – Үйсінмін.....127
"Тұрсын солай, болсын..."..... –	Ал, достым, айрылайық...128
"Жанымда менің".....80	Азайып бара жатыр.....129
Түсіндім..... –	Адасқанда.....130
"Ауады бұлттар...".....81	Сал-сал жырым..... –
"Алдымнан атса болды..."..... –	Аққу деген.....131
"Ауыздықтап тұра алсын..."... –	Мұң басқанда..... –
"Апырмай".....82	Дөңгеле, жер.....132
Шаршадым білем..... –	Оқышы Омар Ғәйәмді....133
Автограф.....83	Сергей Есенинге.....134
Жігіттер, ауырмандар!.....84	Шұғыла – арман.....135
Айхай, далам..... –	Ертең біз жол жүреміз....136
Өмір дейтін.....85	"Су тасып, көктемде..."..... –
"Аулақ, аулақ".....86	Мастың монологы.....137
"Сен шынымен жоғалдың ба?!"..... –	"Бір адам өлсе".....138
"Езілдім"..... –	Асығу керек..... –
"Біреулерді мерт қылып..."...87	Ай – аспанда, мен – жерде.139
Көктем де келер.....88	Жалғасы бар.....140
"Көктем де келер"..... –	Теңізге бір барамын.....141
Тиме намысыма.....89	Кетер ме екем..... –
Қызыма.....90	Тауға келсең.....142
Өкініш..... –	Мал төдеп жатыр..... –
Тағы да өкініш.....91	Қысырақтың үйірі.....143
Бұрынғы күнім жоқ меңде...92	Қырқа бар.....144
"Не десең, о де!"..... –	Біздер деген.....145
Біреуге.....93	Қырқыншы жылдардағы
"Көңілісізсің, көңілің..."..... –	бесік жырынан..... –
"Қадірлі дос!".....94	Қайран жандар.....147
Жүр, қалқам..... –	Ұят болды-ау.....148
Сен қартайды дегенге.....95	Болашақтың елшісімін.....149
Кұрдастарға.....96	Шалқы, менің шұғылам..... –
Жанарым..... –	Бәріне де түсінем.....150
Сыбағам қайда?.....97	Даңқсыздарға.....151
Күз секілді.....98	"Қоя тұрыңдар"..... –
Күзгі жолда..... –	Көрерміз.....152
Райымбек! Райымбек!	Өмір деген біреу бар..... –
(<i>Поэма</i>).....100	Қуанайын.....153
Әйелдер-ай.....119	Бетховен.....154
Жалғыз терек..... –	Жаз да жетті.....155
Кімнің барсың.....120	Көнеміз де... .. –
Саралақаз оралды..... –	Алдама мені, ақ сағым.....156
Құлыным қайда?.....121	Зираттағы жыр.....157
Сәуірде.....122	Өзіммен өзім..... –
Қара өлең.....123	Енді бір жиырма жыл.....158
Көзің нұрсыз дейсің сен.....124	"Жиылып ой қазағы...".....159
Атама.....125	Өмір деген не десем.....160
	Шәмідің пәлсәпәсі..... –

Жайлауға барар жолда.....	161
Шеше, сен бақыттысың.....	162
Садақ иген.....	—
Гипертония.....	163
Жүрек демін алғанда.....	164
Пеңделік.....	—
Несіне ойланасың.....	165
Түйсік.....	—
Шөмілге жазған хаттардан.....	165
Түсінбеймін.....	170
Аққулар ұйқтағанда (<i>Поэма</i>).....	171
Қырандар, қош болыңдар. (<i>Поэма</i>).....	181
Сап-сары жапырақтар....	188
Шыда, шыда.....	189
Көрсем деймін.....	—
Жас өмір, саған өкпем жоқ.....	190
"Мен бүгін көп қиналдым"	—
Маған, құрбым, кектенбе.....	191
Бабаларым, рақмет сендерге.....	192
Мен таулықпын!.....	193
Өмір.....	—
"Анау — аспан..."	194
Қыстауда.....	195
Сірә, мен байқамаспын.....	—
Үнсіздік.....	196
Ақ кимешек көрінсе.....	197
Қайран бауыр (<i>Токбергелге</i>).....	—
Өтелер ме?.....	198
Көңілді жыр.....	—
Бал аштырған.....	199
Есімде жылқы баққаным.....	200
Құдайы қонақпын.....	201
Сәби болғым келеді.....	202
Жұдыздар сөніп барады.....	—
Ауыл жатыр той жасап.....	203
Сырласу.....	—
Жаралылар туралы балада.....	204
Сен әлі тірі ме едің?.....	205
Естелік	—
Елес жайлы естелік.....	207
Құрғақшылық.....	208
Барлығы да менікі.....	209
Қызықпа, қыз!.....	210
Мықтымын ғой дегенмен.....	—
Бақытыңды жырайды.....	211
Өмір жайлы.....	—
Дейтін еді қарт ақын.....	212

Мына қасқа.....	—
Құрметтендер, жиырмасыншы ғасырды.....	213
Менің ғасырым.....	214
Баспа, мұнар!.....	—
Бірінші май. Алматы.....	215
Тылсым кеуде.....	—
Мен — өзіңмін.....	216
Ая мені, ардақтым.....	217
Ән сал, жаным.....	—
"Бақыт іздеп"	218
Көрмесем екен.....	—
Сен менің.....	219
Жаздың таңы.....	220
Іңірде.....	—
Тірі адамдар өлмесін.....	221
Сенім туралы жыр.....	222
Бәрі де таныс.....	—
Күзде.....	223
Бозқараған.....	224
Айхай, көктем!.....	—
Бесік көл.....	225
Жаңбырда.....	226
Қара суық.....	227
Қайдан білсін.....	—
"Дұшпаның бар ма..."	228
"Алдынан терезеңнің..."	229
Емханада.....	—

Жазылған уақыты белгісіз өлеңдер

"Шуағым менің" кітабынан

Арнау.....	230
Гүлгүл.....	232
Биылғы май.....	234
Ей, менің қиын өткелім.....	235

"Шолпан" кітабынан

Өмірге келген күнім.....	238
Кешіріндер.....	239
"Адалмын деп, араммын..."	—
"Сонымен күндер өтті"	240
"Қапырық бәрі"	—
"Өмірімді несіне..."	241
Сен маған шарфтыңды бер....	—
Махаббат бейуақытқа табыспайды.....	—
Солай-ақ болсын.....	242

Жер үстінен репортаж. (Поэма).....	243
Қашқын. (Поэма).....	261

“Өмір – өзен” кітабынан

“Ақынды ақын оятпаса...”	265
“Қапелімде байқамай...”	—
“Өкпелеттім...”	266
“Алдында құлдық ұрып...”	—
“Сағыншыптай сарғайып...”	—
“Тағы да күз...”	267
“Раушан гүліне сен...”	—
Мен сендерді іздеймін.....	268
Талдықорған – әнім менің.....	269
Алматым – ғашық әнімсің.....	270
Көгершіндер маршы.....	271
Тірісіңдер, құрбандар!.....	—
Болмасын соғыс, болмасын!.....	272
Саржайлау.....	273
“Ығысыңдар”.....	274
Жалғызаяқ соқпақ.....	—
Туған елге.....	275
Армысың, адамзаттың ынтымағы!.....	—
“О, туған ел!”.....	276
“Көлің қайда, туған елім?”.....	277
Келеді жазғым тасқа өлең.....	—
“Кезімде қадіріңді...”.....	278
“Көрдің бе таң мен...”.....	—
“Менің де бір шуағым...”.....	—
Өрге тарт, менің өр елім!.....	279
Құм нарында.....	280
Таң алдында.....	281
“Осы бір көктемді...”.....	—
Одақ туралы ода.....	—
Коммунистер – гуманистер.....	283
Хат карап отыр Ленин.....	284
Интернационал ізімен.....	285
Бақыт әлде.....	286
Коммунистер.....	287
Ей, ақындардың жарлары!.....	288
Түн. Жайлау. Айтыс.....	289
“Шағын жұртпын, бір іні, бір ағам бар”.....	290
Есенин – Маяковский.....	291
Қазалы желі.....	292
“Буырқанған теңіздей...” (Зейнолла Шүкіровка).....	—

Сен қайтесің?.....	293
“Қандай бақыт!”.....	—
“Егін салдым”.....	294
Отаныңның қадірін білем десең.....	—
“Өміріммен өтер болды-ау...”.....	296
Пенсионер кеншімен әзіл.....	—
Космонавт ойлары.....	297
Арман.....	303
Шолпан.....	328
Досыма хат.....	334
Алтай – Атырау.....	341

“Жырлайды жүрек” кітабынан

Алаула, шыңдық – ақжальың.....	353
Халқыма хат.....	354
Сен жастықтың сақшысы.....	355
Солдат арманы.....	356
“Өледі кімдер...”.....	357
Мен – донормын.....	358
Сағыншы.....	359
“Сен шақырсаң, мен...”.....	360
Пушкинмен қоштасу.....	—
Москвадан кетерде.....	362
Орта жолда.....	—
Көгершіндер.....	364
Қозғалыс.....	—
“Тынған жаңбыр...”.....	365
“Жат әзілің...”.....	—
Жолым менің болмай жүр.....	366
Таудай болғым келеді.....	367
Саған қарай барады ұшып.....	—
Әже – сәби – келін.....	368
Әже сөзі.....	369
Болады деп арманда.....	370
“Суық күз сұрғылт”.....	371
Қыс келген күні.....	—
Өлең керек.....	372
Жолдастарға.....	373
Тамашада.....	—
Таныс әуен.....	374
Өтініш.....	375
Тоғай төңірегінде.....	—
Сен үшін.....	377
Сахараның шұбырған түйелері.....	—
Таңданба, жаным, таңданба.....	378
Мен дағы өлең жазбаймын.....	379

